

Тұрсынхан Бердалина

Жүр Ғауадың






Мұрсынхан Жакынқызы (Сембәевна)
Дердалына

Нұр Рауады

Тың виноград бұлалардың дағындағы тұрағы
Ол жаңы шыныңдағы көзіндең күндерінде
Соңғы ашынан көзіндең күндеріндең күндерінде
Дағындағы тұрағынан дағындағы тұрағынан дағындағы тұрағынан
Олеңдер,
әңгімелер,
аудармалар.

III КИТАЙ



Қарағанды –2011



УДК 821.512.122

ББК 84 қаз 7-5

Б 45

Б 45 Т. Бердалина «Нұр рауаны» олender, аудармалар. – Қарағанды «Tengri Ltd.», 2013, 3-кітап, – 240 б.

ISBN 978-601-80339-6-4

Аннатау.

Тұрынхан Жақыпқызы (Сембаевна) Бердалина – ұлағатты ұстаз, елу жыл білім беру саласында еңбек еткен, ҚР Білім және Фылым Министрлігінің марапатымен мадақталған, «Еңбек ардагері» медалінің иегері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі және «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестегі Жазушылар Одағының мүшесі

«Нұр рауаны» жинағын балбебектер мен желкілдеп өсken жастаға үлгі-өнеге болатын, біліміне ілім қосатын өлендерімен, жиган-терген, құлағына құйылған жаратылыстың жакут сөздерімен ұсынады. Өлеңдері шынайы, шындығы салмақты да саналы. Сөзі сұлу. Қалқының ерекше өмір салтын, қасиетті қағидаларын жас өренге жандүниесімен жеткізеді. Керегінді ал, білгенінді қос, – дейді.

Данышпандар дариясының солмайтынын, шынайы шындықтың тозбайтынын паш етіп, ұсынады.

УДК 821.512.122

ББК 84 қаз 7-5

ISBN 978-601-80339-6-4

ISBN 978-601-7225-48-3

Бердалина Т., 2013





Алғысөз

Нұр Рауаны әр жүректі нурлы қуанышқа бөлейді.


Тұрсынхан Бердалина мамандығы бойынша орыс Филологиясының маман мұғалімі, аудармашы, ақын, қазақ тілінің беделін көтеруші азамат ана.

Кейінгі жылдар бойы қаламгерлікпен жүйелі айналысады. Негізінен алғанда естелік, һикаят, поэзия, тарихнама жанрларында мемлекеттік тілде жазатын ұстаздың шығармалары республикалық және жергілікті мерзімдік басылым беттерінде жиі жарияланады.

Тұрсынхан екі тілде бірдей педагогика және әдістеме тақырыбындағы: «Қазақ тілі, орыс тілі сабактарында көрнекілік қолдану», «Вы в каждой школе смотрите с портрета», «Окушыларды қазақша дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдірудің кейір жолдары», «Дифференциялап оқыту әдісін орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабактарында қолдану» «Қ. Жұбанов – тенденсі жоқ тұлға», «Менгеріле байланысқан сөз тіркестерін игерту арқылы оқушыны қазақша сөйлеуге үйрету», «Менгеріле байланысқан сөз тіркесін оқыту», «Сөз туралы сөз айтсақ», «Менгеріле байланысқан сөз тіркесін орыс тілді ортада оқыту», «Әлемге әйгілі – 1986», «Сандар сөйлейді», т.б. мақалалары республикалық «Русский язык в казахской школе», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ізденис – Поиск», «Изучаем казахский язык» журналдарында жарияланды.

Тоқсаныншы жылдары «Азия Транзит» Ақпарат Үйі құрылғаннан бері шығатын қоғамдық-танымдық альманагында, «Сыр мен сымбат» әйелдер журналында, «Қазақ тілін үйренийік – Изучаем казахский язык», облыстық «Орталық Қазақстан» басылымдарында Б. Тұрсынханның еңбектері үнемі жарияланып келеді. Бұл жылдар ішінде: «Өлең сөздің патшасы», «Ғасыр үні – тарихы қазағымның» атты өлеңдер айдарлауы», «Ұстаздар мерејі», «Артық болмас білгенің», «Абай – дара, Абай – дана қазақта», «Шындықтың шырағы сөнбейді» және басқа да көптеген мақалалары шықты.

Автордың қолтаңбасынан мерзімдік басылым қаламгеріне тән қабілет, қоғамдық пікір қалыптастыра алатындығы





аңғарылады. Мақала, суреттеме, бейнелеу жазбаларын өмір дәлелдемелерімен айшықтауға, өткен дәуір мен ата-баба дәстүрін бүгінгі күн салтымен үндестіре жазуға шебер. Әдет-ғұрып төркіндері, танымдық тақырыптарға, мемлекеттік тіл мәселелеріне еркін, жан-жақты даярлықпен қалам тербейді.

Қаламгердің өзіндік оқырмандар ортасы қалыптасқан, жарияланымдары сұранысқа ие. Т.Бердалина «Еңбек ардагері», Қазақстан Журналистер одағының лайықты мүшесі. Өлеңдері: «Отан», «Тұған жер», «Астана – Нұрбақыт», «Сөз және тіл», «Бұлақ сөзім» т.б. философиялық ойлармен қабыса отырып, оқырманы – балаларға да ерекше көңіл бөліп, тәрбиелеп отырады.

Осы «Нұр рауаны» жинағы окушыларына арналады. Оқып білгенін, естігенін, көргенін жинақтай жүріп, түйіндей отырып, оқырмандарына жеткізуге асығады. Қазақ Әлемінің парасат биігін, даналық мұрасын, зерде қазынасын топтап ұсынады. Жинақта киелі сандармен толықтай танысып, қазақ дүниетанымын түсініп, Қазақ елінің дәстүрлі шаруашылығының қыр-сырларын ұғынуға болады. Ұлттымыздың ұлылығын танып, парасат биігін бақылап, ғажайыбынан қанагат табуға болады. Т.Бердалинаның жинақтары жаңалықтарды жетелей, болашаққа бағдар, білуге тұрарлық. Ұмыт болған, тіпті, қазіргі жастар біле бермейтін, ұлағаты мол сөздерді сөйледеді, Қазақтың ұлан байтақ саһарасында болғанды қанықтап, көз алдына келтіріп, қазақ өнерін паш етіп, жайып салады, ізденіске талаптандырады.

Нұр таңының нұрлы ұшқынының нұр рауан шапағы әр жүректі нұрлы қуанышқа бөлайді.

Ғұмырлы жырлары, ертегі, әңгіме, аудармалары жастарға үлгі, болашақ қазынасына қосылар әсем дүние.

Қарымды қаламгер, арынды ақыннымызға ұлken сәттіліктерді, мол табыстарды тілеймін.

Марал Қасен
қаламгер журналист, аудармаши



*Маң бозарып атады
рауандан.*

Арайыл қаралғаның сернің тасшан.

Шапактап атқаң таңырын райынан

Издыласы сүзле күйдөс
сарайтына.

(Автордан)



* КҮН СӘУЛЕЛІ НҰРЛЫ ОТАН НҰРЛЫ ОТАН

Жарқырады нұрлы таңың
Гүлге орандың нұрлы Отан
Талай ғалым, данышпандар
Сенде туды нұрлы Отан.

Отаным бар еліме айбар,
Ер де туды алтын айдар
Талай ғасыр заманының,
Айғағысың туған Отан.

Зәулім үйлер, биік қорған,
Шаттығы мол, ұлы думан
Сенде еліңнің асқақ үні,
Еркіндіктің жарқын жүзі.


Сенде ақынның тасқын жыры
Сенде өмірдің ғұмыр сыры
Ғасырында даңқы асқан,
Күн сәулелі нұрлы Отан.

Сая, пана нұрлы Отаным,
Сүйіп сені айбагтанам,
Әнді, сәнді Астанам бар,
Жыр жазамын қайраттанам.

Астана – Нұрбақыт

Астана өмірлер өрілген,
Астана тағдыры тоғысты көгіммен.
Күмбездер айшықты, айдарлы.
Қызықты сәттермен бөліскен.

Астана айшықты Ақ Орда,
Қазақы қонысты бақ орда.
Дәуірдің тариһын жазады,
Тәлімді Болашақ ғұлама.





Астанам аспандап барады,
Күн күліп биіктен қарады.
Нұр таңың шашырап шапағы,
Нұрбақыт еліме тарады. 2011

Дара Дәурен

(арнадым сізге)

Желтоқсан келді желпініш
Жетістіктерімен серпілін.
Еліме келді еркіндік,
Тәуелсіздік жар салып.

Ұзақ көш - тарих көші бар,
Тар жолы, тайғақ кешу бар.
Қыын кезеңді өткеріп,
Дәуірге өттік бет беріп.

Жаратқанға раһмет,
Нұрсұлтандай ер берген.
Пиғыл, пейілі тұзу боп.
Қалқы үшін ант берген.

Ұлы адам - елдің ірісі,
Ұлы адам - елдің ырысы.
Кемеңгер, кеңпейіл тұлғасы,
Астана - тәуелсіздік құрдасы.

Қазақелдің көшбасшысы - Нұрсұлтан,
Ел намысын шығармайды жадынан.
Әр елменен түсінісіп, достасты,
Тайқымайды мақсатынан, жолынан.

Жиырма жылдың таңы биік кезеңде,
Қуаныштан мен отырмын елеңдел.
Жол бастаған осы үлкен қадамға,
Дәуірге тең, дара дәурен - президент.





Эпилог: Қырандай алғыр,
Сұнқардай сұлу,
Тылсым сыр ұғар,
Жаны жомарт.
Ойы терең,
Қос тілге шебер,
Тілші де өзі елшіде,
Дипломат дарын,
Жүректегі барын,
Арнайды еліне.
Сегіз қырлы, білімді,
Ақылы асқақ, ілімді,
Тәрбиелі тәлімді,
Кіндіктен кішіпейіл,

Тірліктен кірпиаз
Сөзі ақылына ерген,
Ақылы сөзін өрген.
Мінезі сабырлы,
Кимылы сымбатты
Еліне пана,
Жеріне сая,
Нұрынан шаттық
Ескендей сана,
Отанын сүйген
Күрескер маңғаз,
Азамат нағыз
Нұрсұлтанabyz!





Тұнық сәуле таң сұлу

Қандай әсем тұнық сәуле таң сұлу,
 Таң сұлуын қарсы алғып тұр жан сұлу.
 Үнсіз өзен, таулы орман мұлгіп тұр.
 Ақ түбіттей ұлпа бұлттар жөңкіп жүр.

Қуаныштан құстай ұшты жыр сыры,
 Ақын еркі жүргегінің тылсымы.
 Кеңпейілдің ұсынын түлеген,
 Нағыз өлең – нағыз ақын секілді.

Жер дауылды, нөсер аспан жауыны,
 Мәшіұр ақын әр қазақтың бауыры.
 Тұнгі дала таңсәрімен тілдесіп,
 Құшағына алды бақыт дәуірді.

Ақшолпандай әпнәқ таңым ашылды,
 Таң рауаннан күміс шашу шашылды.
 Құдіреттің қуанышыны құшақтал,
 Мандайымнап сүйді сұлу атырап.

Әппәқ таңнан ақ сезімдер оянды,
 Ақын жүрек әппәқ нұрга боялды.
 Сұлу қыздай сыландаған үміттің,
 Мәңгілікке рұғы болсын баянды. 2011

Ой құрсауы

Өн бойынды кейде ауыр ой құрсаулап,
 Мойындарып қарттығынды, курсінтер.
 Шырмауықтай шырман алған шырғалан,
 Көзің талып, жүрек, бір сәт, дүрсілдер.

Бұл сезімнің себебі де бар шығар.
 Жоққа қажып, мүжілмеуің мұң болар.
 Салмақ мінез, таудай талап жарасын,
 Бітіміне кең арқауы сай болар.





Жайсан жанның жан сарайы ғұмырлы,
Құпиясы бар сырның құлышы.
Жүрек сезім түкпіріне жүгінсөн.
Қазынасы, комбесі бар өнімді

Саналыға салмақ түсіп, батады
Жүйкесіне артық жук те қатады
Жақсыға да, жаманға да, «бір шіркін»,
Жалқау - жаман мол үйкіға батады.

Пенде ғұмыр баянсызың мойында,
Жалғандығың жалпақ жұртқа жария.
Ауыр сәттер саябырлан, бәсендер,
Терен ойдан көңіл озса, дәриға.

Өй тереңі шымбайына тартады
Ұйуы көи, түбі терен, салмақты.
Омір, - деген екен гой, тек, қозғалыс,
Арманыңа қолың жетсе, сол табыс.

Ана құстай әлпештенсе жүрегің,
Коніл толып, ой құрсаудан босайды.
Орындалса арманың мен тілегің,
Сезім серғіп, өмір жасың ұзайды.

Бұлақ сезім

Сен менің осы шағым,
Сен менің болашағым.
Сен менің ақылымсың,
Тәнті бөп талпынамың.

Сен менің аққұсымсың,
Айдында ән- жырымсың,
Болашақ - бұлақ сезім,
Сен менің бийігімсің.

Сезімғе қуат берсін,
Сен маган құлақ, көзсің,
Қиналған сәттерімде,
Табылшы бұлақ сезім.





Анам, сізге қарыздармын
Ғажап гұмырға келгенім үшін,
Жақсы өмірді көргенім үшін,
Жақсылармен дос бөлүп,
Тәтті дәмді татқаным үшін
 Анам, сізге қарыздармын.
Құлпырган сәнді өмірім үшін,
Жырдан өрнек түйгенім үшін,
Аспан мен Жердің сұлуын танып,
Мәпелеп бала сүйгенім үшін
 Анам, сізге қарыздармын.

Менің анам

Менің анам бесасспап
Жөтелсем де емдейді,
Түшкірсем де емдейді.
Алақанда аялап,
Көмегімен демейді.
Бес алып келеем сабактан
Құлыным, деп, сүйеді,
Тентек болма, балам, деп,
Көз қызығын түйеді.



Сөз және тіл

Сөз өнері тұрады сөзбен тілден,
Ақын тілі өрелі ләбіз сөзден.
Өлең -сөздің кестесі, көркем өнер,
Ақын тілі – ақ бұлақ, асау өзен.

Сөз шумағы иалуғат* тілі болар
Ақынның сөз өрнегі төрге озар,
Өлең сөздің өрнегі айшықталып,
Өр шумақта ақ тармақ бунақ тұрап.





Бунақ -бунақ өлеңнің ән тармағы,
Әр тармақтың шумағы сөздің нәрі.
Өлең- өнер, ендеше, ақын –өлең,
Толқын дауыс, сезімді сөз мәнери.

Сөз өнері қазаққа үлгі , тәлім,
Ақыл- дана сөздері елге мәлім.
Мәдениет сатысы тілден туар,
Жақеы сөздің тәлімін ақын буар.

*Иалугат - тілдердің тілі, ғажсан тіл.



Тілек

Ақыл, Даны, Балалар,
Сіздерге айтар тілек бар
Ақындардың жүргегі –
Өлеңдерін оқындар?!

Дүние жұмақ дәңгелек,
Жүреді тынбай дәңгелеп.
Оқып білім жұтпасаң,
Жалған дүние не қажет?

Өлең оқып жасымнан,
Абайменен таныстым.
Сыр сандығын Сәкеннің,
Ақтарып сан қауыштым.

Оқымасаң ақынды,
Санада болар тоқырау.
Әр сөзімен ақылдың,
Жүрек күйін асырау.

Жалғыз тілек бір тілек,
Түсінгенге мың рақмет!
Айтарлық мың сыры бар,
Өлеңді оқып тұрындар.



* БАЛАЛАРЫМ БАЛДЫРҒАН Сіздерге арнап жаздым ән

Әжені сүй

Әженді сүй, немере,
Сыйла гүлді өсіріп
Ата - анаңды жеткізіп,
Саған айтты өсиет.

Балақай

Оу, балақай, балақай,
Оқуды да ойландар
Жаз жайранdap өтеді
Білім төріне бойландар



Сәлем, мектебім

Сәлем саған , мектебім,
Алғыстарым көп менің.
Оқу, жазу үйретін,
Санама ғылым сепкенсін,

Дәл осылай сезінем

Күн бол туып,
Гүл бол жерге егілген,
Гүл қызғалдақ құлпырып,
Бүршік жарып төгілген.
Өз ісінің,
Журегінің патшасы
Ұстаздарды,
Дәл осылай сезінем.

Шәкірттерін сүйіп
Таза көнілмен,
Кейде ұрсып,






Сипап шәшін түзеген,
Дәріс беріп,
Ақыл айтып үйреткен
Ұстаздықты ұстазынан үйренген.
Ұстаздарды дәл осылай сезінем

Нағыз ұстаз-
Ұтаздардың ұстазы,
Бастау алар
Бар тірліктің бастауы.
Сөз өнердің
Көңіл беліп когіне,
Өрлеп өсер
Бәйтеректтердей дүние.
Дәл осылай сезінемін ұстазды. 2004

Көбелек

Түрлі – түсті көбелек
Біреуі өның көкпенкөк,
Әне , бірі - сары,
Себілгендей тары.
Қызыл жасыл гүлдер
Гүлзарларда түрлен
Жүйрік желмен ойнап,
Көбелек жүр тойлас.



Жаз мезгіл

Көк майса жайқалып
Гүлдер түр шайқалып
Күн көзін сіміріп,
Бас изеп найқалып.
Көкөрай көк шалғын,
Жұпары аңқыған.
Тамаша жаз мезгіл.
Гүл көрпө жамылған.






Құстар

Құстар ұшып келеді лек - легімен
Сусылдайды қанаты жел лебінен.
Қауырсыны жалтылдап күн көзіне
Дем алуға қонады айдын келге.

Көк аспанның қос қанат кербездері
Ұлы Даға төсінің перзенттері.
Куанасың оралып туған жерге,
Куанамын әнінді естіп мен де.



Жаңбыр

Жаңбыр, жаңбыр, жау жаңбыр,
Жауа берші себелей
Егін көкке өрлеейін,
Көп куаныш еселей.
Жаңбыр жаңбыр төгіп өт,
Жалдаپ бала мәз болсын.
Жайқалт егіс бақшамды,
Ауылымға ән толсын.

Күнді көрдім.

Күнді көрдім
Таудан асып келеді,
Ақ қайыңың
Шашын өріп,
Алтын жінпен зерледі.


Күнді көрдім,
Шыңдан түсін келеді,
Кірпігінен
Нұр шашылып,
Гүлден шілтер өреді.





Анашым

Анашым,
Сүйкітімсің, сұлу едің
Саған қарап ,
Мен жайлап биіктедім!




Күн иұры

Аман болсын анам,
Болсын аман балам.
Нұрын сепсін Күнім,
Назды болсын үнім,


Еңбек

Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты – еңбек.
Кесте тіксен зерлеп,
Оның да аты – еңбек.
Сабагыңды діттеп,
Әзірлесең еңбек.
Қыындықтың бәрін
Еңбек қана женбек.



Ғұлдер

Сүйемін ғұлдерді
Желбірей жайқалған.
Сүйемін тұр түсін
Күлімдеп шайқалған.



Ғашықғұл

Эдельвеис - Ғашықғұл
Өседі шындарда
Кім көріп, кім алса,
Ғашық боп қалат та





Бақытгүл /Орхидея/

Бақытгүл қуаныш нышаны,
Ол кербез, нәзік гүл.
Сұлулық сырын ашады.
Аузын ашып үлбіреп,
Тілін күнге тосады.
Шатқал таста биікті,
Сұлу гүлдің тұрағы.


Үлфілмәлік /Ромашка /

Ромашка қазақша Үлфілмәлік
Рахатты, рақымды, исі нәзік .
Рауандап , работтан атқан таңда
Үлфілмәлік тұрады құлім қағып.

Rabattnap-shattannын


Бөртегүл /Сирень/

Әппәк, құлғін бөртегүл,
Қауызын ерте жарған гүл.
Қол бұлғайды мамырға,
Самсап тұрган өртөң гүл.



Күнбағыс /Подсолнух/

Күнбағыс - ау, күнбағыс,
Күнге ғашық Күнбағыс.
Басынды иіп, тәж киін ,
Күнге айтасың мол алғыс.




Жауқазын /Подснежник/

Нәүірзек гүл назданып ,
Қар астынан бой созды .
Жауқазынның бойы есіп ,
Ақылы толып, ойы озды



Бақбақ /Одуванчик/

Жайқалып дала төсінде,
Алтын түстес бақбақ тұр.
Сары аузызы үлбіреп,
Күнге қарап күліп тұр.



Жаз отіп, күз келеді,
Бақбақтың екеу кезені
Акторғынға оранып,
Үлфілдеп тұр толғанып

Бәйшешек /Тюльпан/

Жарқырайды аспанда Күн құледі ,
Қарды азыққып жер беті гүлденеді.
Жұпары бал, сұзы мол, сұлу көктем
Күнге ұмтылып бәйшешек түрленеді .



Бұлбұлым.

Әсем үнді бұлбұлым,
Есенбісің, жұлдызым ,
Қайда жүрсің күн қызым,
Сайра, сайра, бұлбұлым !




Күнім.

Күнім, күшім, күншегім ,
Саған қарап күлемін
Қытықтайсың көзімді
Тауыстың ғой төзімді .

Шырша

Кішкене ғана шырша ,
Қыстың әнін жырла .
Сепін үйін орман ғой ,
Орман саған қорған ғой.





Жұпар иіс

Күн қызырып батады
Тұнық кеш жерді жабады.
Кешкі самал тербеліп ,
Жұпар пеін шашады.



Өрік

Өрік , өрік , өрік - ті
Өрікті бала теріпті .
Құрбысына , досына
Бір - бір уыс беріпті

Қауын.

Күз түсе пісті қауын,
Қызығып, таңдадым дәүін .
Көтере алмай, үядым,
Ауырын - ай, ауырын.

Қарбыз.

Мен қарбыз деймін,
Әжем дарбыз дейді.
Жасыл жолақ сырты,
Қызыл тәтті іші.



Жұзім.

Озбектер үзім дейді,
Бір бірлеп үзіп жейді.
Біз жұзім дейміз,
Бір сәтте жұзін жейміз.

Бірде торт ауылдан келе жатқан торт жолаушы кездесіп,
достасып та үлгеріпті.
Шөлдедік қой, үзім жейік, -дейді өзбек.



Ангур гой, – дейді араб.
Анфур, – дендер дейді парсы.
Жұзім гой бұл, – дейді қазак.
Сонда төртеуінің айтып тұрғаны бір тағам екен.

Қызынақ.

Доп дәмалақ қызынақ,
Қызыл гүлдей қызгалдақ.
Неткен өзі дәмді
Дастарқанда сәнді.

Ана

Ана – әсем еөз әлемде
Ана, – деп , әндесем
Күн көзі куледі .
Ана, – деп , жыр тәксем
Гүлдер де бұраңдап ,
түледі.
Жел қағып әйнекті
Шегіртке секіріп ,
Құмырсқа шабады .
Көңілді көбелек
Айналып ебелек
Барлығы қуанып куледі.
Гүлзарда гүл раушан
Бас изеп құлнырды.
Сайрайды Аққұстар
Әніме қосылып,
Ән салды жарысып.
Көк аспан, шуақ күн,
Алтын Ай , сам Жұлдыз,
Жершары жар салды ;
Ана, ана, ана! – деп,






Тіршілік ән салды.
 Ана, – ден Туған жер ,
 Ана, – деп Байтақ ел ,
 Ана, – деп Әлемім
 Жар салды.

Іренжітпе, аنانы.
 Бала – ана жүргі
 Бала – гүлі аナンың.
 Айтқан тілін аламын ,
 Жұмсаса аnam барамын.
 Іренжітпей анамды,
 Үйдістарды жуамын.
 Ауланы да сыпрып,
 Үйді жинап қоямын.



Торғай мен бұлбұл

- Түймедей ғана торғайсың,
 Шырылдан мүлде қоймайсың .
 Шенейсің мені не деп, сен
 Бәрібір мендей болмайсың .
- Болмасам, мейлі, болмайын
 Ешқашан қыста тоңбаймын.
 Естиміз сені, тек, жазда,
 Ал мен күнде жырлаймын .
- Шырылдан басқа тілің жоқ,
 Шымшық –ау, сенде білім жоқ.
 Бағанды өзің, білмейсің,
 Жүрттан нені тілейсің ?
- Таласпаймын ешкіммен
 Шырылдаймын күнімен,
 Кішкене ғана торғаймын,
 Әніммен елді қорғаймын.





– Мені қалқым бұлбұл дер,
Бағамды дұрыс ел берер.
Тамылжи шыққан нәзік жыр,
Ғашықты талай сүйсінтер .

– Тұймедей ғана торғаймын,
Әнімді мәңгі қоймаймын.
Тамылжыған әніңдің ,
Қайырмасын жолдаймын .

Балық неге ән салмайды



Қымылы басым, қылық бар
Жүзеді ылғи тұнықта
Көзі -де бар, тірлік көп
Топтасады ұжым бол .
Ауызын ашып жабады
Бірақ әнге салмайды .
Болсада өлеңнен ойы
Құлақ - аузы суға толы .



Қораз бен қаз

Қораз корші,
Несіне қоқнасың?
Қызырып алқымың
Бәрібір шоқисың
Ол -пұлын қорданың, – деді Қаз.
Бұрқ етін,
Шақырды ашуын:

- Сақтасын сендейден
Су жалдал, құм жеген.
Мен жеймін дәннің асылын, –деп,
мақтанды Қораз.





Тайқардай

Тайқардай -ау, тайқардай,
Анау жатқан Тайқарбай.
Жатыр жалқау жамбастап,
Үйкысы бір қанбастан.
Тайқар - есек айғыры,
Кежегесі кейін тартып,
Жүреді ылғи артқа тартып. 2004




Аққайың

Аққайың , акқайың ,
Күз келгенін білдірдің,
Жапырағыңды құлдірдің .
Айналып ұшып біреуі ,
Жерге асықпай түседі ,
Сірә , құздің белгісі
Ертең сұық түседі .

Ақ мысың

Біздің үйдің төрінде
Ақ мысығым керілді.
Келе гой деп , шақырсам
Келуге ол ерінді.
Мішім, мішім, мішім – ай
Саған берем сүт пен май
Десем де ол сенбеді
Көзін қысып , келмеді.
Міне , саған сүт пен ет
Дегенім сол, керемет,
Қасыма келді жүгіріп,
Салды етке тұмсығын.
Көп жасаңыз, раҳмет, – деп,
Бұландаатты құйрығын.





Қарлығаш

/Н.М.Рубцовтан/

Қолайсыз бір жай болып,
Қарлығаш сонша шулады.
Балапаны құлап ұядан
Қарлығаш мұндық жылады.
Мұны естіп балалар,
Шауып, шауып қиядан
Келді бәрі көмекке.
Аман қанша...
Басқа енді не шара,
Жарықшағын тауып алып
темірдің
Балапанды көмді жерге
арулап.

Не болғанын біле алмай
Шырылдайды қарлығаш
Зарлап ұшып ұзамайды
Әлі ұшып жүр сол маңда
Түсінді ме не болғанын,
алайда,
Қарлығашым, айналым,
Ұқыптырақ қарасаңшы.
Балаңа бол ықтият,
Өзің салған ұяна
Белшы өзің мұқият.
Кек төсінде самғайсың
Ауыл маңын шарлайсың.
Не тіршілік,
Балапанды, ұянды
Өзің қорғай алмайсаң .







Нагышы апа Қамаш - Шонқе жездे.



Өуез, Тиян Нуржан батыр немересі



Меруерт, Қамаш, Мираш



Адина мен Шаһмардан



Жанділда, Есенғали



Қарлығаш, Гуля



Ғазиз, Баян, Марат, Төкен



Айя - Жазыбек болыс жиені



Ғалымжан Дәйәмен



Жанділданың інілері



Құда балалар




Құдағифилар: Қайат, Өсиә, Марал, Жанат



Іс тіктім

Он ойланып,
Тоғыз толғанып,
Іс тігүе кірістім.
Сегіз мәрте сыздым
Жеті рет өлшеп ,
Алты рет аударып,
Бес рет бүктең ,
Төрт рет көктең ,
Үш рет ұштал ,
Екі қолды алмай
Шаршап талмай
Қайта , қайта қараг
Бір рет тіктім ,
Осымен мәнді
Бір киім болды еәнді.



Боламын

Мынау, ел
Мынау, жер
Менің байтақ отаным,
Үздік білім,
Тоқыл ілім,
Үлкен маман боламын.
Өнеріммен
Өміріммен
Қадірлі қарт боламын. 2004





Қос қарлығаш

Қос қарлығаш қақпадан
Ұшып кірді аулаға .
Балалар жүр қуанып
Жүгірісті даурыға .
Қос қарлығаш қасықтай
Конды шатыр қасына
Балаларға қарайды
Асықпай шәшін тарайды .



Төлдер

Лақтан серкеш болады
Тауға тасқа шығады.
Бұзау тана момақан
Ат деп, мінбе балакан.
Қозы тоқты толысты
Өріс іздер қонысты.
Құлын тайы арғымақ
Келеді, әне, шапқылал.
Бота тайлак атанар
Мөлдіреп көзі ойнактар.
Төлдер атын біліп ал
Үйрет оны шақырып:
Ауһay , ауһay танашым
Моп- мөмақан қараши
Шөре , шөре лағым
Шұнаңдаған шырағым.
Соф , соф менің боташым
Еркелейді ботасы.
Құроу , құроу құлышақ
Арғымақ боп өседі.
Төлді сипап мактап,
Мал өсірем балтап.



Қазақ малсақ

Малсақ қазақ
Шақырады малдарын
Атап – атап:
Құроу - құроу, құраулайды,
Ауһay - ауһay, ауһаулайды,
Шөре - шөре, шөрелейді,
Шөп - шоп, – дейді,
Кос - көс , – дейді





сөф –сөф , - дейді - ау
Басқа елде жөқ мұпдай атау
Көз салып бір өйланайық,
Қасиетті сөз – ақ
Аудармасыз, дара сөзді
Ойлап тапқан қазак.


Балара

Ұшып келіп ара
Амандасты гүлге
Амансың ба , тәттім,
Қыстай дем алып жаттым.
Сенің исің анқып
Ойатты -ау мені жақсым,
Деді де , келіп сүйді
Аймалады күлді
Ұшып қонып жүрді
Мыңшұнқырға барып
Тәтті балын үйді



Бұртиады бала

Бұлт түзеді көшін,
Айдың көрді көзін
Тынышталды дала
Тәтті ұйқыда бала
Оянғанда Айды іздел
Бұртыйады бала



Қамыс

Қамыс көлге иіліп,
Сыр айтуға түйінді.
Суда сырын ұққандай,
Қамысын сүйіп, сүйсінді.





Орман

Орман қандай тамаша,
Сүмбіл шаштар өрілген,
Ғажап сурет тау - тасы,
Әлемғұлдер керілген.

Тамашаға таңырқап,
Тамсанамын, таңғалам.
Жақпартастың санынан,
Ой оздырдым сан қадам.

Күз

Күзгі аспан күрсініп,
Күн қызыры азайды.
Күн биіктен алысқа
Түн мезгілі молайды.
Далаға түсті көк тұман
Қоңырлап жер де сарғайды,
Қоштасып акқу, тырна, қаз
Тоғай, дала мұңдайды.

Әппақ, әппақ, әппағым

Әнпақ , әппақ ақ сезімдер,
Әппақ, әппақ ақ көнілдер,
Ақжаулықты анамдайсың.
Әппәқ сезім ажарымсың,
Әппәқ көніл базарымсың
Ақша қардай еркелейсің.
Сарыарқаның сары аязы
Қыс қаһары әл баяғы
Салып сурет өрнектеген
Әппәқ аяз , әппәқ қырау.
Қыс қабағын түйді тым- ау





Бір ақын қет күрып.
Ақ бүркеніл дала жатыр
Үлфіл сезім балаң батыр
Ойым сенен қорықпау.
Күн күледі жаз шығады
Жөңки агар тау бұлағы
Сұлу өзен қалыспас.
Айдын көлге аққу қонар,
Көл жағасы үнгे толар
Ән қанаты қалықтап.
Айна көлге қаздар қонып
Баяғы сұлу қүндей болып
Табиғат сәні толысар.
Әппәк, әппәк ақ көңілден
Аса нәзік ақ сезіммен
Сұлулықты жырлайды ән.




Шырша жыры

Далам әппәк, қалам әппәк
Қар жауып тұр тынбастан
Қалың орман қар жамылып
Маужырайды көк аспан.
Алақай- ау, Қыдыр ата
Келе жатыр алыстан.
Ән салайық, би билейік
Қарша қыздан қалыспай.
Аяз қартта әнге салды
Балбекке қосып сән.
Құтты болсын, құтты болсын!
Шырша тойы- мереке,
Елге келсін береке.



Бөран

Қарлы боран, әппәк аспан
Көктен жерге жол салған
Қыс бораны дауырығып
Орман, тоғай ән салған.
Қысқы боран қарлы құйын
Орманды әнмен тербеткен
Қарагайлар қалғып әннен
Ақ қайындар селт еткен.
Ақ бүрқақтан аспан мұлғіп
Кейде өрши ұлиды
Іздегендей төркіндерін
Кәрі бұлттар жөңкіді.
Ақ боранда әшпәк қарда
Балалықпен жарыекам
Ақ жүзімді аяз қарып,
Жастығыммен табысқам.



Көктем келді


Мінеки күн күлді,
Нәуірзек гүл жайнап.
Маң даала құлпырды.
Мал төлдеп,
Жер жәннәт түледі
Бәйшешек күлімдеп
Гүл еезім сыйлайды.
Самалмен тербелген
Гүл майса ыргалып,
Бар Әлем жырлайды.






Ұя

Орман толы ұя бар,
Ұяға құс ұялар.
Балапаның өсіріп,
Көктеміне үн қосар.




Құншуақ

Құншуақ самалды.
Құн сұлу ажарлы
Нұр токті әділет
Құн көктем қыдырып
Гүл шашу шашты көп.



Ақ қоян

Көп қоян
Әпнәқ қардай
Ақ қоян
Көзі ғана
Қан – қара
Жасырды қөзін жасқана ,
Әй, пәле-ай!



Екі қаз


Әжемнің үйінде
Бар еді екі қаз
Екі қаз үнемі
Жүреді бір бөлек
Бірі ала, бірі ақ
Барлық қазға
Бастық – ақ.





Сұр көжек

Жүгір, секір сұр көжек
Жаздай тойын тоғайда
Қыс күніңді оқайла.




Үкі

Үкі, үкі, үкім
Қартаймашы шөкім,
Қауырсының мамық
Сүйем сені анық.

Көкек

Көкек, көкек, көкек,
Шақырмадың көлтен.
Неге жаттың үндемей
Көкек айын тостың ба,
Әніңе ән қостың ба?



Шар

Ақ шар, қызыл, көк шар,
Аспанға ұшты топ шар.

Шындық

Шындық биік шыннан да,
Шындық терең құздан да
Теңізден кең айдыны
Шындық деген сұлу ән
Шындық сөзі шекер бал.
Айдай анық шындық бар
Шыншыл жүрек жайнасын,
Шындық ардың айнасы
Шындықтың көп найдасы.





Тапқыр қоян

(Ертегі олең)

Арыстан патша бір күні
Жариялап бәйгіні,
Орманға жарнама жасалты
«Бір қазан ыстық, қайнаған
Суды ішкен андарға
Сыйлығым бар жайнаған».
Андар түгел келеді,
Олай бұлай жүреді,
Қайнаған су қазанды
Бұрқырап буы тебеді.
Ыстық суды іше алмай
Патшадан сыйлық ала алмай
Суға кетіп салдары
Томсырайып, соқиды,
Айла таптай қоқиды.
Аңқылдаған аққоян
Келді жетіп қазанға
Тік көтеріп алды да,
Тізіліп тұрган андарды
Жағалады жайымен
Деді, міне, қарандар,
Ыстық қазан, ыстық су
Жаным жақсы қореді
Аязда ішсем ыстық су,
Терім жылдам кебеді,
Болғанша қоян аралап,
Қазанда су да, сұзыды
Сіміріп салып тапқырың
Патшага келіп жүгінді,
Ұзын құлағы бүгілді.
Сөзінде тұрып арыстан
Коп сыйлығын ұсынды.
Шошынған андар таң қалып,
Аузын, ашып көз жұмды.



*Аңқау, аңғал аңдарды
Тапқыр қоян алдады.*





Кішкентай ертегі

Коленкесін тогайдың
Саялайды күс пен аң
Жиналады кеңеске
Мактанады кезекпен
– Кім сұлу, кім жүйрік? – деп
Есек тұрды есінеп,
Арыстан тұр ақырып.
Уақытты меңзеумен
Әтеш отыр шақырып.
Түкең келді тұстікке
Бас коз болып бар іске.
Қоңыр қонжық бақырып,
Таба алмай жүр аланын.
Жар басында жапалақ,
Айтпай отыр көргенін.
Ақ сауыскан аландал,
Жан жағына қарайды.
Екі шоқып бір қарап,
Жаңбырқұртта* бар ойы.
Барды жоқты байқамай
Қаскең келді жалаңдал.
Зытып кетті кек таушан*,
Ал жетін көр нар ноян.
– Кеңесті бұзған, бұл кім?-деп,
Гүр етті орман патшасы
Үрейі ұшқан сұр көкжал
Артын қызып тымпиды.

*Кішкентай бөбек, көркемім,
Осымен бітті ертегім.*

*Жаңбырқұрт немесе шылауышын

*Таушан - кішкентай даға қояны.




Жалқау

Аспан жылап, нөсерлең,
Су болды жалқау малишынып
Зорға жетіп үйіне
Лақтырды бәрік, күртесін.
Бәтенекесі батпақ боп,
Қалды төрдің алдында,
Киімдерін лактырып,
Құлады сұлап диванға.
Ұйықтап жатыр пысылдан.
Сейлеп те қояды былдырлап.
Сөйтсе, жалқау түс көріп,
Түсінде бәркі қашыпты
Бәтенекесі быттыыйп,
Саздан қорқып, бақырып,
Жұғірінгі өзенге.
Жалқауға не тиеді,
Ертең несін киеді?
Қашты бәрі жан жаққа,
Түсінде қуып жете алмай
Оянды жалқау шошынып.
Мектепке қалай барам де,
Уайымдал, өкінді
Сабақ болды түсі
Тазалады, сұртті,
Бәрін жинап, күтті.
Киімдері қешіріп,
Қайтадан болды досы



Доп

Доп, доп, топылдайды доп,
Теуіп қалдым допты,
Домалады, жұғірді,
Жоғалады- ау, қап, қап,
Тез, қуып жет, тап, тап.





Алақай


Қыс келді, алақай,
Шаңғы теп, балақай,
Өзенде су қатса,
Сайлап қой шанаңды.
Айнала әппәк қар
Соғайық аққала,
Жасайық сырғанақ,
Өтырып шанаға,
Ал, зула, ал, зула!

Қыс

Қар жамылды кең дала,
Өзен колді мұз бағытты.
Сары аязы ақпанның
Терезеге ғұл салды.

Аю қыста иеге ұйықтайды?

Ертеде бір күні...
Аязды қыс еді,
Өрман ішін аралап,
Ананына аяңдап,
Келе жатты бір аю.
Үстінде жылы тоны бар
Ак қарға салған жолы бар
Өткелден аттай берғенде,
Ебедейсіз қорбаңдаи,
Тұлқінің басты құйрығын.
Тұлқішек салды айқайға,
Шулатып ішін орманның.
Зәресі ұшып айқайдан
Қарағайға шықты аю.
Шыршада отыр тоқылдақ,





Тынға үй сап, тақылда,
Аюды шенеп сөз айтты:
Оу, аю- ау, қорбандамай,
Жұрсенші ордандамай,
Қарасаңшы астына аяғыңын.
Содаи ба? Аю ойланды,
Ойланып, көп толғанды.
Сүрлеумен енді қыдырмай,
Ешнәрсеге қам жемей,
Ұйқының ойлап мән- жайын,
Табанның жалап көк майын,
Карлы шатыр астында,
Өзі ойлап тапқан апанда,
Кетті тәтті ұйқыға.
Тұлқінің қүйрығын баспайды,
Ұзақ -ұзақ ұйықтайды.

*Әзінің қүйрықсыз болғанын
Тегін емес- ау, деп болжайды.*

A. Коваленкодан аударма (Почему медведь зимой спит?).

Неше аяқ бар кірпіде?

Міне, біздің бақшада
Бір кірпі жүр қыдырып.
Оңашада келеді,
Құйған сүтті ішеді,
Ақылды өзі керемет.
Бізді көрсе қашады
Тон топ етіп жүгіріп.
Аяғын оның көрмейміз.
Үстінде толғай инесі,
Санауга ерік бермейді,
Тонында, әсте, шешнейді.





Таянсаң болды – ақ ,
Домалаиып доп болыи,
Ұстасаң инесін түйрейді.
Ұстамақ боп ұмтылып,
Немерелер гулейді.
Әрі -бері ойланып...
Айдана мен Адина,
Айгерім мен Айзере,
Әлібек, Шаһон дауласты...
Шешуін таппай болды әуре.
Білгілері келеді
Неңе аяқ барын кірпіде,
Сегіз – дейді Айдана,
Алтау – дейді Адина,
Төртеу – дейді
Айгерім мен Айзере
Жұгіреді адамдай
Екену – дейді Әлібек
Аяғы жоқ, доп сияқты, – дейді Шаһон.
Мүмкін, әлде, қырық,
Көруғе бермейді ырық.

*Айтыңдары сендер,
Кім дұрыс, кім бұрыс?*


Ай мен Ажар

Ажар шықты далага ,
Аспан ашық , тамаша.
Ілулі түр «қолорақ»,
Ай екен ғой қараса.
Ажар жүрді бақылап,
Бес күн өтті ақырындал.
Жетінші күн қараса
«Кимешекті әжесі»





Отыр күтіп аспанда.
Он төртінші күн болды,
Дөңгелек боп Ай толды.
Сұттай әппәк сәулесі
Күлсе, ол да күледі,
Жүгірсе, ол да жүгіріп,
Жүрсе бірге жүреді.
Мәшинеде зырласа,
Ай да бірге зырғиды,
Мәшине жүрсе жүреді,
Тоқтаса Ай да тоқтайды.
Секпіл беті нұрланып,
Көзін қысып қарайды.
Жиырма күндей болғанда
Айдың нұры азайды...
Көнілі пәс, күлмейді,
Жүгірседе журмейді,
Әппәк жүзі бозарып,
Өні жүдеп барады.
Енді шықсам бір күні
Төменде тұр Айым,
Нашарлапты ау жайы,
Бірде жоқ боп кетті.
Әжесінен сұрады:
– Енді, Ай қайда тұрады?
– Табиғаты солай...
Шаршаған ғой жолдан,
Ай отырып, туады
Бір жетіде қайтадан
Айың туып оныңнан,
Жұлдыздар туады соңынан, ·
Деді әжем ақылман.
Табиғаттың сырын ол
Өз әжесінен тоқыған.





Тісің нешеу?

Көз, құлағың – төртеу. Тісің, сонда нешеу?

Дәлдейік

Көз көреді, мұрын сезеді,
Тіс шайнайды, тіл дәмдейді,
Бас бәрін дәлелдейді.

Санамақ

Бір, –дегенім білім,
Екі, – дегенім еңбек,
Үш, – дегенде үйрен,
Төрт, –дегенде түрлен.



Бес саусақ жайлы әңгімем, сіздерге айтам, немерем.

Бес саусақ,
Өзі сау, өзі сак,
Жақтырмасаң қак,
Ұстасаң бол сақ.
Бес саусақ бар он қолда,
Бес саусақ бар сол қолда
Аттары оның тамаша:
Бас бармақ. Балаң үйрек. Орган терек.
Шылдыр ішүмек. Кішкене бөбек.
Он саусагым он бұтақ
Қос теректің бойында
Өсіп тұрған секілді.
Түп тамыры бекіген
Бес саусагым бес бұтақ.
Ең үлкені бас бармақ
Тұрған соң қолдың басында,
Бас дейміз оны
Басқарады бәрін өзі.





Балаң үйрек- сұқ саусақ,
Сұқында май тек тұршы.
Ортан терек ортаңғы
Бәрінен бойшаң аңғарлы,
Ортан қолдай ағалар
Елімізде дерлік бар.
Шылдыр шұмек шидей,
Өзі ешкімге тимей,
Жұмысты да сүймей,
Тұрады не істерін білмей.
Кішкене бөбек шынашак
Өзі бар гой ұрыншак.
Құлақ, мұрынға сұғыншак.
Бес бармақ
Бар істі бірге басқармақ.
Бабына қарайды
Жақсы істі қалаулы
Бас бармаққа балайды!
Сұқ саусақ сиқырлы
Іс қылар мың түрлі
Тұртініп жүреді,
Шаң көрсе сүреді.
Кітаптың беттерін
Бір бірлеп түреді.
Білмейтінін , білгенін
Тұртіп те көреді
Түгелдеп те біледі,
Санауды да біледі.
Білмей қалсан
Сұқ саусағын шошайтып,
Байқа, бала, -деп күледі.
Ортан қол маңғаз
Ортан қолдай ағаларым бар, -деп,





Мен бөламын мәз.
 Шылдыр шүмек - аты жоқ
 Өзімен өзі жүреді,
 Жұдырыққа бірігін,
 Жұмылғанды біледі,
 Жұдырықтың арасына кіреді.
 Кішкене бөбек ұшқалақ
 Көмегі де мүшкіл -ак.
 Бес сауеағың біріксе
 Жұмып ұстар ұлken Бақ
 Алақанды аялап,
 Жұмыла жұмыс жасайды
 Бақыт, Бірлік, Білімді
 Бес сауеақтай білу һақ!

Бес сауеақ неге бірдей емес (әфсанә)

*Бас бармақ,
 Балаң үйрек,
 Ортан терек,
 Шылдыр шүмек,
 Кішкентай бобек. (ертеғіден)*

Бесеуі бес түрлі. Бірі жуан, бірі ұзын, бірі қысқа, бірі мыртық. Олар қазақша Бармақ, Сұқсаусақ, Ортанқол, Атыжоқ және Шынашашақ, -деп аталады. Әр сауеақтың өздері атқаратын қызметі бар. Ал бесеуі бірігіп жақсы іс тындыра алады.

Әу баста бес саусақ бірдей болып жаратылған деседі. Бір күні олардың басы қосыла қалады да, әңгіме- кенес құрады...

Басбармақ:

- Ұрлық қылайық ! – деп, ой тастайды төртеуіне.
- Қылсақ қылайық! -дейді қостап, Сұқ саусақ. Ортан қолдың өзгелерге қараганда иманы болса керек, әлгі екеуінің әңгімесіне қосыла кетпей.
- Құдайды қайтеміз?- дейді, сұраулы жұзбен.





– Е, Құдай не қылады дейсің? – дейді, тәкаббарлана Атыжок саусақ. Төртеуінің сөзін түгел естіп тұрган Шынашак, ұрлықы мал алдында тұргандай, шыдамсыздана:

– Экел бермен, қара қойды сояйық, қан-жынына тояйық!

– деп шырылдаган даусымен әндете жөнелінти.

Бесеудің пәтуасы Жаратқанның құлагына жетіпті. Сол сәб-әйтән олардың әрқайсысының бойын оз ниеттеріле қарай өзгертілті.

Ал қылмыс жасауға итермелеген Бармақты өзге төртеуінен оқшаулап, бөлек орналастырыпты. Шынашакты шипитіп қау-карсыз етіп қойыпты, мұрын мен құлақты шұқып тазалаудан басқа амалы қалмапты. Иманды Ортаңғы саусақты бәрінен бойшаң жасап Ортанқол деп атапты.

Осы әңгімеге орай болар, қазакта біраз мақал-мәтелдер де бар. «Бес саусақ бірдей емес», иәки дуниедегі бар жағдай бірдей, бір қалыпта емес дегені. «Ортанқол азамат», дейді, иәки жақсы, иманды дегенді мезгейді. «Өзі бір шынашактай шілтиген неме», дейді, иәки нашар, қауқарсыз, көкірек деген-ге саяды.

Ал Басбармақ болса, өзінің оқшау қалғанын сезініп, санаыс оянып, тек жақсылықты көруге тырысады. Сондықтан болар, жақсы іске жаны рақаттанған жан жұмысты басбармағымен бағалайтын болыпты. Бес саусақ бірігіп жұмылса, төртеуінің үстінен Басбармақ басып тұрады, дегенмен атына лайықты болғысы кегені-ау.

Бұл, тек, әфсанада, дегенмен «жақсыдан үйреніп, жаманнан жириенетіндей» әңгіме, әркімге Аллаһ м берсін Бақ, Сана!

Мениң досым он

Бірінші досым – Бақыт
Жүрекіме тым жақын ;
Екінші досым – Еңбек
Еңбекпен өмір өнбек;
Үшінші досым – Үміт





Үмітке жетсін күнім;
Төртінші досым – Тағат
Тағатты ақыл бағад;
Бесінші досым – Берік
Жөнсізге берме ерік;
Алтыншы досым – Ақыл
Жақсыға ол жақын;
Жетінші досым – Жомарт
Адамға ол жарасад;
Сегізінші досым – Сенім
Сенімге сенер сезім;
Тогызынышы досым – Талап
Талаптыға нұр жауад;
Оныншы досым – Отан
Отан болсын аман
Он досымда он түрлі...
Мақсат пенен мұдде бір
Осы онның тілегі:
Ар, Үят, Парасат – тірегі.

Он жерде оным...

« Бір» дегенім: Береке, Бірлік, Бақыт
«Бес «дегенім: Бекем, Берік, Бейбіт
«Жет»і дегенім: Жеті жақсы, жеті ата, жеті жұрт.
«Тоғыз»дегенім: табигат және таһиhat
«Он екі»десем , бір мүшел толық туған бел..
«Он бес» – деген, өрім толган өнеге
«Он сегіз» – деген, өрім жас , әрнәрсеге көңіл мас.
«Жиырма» – деген, жастық шақ, ақылдыға қонар бақ.
«Жиырма бес» -деген , жалын кез, орда бұзар жігіт кез,
«Отыз бесте»- дегенім, өнерді тасқа егедің
«Қырық» -деген қызықты, қамал алар қылықты,
«Қырық бесте» қылышылда, қаптайды жұмыс қылқылдан.





«Елу» дегенде елендеп, алды артыңды ойлайсың
«Алпыс» -деген , албасты ден саулыққа жармасты
«Алпыс бесте»- ақыл көп, жан -жағында тақыр көп,
Әрнәрсені ойлайсың, ақылыңа бойлайсың.
«Жетпіс»- деген жетесіз, бір күн сау, бір күн не етерсіз.
«Сексен» деген сезімсіз, Сегіз сері төзімсіз.
Кеуде еңкейіп алдыға, аяқ тартар артыңа
Ойға да тез батасың, қисайып жиі жатареың
«Токсан- деген оңып па?

Толайым болар тоқтықтар, тек, түске кірер жоқтықтар.
«Жұз» -деген жас жүзімдей, бір бірлеп қана үзіл же.
Ақыл есті Аллаһ алмасын, жақ суалып көз талмасын!

Жұз жасыңды ырым деп,
Жүреғат келсін таласып.
Шөбере жүрсін жағалап,
Әр сөзінді бағалап, Әмин!
Аллаһның бергенін жасайық,
Отанды әнге қосайық,
Немере, немене алдында
Аллаһның бүйрығын тосайық, Әмии!

Мен мен менмен

- Кім жүйрік?
-Мен
- Кім сүйрік?
-Мен
- Кім алғыр?
-Мен
- Кім сылбыр?
-Мен
- Кім мықты?
-Мен
- Кім мылжың?
-Мен





Меннеи басқаны білмейсің
Не жаман,
Не жақсыны сезбейсің.
Ойлан сөйле,
Байқап көр
Дей берсең: мен, мен
Боларсың менмен.

Нәрпітер әсері

- «**A**» Нәрпінеп баста
Бес асыл сөз жатта:
Ана, Ата, Ақыл, Адал
Арды балта,
Абыроиды сақта.
- «**C**» Салқын еамал
Сай – сала,
Сылдырайды су сылаң.
Сарғалдағын сағынып,
Сусар сағым еабылған.
- «**F**» Гүл- ғүл, - дейді Гүлсән
Гүл- ғүл, - дейді Гүлнаң
Гүлзардағы гүлді
Ертемен Күн сүйді.
- «**E**» Ерік еріншек
Есен де еріншек
Елгезек екен
Еркін мен Ермек.
- «**Ә**» Өмір - өзен
Өзен - өлең
Өлең - өлкем
Өлкем - өркен
- «**F**» Фарыш- ғалам
Фарышкер ғажал.



Ғарышта, ғажанта
Ғарышкер ғана.

«Ә» Әдемі әліппе
Әфсана әрінте
Әрінжан, Әлібек,
Әлішер, Әзілбек,
Әмина, Әзима,
Әлия, Әлінгер,
Әліппе әдемі
Әрінгер әсерлі
Әлпеште әліпті.

«Қ» Қасқа құлын
Қызықты құлын
Қос құлақ қайши
Құйрығы қазық
Құйыпды қуып,
Құйыпдай құйғыт.

«Ж» Жүйрік жылқы
Жерде желіп,
Желдей жүйткі.

Ақ бөпем

Ай да сағаи нұрын төкті ақ бөпем.
Өлең, ертек, жұмбақ айтып берейіп,
Айға мініп жүлдыш санап келейін,
Әлди, әлди, ақ бөпем,
Тыныш ұйықтап, жат бөпем.





Ақ бөпеш

Шырылдап туған еәбиғе
Жаялық болған жазирам.
Айналайын баладан,
Жаратылдың...
Дарын атты даладан.
Әлди әлди , ақ бөпеш,
Ауыл бесігіне жат бөпеш.
Аршадан болсын бесігің,
Қайыңнан болсын бесігің,
Ауылдан болсын несібен.
Ақсақалдары айтулы,
Бәйбішесі ақылды
Батырлары тақымды.
Құрықтарын майырып,
Жылқыны асау қайырған,
Жақсы да, жайсан --
Жаратылыс шықты ауылдан.
Асық ойнап табысқан,
Тайга мініп шабысқан,
Балалары бақытты
Туған ауыл, тау - тастан
Кім екен бізді айырған...?
Айналайын, ақ бөпеш,
Құлыштарғақ жабар ем,
Атыңа үкі тағар ем,
Адассақ арқа сүйейтін
Ауылды қайдан табар ер?
Өттең, шіркіп, дүние - ай,
Ата - ана қалды артымда
Көрінбейді мазары,
Жан - жүйем жүр ызалы
Қаламым жыр жазады.







Болашағым - ертеңім,
Мен кеше саган сенгеннін,
Ертең де саган сенемін.
Еңбегінді жазармыз,
Ауылды да табармыз.
Айналайын, ақ бөпейін,
Ауылдан шыққан Бақ- көкен.
Айналайын, даналар,
Жаратылдың
Дарынды, дарһан даладан!



Әлібек



Есен апа-қарындасымен



Адина, Айзере, Шан



*КӨНЕ, БАЛАЛАР, ОЙЛАЙЫҚ

*Жұмбазыма жіті қара,
шеше білген балбабектің білімі дара. (Автор)*

Жұмбактар

1. Шеті де жок, домалақ, жок кіндігі,
Үсті зенгір, оның да жок түнлігі.
Оргасын мекендерген пенделерге
Жұмақ суын құяды һақ Тәнірі (....., ...,)
2. Бапым, бапым , бақ құсым
Ақылды бол бап құсым.
Айнала қар , ақ сонар,
Өнерінді аңға сал (.....)
3. Тоқпен мұздайды,
Тамақты бұзбайды (.....)
4. Тоқтап, шайқап, тоқнен жүреді,
Тазалықты сүйеді (.....)
5. Қалпағы, аузы, мұрны бар,
Бірақ қасы , көзі жок (.....)
6. Іштен қараса дала көрінеді,
Сырттан қараса бөлме көрінеді (....)
7. Біресе ызың ызың,
Біресе шылдыр, шылдыр
Өзі бір қызық ызың, шылдыр (.....)
8. Басы қоңыр, денесі ақ
От шаинады жарқырап (.....)



9. Ақтүтек арайлы
Жолдарды орайды (....)

10. Білгенге маржан,
Білмеске арзан (...)

11. Бақ, бақ, балнақ
Айтатыны бір тақпақ,
Менде алдым жаттап (....)

12. Қарр, қарр, қар - ры, - деп.,
Орманда қалықтайды.
Екі шоқып, бір қараң,
Жол шетінде жорғалайды (....)

13. Екі аяқта тік тұрған,
Қос жанары шам - шырақ.
Нұр төгілген сөзінен,
Көркем мүсін, ол кім? (....)

14. Гүлден ғұлғе қонады,
Гүл шырынын сорады,
Білесің бе, бала,
Оның аты (...)

15. Секең , секең етеді
Орман оның мекені
Білесің бе, ноян,
Оның аты (....)

16. Желмая дала кемесі
Недеғен ірі денесі.
Білсең оны құлме,
Оның аты (....)





- 17.Орман» ішін аралап,
Әрлі берлі жылжиды.
Мұртты, шәшты
Кезек сипап,
Ұзын «қолы» сырғиды (.....)

- 18.Көп онда ине, түйреуіш
Тасадан шығар тонылдан.
Сүтті ішіп алады,
Менен көрсө қашады (.....)

- 19.Күпісі оның инеден,
Қөрықса доптай, түйілген.
Тасадан шығып қарайды,
Сүт ішкенді қалайды (.....)

- 20.Бұты қысқа,
Басы үлкен,
Арандай аузын ашады (.....)

- 21.Мойыны тұтас,
Үлкен бас
Бұты талтақ,
Жоны жалпақ, (.....)

- 22.Суда жүзиді,
Керемет сұңгиді.
Бауыры қара,
Алқымы ақ
Ұшпайды биік аспандап (.....)

- 23.Бөркінің асты толған көз (.....)

- 24.Тігінші де , шебер де емес,
Ешнәрсені тікпейді,



Қысы - жазы
Қолынан ине түлепейді (.....)

- 25.Сақ, сақ , ден, сақылдайды,
Сақтыққа шақырады.
Үй маңын торуылдаپ,
Иіс сабын, тамақты ұрлап,
Көршіні мазалайды (.....)
- 26.Таудан құлай сырғанап,
Екі тақтай келеді (.....)
- 27.Бірі түкті кілем, бірі түксіз кілем (....., ...)
- 28.Жаралғанға жабысқан (...)
- 29.Өзі жасыл, көзі кек,
Шыр-шыр, - деген сөзі көн (.....)
- 30.Қолы жок, шегеei , балғасы жок,
Үй салды бедері көп (...)
- 31.Жаз етіп, қыс түссе де,
Кейлегі оның бір түсте (.....)
- 32.Қара сиыр пысылдайды,
Қызыл сиыр ысылдайды (... , ..)
- 33.Көл теңізден биікке көтерілді,
Қайта түссе, жер түрленді (.....)
- 34.Еңбектеніп тынбайды,
Гүлді аралап жырлайды,
Тәттісін бізге сыйлайды (...)



35. Ұзын мұртты,
Киімі сары,
Қалтасында наны (.....)
36. Ағаш толы жұмыртқа
Күзге карай піседі
Мезгілінде алмасаң
Үзіліп жерге түссең (...)
37. Басында бұтагы,
Біік тау тұрағы (.....)
38. Бір бас бар
Бір баста жұз тал шаш бар,
Әр талында үш жұз алпыс бес
жұлдыз бар,
Әр жұлдыздың он екі үкісі бар,
Әр үкінің отыз балапаны бар
Әр балапанның төрт інісі бар.
Әр інісі жеті тілде сөйлейді
(....., , , , , ,)
39. Ақ домалақ әдемі үй,
Қақты есікті ішінен.
Алтын тұсті керемет,
Жүгіріп шықты ішінен (.....)
40. Қосақтап міндім қос атты (.....)
41. Аяқнен басып жүресін,
Аунап, ойнап , құлесің,
Аулаға апар ұрып соқ
Жалтырап өні тулемесін (.....)
42. Үшкір басы салбырап,
Жазда емес, қыста өседі.
Күншұақтан жасқанып,
Үзіліп, жылап , түееді (.....) ^



43. Тоқ, тоқ етіп қояды,
Тоқтоғына тояды (.....)
44. Аузын ашып ұшады,
Шыбын, шіркейді қағып жұтады (.....)
45. Сияны ішеді
Қағазды сүйеді (.....)

(жсанбыр-жер-астап; буркіт; тоқазытқыш; кіржусугыш; шәйинек; әйнек; телефон; серенке; боран; сөз; бақа; қарға; адам; ара; қоян; түйе, тарақ; кірпі; кірпі; керен; мүйізтұмсық; қасқалдақ; асташам (Б.Т люстра); шырша; сауысқан; шаңғы; жер мен астап; есім; шегіртке; ұя; шырша; пеш пен от; жсанбыр; ара; масақ; алма; бұғы; ғасыр, жуз жыл, бір жыл, он екі ай, отыз күн-төрт апта, бір апта, жеті күннің аты; балапан; коньки; кілем; мұзсұмелек (Б.Т.сосульки); тоқылдақ; қарлығаш, қаламсан Б.Т.)


Әркімді - ақ ойлантар

- Жалқаудың жаңындай жақеы көретін тәттісі НЕ? (...)
- «Инснің козінен жіптен бұрын отетін» КІМ? (.....)
- «Түйені түгімен», « мәшинені жүгімен» жұтатын- КІМ?
(.....)
- Ұзақ сойлеп, өзінің не айтқанын түсінбейтін - КІМ? (.....)
- Жақсыга да, жаманға да
Ауыз адырнасынан тартатын улы садақ - НЕ? (....)
- Білдірмей жеп, ілдірмей кететін - КІМ? (..)

Күлімдеп жиналып
Күніреніп тарасатын, қаидай ойын? (.....)

Адамның «кеудесіне наң піскен кездे» озін кіммін,
-деп ойлайды? (....)

(ұйқы, жағымпаз, тойымсыз, мылжының,
өсек, қу, преферанс, тұлға)





Ойлан да тап

*Аға буын ақындардың өлеңін
Жұмбаққа пайдаланып көрелік.*

- | | |
|---|---------------|
| Жер өлшейтін саржан | Бұл қай әріп? |
| Белін буып алғап. | |
| Бағдар шам жабық тұр, | Бұл қай әріп? |
| Жол жәйін бағып тұр. | |
| Екі тіреу, баекышы біреу. | Бұл қай әріп? |
| Дон дөңгелек, | Бұл қай әріп? |
| Жұзік пе, әлде шенбер ме? | |
| Телеграф бағаны ма деп қаласың? | Бұл қай әріп? |
| Айыр ма, әлде, тарақ па? | Бұл қай әріп? |
| Алдыңнан тап болар, | Бұл қай әріп? |
| Әр үйде қақпа бар. | |
| Үш, деген санды көрсетіп тұр. | Бұл қай әріп? |
| Төрг бұрышы ашық, екі бұрышы жабық. | Бұл қай әріп? |
| Дөңгелек. Белбек тақты көлденең. | Бұл қай әріп? |
| Тілің келмесе балға де. | Бұл қай әріп? |
| Қөс қолыңмен бүйірінді таянба,
(жаман ырым) | Бұл қай әріп? |
| Әріптерді тауып болсан, біреуінен өзіне орындық жасап ал. | |
| | Бұл қай әріп? |

(Жауабы: А Г Н О Т Ш П З М Θ Р Φ К)



Жаңылтнаштар

*Жаңылмай бапта,
Жаңылтпаши жатта.*

Бағбан бақта, бақты бапта, бабы бақта
Шемішке шақпа,
Шалшаң шақпа,
Шақпасаң шақпа.

Ұшты қарға, көнды талға,
Талдан талға ұшты қарға.

Қала аралады
Талай аралады
Қала аралады
Қалай аралады.

Ерке, ерке
Серке ерке,
Серке, серке,
Ерке серке.

Фермадан фермаға
Ерганат фермадан
Фермага ер маған.

Шық , шық , шық
Шымшық шық, шық
Шықшы шымшық.

Ұшта, ұшта,
Ұшкірлеп ұшта
Ұшын ұштап,
Ұқыптап ұста

Бір ер
Екі ер
Жеті ер
Ірі ер.

Бақ, бақ, бақ,
Бақа бақ, бақ
Бақа балпақ,
Балпақ бақ, бақ.

Жұмбақ жатта,
Жақсы жатта
Жадқа жатта
Жаттамай жатпа.

Шежіреші шешен
Шешіп шекпен
Шын шежіре шертеді.

Олкем өлең
Өрге өрмеле
Өңкей өрен

Көктө көк пе
Көлде көк пе
Көкек көлде
Көгал көк пе
Көкпенкөк пе.

Сөздің сөзі
Сөздің сөлі
Сөздік сөзден

Сыңғыр, сыңғыр
Сыңғыр сылдырмак
Сыр сақтап, сый сақтап,
Сыңғырлайды сылдырлап





Ойлан, тап!

*Тапсаңыз жүлдесі сіздікі,
таппасаңыз, жүлде менікі!*

«Түк ақшасы жоқ» деген сөйлемді тұрақты тіркес арқылы бес түрлі сөйлеммен айтып берініз және түсініктеңіз?

Үлгі: 1. Көк тын жоқ (көне тілдегі ұғым, көк темір, бөлат, металл болып келген).

(2, 3, 4, 5 сөйлемдер мен түсініктерді ойлап тап).

1. Онға оқысаң да, солға оқысан да кос сөз болады

(Мен бастайын, сен қоста)

мәз — мәз	*	Зәм — зәм
көс - кос	*	сок- сөк
шөк - шок	*	көш - көш
сып - сырп	*	пыс - пыс
тық - тық	*	қыт - қыт
кос - кос	*	сөк - соқ
қат - қат	*	так -так
тыз- тыз	*	зыт - зыт
мыс- мыс	*	сым - сым
мыш- мыш	*	шым - шым
пыш- пыш	*	шып - шып
мол-мол	*	лом - лом
қала - қала	*	алақ - алақ
шырық - шырық	*	қырыш - қырыш
Жырық- жырық	*	қырыж - қырыж

2. Онға оқысаң да, солға оқысан да

мағыналы сөз болады

анық - қына	нық - қын
алта - атпа	парақ - қарап
жоқ қож	пас - сап
куң - сұң	пыш - шып





қат - так	рет - тер
қыл - лық	сан - нас
кыс - сық	қын - нық
көш - шөк	көш - шөк
сан - нас	кәп - пәк
сақ - қас	кел - лек
соқ - қос	мас - сам
сөк - кос	мыс - сым
тас - сат	мол - лом
таза - азат	тарақ - қарат
тыз - зыт	тек - кет
шық - қыш.	

**3. Оңға қарай оқысаң да,
солға қарай оқысаң да мағынасы бірсуғана**

ана	ара	кезек
ата	аса	қырық
ая	ада	қазақ
ала	ага	кесек
апа	аза	шаш
баб	аша	тот
аха	есе	тат
көк	тат	еле
нан	ене	тұт
нән		

4. Бұынды алмастыру арқылы сөз жаса

шабақ - бақша,	тамақ- мақта,
суса - сасу,	екен - кене - неке
жеке - кеже,	бақа - қаба
алқа - қала - алак,	қысас - сасық
ақша - шақа,	алма - мала
есік кісе,	етіс - тісе
екре - ерек,	тарақ - қарат - қатар - рақат
таза - аза,	қара - арақ - арқа.





5. Сөзден бір әріп алынса да, мағыналы сөз қалады

тай - ай,	кел - ел,	бақ- ақ,
бас - ас,	тоқ- оқ	күз - үз,
қыс - ыс,	піл - іл,	тау - ау,
сән - ән	еол- ол,	тоң- он,
шық- ық,	жар - ар,	мал- ал
бес- ес,	кез - ез,	күн - үн,
бой - ой,	амал - мал	керен - ерен,
көрік - ерік,	құрма - ұрма	ажар - жар
алақ - лақ	атақ - тақ	қана - ана
ақыл- қыл,	сегіз - сігіз	жақ - ақ
қырық- ырық,	отыз - тыз зыт	тақыр - ақыр
заман- аман,	кеден- еден	Бақша - ақша,
тұлек - үлек,	сағым - ағым, т.б.	

(осы сияқты жүз- екі жүздей сөздер тудыруға болады).





Құлайік, Құлдірейік

Әзілің жарапса...

Әжесі немересін әлдилеп ұзақ отырды. Бір кезде: Әже, кішкене ұйықтасам деймін, әлде, тағы өлеңің бар ма? – депті, немересі.

«А» дан кейін...

«Ә» деген әрінгі біле ме еken деп, Әжесі:

– Өлібек, әліпбидің ретінде «А» дан кейін қай әріп тұрады, дейді.

– Әже, соныда білмейсіз бе? Әрине «А» дан кейін қалған барлық әріп тұрады ғой.

Олеңді аяқтамадың ғой...

Ағасы кішкентайт Айдананы ұзақ әлдилеп, өлең айттып, ұйықтады- ау деп, ептең басып бөлмеден шығады.

Артынан ере келген қарындасы «Нәнә, олеңінді аяқтамадың ғой, – депті.

Әй , Рауан-ай.

Рауан, - деші,

Таң дейді.

Әжем солай айтады:

Таңым, Күнім менің деп.

Қарашы, оның қуын - ай

«Р »-ға тілі келмейді ,

Айтпау үшін «Р» -ды

Сөз табады құнды.

Тілазарға сөз айтсан

Ойнап отырған баласына әкесі:

– Топымды әперіп жіберші, - депті.

– Әке, мен добымды ұстай алмай жатырмын ғой, - дейді.

– Оу, айналайын, әпере ғой.

– Қазір...

Аллаһам сақтасын, енді қайттік, - дейді сасқан әке.

– Әке, өзің аласалсайшы, -дейді, баласы. Сонда әкесі «қуанып»

– Айтпақшы, озім бар екенмін ғой, -деп орнынан тұрыпты.





Екі мақтанишақ көрші.

Бір көрші, балаларының бәрі мақтау қағазын алғып, бір қозысын шығындал тұратын көршісіне келіп: «Біздің балалар мал жинауға әбден түсініл алған, мақтау қағазының маңынан да жүрмейді». – депті.

Аиши не? Тұшши не? Дәмді не?

Алма, алмұрт, таңқурай,	Тұздықталып бапталса,
Қойбұлдірген, алһоры,	Ашқылтымы сол болмақ.
Өрік, мейіз, шиеден	Ет пен палау, қуырдақ,
Тосап жаса тәтті екен.	Мәнті менен домбалдақ
Қияр менен қызанак,	Қатық, қаймақ, бал қымыз,
Қарбызы, сәбіз, сарымсақ	Тәтті тамақ нағыз.

«Р» - «Л» ма, «Ш» - «С» ма?

Әлішер, Әлібек әрінтерге әзілдеп,
Бірін танып, бірін әлі білмейді.
«Р» -деп, айтсаң «Л» -дейді,
«Ш»- деп , айтсаң «С» -дейді,
Өздері , тіпті, күлмейді.

Бәрін өжің білешиң ғой.

- Атың қалай еді?
- Аһмет, - дейді.
- Қой, Рақмет , -еді ғой.
- Мына досыңың есімі кім?
- Шәулебек, - дейді.
- Сәулебек шығар, - деймін.
- Не ішіп тұрең?
- Шу ғой , -дейді.
- Е, су шығар, - деймін.
- Бәрін өжің білең, неге шұрайшың, - деп,
кейіді Аһмет, айтпақшы, Рақмет!





Жеймін, жеймін

Мәмә, мәмә , - деймін,
Тәтті берсең жеймін.

Алма, - дееен алмайын,
Алма жеуге мен дайын.

Мейлін шүжық , қазы бер,
Қаймакты да жеймін.

Айын, Құнің, Сәулеңмін,
Кіп - кішкентай әуренмін.

Алма бар ма, мама?

Баласы, апа,
«Ал»-ға «ма» - ны қоссақ
А л м а болады,
«Бар»- ға «ма» -ны қосамыз,
Мама не болады, - деп , күмілжіді.

Мамасы:

Е, түсіндім.

Алма бар ма, мама? – деп айтасың -ау шамасы,
Ақылыңнан айналайын, -деді апасы.

Тығылышпақ

Мен тығылмақ ойнаймыи,
Құп бұғынбақ ойнайды.
Құннің бетін бұлт басеа,
Тығылады ол менен.
Жарқ етіп күн шыққанда
Бұғынады бұлт тауға.
Таптым, таптым Құнді
Тереземді күлдірді.





Ой, тажап- ай!

(оілданайық)

«Т»- дан сөзді бастаса,
Қарның тойып қалады.
«Т»- ны алып таастасаң,
Мылтышқа оны салады. (... - ..)

«К» -ден , егер бастасаң,
Жыл мезгілі болады,
«К»- ні алып таастасаң,
Қысқартып жіпті алады. (... - ..)

«Б»- дан , егер бастаса,
Бір мүшесі адамның.
«Б»- ны алып таастаса,
Асқазанның арқауы. (... - ..)

«Т»- дан сөзді бастаса,
Тулап, тулап шабады.
«Т»- ны алып таастаса,
Тұнді жарық қылады. (... - ..)

«Б» -дан сөзді бастаса,
Жеміс - жидек мекені.
«Б»- ны алып таастаса,
Қардың түсін береді. (... - ..)

«Т»- дан, егер бастаса,
Саган қарап өсемін,
«Т»- ны алып таастаса,
Балық аулап кетемін. (... - ..)

Егер «ж» дан бастаса,
Қаңбақтарды ұшырап.
«Ж» орнына «с» қойсан,
Таудың да тасы домалар. (... , ...)





Егер «қ» дан бастасан,
Суық мезгіл болады,
«Қ» орнына «м» қойсан,
Жер қойнында жатады. (... , ...)

Егер «т» дан бастаса,
Сөздің мәні келеді.
«Т» орнына «з» қойса,
Тілдің ауыр сезімі. (... , ...)
(*Балақай, осылайша өзің жалғастырып көрші*)

**Кел, балақай, ойнайық,
ойнасақ та, ойлайық!**

Ас, ас, ас, асқа салма ...
Әр, әр, әр, әріне бер ...
Бас, бас, бас, окуда алға ...
А ға, а ға, ға басыңа берсін ...
А жа, жа, киімің болсын
А за, а за, за, көнілің болсын
Ел, ел, ел, білімді көмекке ...
Ап, ап, ап, білім ал бее ...
И, и, и, толықтансын ..
На, на, на, айналады ...
Ор, ор, ор, шілге құрдым ...
Аға, аға, болсын затта
Ра, ра, ара, болшы қазақ
Ү, у, у емес, қанып іш ..
Ата, ата, береді ата
А, а, а, төртінші нота ..

*Шіркін, ша, ша, ша
Өмір сондай тамаша!
Осылайша, бала,
Сөзді құра жаңаша*





Бұл қай кез, айта ғой тез!

1. Нұр таңына бөленіп
Арайланды бар аймақ.
Таң рауаны ырыс боп,
Күн келеді арайлап.
Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (...)
 2. Күи рауаны рандап
Алтын шапақ шашады.
Аптап ыстық арқалап,
Бала өзенге қашады.
Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (.....)
 3. Басылды айтап, тұс ауды,
Ыстық қайтты бауырлап.
Асық ойнап бала мәз
Тақыр ыстық , дала жаз.
Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (.....)
 4. Көлеңкесі ұзарып,
Жете алмайды бойына.
Шапағы жоқ ыстық күн
Отыр колдің бойында.
Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (...)
 5. Көлеңке жоқ , күн де жок
Саумал кеш тұр далада.
Тал ат мініп шапқылап,
Балалар жүр далада.
Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (.....)
 6. Оқылды бес намаз да,
Мал жайымыз аман да.
- 



Ағытылып биелер,
Пісілді мес те, күбі де.

Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (....)

7. Ас ауқатты айладық,
Төсекті де жайладық.
Ертек айтып жарысып,
Жұмбақ ше шіп ұйқтадық.

Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (...)

Жылқы ойнап, бие қашып, тай жарысқан.

Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (...)

Үсті-басы ақ қырау, тұсі суық.
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (...)

Масатыдай құлпырар жердің жүзі,
Ата-анадай елжіреп күннің козі.

Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (.....)

Көкорай шалғын бәйшешек,
Ұзарып өсіп толады.
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонады,

Айта ғой тез,
Бұл қай кез? (...)

(*Таң, түстік, бесің, кешилік, екінді, ымырт түн, күз, қыс, жазғытуры, жаз*)



*ЕРТЕГІЛЕР

Достық

Кок аспан. Айдынды шалқар теңіз. Дүниедегі ғажайылтың бәрі осы жерде, теңіз жағалауында сияқты. Бірақ арғы беттегі жағалауды қанша көргің келгешімен көре алмайсың, аспан мен теңіз жалағасып тұрғандай. Айнала кок аспан. Жағалай кок шулан.

Жағалауды жағалай жүріп қай тұсына барсан да толқын келіп ұрады. Сенімен күрестікі келгендей.

Иә, көк толқын сынбайды, асығып тынбайды. Бір сәт...

– Рақмет!-деп сыйырлайды Жағалау. Маған берерің бар ма, Толқын, деп сұрады. Толқын, сол сәтте-ақ өзінің әк толқындарын лақтырады.

– Ұста!-дейді Жағалау, жарқыраған әппәк тыйынды Толқынға лақтырып.

Толқын ұяла сырғып келін, тыйынды тереңіне әкетеді де, қайтадан ақ көбігін атқылайды.

– Сен бішесің бе? Мен өмір сүретін теңізде неше түрлі алтын, құміс, түрлі заттар, оте әдемі тыйындар бар. Көбі ең тереңінде жатыр, ал кейбір асылдары сандықта жатыр. Мұның бәрін ғажайып алым Жайын бақылап, құзетеді. Қандай жақсы болды. Енді менің өз қазынам болады.

– Иә, менде де мұндай заттар көп, себебі мен сенен үлкенмін гой, - деді Жағалау.

– Мәссаган, оны кім айтты, сені менен үлкен деп? Толқын ренжіп қалды.

Дәл осы кезде олардың үстінен ашулы Жел ұшып өтті. Екеуінің тәжікелесуін Жел арқылы естіген Қамыстар да сыйырласып, сыпсындаі қалды.

– Су өзінің бойында көптеген жайларды жасырып сактайды, ол данышпан және үлкен, - деді Толқын.

Бұлардың бәсеке тәжікелесуін естіп Күн сығалап қарады да: «Қалай ұялмайсындар, деді ануланып.





Сендердің достықтарының көптен бері екенін білмейсіндер ме?

Күн шұғыласының бір ұшымен Жердің шетінен ұстады да, ренжіскен достарды татуастыра бастады.

Баяғыда, ерте-ерте, ергеде, суда әлі балықтар болмағанда, Жағалауда адамдар да, аңдар да болмаған кезде, тек екеуің – Толқын мен Жағалау болғансындар.

Қалайша ол естерінде жоқ деп, таңданды Күн.

Жан-жақтарына қараңдаршы. Қазір жер бетінде барлығы достасуды біледі және дос болуы да керек.

Әсіресе бұл достық Адамдар үшін аса қажет.

Балаларға қараңдаршы, қандай тамаша, адаптация мен достасады. Олар бір-бірімен бір тәттісін бөлісіп, бір-біріне ойыншықтарын береді. Ал кейде өсе келе нағыз достықтың не екенін ұмытып кететіндер де бар.


Қиналғанда нағыз достан комек сұрасаң, ол ойланбастан қолдайды. Нағыз дос үлкен жетістікке жетуінді тілейді.

Үлкен өмірінді жайсаң жақсылыққа апаруга комек бола-тын, тек, нағыз достарғана. Олар үлкен қателік жібермеуінде көмектеседі. Дос достан айнымауы керек.

Әлемдегі бір бағалы дүние – Достық!

Толқын мен Жағалау қатты ұялып, бір-бірінен кешірім сұрады. Толқын мен Жағалау шын достар!

Егер сенбесең, Күн бұлдірген түске бояла, қызара мұлгіген кезде, олардың нағыз мықты достықта екенін көресіндер. Бірақ міндетті түрде өзің мен бірге сен де досынды Жағалаута алып кел. Екеуің Жағалаудың жылы құмында отырып, Толқын мен Жағалаудың сылқылдай күліп, сыйырласқанын естисін, түсінесің. Осыны бір бақылап көріндерші.





Қүзетші торғай.

Аулада қалың тал. Алаңқай жерінде жас торғайлар секіріп, бірденелерді тауып жеп, әлсін-әлсін шықылықтайды. Ал кәрі торғай ағаштан тұсер емес. Жан-жағына жіті қарап, тыңтыңдан отырған сияқты. Ол жыртқыш қырғауылды бақылауда. Үнсіз тасалана үшіп келе жатқан қырғауылды кәрі тарлан көре қалды. Ол қатты айқайлады, шу котерді. Барлық жас торғайлар бұталардың түбіне жасырына қалды.

Міне, қүзетші үлкен торғай жас балапандарын жаудан осылай қорғайды екен.

Қанқызы

Үстінде әсем қызыл ноқаттары бар домаланган қоңыз «Қанқызы», деп аталады. Қанқызы десе деғендей, кереметтей кербез. Аса бір байсалдылықпен кердеңдей қозгалады, ешкімненниң де қорықпайтын тәрізді.

Осы маңайда жүрген құстар жерде жыбырлап жүрген құрттарды, кейбір қоңыздарды теріп жеп жүр. Ал, мына Қанқызыга бірде-біреуін жоламайды. Өзі тіпті адамнан да қорықпайды. Қолымды Қанқызыға созып ем білегіме дейін өрмелеп шықты. Қарай гор жүрісін, тіпті асықпайды. Оны қайрадан жерге түсірдім. Міне, қызық, құстың жаңа ғана қанаттанған балапаны келіп қонды.

Қанқыздардың әдемілігіне көзі түсті ғой деймін. Әлгі бала-пан Қанқызының біреуін шоқып кеп қалғаны. Артынша қайта шығарып тастады да, тұмсығын жерге сұртіп, тазартып, әуре болды да: «Енді сен пәлеге жоламаспын, өзінді дұрыстап көрін алайынши, тіптен еліп қала жаздадым ғой, недеғен ашшы едің», – деғендей бала-пан Қанқызыға мойнын бұрып, тағы бір зер сала қарап, ұша жөнелді.

Дегенмен Қанқызының да табигатқа пайдасы бар, есімдік-тердің битін құртады.

(Ертегі әлемінен)





Қорқақ қасқыр

(ертеғі, әжемнің әңгімесінен)

Қасқыр мен тұлкі дос болып, қысқа азықты бірге жинап, бір үнгірде тұрады. Бір күні азық таусылып, ашыққан қасқыр тұлқіні жеуді ойланады. Бір сәтте тұлқіні бас еалады. Қорыққан тұлкі, ойбай, Қасеке! – деп, айқай салады. Өзінің сыйлы атын естіген қасқыр, аузын ашып, аңырып қалады. Осы кезде, тұлкі шегіншектеп: «Аю, аю, мені тартып барады», – деп, айқайлайды. Қорыққан қасқыр ін тұбіне бұға түседі. Тұлкі болса, зып етіп, қашып кетеді. Сөйтін тұлкі қасқырдан тағы бір айласын асырды.

Тұңғиық

(әңгіме)

Көл беті тұңғиыққа толы екен. Су терең. Жапырақтар қалқып тұр. Біреуінің үстінде бақа отыр, біреуінде көжек отыр. Бақалар анда-санда бақ-бақ, – деп қояды. Жақын ұшқан шыбын-шіркейді қағып, жеп алады. Тек көжек қана дір-дір етіп, қорқып отыр.

– Ол қорқақ қой, қалай құтқарсақ екен, – дейді Шаһ.

– Бақа да отыр ғой, – дейді Ақзер

– Бақа қорықпайды, ол суда жақсы жүзеді ғой, – дейді, Әлі. Біз қоянды құтқаруға кірістік. Бәріміз бір-бір ұзын ағаш, бұтақ тауып алдық та, суды жагага қарай жосылта бердік. Бір уақыт болғанда тұңғиық ғүл жагага жақыннадады-ау. Әлгіндей болмай-ақ көжек жагага секіріп шықты да, секіріп – секіріп жоқ бол кетті. Оның қылығына біз ду күлдік. Өзі ракмет те айтқан жок, – деп, ренжіді Шаһ. Болған әнгімені үйге айтып келдік. Әжем көжекті құтқарғандарың дұрыс болған екен. Бірақ, оздерін суға түспендер. Тұңғиық ғүл есken су терең болады. Тұңғиықтың жапырағының екі арасында ауа болады. Ол ауа оны суға батырмайды. Тұңғиық тәріздес, бірақ ол біздің тұңғиықтан ірі, үлкен өсімдік Америкада да бар екен. Оны олар виктория – регии деп, атайды. Жапырақтың үлкендігі сондай, Үндіс балалары мініп алып ойнайтын көрінеді.

(Аударма, 2009)

Әлемдегі мөр немесе құс қанатындағы көреметтер

Көк жүзінің сүзілуі, эстетикалық құрылымы қашанда жұмбак, Тұрлі-түсті қанаттарымен құстар адам баласын қызықтырып, назарын аударып келген. Құстардың адамдарды қызықтырған ерекшеліктерінің ең маңыздысы да, бәлки қанаттары болар. «Құс қанатындай жеңіл» сөзі де қанаттың нәзік бейнесіндегі кемелдікті суреттегендей. Өсі жеңілдікпен қоса, нәзіктікпен қатар көремет сүйкімділік те жатады. Жаратушының жайып салған өнерін, мұндан көркемдікті түсіне білу үшін, ғалымдар тырна қанатының бір талын алған зерттеген. Сонда 350 жіңішке қауырсын, оған тәуелді 600 тана аралас қанатша, әрі бұл қанаттарды бір-біріне байлаған 390 шеңберден құралғанын көруге болады еken. Құстардың өмір сүруі үшін қанаттарының үнемі таза, бағталған, әрқашан қолдануға дайын болуы керек. Қасиетті қанаттың қоректендіру үшін құстар құйрығының түбіндегі май қабатын қолданады. Бірі-бірінен көркем, реңді, өрнекті қанаттарымен бірін-бірі қызықтырады, қажет болғанда жаудан тығылады, өзін қорғайды. Құстар күн суытқанда қанатымен жылынса, жаздың ыстығында қанатымен салқындайды. Құс денесіндегі қанаттың әрбіреуінің әр түрлі міндеті бар. Құйрығындағы үлкен қанаттар ұшу-қону міндетін атқарады еken. Қанатты желпу арқылы күшін еселейді. Қанаттағы түстер іштегі кезінде белгілі болады. Бағтысы: үш түрлі қара, қоңыр, немесе қою сары, сары түстер. Басқа жасыл, көк, ментаал түстері қанаттың өз түсі емес, жарықтың, күнінің түсімен бейнеленген түстер болады еken.

Егер жолдан бір құс қанатын көрсөніз алған бақылаңыз. Өнерпаздың өнеріндегі көремет құрметті көріп, таң тамаіна қласыз.

(Оқығаннан түйгенім мен көргенімнен).



Бұл, әлде, маһаббат па?!

Жәйлау. Жәймашуақ жадыраған жаз. Ақтөс тазы орнынан тұрды да дүр, сілкініп, бір жұмысы ұмыт қалғандай, керіле басып, екі аттады да, танауын көтеріп, батыс жақты ііскегендей болды. Бұрыла басып тұрды да, алысқа көзі талғанша қарады. Сол альста сәл-пәл уақытта күн үясына кірмек. Ақтөстің тезірек дыбыстағысы келді. Бірақ Күн шұғыласы көзін қарықтырғандай болды. Көзін шағылыстырган Күн көзінен көз үясы жасаурап кетті. Көзі шылауланған сәтте Күн үлкейіп, жарық сәулемі кемпір қосактай түр-түске бөледі, ондай түстерді Ақтөс білген де емес қой. Алғашқыда түсіне алмай алдыңғы аяғын соза керіліп, аузын ашып, ернін жалады. Сол сол-ақ екен үріп қалды да, артынша қатты-қатты үрді. Қатты үргені сонша, асқа тойып, керіле үйқыда жатқан мысық Мішімай қорқып, ыршып түсті де, мына тәртіпсіздікті тыймақ оймен Ақтөске жақындағы, «Қойсаңшы, дәл қазір қатты үрудің қажеті жоқ қой, күн үясына асықпай кіреін!...» Ақтөс күтпеген қонағына қарады да, оның өзіне қараған көзінен ойсыз абыржып, жүрері қатты соғып-соғып кетті. Бұл ішкі сезім «Мүмкін, сен оны сүйіп қалған инығасың? – дегендей болды. Бұл қалай? Бұл жақсы ма, әлде жаман ба деп, ойланды Ақтөс. Иә, бұған бірдене деуім керек шығар. Сөйтті де күмілжіп: «Сен кімсің? – деді.

Мына сөзден, ойламаған жерде, Мішімай құлап қала жаздады. Ол басқа бір сөзді күтіп тұрған еді.

«Білмеймін, сен кімсің? Бірақ, сен сондай, йә, сондай»... деп, Ақтөс ойланған айтты.

«Оу, сен не, айтатын ойың бұл емес еді ғой, ойыңды дұрыс айтладың!»... деп, ерекше бір күшпен ішкі дауыс айқайлады. Осы ойы кеудесінен шығып кетпесін дегендей кеудесін тартақысып, айтты: «Сен сондай, сондай жақсы...» (ол табанымен де, сосын көзімен де көрсетпек ойда болды) ақыры сөзін «Мен сени сүйемін!» – деп аяқтады. Мішімай бұрынғыдан бетер қысылды, көзі айнала жұгірді, аузы анқиа ашылды. Ол өзінің түсінбегенін ескертпек болды. Мішімай Ақтөстің бұл жағыдайын сенімділік





пен өзіне деген сезім деп қабылдады. Ақтөс оған қандай да бір нәзік сезімін білдіріп, рақметін айтқысы, сыйлағысы келді. Сол үшін үйшігіндегі сүйекке ұмытылды. Сол сәтте көзіндегі жас ыршып жерге тұсті.

Сүйекті алыш келіш, олай-бұлай қарап, әлгі бейтанысты коп іздеді. Таба алмай Мішімай жаққа бұрылды. Сен осы жерден көрмедің бе, әлгі нағыз, нағыз...

Мішімай, «бұл жерде менен басқа ешкім, еш бейтаныс болған жоқ, сен, тек, менімен ғана сойлестің, Ақтөс», - деп, айтпақ еді, бірақ сол сәтте оған көп нәрселер түсініксіз болды. Ол Ақтөсті мазаламас үшін көп сұрақтар бермей, бұрылды да жүре берді. Ал Ақтөс болса, оның ойынша, ғажайып бейтаныстың жогалған жағы Құннің батысына қарай ұзак-ұзак қараумен болды.

Сол кезде ақырындан Ай да көтерілген еді.

Дыбыс әлемі

Баяғы заманда Дыбыстар елінде қаһарлы Қатал атты патша болыпты. Ол оз қарамағына бірнеше Дыбысты алыш, өзгелеріне әлімжеттік көрсетеді. Осы жайттен сөн Дыбыстар жан-жаққа бөлініп кетінті. Еркіндікті ұнататын әнші Дыбыстар бір болек, Таңбалар бір болек тарап кетіпті. Бір күні Қатал патша ашулаңып, қол астындағы Дыбыстарды «Тастөбе зынданына қамап, сиқырлап тастапты», – деген сұық қабар жетті. Ұялшак бауырлары: «Ұямыз бір бауырымыз еді ғой, қындықта іздең, көмектеспесек ұят қой», – деп жолға шығылты. Сегіз түйені жолға жабдықтап, сегіз батыр да шығылты.

Керуен Құн бата жолға шығып, Таң ата құр сүлдері жүрген, үндемейтін екі батырга жолығады. Олардың тағы үш бауыры бар екен, сөйлей қалса, қос дыбыс айтады екен. Керуен екі тәуліктей жүріп бір ауылға келеді. Бұл ауылда он екі әнші бар екен. Оның біреуі тілді еркін менгермеген, шеттеп келген әнші екен. Жерғілікті он бір әншінің дауыстары әртүрлі естіледі екен. Ішінде оте бір қу Дыбыстар бар екен. Неге дауыстары әртүрлі деп ойласақ, ішінде жуан, жіңішке сөйлейтіндер бар екен. Әлгі қу Дыбыс, өзі нағыз қу екен. Жуан да, жіңішке дауыспен, дауыстап та, дауыссыз да үн қата алады екен.





Демін алған керуен дереу жөлгө шықты. Ұзақ жол бұларды белгісіз өлкедегі ауылға әкеп тіреді. Ондағы елдің үні қызық екен. Біреулері ырылдан, біреулері ыңылдан, біреулері ымдан, біреулері өкіріп сойлеседі. Тұрғындардың жалпы саны жетеу екен, әйтеір үндөрі бар. Жөн сұрасып, жағыдайды айтып, бұлар осы маңда ысылдан, пысылдан, ышқынып, күрсініп жаттын он бір тас тобешік барын естіп, бел шешіп, дем алмастан, тас төбелерді бетке ұстай қозғалды. Тас төбелерге келген соң, әркім өз бауырының атын атап, дауыстайды, шақырды. Сөйтсе, сиқырды женүдің басты шарты Мейірім ананы келтіру керек екен. Осыдан кейін Мейірім ана әр Дыбыс балаларының жүргегінен орын алып, бауырларды бір-бірімен табыстырды.

Куапысып, қауышып табысқан бауырлар бұдан кейін өте тату тұрыпты. Сөйтіп, балалар сурет салады, ән айтады, тақпақ оқиды, өлең жазады. Бәрі бірігіп Сөз ауылын, Сөйлем ауылын аралайды. Ол ауылдағы Бастиауыш, Баяндауыш, Анықтауыш, Толықтауыш деген ғұлама қариялармен танысады. Қариялардың әрқайсы өз сипатына, іліміне сай қызмет жасауда екен.

Бастиауыш ақсақал мінбеге көтеріліп Сөзге бастау айтты Баяндауыш басқа Дыбыстарға жағыдайды түсіндірін, баяндауды, оған ілесіп Толықтауыш та, әнгімені төлкітшіріп тұрды. Пысықтауыш соңында келе жатқан Анықтауыш деген бәйбішеге бірдецені айтып пысықтал жатты. Анықтауыш бәйбіше мінбедегі Бастиауыштан алысырақ жерде тұрса да Дыбыс балаларының Дыбыс туыстарын танығанын, Сөзді тыңдал, Сойлемнің айтқанын ұғып, менгергенін анық коріп тұрды.

Барлық Дыбыстар қуанышқа бөленін, әрқайсысы өз міндеттерін атқарып, жұмысқа белсене кірісті.

Міне, балалар, осы Дыбыстар елінен үлгі алып, үйреніп, жақсы оқындар. Білімді, әрі үйымшыл болсаңдар, сонда ешбір қыындық сендерді жеңе алмайды.





Әліпби (олең ертегі)

Ерте, ерте, ертеде
Аспан мен Жердей көлемде
Сия, – деген өзенде
Ғұлама қалық табысқан.
Жағасы толы гүл, құрак,
Тауларда шырша, тал, қайын,
Баурайы аққан мың бұлақ
Елге қоныс сол тұрақ.
Сол Сия өзен қасында
Қала бопты гүлденген,
Үйлері биік, көлемді.
Сәнді, мәнді, өлеңді.
Бірі дөңгелек, дәлізді,
Бірі-қигаш, догалдау,
Балға, терек секілді,
Тағы басқа тұрліше,
Құрлыстары өзгеше.
Тұрғындары қаланың
Қаласын сұлу сүйіпті,
Бістық – суығына күйіпті.
Бірде данышпандарын
Тұгелдей, дерлік, жиыпты.
«Әліпби», – деп, аталар
Ат беріпті қалаға.
Тұрғын қалқы сұлу,
Ақылды да, алғыр,
Бауырмал да, батыр
Тұз дәмдері жарасқан
Еңбекшіл де, еркін,
Адамдар екен ерсн.
Әкімдері әділ,





Ақындары айбын,
Батыр да, бағбан,
Ғұлзыры гүлжиһазды,
Ғұлама ғажап ғалымы,
Домбырашы, дарымышы,
Етікші мен егінші,
Жезші менен жиһангер,
Зәкші, заңгер, зейнеткер
Инабатты, иманды
Күзетшісі, күйшісі,
Лагылышы мен лаукесі.
Мысышы, мерген, мұнайшы,
Наубайшы, науышы, нәлшісі,
Орманышы, оюышы, оташы
Өзгеше өздері өмірлі.
Палуаны патшадай,
Рауан руһы райлы.
Суретші, сұлу саятишы,
Тақымгер және тарихи
Уайымсыз, уағдашыл
Ұлағатты ұрпақты
Үміттері үлкен үлесте.
Фәлсафашысы фәрішта,
Қаһарманы қажырлы,
Шеекріеші шілінгір
Ырызықты да ырымды.
Еңбіне аты сай,
Әліпбій сөзге бай,
Тұлғасына қалқы сай,
Құскауырсын қаламы.
Сиямен бояп түр түске
Тәптіштеп жазар сыры бар
Заманда заңғар заты бар,





Әлемде әбүйір аты бар
Болашақ тарінқа қаты бар
Ұлы қазақ қаны бар
Кең жайлауы сыңсыған
Төрт тұлік толы малы бар.
Даласы толы аң, күсқа
Жазира жайсан жаһұтта
Адамдары арлы,
Жәйлау, қыетауы сәнді.
Әліпбі қисынды қылы ой
Даласы тұнған нақыл – ой
Парасат егіп данасы,
Саналы, саңлақ баласы,
Шындықпен толды бағасы
Нұрсұлтандаі патшасы.
Осындаі Ұлы Отанды
Қазақелі, – ден атапы.
Қабыл бол баба батасы
Мемлекет болыи бірікті,
Қаласы, елі іргелі
Озгеге оның үлгі ісі.
Қазақша ойлап арманын
Орысша да оқып, жазады.
Ағылшын тілін менгерген,
Компьютерді еңсерғен.
Осындаі қазақ даласы,
Әліпбі – көркем қаласы,
Мен, Сен, Ол–
Барлық Қазақел баласы.
Сол тажап ел шаһарда
Сәнді тұрмыс құрады.

2009





*АУДАРМАЛАР

Тасбақа, Піл және Керен

Ерте, ерте, ертеде, уәдесіз бір кезеңде, Піл Тасбақаны кездестіреді. Піл арқырап, кенсірігін дүрілдете дірілдетіп «Жолдан былай кет, әлсіз жәндік, мен сені басып кетуім мүмкін», – дейді. Тасбақа қорықтай таскерендей үнсіз, орныиан козғалмайды. Сондықтан да піл үстінен баєшіп өтті, бірақ езіп кете алмады.

«Піл мырза, мақтанба, мен де сендей құштінің бірімін», – дейді Тасбақа. Піл шегі қатқанла құледі. Сонда Тасбақа тұрып, ертең таңертең, құш сынаспаққа тобешіктे кездесейік деп, ұсыныс жасады. Ертеңінде Құн көтерілмей тұрганда Тасбақа төбешіктен өзенге түсіп, суға бара жатқан Керенге кездеседі.

«Керен мырза, құш сынассак қайтеді. Бәсім бар, сізден кем түспеймін», – дейді Тасбақа.

Керен де аузын керендей ашып, мына келенсіздеу ойға қызыққандай болды да, келісті. Тасбақа мына ұзын арқан жіптің бір ұшын «әуп!» – деп айқайлағанша тістеп тұруды ұсынды да, өзі Піл тосатын төбешікке жетуғе асықты. Пілге барып, мен «әуп!», – деп айқайлағанда арқанды тартатын бол, көреійік қайсымыздың мықты екенімізді, – дейді. Піл мен Керен екі жақта «әуп!», – деген бұйрық бойынша арқанды тартты-ай кеп, тартты-ай. Бірақ, бірін-бірі тартып әкете алмады, құштері тең түсті. Олардың әрқайсысы Тасбақаның құші өзімен тең деп ойлады.

Өсиет: Өзіңнің құшиң әжетпейтін, сенің орныңа басқа біреу атқаратын жұмысқа есте барма. «Әліңді білмей әлек болма», – дегенді есте үстаган жөн Ал құлығы әжеткен Тасбақа, өзі үшін жұмысты басқага атқартып, жақсы атын өзі иеленді. Ұят – ай!

2007

Сөздік:
тасбақа – /черепаха/
піл – /слон/
керен – /бегемот/





*ҚАЗАҚ ҚАЛҚЫНЫң ДҮНИЕ ТАНЫМЫ.

Қазақтың даналық мұрасы.

Қазақ қалқының сан ғасырлық ақыл ойының, өмірлік тәжірибесінің, табиғат ғажабын түсіне білуінің, сонымен қоса дәүлескер шеберлігі мен даналық суреткерлігінің құдіретті туындысы киіз үй екені әлемге әйгілі десек артық болмас. Мал шаруашылығының ерен ерекшелігіне байланысты көшіп-қонуга ынғайлыш, әрі женіл, әрі тасымалдауга қолайлы, өнерлі конціден, өмірге бейімділіктен туған таңғажайып дүние. Тариhi даму кезеңдерінде жануарлар мен өсімдіктері, ауа райы ерекше қазақ жерінде киіз үйдің пайдада болуы табиғи заңдылық болса керек. Үлкен бәйтеректей терең тамырлы тариһы бар қалқымыздың үрпақтан үрнаққа мирас болған ежелгі шараларының қай-қайсысының негізі, өркендік тәрбиелік толғамы, көркем келбеті бар. Соның бірі–киіз үй. Оны жасаған инеберлер киіз үйді, тек, баспана ғана емес, күнделікті өмірдегі тіршілік қажеттіліктерін отеуін ескергенін анық кореміз. Киіз үй құрылышының жинақылығы мен ынғайлышығы өз алдына, оның сәулетті пішімі мен пішіні, сырт тұлғасының өзі ерекше сұлұлығымен ерекшеленіп тұрады. Мамандар мен ғалымдар киіз үйді сәulet (архитектура) өнерінің әлемдік озық үлгісінің бірі,— деген ойлы пікірде. Шындығында ақиқаты солай. Мұны ерте заманнан тасқа түсірілген суреттерден айқын байқауға болады.

Мысалы, Гобби Алтайынан, Сібірдегі Байарқия тасынан, Қырымнан т.б.табылған суреттер дәлел. Көшпелі скифтердің киіз үйде тұратынын алғаш рет ертедегі грек тариһшылары Гередот, Страбон, т.б.жазған. Киіз үйдің жалпы нішініне зер салсақ, құрделі геометриялық беттерден тұратындығын ғылым дәлелдеген. Енді соған аздал тоқталып көрелік.





Киіз үйдің сүйегі (қаңқасы). Шаңырақ, кереге, уық, есік – бәрі ағаштан жасалады. Олар тал, қайын, терек, біркелкі сәмбі талдар. Шаңырақ – қайыңнан, кереге, уық – талдан, бақан – теректен жасалады. Киіз үйдің шебер атақты үйшілер, белгілі бір үй жапқыштар, шебер ормешілер, тамаша өрімші, тоқымашылар жасайды, киіз үйдің әрбір бұйымына маңдай тери мен, коз майын сініреді, Қазіргі кезде Қазак жерінде ата дәстүрін ұстаған 300 дей үйші бар екен, Балқаш, Жаңаарқа, Талдықорғанда. Жамбыл облысы Сарысу ауданында киіз үй шығаратын фабрикалар бар, бірақ еш фабрика қазақы киіз үйді әлі шығара алған жоқ. Үй жасайтын ағаштар ерте көктемнен күзге дейін жинақталады. Үйшілер Еділ, Жайық, Шейін, Зархун, т.б.өзендермен көлдер бойында отырған. Оларда тез, төс, мор, үскі, қайыс, т.б. түрлі саймандары болады. Талдың жуандығы шамамен бір тұтам, яғни – 9 см.

Кереге – киіз үйдің қабырғасы. Ол арнайы иіліп қырналған ағаштардан құрастырылады. Үй жасауға қажетті ағашты таңдан алып, қозға салып балқытып, тезге салып иеді. Кереге жоғары қарай тартыла береді де уық арқылы күмбезге айналады. Керегенің басы мен аяғы иіліп, сыртқа қарай шалқайтылады. Сонда кереге желісінің жанабы екі кубтық парабола тәрізді болып шығады. Желінің ішкі жағын сай-сай етіп қырнайды. Дайындалған жерлерді біріктіру үшін көктелетін орындарын қарып белгілейді де, үңғын теседі, сосын түйенің мойын терісінен жасалған таспамен бекітеді. Керегенің бір қанатындағы желілері 14-тен әрі, 9 сағанақтары мен балашықтары 108 болады. Бұл сан ежелден аспан саны болып есептеледі. Таңмен таласа басталатын қой оргізу, еиыр сауу, бие байлау, т.с.с. қат қабат үй шаруашылығын жүргізу белгілі бір уақытпен мөлшерленіп отырады. Уақыт олшемдерін білдіретін «*бие сауым*», «*сүт пісірім*», «*ет асым*» тіркестері бар. Сол сияқты күн мезгілін білдіретін олшемдер де қолданылған. *Күн тұссау бойы, арқан бойы, шідер бойы* көтерілді дейді. Бұл олшемдер



шанырақтан түсken күн сәулесінің жүрген жолынан көрінеді, уық санымен есептеледі. Басқаша айтсақ, уақыт 1–5 лездемеге (минут) дейінгі дәлдікпен өлшейтін күн сағаты. Мысалы үйдің уық саны 72. Әрбір екі уықтың арасы 5 градусқа тең ($360:72=5$). Шамамен күн сәулесі екі уықтың арасын 40 лездеме уақытта жүріп отеді, немесе бие сауым уақыт. Осы айтылғандардан-ақ аспан әлемінің кішірейтілген бейнесі киіз үй деуге сенім мол. Киіз үй күмбез тәрізді жасалуы күн тіке түсетін беттің негұрлым аз болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қоса, киіздердің ак жүннен басылуы, немесе үтігілген ак сөңке сүйекпен борлануы, күн сәулесін өткізбеу үшін қажет. Мұның өзі жазғы күннің ыстығында үй ішінің салқын болуына жағдай жасайды, әрі ақшаңқан үй жарқырап әсем көрінеді. Үй сыртынан айналдыра тартылатын белдеу, аспан белдеуі – **зодиактік шеңбер**. Алты қанат үйдің әр керегесінің екі басында екі зодиактік шоқжұлдыз. Себебі киіз үйдің есігі, төрі белгілі бір бағытқа қаратылып тігіледі, ал ішкі мұлік жиһаздарының орналасуы қашанда біркелкі. Үйге кіргенде оң жақта құрулы ши болады. Оның ішінде ыдыс-аяқ, тамақ сақталады. Әрі қарай, оң жағына ағаш төсек орнатып, тұсына түс киіз ұстап, алдынан шымылдық құрады. Төрде жукаяқ ұстіне әбдіре (сандық) қояды. Әбдіре үстіне 20–40 шакты құрақ төркөрпе жиналады. Ал сол жақ босағада ер тұрман, одан жоғары ерлердің киімі, қару жарагы ілінеді. Әр нәрсенің өзіне тиісті орыны бар. Мұның өзі зодиактік шоқжұлдыздардың орналасуына сәйкестендірілген. Төсектің басы төрге қаратып салынады, иаки темірқазық жұлдызына бағытталады екен. Басты солтүстікке қаратып жату рәсімі осыдан шықкан болуы керек. Бұл жерде солтүстік деп жердің магнит полюсі тұспалданып отырса керек, – дейді.

Бақан – колбей тіреледі, ол үйдің тірегі, колбеу бұрышы 62 градус шамасында, ягни галактика экваторының аспан экваторына көлбеу бұрышына сәйкес, – дейді.

Шанырақ – шеңбер тәрізді тоғыннан және құлдіреуіш-





терден тұрады. Киіз үйдің басқа бөлшектері талдан жасалса, шаңырақ қайынан иіліп жасалады. Ол үшін қисық қайынды жаздың ортасында кесіп алады. Бұл кезде қайынның шырыны мөл, сондықтан кептірмей тұрып шенбер иеді, қаламдық тесіледі. Құлдіреуіш жарты ай сияқты шыбықтардан иіледі. Құлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі, тұтін де содан шығады. Шаңырақ, есік, ырғақ, тіс, қошқар мүйіз өюларымен безендіріледі. Тұндік жабылған шаңырақтың пішіні көптеген басқа күмбездерге тән, көк күмбезінің кішірейтілген бейнесі болып табылады.

Тұндік – шарны тәрізді жасалады да әлемнің төрт бағытын нұсқап тұрады.

Ұық – бір ұшымен (қаламымен) шаңыраққа, екінші ұшымен (иінімен) кереге басына бекіп, ұзік, туырлықтармен жабылатын киіз үйдің сүйегі (қаңқасы). Үйші шеберлердің айтуынша ұық біргіндеп ііледі, яғни түзу бөлігінен (қарынан) қисық бөлігіне (иініне) біргіндеп аудысады. Ұзындығы үйдің колеміне байланысты ұық 12-16 қарыс мөлшерінде жасалады, ал саны 45-120 болады, иаки ұық саны 45, 60, 72, 90, 120, бұл сандардың барлығы 360-ты қалдықсыз бөледі (Ұықтарды қонустың жаушылары деп есептесек, төбесіндегі бұрыш өлшемі 108 градусқа жуық болып шығады. Үйдің негізгі диаметтріне қатынасы жуық мөлшерде 0,62ғе тең, немесе «алтын қима пішіні» та- маши ая атасу қасиетіне ие. Бұрыштардың болмауы үй әсемділігін айқындаі түседі, әрі бұрыш-бұрышқа жыншәйттан жиналмауын дін жолы дәріпттейді, басқаша қозқараста болсақ бұрышсыз айналмада шаң-тозаң тұрмайды, әрі ая тез жаңарып отырады.

Корыта келгенде киіз үй опер туындысы ғана емес, қалықтың астрономиялық, жадтық, математикалық, физикалық экономикалық, (унемдік) т.б. өмірлік тәжірибесіндегі салуатты білімінің айқын көрінісі





КИЕЛІ ҚАРАШАҢЫРАҚ. Көнеден келе жатқан киіз үйдің тұрлері мен құрылышы.

Дала қазағының қаймағы бұзылмаған тірлігін ойлағанда көз алдыңа көсілген қыр, тәбе, жасыл жайлай, өзен-көл жағасы, тайға мініп шапқылаған баласы, котан толы қойлары табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы, дөңгелене қонғай ақ туырлықты, ақ тұндікті әсем ауыл елестейді. Осының бірі кем болса, ауылдың коркемдігі де кем. Бұлардың ішінде киіз үйдің орны тым бөлек. Киіз үйдің құрылышы мен жасалу жолдары, этнографиялық ерекшеліктері аса ғажап дүние.

Қазақ киіз үйі,— деп, пайды болған ғасырынан айтылуда (қалмақы, моголша деп кейін қосылған сөз).

Қалмақшаның төбесі шошақтау, моголша жатаған, аласа, ақжапага ұқсас келеді. Ал қазақ киіз үйлері дөңгелек толық күмбезді болады да, сән салтанатына қарай бірнеше тұрлерге бөлінеді.

3 қанат – қара үй	12 қанат – ақ орда
4 қанат – қоңыр үй	18 қанат – ақ шаңқан
5 қанат – боз үй	24 қанат – ақ үзік
6 қанат – ақ үй	30 қанат – алтын үзік
8 қанат – ақ ала орда	32 қанат – алтын орда, -деп,

аталатын тұрлері болған. Сол сияқты кошіп-қонуга ыңғайлыш, жұмыс ретіне қарай уақытша қос (жылқышыларға), жолым үй, ас үй, қалқа, жапша, лашық, кереге санымен келістірілген тұрлерді пайдаланған. Жаңа үй болып бөлек шықкан жас шаңырақты «отау» дейді. Қалық атауларында киіз үйге қатысты жұмыс атқарушыларды үйші, сүйекші, тігінші, өрімші, зергер, ұста, ерші, ер-тұрманшы, иші, оюшы, сырмақшы, етікші т. б. де-ген мамандық атауларымен атаған.

Баяғы бабалар өз тіршілігінде жыл он екі айдың денін ашық аспан астында, жасыл жайлайда өткізіп жүрген. Кеңес-өкіметі





жылдарындағы киіз үйді кешегі қошпелілер заманынан қабары жоқ бұғінгі ұрпаққа нағыз киіз үй осы десек, шындыққа қианат жасаған болар едік. Сол киіз үймен бірге оның өн бойында дала даналығының ой-қиялды мен шебер саусагы сінірген бүкіл бір қалықтың этнографиялық иғлілігі жоққа тән болды десек артық емес. Бұғынде алыстагы ауылдарда жұн сабау, жұн тұту, жіп иру, арқан есу, тарамыс тарту, қайыс илеп таспа тілу, шымшиге арнап жұн бояу, ши тарту, сырмак сыру, текемет басу, тұсқіз ою, үзік пен туырлық, түндік пішу, дөдеге өрнектеу, алаша тоқу сияқты өнерлер дерлік жойылып бітуге айналды. Тас үйді таққа балайтын қалықта киіз үйге шекесінен қарайтын тексіз мінез пайды болды. Атадан қалған ақбоз үйдің сәніп де, құнын да төмендедті. Тұрмысқа енбеген нәрсенің ғұмыры да келте. Нағыз зат түгілі, руһани қазынамыз тіліміз де осындай күйдің зардабын басынан өткеріп келеді емес пе?

Киіз үй қогамға Кеңес өкіметінің алпысыншы жылдарына дейін белсенді қызмет етті. Кейінде пішенишілердің дала қосы деп аталып жүрген қос вагонның орнына шөпші ауылы аталатын кемі он-он бес киіз үй отыратын, кешкілік мал өрістен келіп, ауылдың қотанына иірілетін. Күнұзынғы шөп шабу, мал бағу т.б. тірліктен кейін биесін ағытып, сиырын сауып, төліп көгендең, жерошаққа отын маздатып, балалар саба, күбі піспегіне жармасып, қариялар аулаққа атын арқандап, ұланғайыр жұмысты аяқтал, сары самаурынның шәйіна отыратын. Жастары арқандаулы атты жайылымға жіберіп, арқан, бақанды алып, озен сайына алтыбақан құра бастайды. Бұл қаладан келген бізге деген сый қрмет, әрі сылтау. Әйтпесе таңертенгі шаруаны сылтау етіп ата-ана үнемі рұқсат бере бермейді. Алтыбақанға барған бала тәңертең шаруасына тұратынына уәде етеді. Бұл тұсты пайдаланған бұлдіршін балалар әжесінің сөресінен құрт ұрлайды. Сонымен ай астында алтыбақан тербеліп, ән шырқалып, аксүйек лактырылып, дұман кеші басталады. Кешкі самалда табиғат аясында демалуга



шылқан ата-ана, женгелер әнге құлақ түріп, дауыстарын ажыратып, әнге қосылып, алтыбақан да тебетін жас женге, келіндер де баршылық болатын. Осы тамашаның бәрі киіз үй мен сәнді, сонымен ғана сәүлетті болушы еді.

Киіз үйдің іші төрт бөлімге болінетін:

1. **Төр** – мұнда жүк жиналады, төрдің оң жағы, сол жағы болады. Төрге қонақтар орналасады. Үйдің төрі жоғары, ері қымбатты орын болын саналады. Жас келіндер бұл жерді баса бермейді. Төрде ілулі домабыра, бес өрім қамши, тұлқі, қасқыр, құндыз, кәмшет терілері.

2. **Сол жақ** – үйге кіргенде оң босаға, үй иессінің өтыратын және жатататын орны. Босаға жақта азық-тұлік салатын кебе же, ыдыс-аяқ салатын аяққап, саба, күбі, т.б. керекті ас-дәмдер тұрады. Мұны ас-су бұрышы деп есептейді.

3. **Оң жақ** – үйге кіргенде сол жақ, балалары орналасады. Босаға жаққа қарай ер тұрмандар, киімдер ілінеді.

4. **От орыны** – қасиетті орын саналады. Ошаққа от жағылады, қазан асылады.

Киіз үй үш боліктен құралады:

1. Үйдің сүйектері – қаңқасы (ағаштан тұратын боліктері) деп аталады.

2. Үйдің киіздері (шн де осыған кіреді тұңдік, туырлықтар, үзік, ірге киіз)

3. Басқұр, баулары мен арқандары (бір сөзben «бау – шулары» дейді).

Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағыдайына байланысты оны үлкейтіш, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып екі, үш, не месе бірнеше бөлме етіп тігуге болады.

Туырлықтан жазда ыстық, қыста сұық, жауында су өтпейді. Кейде қыстан киіз үймен шыгатын кездер де болады. Онда туырлықты екі қабат етіп жабады, үй іргесін шөпшен бітен, қамыспен қоралайды. Қобінесе қопалы, қамысты жерді таңдайды, ондай жерде жел де көп болмайды. Міне, осын-





дай үйде ел даңқын асырып, намысты қолдан бермеген да-
нышпандарымыз бен ерлеріміз туып, шынығып өскендігін
мақтанышпен айтуға болады. Әрісі Керей, Әз Жәнібек, хан
Абылай, Кенесары; батырлар: Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ
Жәнібек, Жарылғап, Наймантай, Менzlбай, Байғозы, Құлжан;
би болыстардың, берісі – ұлы Абай, ғұлама ғалымдар – Ахмет,
Қаныш, Марғұлан сияқтылардың кіндігі осы киіз үй ішінде
кесілген. Әрқашан таза, шұрайлы қонысқа көшті қондырып,
тігілген үйдің саф ауасы, аспан, жер, сумен астасып, қасиетті
қарашаңырақтың киесі, мұмкін, осындай ұлылардың көкреғіне
нұрлы сәулесін құйған болар.

Қазақ өмірі мен мәдениетінің, әлеуметтік жайының қыр-
сыры киіз үй мен төрт түлікке байланысып отырады. Сондай-
ақ, сәлемі де, киімі де, ыдысы да, салт-дәстүрі де өз ортасы-
на, өз өміріне лайықты. Сондықтан да олар бұларға лайықты
қанатты сөздер, әдеттер, ырымдар, тыйым сөздер, азыз өртегі-
лер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер шыгарған.

Киіз үй ағаштан оның ішінде қайыннан, талдан жасалады. Бұл
ағаштарәрі мықты, әрі құрттүспейді, тезшірімейді. Ал талдың бір
ерекшелігі оны керегеге қажетті жуан – жіңішкесін таңдал алуға
болады. Үйдің сүйегін үйшілер жасайды. Оны «үй басу» дейді.
Қажетті ағаштар ай, кейде бір жылдай көлеңкеде кептіріледі.
Мезгілі жеткен кезде бұл ағаштарды үйшілер қажетінше жонып,
морға, қозға (ыстық қоламтага) салып балқытып, тезге салып
түзетін алады, «Тез қасында қисық ағаш жаттайды»,— деген
сөз осыдан калган. Үй сүйегіне лайықталған ағаштарды жонып,
түзетіп шауып, қырнап болғаннан кейін оны тағы да морға са-
лып, кереге, уыққа, құлдіреуішке лайықтап ыргаққа (қалыпқа)
салып белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді де, құрастыра бастайды.

Киіз үйдің негізін құрайтын кереге. «Кереген кең болсын»
деген тілек осыдан шықкан. Өйткені үйдің беріктігі, кендігі
осы керегеге байланысты. Кереге құрайтын ағаштарды «желі»
деп атайды да, оның ұзынын «ерісі», қысқаларын «сағанақ»,



«балашық» дейді. Желілердің басы мен аягына келетін жерлеріне әдемілік үшін ойып сыйықтар жүргізеді, мұны «ыру» дейді. Желілерді тесіп түйенің мойын терісі немесе өгіздің бас терісінің сірісі (қайысы) арқылы коктейді. Ксрегенің бас жагы мен аяқ тұсы сәл шалқайылап ортасы дөңестеу жасалады. Дайын керегені «қанат» дейді, яғни 18 қанат үйде 18 кереге болады деген сөз. Кереге козінің үлкен –кішісіне қарап «торкоз», «желкөз» деп бөледі. Торкөзді кереге әдемі, әрі берік болады. Керегелер бір-біріне таңғыш құр арқылы жалғасады.


Киіз үйдің керегелерінің басы 60, 70, 80 нен 360 қа дейін болған. 6 қанат үй керегесін жасау үшін 192 сәмбі тал керек екен. Бір кереге 14 еріс, 108 балашық, 9 сағанақтан құралады, мұны қанат деп те атайды. (Қазіргі жасалып жүрген кереге желісінің ерісі 2 метр, балашагы 1 метр 80 см ең ұзыны, ал сағанақтың ең кішісі 30 см.) Желкөз кереге 11, 13, 15 көкті, екі көктің арасы 20-23 см. Торкөз 17, 19, 21 көкті, екі көктің арасы 17 см.

Болашақ ұрпақ бай мұрамызға, олардың атауларына, өлшемдері мен келбетіне ұқыптен қарап, көбірек көңіл боліп, ілтифат назарын аударса деген тілектеміз.

Киіз үйде есік екеу болады. Бірі ағаштан жасалады, оны «сықырлауық», – дейді. Екіншісі киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Мұны «киіз есік», – дейді. Киіз есік күн ашық күндері шиыршықталып, маңдайнага дейін жиналышп қойылады, ал күндіз күн түспес үшін Бақан арқылы бір жагы ашық тұрады. Ағаш есік маңдайша, екі босаға, табалдырық және екі жарма есіктен құралады.

Кереге бастары арқылы орай тартылатын бас арқан маңдайшаның екі жағына мықтап байланады. Үйдің барлық ауырлығын ұстайтын, беріктігін сақтайтын бас арқан. Бас арқан тұсынан сәндік үшін және кереге басы туырлықты қажамас үшін басқұр тағыда орай жүргізіледі.

Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізінің бөліктің бірі. Уық – алақан, иіні, қары, қаламы деген атаулардан тұрады.






Ол иінінен ішке иіле жасалады, иаки үйдің күмбезді үлгісі осы кезден басталады. Уық алақанындағы уық-бау арқылы кереге басына байланып, қаламы шаңырақтың қаламдығына сұғылады. Қалам мен қаламдық төрт бұрышты болып қырланады және ойылады. Мұндай уық берік әрі қыдырып (қисайып) кетпейді. Қанат санына қарай уықтың саны да, ұзындығы да есе береді. Әр үйде көлеміне қарай кемінде 60, әрі кеткенде 150 – 160-тай уық болады.

Шаңырақ – киіз үйдің қасиетті, киелі мұлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ – үй, отбасы деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген бата бар. Киіз үй шаңырағы тоғын, күлдіреуіш, кепілдік (қарғаша да дейді) деген бөліктерден тұрады. Тоғынды (яғни шеңберді) қайыңдан оюолап, өрнектеп жасайды. Кепілдік күлдіреуіштің орнынан қозгалып кетпеуіне қызмет етеді.

Үйші үй сүйегін толық жасап болғаннан кейін оны қызыл түсті жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды. Егер үй қайыңдан жасалса оны осімдік майымен майлайды. Салтанатты ордалардың шаңырағын, уығын, кереге басын, мандайшасын оюолап өрнектейді, ауқаттылар күміспен, сүйекпен, мұйізben әшекелейді. Үй сүйегі дайын болған соң оның киіздері жасалады. Киіз үйдің киіздері кереге бойына «туырлық», шаңыраққа дейін «үзік», шаңырақты жабатыны «тұндік» және киіз есік деп аталады. Бұлар қойдың ақ күзем жүнінен басылады.

Қазақта ол кезде қой көп, сондықтан киіз үйге қажетті жабдықтар жасауға жетіп артылады. Қазақ даласында жүннің көптігі сондай мың қойы бар қызылжарлық Қосиығұл деген бай қойдың жабагысымен құрт қайнатқан екен. Киіз жабдықтарды әзірлеу, пішіп даярлау жолдары ұзақ бір этнографиялық шығарма. Киіз басу, жүн сабау барысында жасалатын «тулақ шашу», «қой басты» деген дәстүр, ырым, ойын, қалжындар бар. Киіздер құр, баулар арқылы тұтылады. Олар туырлық бау, тұндік бау, үзік бау, жел бау деп аталады. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасқан





жерін «жабық» дейді. Тұырлық пен үзік баулары кестелі оюлы жалпақ құрдан жасалады, ол үйге көрік беріп тұрады. Киіз сыртынан жел көтермес үшін екі белдеу тартылады. Үйге пайдаланылатын арқан тұрларі де көп.

Шаңыраққа желбау деп аталатын ою-ориенті, 4 шашақты бау болады. Ол желді күні шаңырақты бастыруға, көшкенде байлауға аса қажет. Жай күндері үйге әсемдік, көрік беріп тұрады. Үй киіздерін әзірлеп болғаннан кейін оны ақ бораңмен немесе құйдірген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ тұс береді, әрі киіздердің төзімді болуына, су, ыстық, сұық өтпеуіне әсері бар.

Ши-киіз үйдің әдемі бір бөлшегі. Оны жүнмен орап, кілем, теке-мет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Оны «шымши» дейді, ораусыз шиді «ақши» дейді. Шиді туырлық сыртынан да не көрегемен туырлықтың екі ортасынан да құрады, мұның әсемдікке де, жылылықта да пайдасы бар. Әрі жіңі тоқылған шиден құрт-құмырсқа, кесергеке, жылан, т.б. жәндіктер кіре алмайды.

Киіз үйді тігу және жығу.

Қазақ қалқының тіл ұғымында киіз үйді құрастыруды «тігу» дейді, бөлшектеп жинауды «жығу» дейді. Тігу үшін алдымен керегелерді бір-біріне қосып, екі жағын есіктің екі босағасына таңғыштар арқылы бекітеді. Есік шығыс жаққа қаратылады Кереге басын бас арқанмен тартып, маңдайшаның екі жақ басын мықтап байлайды. Үйдің берік тұруы және барлық салмақ осы бас арқанға түседі. Содан соң бақан арқылы шаңырақ көтеріліп, оның жан жағынан уық шанышылады.

Шаңырақты қазақ салтында ерекк адам көтереді. Уық тегіс шанишылып біткеннен кейін, ірге киіз жабылады. Оның биіктігі жарты метрдей үй айнала өралып жабылып, түсіп кетпес үшін әр жерінен керегеге байланады. Ірге киіз желді күні шаң, топырақтан, қыста сұықтан сактайды. Осыдан соң туырлық жабылады да, ол туырлықбау арқылы уықтан асып қарсы керегеге байланады. Үй колеміне қарай туырлық үш-төрт бөлік болуы мүмкін. Туырлық екі босаға жақтан бастап жабылып, ол да





үзікбау арқылы белдеуге байланады. Ең сонында тұндік жабылады. Киіз үйді жығу – тігү әдісіне керісінше тұндікті сыйырудан басталып, сонынан керегелерді жинап алумен аяқталады. Киіз үйдің іші әдемі, жылы, жайлы. Сондықтан оны шопандар да, саяһатшылар да пайдалана алады. Киіз үйдің жақсы қасиетін 1988 жылы желтоқсан айында Армениядағы жер сілкінісінде байқадық. Сол қайғылы күндері үйсіз қалған адамдарға Қазақ елінен мындаған киіз үйлер жеткізілді. Ол үйлер панасыз қалған талай кісілерді қыстың аязынан сактап қалды.

Киіз үйге қатысты ұлттық ұғымдар.

Қазақы ұлттық ұғымда киіз үй және оның әрбір құрамдас бөлшектері қасиетті деп саналады. Соған орай ата-аналарымыз әрбір затқа лайық ұлықтау, тенеу, бейнелеу сияқты ойлы ұғымдармен қатар үлгі-тәрбиелік қагидалы, қанатты сөздер де шығарған. Ол сөздер шаңырақтан басталады.

Шаңырақ атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді «қарашаңырақ» деп құрметтейді, дәрійтеп паши етеді. Қарашаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату ежелгі қалық жоралғысы. Шаңырақ-үй, отбасы,-деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Үйленген ұлды «шаңырақ көтерді», -дейді. «Шаңырагың бійк болсын», -деген батаның ең үлкені болса, «шаңырагың ортасына түссін», -деген қарғыстың ең ауыры болып саналады. Шаңырақты аттамайды, көшкенде жеке түйеге артып, көштің басында жүргізеді.

Қызы ұзатылғандағы мінін келген көлікті «шаңырақ түйе» дейді. Бұл көлікке ұзатылған қыздың шешесі, жеңге-сіңлілөрі ғана отырады. Басқа адам мінуге болмайды. Ондай бола қалған күнде жұрт ол адамды «шаңырақ түйесе» мінін келген деп келемеж кылады. Себебі ертерек кезде шаңырақ түйеге еркі жоқ құл мен күң ғана мініп келетіп болған. Сондай-ақ «тыныш отыр шаманды біл» дегісі келсе «шаңыраққа қара» деп, ескерту жасайды. Мысалы, үлкен іске үлес қосты, қала, зауыт салысты дегісі келсе «шаңырагың көтеріп, уығын қадасты»,— дейді.





Тұырлыққа да айтылатын орайлы сөздер бар. Мал семіз болса «іші майы тұырлықтай туралып түсті» деп, мақтайды. Аяқ қолы балғадай әйелді «*туырлықтай ту қатын*» деп бинелей айтады. Махамбет батырдың «*туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп елім, керегесін кескілеп отын етсем деп едім*» дегені кегімді алсам, дұшпанымды жеңсем дегені.

Бақан арқылы қазақ мықтылықты мензейді. «*Бақандай бес жігіт*» дегені қарулы, мықтылықты ұқтырса, «*барымды киіп, бақанымды таянып*» дегені әзірленіп, күтініп отырмын, – дегенін білдіреді.

Тұндік арқылы қазақ көп жайды аңғартады. «*Тұндігің түтінді болсын*» деген ақ батада ырыс, береке мағынасы бар. Жас әйел тұндігін ерте ашса оның шаруақор, пысық екендігі, басқа үлкен үйлердің тұндігін ашса әдептілігі, тәрбиелілігі көрінеді. Салақ, жалқау әйелдерді «*тұндігі кеш ашылатын келін*» дей салады. Ал «*тұндігі ашылмай қалды*» деген сез ол үй адамдарының өліп біткендігін айтады.

Киіз үйдің **есігіне** байланысты айтылатын қанатты сөздер оте көп. Өркім өз үйін «*алтын босагам*» деп дәріптейді. «*Есік көрген*» деген қайтып келген әйел дегенді білдіреді. Күйеудің алғаш келуін «*есік коре келді*», -дейді. Оның «*босага аттар*» деген ырымы бар. «*Табалдырық аттады*», -деген өте жақсы сез, яғни «*келін болып түсті*» дегенді сыпайылап, құрметтеп айтқаны. «*Босаганы керме*», «*табалдырықты баспа*», -деген тыйымдар әдептілікке, тәртінке шақырады. Бөтен үй деудің орнына «*жат босага*» деген сезді қолданады. Ұзатылған қыздың оң жақтан аттанарда «*Алтын да менің босагам, аттан та шығам деп не едім*», -деп қоштасады. Үйге кіріп келе жатқан бала табалдырыққа сүршіш жығылса, оны жақсы ырым, олжаса келді деп жориды.

Ши де астарлы сездің бір айғағы ретінде қолданылады. «*Ши жүгіртті*» тұртпектеді, құтырта түсті, одан әрі ушықтырды дегенді білдірсе, «*шықан қызы шиден тысқары*» деп, тұрмысқа кеткен қыздың өз үйіне көп келе бермегені жөн дегенді ұқтырады.





Қазакта үй сабау жаман ырым, жаман пигыл. Өші кеткендер үй сабайды. Бұл өш алудың немесе ұрысқа, дауға шакырудың белгісі. Қазақ қалқында «ақ үй аманат», -деген өте маңызды үлкен салт бар, иаки ак үй сыйға тартылады. Бұл жауласушы екі елдің татуласқандығының қуәлігі існетті. Дәулетті адамдар ұлы үйленгенде немесе қызын ұзатқанда ак отау тігіп қүйеуінің қасына жатқызуды қалқымыз «отауға салды» деп, үйленген жігітті «отау көтерді» деп, тұспалдан, сыйпайылап айтады. Сол сиякты «от басында, ошақ қасында», «үй орнындаі», «көреге бойындаі», «есік пен тордей», «от орнындаі» «іргесін бөлеу салды» деген өлшемдер мен теңеу – әр қазакқа белгілі.

Қазақ елінің кең даласында киіз үй мен оның жеке құрамдарына ұқсастырып қойылған жер атаулары да көп. Өған «Ордабасы», «Керегетас», «Ақотау», Шаңырак», «Босага», «Қызылорда» дегендер мысал бола алады. Сондай-ақ, әрқашан зор бағалап қадір тұтатын қасиетті қаращаңырағы туралы қалқымыз мақал-мәтелдер, өлең-такпактар, жұмбак, жаңылтиштар, ертегі, аңыздар, жыр-дастандар шығарып, оны өнер-білім, таным, тәрбие құралы ретінде пайдаланған.

Киіз үйдің аргы бергі тариһинан.

«Атамыз Алай, керегеміз ағаш» немесе «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақты» деп, аталы сөз айтып қалдырған атабаба, әже-аналарымыздың негізгі баспанасы киіз үй болғаны баршаға белгілі. Киіз үй, тек, қазақ қалқының ғана емес, бүкіл түркі, өған көршілес елдердің де тұрақ мекені болғаны анық . Солай бола тұрса да оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға мән маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ қалқы екені әркез мақтанышпен айттылады. Шығу тариғы қола дәүірінен басталып, ерте заманнан бері ғасырлардан ғасырларға жеткен киіз үйді біздің қалық қасиетті, киелі қаращаңырағымыз деп, дәрінштейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекен – жайы, еншісі, баспанасы, мұлкі, мақтанышы да қуанышы болып





бағаланады. Шынында арғы тариһымыз бергі жайымызды зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен маңызы өте зор екеніне көз жеткізуге болады. Оның сипатына қарап отыrsaқ, бірнеше жұздеген жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ой, тұрмыс талғамы, сән мәдениеті еш қалықтан кем емес, көптеген сәттерде артықшылығын да пайымдауға болар. Ертедегі де, бұдан бұрынғы да, соңғы да ғұламалар, ғалымдар айтып кеткендей осы киіз үйден қазақ қалқының аспан әлемін есептеу жүйесі, үнемдік біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы, жалпы алғанда өмір тәжірибесіндегі іске, ғылымға бейімділігі айқын аңғарылады. Өткен ғасырларда Алтын орда, Көк орда, Ақ орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екені мәлім. Киіз үйдің аса бір ерекшелігі, ол, тек, баспана ғана емес, ол сәулет, құрылым, қолөнері, сурет т.б. бірнеше шеберліктердің басын құрайтын ғажайып туынды. Басқа елдердегідей емес, ағаш, киіз, ши, теріден (әредік күміс, металл заттардан) құрастырылады, әрі қошпелі, жылжымалы құрлыс түріне жатады. Дала ойшылдары мен тұрғындарының тапқырлық шешімін Әлем ғылымы бағалап, мәдениет пен өнердің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, қалықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы онеріне әрқашан жоғары баға беріп отырган. Мысалы, 1961 жылы Алмас деген кісі Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, европалықтарды таң қалдырып, бәйгі алған.

1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы (Кенесары ханның бас батыры Жанайдардың бел баласы) Петербургке; 1890 жылы Ибраим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып қазақ мәдениетін Еуропаға паш еткен, 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәнгір Ресей патшасы Николайға киіз үй сыйлат, патша ағзам оған оте риза болған екен. Сондай-ақ Батыс Еуропа, Гамбург, Майндағы Франкфурт (Германия) қалаларындағы мұражайларда да қазақ киіз үйлері бар екен. Қазақ даласында өмір сүрген атақты хандар, батыр мен билер, байлар орда тігіп, салтанатты өмір





сүрген. Соның бір дәлелі Көкшетаудағы Абылайдың Ақ ордасы, Шыңғыс төренің 24 қанат Ақ ұзігі, Жетісудағы Тезек төренің ордасы, Үрғызыдағы Самырат байдың үйі, Таракты Жәуен, Жазыбек болыстың күмістелген ақ ұзігі, наң Нұрмагамбеттің үйі сияқты елге аныз болған үйлер коп болғаны шындық. Киіз үй үшін қазақ азаматтары байлығын аямаған және сол арқылы казақтың дәүлеті мен мәдениетін Әдемге таныта білген. Байлығымен елге аныз болған Орта жұз Тоқа Байсақал қызын ұзатқанда оған арнайы отау әзірлекен екен. «Байсақалдың қызы Сапақтың ордасына келін болып түскенде бес отау, бір алтын інатыр, жеті жетіммен түсіпті. Сонда қыздың өзіне арнаған отаудың уығын атпен жүріп байлаған екен, Керегенің басында тұтам күміс, аяғында күміс, уық қанша болса уықтың бау өткізер жерінде тұтам күмістен, қаламында тұтам күміс, шанырақтың өзінде де, күлдіреуішінде де тұтам күміс болған. Түйе ауғанда, түйе басына екі бұрау ұзындығы уықтай ағаш, оның екі басында да тұтам күмістен болған. «Кейін осы үйді Кенесары хан тіккен» екен.

Қазақ елінің осындай байлығы мен сән-салтанатының күесі болған киіз үйлер Ресейдің дүшпандық саясатынан, жауыздық әрекет салдарынан құрып кетті. Байсақал қызының отауы өртеніп кетті, Самыраттың ордасы тәркіге түсіп, тоз–тоз болды. Жақсы Жанқутты, Саққұлақ би, батыр Ерден, Тұрысбек қажының, Жазыбек болыстың қасиетті қарашаңырақтары бүліншілік кезінде із-түзсіз кетті. Сөйтін қазақ мәдениетінің бага жетпес мұрасы – киіз үйдің құны мен маңызы томендеп, жоққа айналды. Оның орнына қалай болса солай кеңестік тәсілмен жасалған, бір-екі жылдан артық тігуге келмейтін, қара құрым жабылған сапасыз лашықтар шығарылды.

ХХ-ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үйдің қадірі мен орнын өз дәрежесінде қайта көтерді, жөндем үйлер шыға бастады. Ұлы бабларымыздың киелі руһының қайта аталуы, оларға



лайықты ас пен еске алу дәстүрінің өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениеттің маңызының артуы киіз үйге деғен конілді, көзқарасты айқындағы. Баба руһын еске алу ұрандаумен емес, сән-салтанатпен, өнер шеберлерімен, шынығу (спорт) жарыста-рымен, ұлттық сәулетпен дәрежеленетін болды. Тоқсаныншы жылдар басындағы Абылай хан, Қабанбай, Бөгөнбай, Шакшақ Жәнібек, Байғозы батырларға ас беруде, Бұқар жырау, ұлы Абай, Жамбыл ақындар тойында киіз үйлер елу, жуз, мыңдаған тігілін, түрлі дәрежелі бәйгілер белгіленді. Осылардың ішіндегі таңқалдырғаны Торғай ордасы жұртының әлі есінде.

Алғаш рет Көкшедегі 1991жылғы Абылай хан асында тігілғен орда, басында 12 қанат, кейін 18 қанат болып көлемі ұлғайтылды. Ол жылты қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайында Есет батыр, Шакшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылты Абай тойында тігіліп, бірнеше дүркін жүлделі бәйгілер алды. Мұндай ұмыт қалған істі батылдықпен қолға алған ежелгі Торғай елінің азаматтары, сол кездегі Жанкелдин ауданының әкімі Жақан Қосабаев пен Ахмет Байтұрсынұлының туған жерінен ардақты жігіт Аңсаған Қоңқабаев және Болғанбай Қойшиндер болатын. Бұл киіз үйлер Қазақ ордасын еске түсірудің XX – ғасырдағы кезеңі еді. Бұл орданың биіктігі 8 метр, ал ішіне жүзденген адам еркін сиятын болды. Киіздер ақ тоқтының жүнінен басылған. Иші-сырты тек қана қазақ ұлттық бүйімдарымен, ұлт киімдерімен, ер-тұрмандармен жабдықталған, дастарқанға ұлттық түрлі тағамдар қойылған.

Желбау, басқұр, тұскілем, ыдыс-аяқ, төр төсеніші, көрпеге дейін қолдан шыққан қазақ зиялыштары, мемлекет қайраткерлері Һалифа Алтай, Е. Әуелбеков, М. Сағдиев, Өзбекөлі Жәнібеков, Шеріан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, С.Жұнісов, Ш. Шаяхметов, тағы басқа шет ел азаматтары болған. Шет ел өкілдері орданың ғажап шеберлікпен жасалып тігілгенін қатты тамашалады. Шынында бұл соңғы жылдардағы қазақтың ұлттық ұлы мәдениетін танытып,





әйгілеген ең үлкен еңбекпен жасалған өнер туындысы болды. Бұл бүкіл қазақ елінің табысы болған үлкен еңбекті жасауға үлес қосқан Аһмет ауылтының қыз-келіншектерінің ұланғайыр еңбегі еді (әттең, дейтін бір өкініш сол қыз-келіншектердің атының аталын бізге жетпеуі, мүмкін мұрағаттан табыларсыздар). Сіздерге мен, осы жолдардың иесі (автор) рттінде үлкен қуанышты алғысымды білдіремін. Бұл ақ шаңқан орда бүкіл Қазақ Елі мәдениетінің табысы деп бағаланды. Талай ғасыр «ертеғі» боп кеткен қазақ өмірі мен өнері қазіргі үрпаққа, болашаққа шындығы айқындала бастады. «Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміздің жанғаны осы» деп білеміз. Әлі де болса, барымызды бағалап, жоғалғанымызды толықтыра түсін, есесін Аллаһдан сұрайық!

Ертегі ермек емес.

Табиғатта туған адам сол табиғаттың бір бөлшегі болса керек. Сондықтан болар адам озін қоршаған табиғи ортаның түрлі қасиеттері, кескін келбеті, бітім болмысы туралы ой толғамай, бір тұжырым жасамай бейтарап қала алмайды. Пайымдаулар мен жасалған тұжырымдар есте жақсы сақталатындај жүйеленді.

Жоғарыда кез келген құбылыстың, нәрсенің геометриялық сипаты болады дегенбіз. Сол сияқты тағы бір сипаты ауыз әдебиетінде көрініс береді. Болған уақығалар, табиғат құбылыстары мен өзгеріс сипаттары адамның өзіне етene таныс жағыдайлармен, адам оміріндегі белгілі құбылыстармен бейнеленеді. Адам қиялы кейде әсірелей суреттеп, бір қарағанда сенімсіздеу әнгімелерді де тудырып отырған. Қалық ертегілеріне ортақ бір оқиға бар. Мысалы, ағайынды үш жігіт (кейде үш батыр) пен бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс шалдың қүресі айтылады... Екі күн бойы екі батырдың әрқайсысына әлімжеттік қылыш, тамақтарын тартып жеп жүрген бір қарыс шалды үшінші батыр үшінші күні жеңіп, сақалынан бір бәйтерекке байлап қояды. Шал бәйтеректі тамырымен қопарып



алып қашып кетеді. Батырлар ізімен қуып барса, бойы бір қарыс жер астына түсіп кеткен екен. Оның соңынан беліне арқан байлаپ үшінші батыр, шыңырауға түседі. Жер асты толған бойы бір қарыс сакалы қырық қарыстар екен. Батыр олардың бәрін, һәм шалды да жеңілті. Сейтіп жер астынан бір сұлу қызды кездестіреді. Батыр қыздын беліне арқан байлаپ жер бетіне шығарыпты. Жер бетіндегі жолдастары батырды жер астында қалдырады. Батыр есебін тауып, қырық күннен соң жер бетіне шығыпты. Өзін қалдырып кеткен жолдастарына келіп, оларды кешіріп, татуласыпты. Міне, ертегінің ұзын ырғағы осындей.

Бұл ертегідегі оқиға аспан шырактарының қозғалысын түспалдайды. Ұш батырдың бір жерге жиналуы жыл маусымындағы жұлдыздардың тоғысын бейнелесе керек. Ал бойы бір қарыс, сакалы қырық қарысты құйрықты жұлдыз (комета) деп пайымдауға болады. Кім біледі, бәлкім, Галлей кометасы шығар дейді-міс.

Бұл кометаны «Әл Фараби» деп атау орынды болар. Комета-ның әр 76 жылда бір рет жергө жақындағанда өттіні мәлім. Әл Фараби 52 жасында (922 жылы) кометаны өзі көріп, бакылап зерттеген, – деген болжамды ғулама ғалым Әл-Машани (А.Ж. Машанов) айттып, дәлелдеген. Құйрықты жұлдыз екі Шоқжұлдыздан өтті, үшінші Шоқжұлдыздың түсінан қайтты, яғни үшінші батыр шалды женді. Осы кезде Құйрықты жұлдыздың құйрығы қыскарды. Мұны шалдың сакалын бәйтерекке байлау арқылы бейнелеген. Шал қашып жер астына түсті, яғни Құйрықты жұлдыз біргінде алыстап, көк жиектен асып коріпбей кетті. Кешікпей батыр оның соңынан шыңырауға түсті, Шоқжұлдызы да көкжиектен томен түсіп кетіпті. Жер асты толған сақалдылар екен, яғни коптеген құйрықты жұлдыздар (кометалар) көрінді. Бұл Бикеш шоқжұлдызы, әлде Шолпан болар. Қырық күннен соң батыр жер астынан шықты, қырық күн бойы көрінбей кеткен шоқжұлдыз көк жиектен жоғары көтерілді.



Міне, ертегідегі оқиғаның осындай мақамдалған мағынасы болса керек. Бұдан ертегілердің бәрі бірдей астрономиялық жүмбақ деген ой тумайды. Қай ертегі болмасын негізгі озегімен қоса физикалық, химиялық, ғисабтық т.б. білімнің қарапайым қағидаларымен таныстыратында, әрі тәрбиелік мәні бар көріністермен әдіппеліп отырады. Қай ертегіні алып қарасақ та кисынды қиял мен қоса, астарлы мағына, жасырын сыр бар. Қашпа әсіреленіп өзгергенімен ертегілердің негізінде шындық жатады. Әсіреленіп сипатталатыны сондай, тіпті кейбір ертегінің терең сыры, қалықтың дүниетанымын көрсетеді дегенге сену қыын емес. Аспани мағынасы бар «Күн астындағы Күнікей қызы», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қырық қарақшы», «Үркедің қызы Үлфілдек», «Үш архар жүлдыш» сияқты ертегілерді саралай қарасақ аспан шырақтарының қозғалысы, шығуы, батуы, т.б. қасиеттері жүмбақталғанын көреміз.

Ертегілердің тағы бір шарасында адамның дүниетанымын, Әлемдік құрылымды көрсететін бейнелер суреттеледі. Әркімге де жақсы таныс Ертөстік ертегісіндегі жер асты әлемін жер бетімен жалғастыруши өткел аузындағы бәйтеректі алайық. Бәйтеректі әлемдік дің, ұстынның шартты белгісі деп танысақ, төменгі яғни жер асты әлемін айдаһар жылан (қос мекенді) арқылы бейнеленген. Ортаңғы әлемнің ишара белгісі болып Ертөстік пен Күнке алынған, яғни тіршіліктің, жалпы өмірдің жүптық бейнесі деп түсінеміз. Ал үстінгі Әлем – аспан әлемін самұрық білдіреді. Адам баласының дүниетанымы, талғам түсінігі әлемнің тұтастығын, өлшеусіз шексіздігін түйсіну осындай қарапайым, адамга етene таныс оқиғалармен суреттеледі. Ендеше Ұлы ғаламдық қасиеттер де адамның кіші әлемнің бойынан көрінсе керек-ті. Әлемдік құрлысты түсіндіретін қалық ақызында жерді көкөгіз көтеріп тұр делінеді. Ол өгіздің үлкендігі сондай, бір ғана мүйізінің ұзындығы жерден кокке дейін. Өғіз алып кеменің (балықтың) үстінде тұр. Кеменің үлкендігі сондай, ұзындығы 650 жылдық жол дейді.





Кеме алып мұқиттың үстінде жүзіп жүреді. Ал мұқит құдайдың құдіретімен көтеріліп тұр, асты бос кеңістік. Бұл аңыз, аңызда болса, маңыз ден қараган жөн болар. Бабаларымыздың бұл теңеуін түсіну қыын, тек, білеріміз біз біле бермейтін, гылым анықтай қоймаган, немесе фантазиялық әсірелеу күшінің шарықтауы деп қана қарауға бармыз. Айтылганның мәнін өзіміз терең түсіне алмай, бабаларымыздың дуниетанымы аныы болған ба, ден қарауымызга болмае. Арада откен дандайсыған көңіл, дәйекті дәлелден алыстата береді де, ақиқат қөмекслене бастайды. Пайымдан қараган кезде шындықты тануга болады. Ой жіберіп көрелік...

Мұқиттың асты бос, құдайдың құдіретімен тұр. Яғни шетсіз де шексіз аспан әлемі деген ойға саяды. Ал мұқит дегені ғарыш бағыты болса (метагалактика), оның үстіндегі кеме Күн жүйесі (галактика) болар. Ал көк өгіз... сол Күн жүйесіндегі нысандардың бірі – Жер планетасының ишара бейнесі болар. Қекогіз, ел аузындағы сиыр судан делінетін сөздің негізі, белгі – бейнесі дегенге саяды, олай болса, Жерді су котеріп тұр деген түеінік қой. Құрлықтың шеті суға барып тіреледі.

Құдық ізден жер шұқысаң кез келген жерден су шығады. Мұны тани білген бабаларымыз тұрмыстық бұйымдарда да осы тіришілікті ишаралап бейнелеген. Бұл ишараларды да олардың толық білмегендігінен деген ой тұмаса керек, себебі дін тәртібіне келсек қолмен үстап, көзбен көрмегенді дәлден айту ғайбат, сондықтан да кокірегі кең, козі анық, Әлемшарды ат үстінде жүріп жүздізға қарап таныған, жер-судың негізін біліп, тау-тастың атын толғаган, данада саңлақ бабаларымыз Жетіқат жер астын біліп, Жеті қабат коктің көбесін білсе де, ишаралап, тұспаладап, жұмбақтап жеткізе білген. Бізге өте-өте алыста қалған біраз білім дүниелері оларға бізден горі таяулай болды емес не? (Осы тұста офтальмолог жазушы, зерттеуші ғалым Эрнст Молдашевтің «От кого мы произошли?» деген және оның 1, 2, 3, 4, 5 – том-





дарын оқыған жасының «жетінші козінің» ашилудына жол болады демекпін. Әрине, талай жауғершіліктен із-түзсіз жоқ болған дүниелерді білмеген мұскіндерге сырды терең санауды дүниені түсіну мүмкін де емес, оларды кіналдаудан аулақтыз, бірақ, үлкен түсіністік пен қарайтынына сенеміз, сондықтан да бізге олмей жеткен ертегі еріккеннің ермегі емес (Б.Т.С.)

Мәселен, сырмақ, текемет сияқты төсеніштердің шетіне салынған ирек көмкерме әшекейді «су жүгірту» дейтіні белгілі. Яғни төрт құбыла да суға барып тіреледі. «Жерді су көтеріп түр», – деген сөз, тіршіліктің негізі, көтеруші күші – бәрінің бастауды судан деген магына берсе керек. Бұл туралы қазақ «Суга түкірме», «Суга қарап дәрет сатпа», «Дәрет алғанда көл жағасында тұрсаңда суды ысырап етпе», «Су Сұлеймендікі...», «Суыз өмір жок» «Судың буы жазда жаңбыр, қыста қар» (БТС) деген сияқты ұлағатты да, тыйым сөздер айтқан. Қазақ қалқы суды ерекше қасиетті деп есептеген. «Бар тіршіліктің басы – су», -деген пікір құранда жиі кездеседі еken. Барлық мақұлықты Аллаһмыз судан жараттды. Олардың кейбіреуі баурымен жоргалайды, бірі екі аяқлен, енді бірі төрт аяқпен жүреді...» (24 сүре, 45аят) «Барлық нәрсені ол келістіріп отырып, талғамына үйлестіріп жасады,... оның негізін судың бір тамшысынан қалады...» (32 сүре, 7–9 аяттар) «...жанды мақұлықтың барлығын судан жараттық» (21сүре,30 аят)

Ел аузындағы көне жырларда, әфсін-аңыздарда «Маһтан інығып мәниға, сапар шектім баһиға», – деген сөз кездеседі. Мұның магынасы да осы айтылғандарға сәйкес. Мәселен Mah – су, мәни – жою, жоғалу, баһи – мәңгілік. Яғни, судан жаратып, фәниден өтіп, мәңгілікке жетесің деп түсіну керек. Терең фәлсафалық танымның тұжырымы, бар бейнесі қысқа гана нақыл сөзбен шебер берілген. Дүниеге келу – Ұлы сапардың басталуы, өмір; о дүниеге қайту – сапардың жалғасы; сапар соңы – мәңгілік, баһи.

Адам жаны ұдайы жетіле беруге тиіс. Дами келе рұh Нұрга айналады, иәки Аллаһға қауышады – Ұлы Нұрга құйылады.





Тариhi даму сатысының барлық кезеңіндегі өзгермейтін бір ақиқат осылай түсіндірілген...

Ол, **Он нұр** немесе **он тұрлі ізгілік**, кезінде Мұса пайғамбар қалдырыған тас кітаптағы он өсиятті білдіреді. Бұл өсияттер Мұхаммет пайғамбардың һадистерінде де бар:

- * жаратушыны бір деп тану
- * адамды құдайға теңгермеу
- * жеке адамға табынбау, орынсыз
- * Аллаһны ауызга ала бермеу
- * Аллаһның берген адап ризығын тыныштықпен жеп, жеті құннің бірінде дем алыш отыру
- * ата-ананы сыйлау және жақсы көру
- * нағақ кісі өлтірмеу
- * зинақорлықтан сақтану
- * ұрлық жасамау
- * ғайбат сөйлемеу, кісіге жала жапнау және іштарлық жасап қызғаншақ болмау.

Әлемнің жоғарыдағыдан түсінігі, дүниетанымның бір бейнесі көнеден келіп жеткен ескерткіштерде аз кездеспейді. Солардың бірі тұнжыраған бас бейнелер сынтастардағы тәсім – сызықтар мен суреттер. Кейбір сынтаста (бәдізде) құмыра мен құс ұстап тұрган кісі бейнесі. Енді бірінде балық пен кесенің суреті, ал құстың орнына қауырсын немесе оның тәсімдік бейнесі салынады. Бұл бейнелер терен ойды білдірсе керек. Құс – көк аспан, құмыра ыдыс сүйыққа (су) арналған. Кісі бейнесі – тіршілік. Ұтына түссек, астыңғы, органғы, һәм үстіңгі әлемнің бірлігі деген түсінікті білдіретін жәдігер екендігі көрінеді, Дүниені құраушы төрт тектің басын біріктіруші гарынни бағыттын білдіретін жүлдзыз әлемі – галамшар. Сонымен көк өгіз (су), көк өскін (жердегі тіршілік), көк аспан яғни бүкіл Ұлы галамшар құрылымының бір түсінігі көгілдір – Нұр Әлемін құрайды. Қазақтың шөпті жасыл демей, көк деп айтудының өзі осындай ұлы үндестікі түсінуінен болар.



Көгілдір Нұр Әлеміне Жер нысанасының өзі де кіреді.

Гарышкерлердің айтуы бойынша гарыштан қараганда жер нысаны молдір көк болып көрінеді екен. Бабаларымыз гарышқа үшпаса да көңілмеи – көгілдір әлемді болжап білғен шығар. (Бір ескерер жай және іздениң, оқып білуді қажет ететін нәрсе... алғаш өмірде адам жаратылғанда, олар құрлықта да, суда да, аспан ғаламында да еркін өмір сүрген дейді-міс. Осының да бір шындық сыры бар сияқты-ау... БТ).

Сырт көрінісін ғана атап қоймай, мұндай таным, түсініктің ішкі мазмұны да қалықтың пайымдаулары мен оның һәм дүнистанның деңгейін білдіреді. Әлемдік тылсымды таным, білу жолындағы әрекеттер құдірет күштердің құпияларын ашуға және түсінуге мүмкіндік береді. Тылсым күштерді түсіндірудің ғұрынтық көріністері мен түрлі тыйымдар, салт – дәстүрлер пайда болды. Солардың бірі көне ескерткіштерден көрінетін әлемді ұстаушы негізгі заңдың, ұлы құнитің тектік бейнесі. Адам жаны ұдайы дамып, жетіле отырып Ұлы Нұрга қауышады. **Дүниенің шар тарапынан келіп бойға құйылатын Нұр бар.** Шартарап деп аспани бейнені алсақ, көктен жауатын Аллаһның нұры деген мағына шығады. «Дүниенің шығысы да, батысы да Аллаһнікі. Жүзінді қай жаққа қаратсанызыз да Аллаһ сол таралтан табылады» (2 – сүре, 115 аят).

Ежелгі түсінік бойынша **үш** саны ерлік сипатты білдіреді «Ер кезегі үшке дейін». Ал әйелдік сипатқа **төрт** саны ие «Төртқұбыла, шартарап», Әйелдік және еркектік сипаттардың бірігуіне жалпы жұнтық бейне, яғни тұтастық **үш**, **төрт**, жеті **көрінеді**. Әлемді **құраушы** бөліктердің саны жетіден болуы осыдан шықса керек. Біз «Жер – Ана» дейміз. Жер – Ата немесе қара жер – әке деген сөз жоқ. Бұл да төрттік бейнеден шығатын түсінік. Яғни Жердің бейнесі текше (куб) оның жағы **шаршы** әйелдік сипатты мезғейді. Болмысты біліп айтсын, білмей айтсын Адам баласы «Жер – Ана дегендеге ішкі бір әсерлі күшпен саналы түрде екшелеп, Ұлы үйлесімділікті түйсініп түсінгені болар. Аллаһның ирада бейнесі деген осы болар.





Қалықтық зерденің жоғары болғанын бабалар сөзі, іешарасы, кәсіби болмысы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыр. *Мысал* ретінде бір әңгімен үзінді келтірейік. «Сырымға бір малшысы сізге «бере сал», – ден еді деп, екі жапырақ ескі шүберек береді. Сырым шүберекті Тана Қоске би мен Бөкен биге корсетеді.

Сонда Бөкен би былай дейді. Мынаны шаршылап кесіпті-ау. «Басым байлаулы, аяғым тұсаулы» дейді ғой, шамасы. Мынаны үшкүлдеп... «сенің сүйегіңмін» дейді ғой. Осы әңгіменегі әйелдік һәм еркектік бейненің корінісі терең ойды білдірін тұрганын байқаймыз. Екі жапырақ шүберекпен айтылған сәлемнің соны өмірдегі ауқымы үлкен оқиғамен аяқталады. (Балалар, әрі қарай 1994 ж. 1-ші қантардағы «Ақжелкен журналиның оздерің оқып алуға тырысындар).

Терең зердені танытатын, әлемдік танымның көрсеткіші боларлық мұндай мысалдарды көп келтіруге болады.

Киіз үй жайлыш мақал-мәтел:

- «Атамыз Алаш, керегеміз ағаш».
- «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз.»
- «Тез қасында қисық ағаш жатпас».
- «Шанырағың биік болсын, кереген кең болсын»
- «Түндігің түтінді болсыши»
- «Алтын да менің босагам,
- Аттап та шығам деп пе едім»
- «Ақ үй – аманат»
- «От басында, ошақ қасында»
- «Қызын отаулады»
- «Үйді жығу оңай, үйді тігу қыын»
- «Үй ішінен үй тікпе»
- «Босаған берік болеын»

Менің де ой – түйініме құлақ салыңыздар:

- * Көшпелі дала тірлігі,
- Киіз үй – Әлем бірлігі.(Б.Т.)





- * Алтынмен апталған,
Күміспен күптелғен,
Айшықты ақ киіз Ақ Орда –
Қазақтың обсерваториясы.(Б.Т.)
- * Киіз үй – қазақтың тарлан тариҳы.(Б.Т.)
- * Он екі қанат Ақ Орда,
Құйылар көктен саф ауа.(Б.Т.)
- * Он сегіз қанат ақ шаңқан
Әлем саған таң қалған.(Б.Т.)
- * Шаңырақ ұлға мұра,
Мал басынды құра .(Б.Т.)
- * Қонеден жеткен киіз үй,
Өнерді құлтар көрікті үй.(Б.Т.)
- * Кереген қең болсын,
Абыройың тең болсын.(Б.Т.)
- * Алты қанат Ақ Орда –қазаққа алтын босаға.(Б.Т.)

Қарғыс және тыйым сөздер:

Шаңырағың ортасына түссін.
Шаңыраққа қара (еске салу).
Керегенің көгін жейін (қарғану).
Керегені итіне қомдасын.
Туырлығын тілгілең, тоқым етсем деп едім,
Керегесін кескілең, отын етсем деп едім.
Бақандай бес жігіт.
Барымды киіп, бақанымды таянып отырып (тосу).
Керегесін кертемін (реніш жасау).
Керегеге таңылды (ұятқа қалды).
Шықкан қызы шиден тысқары.
Ши жүгіртті (сөз қылу).
Түндігі ашылмай қалды (тұқым қалмады, өлді).
Есік көрген (бұрын тұрмыста болған).
Іргесін болу (бөлек кету).
Босаға аттады (табалдырық аттады).





Жатбосаға (бөтөн үйде, тұрмыста).
Босаға керме. Табалдырық аттама.
Жаман әйел үй тіксе жалпигатды (сәнін кетіреді).



**Киіз үйге арналған,
басқа тідерге аударылмайтын
сөздік.**

- | | |
|------------|--|
| Абылайша | – сарбаздар жорығында уық нен аңырақтан құрылып, киізben жабылған. |
| Азатбас | – кереге желілерінің жеке тұрған бағы. |
| Азаткөз | – көктелмей қалатын көздер. |
| Аяқбау | – сәндік үшін уыққа бірнеше жерден байланатын бау. |
| Бақан | – шаңырақ көтеретін, киіз есікті көтеріп қоятын қатты түзу аша аға |
| Бақалак | – сықырлауықты іштен бекітетін, маңдайша мен табалдырыққа қағылатын ағаш. |
| Баскүр | – кереге басынан орай жүргізілетін ою өрнекті жалпақ терме. |
| Балақбау | – көшкенде уықтарды қоєып байлайтын бау. |
| Дақтау | – (дембі) белгі салу. |
| Жабағы жұн | – қойдың көктемгі жүні |
| Жабық | – туырлық, не үзіктердің айқасып қосылған тұсы. |
| Желбау | – желді күні үй шайқалмас үшін салмақ салып байлайтын өриекті шашақты бау. |
| Желарқан | – дауылды күндері жел жақтан қазық қағып бастыра тартып қоятын арқан |
| Жерошақ | – казан, т.б. ыдыспен тамақ пісіретін от орны. |
| Жоса | – қызығылт түсті топырак бояу. |
| Есікбау | – киіз есікті көтергенде, түсіргенде байлайтын жіңішке бау. |
| Қанат | – жиналған кереге. |





Қарашаңырақ	— әкеден балаға мұрага қалған үй.
Қалам	— уықтың шаңыраққа кіретін ұшы.
Қаламдық	— (көз) шаңырақтағы уықтың қаламы сұғынатын төрт қырлық көз (тесік).
Қақсал ағаш	— әбден кепкен, үйге жарамды ағаш.
Қоз	— үй ағаштарын жұмсаартуға арналған орын
Құр	— термелеп тоқылған туырлыққа, үзікке тағылаты баудың түрлері.
Керегенің аяғы	— кереге төмен, жерге тіреліп тұрады.
Кереге басы	— керегенің жоғары қарп тұратын жағы.
Керегекап	— жиналған қанатты қаптайтын киіз.
Көз	— кереге көктелгеннен кейінгі желілер тесігі.
Көзеу	— шаңырақ қаламдығын қызған темірмен тегістеп құйдіру.
Көк	— керегені көктейтін тасна.
Қүйеуқазық	— жел арқан байланатын қазық.
Құзем жұн	— қойдың күзгі жұні.
Мор	— үй ағашын жұмсаарту, балқытуға арналған жер үстіндегі пеш.
Обын	— үй ағашын жұмсаартуға арналған жер астындағы пеш.
Отай	— жас отбасына арналған төрт–бес қанатты шағын салтанатты үй.
От киіз	— от басына, ошақ қасына теселетін киіз
Ормек	— алаша, құр тоқытын құрал
Сабау	— жұнді сабап тұту үшін қолданылатын ағаш таяқ.
Сарнауық	— керегеге сызық өрнек салатын темір құрал
Сояу	— киіз, жабағы тігетін ағаш тебен
Сыздық	— керегеге салатын өрнек сызықтар
Сықаурын	— тезге салынған ағаштың қисық жерлерін жамбасқа салып түзететін қатты ағаш.
Талдырма	— жұқа, жұмсақ киіз





Тастама

- киіз есіктің басбауы, ол шаңырақтан асып түсіріліп, маңдайшаға байланады
- кепкен теріні, көнді, сіріні жұмсартатын ағаш құрал
- (таңғыш бау) керегелерді бір-біріне қосып байлайтын жұка, жінішке терме бау
- мор, обын, қозға салып жұмсарған ағашты түзететін ағаш құрал, үйшілердің ең басты құралы осы
- жұн сабағанда астына төсейтін көн тері
- тұндікке тағылатын төрт бау
- екі басы биңктеу, қазыққа бекітілген ши тоқитын ағаш құр, «ши құргыш» деп те аталады.
- киіз үй жасайтын ағаштар
- уықты керегеге бекітетін бау
- (қыдырыу) уықтың өз орнынан ауытқып кетуін айтады.
- киіз басу үшін жұнді шиғе салып, сабау мен жаймалап сабау
- (иық бау) уық қыдырып кетпеуі үшін барлық уықты шалып өтетін терме бау
- өрнектеп, оюлап жұн оралған ши
- шым оралған ұлкен, тұтас ши
- иленбекен қайыс
- уықтың иініне, керегенің бойына жүргізілетін сайлар
- үй іргесінен шаң, құм, жел, сұық жібермеу үшін тұтылатын киіз.

Талқы

Таңғыш

Тез

Тулак

Тұндікбау

Түйебел

Үйағаш

Уықбау

Уықтың ығуы

Шабақтау

Шалма

Шымши

Ақши

Шылғи

Ыру

Ірге киіз




Киіз үйге қатысты төсениш, көрпе-жастық, киім-кешек , тұрмыс әбзелдері көптеп баршылық. Осы сөздердің көбі (мысалы: сырмақ, текемет, бітпес, алаша, бөстек, сол сияқты киімдер: сәукеле, кимешек, қамзол шолпы, саптама, құндыз бөрік, су-



сар бөрік, тұлқі тымақ, шапан, шекпен, қасқыр ішік, тұлқі ішік, зорман және күзен ішік, құлыштарғақ, т.б. түрлі қазақы тамак атаулары...) және киіз үй тарауындағы атаулы сөздер басқа тілге аударылмайды, тек мән мазмұнынан түсініктеме ғана беруге болады. (Мәселен, шаңырақ – круговое навершие купола; кереге – раздвижка решетчатая основа; уық – купольные жерди, деп қана түсініктеуге болар) ал алтықанатты – шести канатная юрта дейміз бе, әлде, құстың қанаты есебінен қрылья дейміз бе, бұдан дәлді мағына болмайды. Қазақ – түркі сөзінен бөтен тілге енген қаншама сөздер бар ғой, мысалы: беркут, товилга, курт, кумыз, айран, катық, сундук, казан, камыш, байга, тумак, ичик, чин, Есил, Едил Торгай, Караоткел т.б.с.с.бұл сөздер де кәнігі еніп, кәсіби тұрмыстық қажетті сөз болары анық дегенмен һаріп қолданысына көбірек мән берсек қазақ сөзі өрескелдіктен адаланар еді, мысалы, Кокшетау, Костанай, Торгай, байге, тобылғы, буркут десек ше? Басқа өзен – суды аудармаймыз, ал Есілді неге Ишим демекпіз, өз атауынан әдемі болып па? Иаки, ойланған түсер ойлар барышылық,

тек, көңіл көрсетпесін тарышылық.





Алтынмен апталған, Құміспен құптелген, айшықты киіз үй, Ақ Орда – Қазақтың обсерваториясы(Б.Т.С.)

Астроном галымдардың айтуынша, Киіз үй далалықтардың обсерваториясы деген ұғым тәлімделген. Шаңырақ бейнеленген, ол бір Отан аясындағы жануя, отбасын бейнелейді. Органда оторны–ошақ. Бұл жылулық, ері қауыпсіз. Өт жанған жерге жын-шэйттан жоламайды. Оттың да ерекше қасиеті мол. Отпен үй ішін аластайды, қыетаудан жәйлауға көшкенде үлкен екі от салып, арасынан жылқыдан басқа малды айдал өткізген, себебі от малдың жай күйін тазалап қырысқтан, иәки түрлі жұқпалы мәністерден арылгады-мыс.

Сөз тегі-шындық. Ал жылқы тегінен қасиетті жаратылған деп құрметтеген. От Күнге баланады. Аснан, Күн, От, Жер, Су – бесеуі қасиетті де, ғажайып дүнпелер екені қатты бағаланған.

Көктем шығып, жаз жетіп, бие құлышада, биебау жасарда алдымен бәйбіше жылулық беріп жерді жылытқаны үшін, көкорай шалғын беріп, малға ас болғаны үшін Күнге, Жерге тағым еткен.

Әлемшар да, Күн де, Жер де, шаңырақ та дөңгелек , бұлар бір-бірін толықтап қуаттаушы деп біледі. Қазақтың дастарқаны (стол) да дөңгелек. Мұның Әлемшармен байланысын жоғарыда айтқан едік. Қазақтың тағы бір тамаша сөзі «Айналайын», яғни баласы ауырғанда әке бала төсегін, үйді айнала жүріп, жамандықтан, аурудан қорғап, айналайын аман болышы деп, тілеу тілеген. Келе келе бұл соз қуатты еөзге айналған.

Киіз үйдің қызықты да, ерекше ғажап дүние екеніп Қытай ақыны Бо Цзюн, 772 – 846 ж. ғажаптана таң қалып, өз еліне анарып, сарайының алдына құрып қойған екен де, қаран отырып өлең арнаган. Орыс тіліндегі аудармасы назарларыңызға:

Шерсть собрали с тысячи овец,
Сотни две сковали мне колец.
Круглый остов из прибрежных ив






Прочен, светл, удобен и красив.
В северной прозрачной синеве
Воин юрту ставил на траве,
А теперь, как голубая мгла,
Вместе е ним она на юг пришла.
Юрту вихрь не может покачнуть,
От дождя ее твердеет грудь,
Нет в ней застенков, ни углов,
Но внутри уютно и тепло.
Удалившись от степей и гор
Юрта приобрела ко мне во двор,— деп, сыпаттаған.

(Жинақтаған маглұматтар және ата-анамның өз қолымен құрган, сонда түрүп, көріп-біліп қызығына кенелген күндерден естелік әңгіме)

Жаз жайлайда, өзен — көл жағасында тігілген ақшаңқан кіз үйде отырып, соза тартып сапырылған сары қымыз ішү аса бір ғанибет — ау, шіркін. Естен, сірә, кетер ме? Б.Т.С.





Қымыз

Қымыздың қазақ білген түрлері бар,
Қазақел талай ғасыр түйғсні бар.
Тәп-тәтті, тіл үйірер сары қымыз,
Ауруға ем, сауға қуат дәрі **қымыз**.

Мәжәліе, мәслиқатқа даярланған,
Торсықта екі тәулік шайқалынған,
Пісуі әбден жеткен мол қорымен,
Қазақтың **тұнемелі қымызы** бар.

Даярлар асқа, иә ұлы тойға
Үш тәулік ашытылған пісіп майда.
Қазақта **құнан қымыз** атауы бар,
Қымызды ішпегендер ішіп салар.

Қарттар мен жас балаға арналады,
Бұрқырап, баяу бұғып ашығаны.
Азанда,тан еамалда ұйқы ашады,
Немесе **саумал** дейді мұның атын.

Тағы бар **қысыр қымыз** қыс айында,
Науқасқа, әлде жиын, тойға арналған.
Тайы емген қысырақтың сүті тәтті,
Құрметті қонактарды тамсандырған.

Бал **қымыз** қымыздардың төресі ғой,
Бал, мейіз, өрік қосып піседі ғой.
Жас ана, еәби бала шолі қанса,
Бал қымыз денсаулықтың кепілі ғой.

Күз түсін бие ағытар мезгіл жетер,
Қымызды бірнеше күн **сірге жинар**
Қазақы ата дәстүр, салт бойынша,
Ет асып, көрші-қолаң бөліп жұтар.

Осындай біз білетін қымыздар бар,
Білмеген оқып білсін, деген ой бар.
Тегінде ауызекі деректерде,
Қымыздың **отыз үштей** атауы бар.

Б. Тұрсынhan



Қымыз – қазақтың аса куатты тамағы, күшті дәрісі, шипалы еуеси.

Бесті қымыз – бабына келіш, қотарылмай сабада тұрып, әбден ашиды. Бұл кезде киіз үйдің сыртынан қымыз исі аңқып, кісінің анадайдан түшкіртеді.

Биенің құнарлылығына қарай 7-8 рет сауылады. Бас сауым, бис байланған уақыттан 1-1,5 сағатта, жалғас сауымдар 40 лездеме уақыт шамасында сауылады. Сегіз, он бие байлағандар 3-4 рет сауып ағытады. Жиырма, қырық бие сауғандар қажетінше 5-6 рет сауып (аека, тойға, т.б.) ағытады. Сондыктан жабағы, тай семіріп, күш жинап, қыстан күйлі шығады.

Қымыз ыдыс таңдайды. Жылқы терісінен жасалған салқын сабаға, меске сұытылып құйған бие сүті бабында ашиды. Ал құбі қайынан балса, тым жақсы, ең болмаса түбі мен піснегі міндетті түрде қайынан болуы қажет. Қарағайдың дәмі қымызға қолайсыз болады. Сондай-ак саумал жерді де, желді де таңдайды. Қоңыр салқын жерді сүйеді, ыстықты да, сұықты да жақтырмайды. Құз салқынында құбіні орап та қояды, саумалды желге тигізбейді. Қымыз ыдыстары жақсы жуылып отыруы керек. Жуып, кептірілген құбіні сары май жағып, тобылғымен ыстаиды (қамыс, қоға басқа шөптермен ыстауға болмайды). Кешкі салқынмен құбі піследі, қымыздың аз көбіне орай 1000 – 3000рет, не одан да көп пісуге болады, көп післеген қымыз дәмді бола түседі. Ертемен, қотаарда тағыда піследі. Саумал шамшыл келеді, дұрыс күтілмесе қымыз татып (айнып) кетеді, ырымға жаман деп, есептелінеді, бұл бәйбәшеге сын.



Қымыз қоры сауылатын бие санына қарай қалдырылып отырады. Қоры мол болса, көп саумал жақсы ашиды.

Сары саумалдың тәттілігі, емдік қасиеті еш дәрімен салыстыруға келмейді. Қымыз – түрлі құрт ауруларын, өкпе ауруларын тамақ, сүйек, тері, қан қысымы төмен, жел ауруларының бірден-бір емі, дәру дәрмені



Біздің дәуірге дейінгі V-ғасырда Грек тарихысы Геродот көшнелі сақ-скифтер бие сүтінен ағаш ыдыста қымыз ашытатынын жазған. (ҚСЭ 7 т.100 бет)

Грек дәрігері Гиппократ, «...олар бір жерде малдары шебін таусып біткенше отырады. Шоп азая бастағанда басқа жаққа кетіп қалады. Өздері пісірілген ет жейді, бие сүтін іshedі және иппак (нан-түркі т.) жейді, деп жазған. («ВДИ» 1949/2.296 бет.)





*ТАРИЙ ҚОЙНАУЫНЫҢ ЗЕРДЕ ҚАЗЫНАСНАН.

Киелі сандар жайлышы – терген, ілім – білімдер.

*Tipi адамга керек ізгі қасиет
соган келіп барлық нарсе бас иед.
Жүсін Баласагұны*

**Киелі сандар сөйлейді:
«Ұш», «жеті», «төғызы», «қырық» сандарымен
байланысты ұғымдар.**

Қазақтың тілінде әртурлі нақыл сөз, тақпақ, мақал, діни танымдық сөздер, әдет-ғұрып, түрлі дәстүрлер, салт-сананы айқынды мәндеге көрсете алатын сөздер әртүрлі сандармен (3,4,5,6,7,9,40 т.б) тікелей байланыс тауып, түрлі қасиетті ғажайып ұғымдар бере алады.

Бала тәрбиелеуде, үлкен-кіші, кәрі-жас адам тәрбиесіне терең мән беріп, мағыналап, сәтті де, мәнді қағидалар ұсынып, ерен ережелер, әфсәнә, қарымды қағытпалар, сықақ, мыскыл, тұспал, толғаныс, кейіптеу, құлдірмек (анекдоты), әзіл жасай отырып, жұмбақ, мақал, аңыз әңгімелер, жылнама, шежіре, мұңдыләуен, жыр, олең, ән жазып дәйектеме түйнідеп, іліксөз бен ілмексөз, сыпаттама, пікір, түсініктеу айтып, ерсі әзіл мен әжуәлаған да, мағаббат әнін толғаған да, төргтәған жазып, ауыз әдебиеттің бейпелі өмірін жасап, достық әзіл, қошамет мадақ, бейнелі сөз, жалпы сөз асылын жасағандардың бірі де ірісі – қазақ қалқы.

Бұл сандар жөнінде көптеген ғұлама ғалымдар: Н.Кеңесбаев, Н.Я. Марр, Н.И. Ильминский зерттегін, Әлішер Навои, К. Халидов, Будагов, Вамбери, Хортман, Н.И. Золотницкий, Балтабай Адамбаев, Ақселеу Сейдімбеков мақалалар жазған. Қазан каласында басылған кітаптарда, «Алтай» грамматикасында көптеген пікірлер айтылған. Қазақ елінің идеологиясында – саналы қоғам ой-санасында, бұрынғы өмір тұрмысында бұл





сандардың өзіндік орын алғанын аңғарып байқауға тұрарлық. Бұл сандар қазақ, үшін өзгеше қасиетті, киелі ұғым екенін көруге болады. Бабадан мұра болып келген сандардың қасиетінің кейбірі барлық елге ортақ та болып келеді. Мәселен жеті құндік–аптанаң барлық елге ортақтығын білеміз. (Тым ертеректе қазақ айы 25-28 күн шамасында бітіп, аптанаң бесінші – жұма күні демалыс күні болғаны айан, сондай-ақ: в, х, э, я, ю, ч, щ әрілтері мен ь, ъ белгілер де болмаған. Сондықтан көп сөздер қате жазылып, немесе орыс сөзіне айналып кеткен). Н.Я. Марр өзінің «Сан есімдер туралы еңбегінде: «прежде всего создание этапов последовательной связности не одной смены дня днем, получившего свое окружление с течением времени сначала в пяти, потом в семи днях, ни одного года, с последовательностью месяцев, в его круговоротении по сезонам, ...Это в целом мерило одинаково и времени, и пространства...», –деген. Марр пікіріне қарағанда «жеті» санының адам баласының ертедегі өмірінде - ақ уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Осы құнгі сандаған қалықтардың өмірі мен тілдерінде жеті құндік апталықтың болуы, бұл санның айырықша екендігіне айғақ іздеу қажет емес, анық екенін әркім біледі. Демек, мағынасыз сөз, арнаулы бір ұғымға ие бола алмайды, яғни негайбыл сөз тумайды, ол тілден орын алып, өмір сүруін жалғастыра алмақ емес. «Мағынасыз» сөздің белгілі бір арнаулы «мағынаға» ие болуында үлкен сыр, тамаша дәстүр бар. Иаки, «оу баста бес құндік апта» болғанына еін шұбә келіруге болмас, ал жұма демалыс және ата-ана, әруактарды еске алу күні болған. Шындығына жетем деген адамның, ізденуіне тұрарлық жай. Қазақ тіліміздегі көптеген сөздер өткен өмірдің айнасы деу дұрыс шығар. Оны кей тұстарда: ескі идеологиялық сөздер, бұрынғы мификалық ұғымның ықпалынан туган деген, т.б. дүмбіlez пікірлер болғаны анық, әлі де айтады. Қөркем де жақсы сөздерді ескіртіп, оның орнына түкке тұрғысыз басқа үлт сөздерін қабыл алғанымыз



да анық шындық. Сондыктан қазақтың, бұрыннан да үлкен ордалы ел болғандығын, асыл сөздер мен дана ойлардың қазақ саһарасында туғандығын осы сандар тұп-тура дәлелдеп, толық пікір білдіре алады.

* «**Уш**» саны туралы айтар болсақ, «уш» пен «төғыз» да, «қырық» та ала-бөле қолданылатын жерлері бар. Мәселен: «*үш қайнаса сорпасы қосылмайды*» (еш басы қосылмайды, бірікпейді, мағынасында – ничего общего не имеет); «*үш үй-ықтаса түсіне енбеген*» (ешбір ойына кіріп – шықпаған, еш ойында болмаған, мағынасында – даже не мечтал); «*ер кезегі үшке дейін*», – деген мақал бар. Ертегілердің өзінде: «*үш баласы болыпты*», *үш қызы бар екен*», «*үш айдан соң*», «*хан үш қайтара сұрапты*», «*үш айлық жер екен*», «*үш айырық жолда үш түрлі жасу бар екен*», – деген сиякты сөз, сөйлем тізбелері (фраза) жиі-жі кездесіп отырады.

Н.И. Ильминский өзінің «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінде мынадай мысал келтіреді: «Қазакта жан алу, жан беру дәстүрі болған. Ертеде бір жағдайда жан беруге тұра келсе, өлген бір ардақты кісінің моласына барып, оны үш рет айналып: «жалған айтсам осы кісінің әруагы ұрсын» деп қарғанған. Жан беруші айыпқа тартылса ол кісі емес, жазалауға ол кісінің үш ата алыстағы туысқаны болуы шарт болған. Туысқандығы үш атага жеткен кісінің өзі әшкереленіп, жаман қылтығы жұртқа аян болса, сенімсіз болса гана айыпқа тартылған кісінің туысы жан беруі керек болған, бірақ үш атадан бері болмауы керек деп көрсетеді.

Сондай ақ «уш созімен байланысты ойын, ырым, салт, жыл мезгілі, түрлі сенім тәрізді сөздер бар. Қазақта «*үш табан*», «*бес табан*», «*хан талапай*», «*бес қақтай*», «*шертіспек*», «*арқаластақ*» деген асық ойыны түрі бар. Қыргызда «ордо» деген балалардың асық ойыны да үшпен келетін сөз тізбектері (синтагма) бар екен. Үйғыр тілінде бұрынғы жылдың үшінші айын «*үшінді ай*» деген. Мұндай сөздер басқа түркі елдерінде де болған.





Мұсылман елдері ауыз бекітетін «Ражаб», «Шабан», «Рамазан» айларын басқа айлардан боліп, айырықша «ұш айлар» деп атаған. Шағатай тіліндегі «ұш» жақын, тұган, қаны бір туысқан деген ұғымды берген «ұштің бірі», «агайынды үшеудің бірі» деген. Сондай-ақ, айып төлеуде де «ұш тоғыз» болып келеді. «Ұш» санымен байланысты өнеге, өсiet, үлгі сөздердің үнжарғы (газет), үнтолғам (журнал) баспаларынан оқып, біліп, іздестіруға болады. Онымен қоса Сейіт Кенжеаһметұлының «Жеті қазына» (Ана тілі, ж.) жинақтауынан да біраз жайлармен танысуға болады.

Өз басым «ұш» санмен келетін алпыстан аса үлгі онеге тіркестерін жинақтадым. Аздап мысал келтіре кетелік:

K – көктің

Y – үф → көктің үф нұры - күн

H – нұры

«**Ұш бунақ**» Қалық ауа райын сабақтас басқару үшін бір жылды ұш бунаққа бөлген: жылы, ыстық, сұық деп, олар «**бас бунақ**», «**ортa бунақ**», «**аяқ бунақ**» дап аталады.

«**Ұш түрлі ақыл**» Адамда ақыл ұш түрлі болады екен. Біріншісі **екне ақыл**. Бұл адамның өз бойынан табылған ақыл. Екіншісі **жұқпа ақыл**. Бұл естігенін, көргенін бойына сақтаған, басқа адамдардан жинаған ақыл.

Үшіншісі **кезбе ақыл**. Бұл тұрақсыз ақыл. Қазір барда, қазір жоқ.

«**Ұш мұрат**»: сауда мақсаты - ұту, жол мұраты - жету, дау мұраты - біту

«**Ұш түрлі бақыт**» Адамның көптеген бақытының ішінде ұш түрлі бақ болады.

Біріншісі **орнықты бақ**. Адамға бір қонса ұшуы қыын бақ. Кейде ақылды аз адамға да қона салады. «*Аузы қысық болса да байдың ұлы сойлесін*»,— деген осыдан қалған шығар.

Екіншісі **орынды бақ**. Орынсыз қозгасаң орнынан ұшады. Бұл бақтың орнығып тұруы адамның ақылына байланысты.

Үшіншісі **әлсіз бақ**. Ұшып кетуі оңай. Қалай келсе, солай кетеді-міс. Мансапты көтере алмай орнынан түсіп қалуы мүмкін.





Сондықтан да таудай талапқа қосып, бармақтай бақ берсін, бақты басып отырар бас (ақыл) берсін деген жөн болар (Б.Т.)

Сондай-ақ «**үш сұмдықтан**» үнемі қашып, қашық жүрү керек - ті: бірі - бос жүріп бөсуден; екісі - ақылы кем ақымақтан аулақтау; үші - арак пен құмардан алыстау. Осы үш сұрқайдан аулақ болсаң азбайсың да тозбайсың (Б.Т.)

«**Ақымақтың үш жоғы болады**» Иманы. Ұяты. Тәубесі (Б.Т.)

«**Ақылдының үш жақсысы болады**» Жылды жүргегі. Ақыл зерегі. Ғибратты ғұмыры. (Б.Т.)

«**Қыздың үш сәні болады**» Шәші. Көзі. Мықыны (Б.Т.)

Қазіргі заманда қосылышп отырган «**үш пәле**» бар дейді С.Ақсұңқарұлы, ол: а)Тұншықкан тұтынушы; ә)Мемлекеттік эгоизм (иаки кертартпалық); б)Өзеуреген өзімшілдік;

«**Адами үш кезең болады**» Ержеткен ұл; Бойжеткен қызы; Ойжеткен қария- дана (Б.Т.)

Ақын Тұрсынхан Әбдіраһманова апамыздың:

Қазакқа Аллаң жазып дана берген

Дананы үш үштен ғып дара берген... деген ойын тереңінен діттесек, ол былайша болмақ деп, ой түйеміз:

Үш дара дана: Шоқан (1835-1865), Ыбырай (1841-1889), Абай (1845-1904);

Үш ғалым дана : А.Байтұрсынов (1873-1938), Жүсінбек Аймауытов (1889-1931), М.Жұмабаев (1893-1938);

Қатерге басын байлаған, тілін сүйген үш асқақ дана

Қ.Шәкәрім(1858–1931), Д.Міржақып, А.Қасым(1911-1955)

Қазағының қамын жеген үш дана: Әлихан, Тұрар, Смагұл;


Үш алып: жыр алыбы Жамбыл, данышпан сөзді ақын Абай, Конен Әзірбаев.

Қазақтың құрдас үш арысы: сұнкар Сәкен (1894-1938)

Ілиас (1894-1938), Бейімбет (1894-1938);

Үш ғұлама ғалым: Қаныш, Мұқтар, Әлкей;

Үш төбе ғалым: Құдайберген Жұбанов (1899-1938), Сәрсен Аманжолов (1903-1958), Нығмет Сауранбаев (1910-1995)





Үш дарабоз: Құрдас сөз шеберлері Габит пен
Фабиден (1902 – 1985), Сәбит Мұқанов

Түйдей құрдас үш ғалым: Мәулен Балақаев,
Аһмәди Ысқақов, Кәкен Аһанов (1928-1976).

Сонымен: «*Үш жұздің сыны*», «*Үш бидің жер болуі*», «*Үш би*», «*Үш қазына*», «*Үш ақиқат*», «*Үш қуаныш*», «*Үш билік*», «*Үш артық*», «*Үш тұл*», «*Үш апам*», «*Үш байлық*», «*Үш қат*», «*Үш кедейлік*», «*Үш кемдік*», «*Үш тоқтам*», «*Үш бақытсызызық*», «*Үш қасиет*», «*Үш тағылым*», т.б. топтамаларды айтуда тұрарлық.

Абай атамыз: «Қайратсыз ашу тұл,

Тұрлаусыз ғанышқ тұл,

Шәкіртсіз ұстаз тұл, - деді емес пе?!

Тарихты соза тартып, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізер: тоқтық, денсаулық, ұстаз десек, олар жөнінде **үш өлмес мамандық** бар деп түйген жөн болар: Олар: **а)окытушы, ә)егінші, б)емші.** (БТ)

Сол сияқты: «*Үш тәтті* (жасақын), «*Үш дауасыз*», «*Үш қадірлі*», «*Үш қадірсіз*», «*Үш жамандық*», «*Үш көз*», «*Үш жұз*», «*Үш жүрт*», «*Үш мақсат*», «*Үш алыс*», «*Үш із*», «*Ер жігіттің үш серігі*», «*Үш асыл мінез*», «*Бақыт үйірер үш нәрсе*», «*Бақытсызызық үйірер үш нәрсе*», «*Үш жаман сипат*», «*Үш құат*», «*Үш гайыт*», «*Үш арсыз*» және бар.

Үш жұз – атадан мұра болып қалған сөз асылы.

Ұланғайыр жеріне иелік етіп, сол мекенде көшіп-қонып жүрген ұлысты басқару үшін ақылынан да артық кеменгерлік жұмыс атқарған. Һан, биін сайлап, үлкен ұлысты үш жұзге топтап, ақылды ақсақал, байсалды бәйбішелер, данышпан билер арқылы үйымдастырып, батырларын бағтап, бағалап, мындаған қолды жинақтап отырған. Олар:

Бекарыс – Ұлы жұз. Ақарыс – Орта жұз. Жанарыс – Кіші жұз. Осы сөздің өзінен - ақ, үлкенді сыйлау, қажеті келсе бағыну, кішіні құрметпен қатарға алу, ауыл ақсақалын ізгіліктеу, кемтарға қайырымды болу сияқты, т.б. көптеген-көптеген ұғымды, мінез-құлықты терең аңгара отырып, білуғе болады (бұл жайлар алда толықтаймыз).

Ұлы жұз: Үйсін (Дулат, Албан, Суан, Сары Үйсін, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі), Жалайыр, Қанұлы, Шанышқылы.





Орта жұз: аспандай Арғын - Тарақты, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Уақ, Керей

Кіші жұз: үш топ Алшын. Байұлы. (Адай, Беріш, Алтын Жаппас, Есентемір, Таз, Байбакты, Тана, Масқары, Алаша, Қызылқұрт, Тама, Жағалбайлы, Тілеу, Керделі, Керейт, Рамазан).

Алаша һанға Майқы би жіберген үш жігіттен үш жұз тараған деседі. Һан соғысқа аттанғанда қосынды үш бөліктен жасаған. Бір бөлігін «кезуші» деп, оқшаша ұстаса; бір болігін «тосқауылшы» деп, енді бірін «салықшы» деп, сақтықта қосымша ұстап отырған.

Бастапқы келген жұз жігітті, қолбасы мырзасы Үйсінді (Майқы би ұлты) «Ұлы жұз Үйсін» деп атады. Тұп қазық «салықшы» болсын, жауға бұлар шаптай, тас-түйін боп тұрсын,— десті.

Ортанышы келген жұз жігіт, қолбасы мырзасы Болатқожа (Қотанұлы, «қожа» сөзі дінмен айналысатының корсетіп тұр), бұл жұз жігіт «тосқауылшы» боп орта буында жүрсін, һанның кеңесші, бақылаушысы есебінде болсын деп, оны «Орта жұз Ақжол» атады.

Соңғы келген жұз жігіт қолбасы мырзасы Алшынды (Қоғам ұлты) беті қайтпаған жауужүрек, жан қадірін білмейтін «кезуші» деп, алдында жүріп, жауға шабатуғын осылар деп, «Кіші жұз Алшын» деп ат қояды. (М.Ж Қөпееев, 2т. 63 бет)

Ұлы жұз туарда анасы қой етіне, Орга жұз туарда балға, Кіші жұзде борінің жүрек етіне жерік болған еken. Қой – момындықтың белгісі; бал – шешлендік, білімділік белгісі; бәрі – ержүрек, батырлық белгісі болып келеді.

Үш жұздің сины.

Ұлы жұзді – қауға беріп малға қой, ұлы жұз шаруаға мығым; Кіші жұзді – жауынгер, бес қаруын сайлап, жауға қой;

Орта жұзді – қамшы беріп дауға қой, деудің мәнісі бұрынғы күндерде дауласып, биге келген екі адамның келісімімен би қамшысын алады еken, одан соң олар басқа биге бітімге ба- руына болмайды. Ал алдына барып, қамшынды берсөн, орта





жүздің би бітірмей жібермейді,— деген сөз бар екен (міндетті түрде әділетті орынатады екен).

Үш би : Әз Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би.

Үш бидін жер бөлуі. Қазақта ақылы адасқанды, даушарғыны бітістірген, қалықтың бірлігін ұстап, ел басқарған һанға, жауға шабар батырға жөнін айтып, ақ жолға салып отыратын билері болған және аз болмаған. Солардың бізге сөзімен де ісімен де жеткені, жақынырақ та, танып білгеніміз де осы үш би: болған. Олар жайлы Нығмет Текешев:

Қазақта үш би бонты ел қалаған
Аузына не айтар деп жұрт қараған,
Әз Төле, Қаз дауысты Қазыбек би,
Әйтеке үшеуінен сөз тараган.

Үшеуі ақылдасып жер бөледі,
Үлкен деп Ұлы жүзге жол береді.
Әз Төле қалау сізге берілді деп,
Әйтеке, Қазыбек би тең келеді.

Теле би таңдал апты Алатауды
Ол кезде мекендерген Қарататуды.
Сол заман қалық қалай ынтымақты,
Қазакқа үш ақ кісі айтқан қаулы.

Қазыбек Сарыарқага ие бопты
Айтқаны елге сондай жүйе бопты.
Жайық пен Манғыстауды Әйтеке алып,
Қалыққа құтты қоныс майдай жақты.

Үш бидің толып жатыр өсиеті,
Үлгі боп елге істеген әділеті.
Болса да талай ғасыр өлғеніне,
Қалған жоқ ел аузынан қасиеттері.

Адамның ішкі нұр сәулесінің үш аты бар: еңбеккорлық, жақсылық, кішіпейілділік



Адамның ішкі колеңкесішің де үш аты бар: сұйкімсіздігі, кызғаншақтығы, менмендігі

Адамды қор қылатын үш нәрсе:

а)надандық – білім – ғылымның жоқтығы;

ә)еріншектік – құллі өнердің дүшпаны, талапсыздық, ұтсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

б)залимдық – адам баласының дүшпаны. «Дүшпандық адамнан адамға бөлінеді, бір жыртқыш һисабына қосылады», – дейді Абай.

Үш әдемі қасиет: сұлу қоқтем, семіз күз, қырағы көз

Келінің үш қүйеуі болады: алтын елі, ар-намысы, алған жары

Үш қазына: ер қазынасы – жүрген із

ел қазынасы – көне көз

тіл қазынасы – ескі сөз

Үш сақ: көз-жіті, құлақ-сақ, коніл-кең болу керек.

Үш бар: биіктеп кетсөн – құлау бар, қуанып кетсөн – жылау бар, у ішсөн – тәнті құлау бар.

Үш жүрттың тілін білген адам, басқадан үш кез биік болып тұрады.

Үш билік: билік, дәүлет, даналық.

Үш кедейлік: кежірлік, еріншектік, үйқышылдық.

Үш саналы қасиет: адамда – әруаһ, малда – кие, аста – кепиет.

Үш саналы тағылым: мейірімнен – сауап, жақсылықтан – шарапат; жамандықтан – кесапат.

Құтқарушы үш нәрсе: оңашада да, жарияда да Аллаһдан қорқу. Кедейлікте де, байлықта да жақсы ниетте болу, рзалықта да, ашууда да әділ бөлү.

Қыратушы үш нәрсе: сараңдық, өуейілік, өзімшілдік.

Дәрежені көтеретін үш нәрсе: сәлемдесу, қонақ күту, жүрт дамылдап жатқанда намаз өку.

Күнәні жуатын үш нәрсе: сұық түнде дәрет алу, жамиғат намаздарына бару, намаздан соң келесі намазды оку.

Патшаның үш тұрқы: патшаның қолтығы кең, қүйрығы ұзын, патша залым болса, жүрт тозады, патша ғалым бөлса, жүрт озады.





Һан мен қарашаның һақы: һан – қазық, қараша – азық, һан – шаңырақ, қалық- уық, һан – сокпак, би – тоқпақ, һан қасында уәзір білгіш болса, қара жерден кеме жүргізеді.

Үш жұрт. Жігіттің үш жұрты бар: ата жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Өз жұртың – күншіл; бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды; жақсы болсаң күндейді, жаман болсан жүндейді; Нағашы жұртың – сыншыл; жақсылығыңа сүйсінеді, әрқашан тілеуінді тілейтін тілеуқорың болады.

Қайын жұртың - міншіл; қолыңың ұзындығына қарайды, жағаңың қызылдығына қарайды; берсең жағасың, бермесең дауга қаласың.

Үш достық: Әйеліңмен дос бол–үйіне береке енеді.

Азаматпен дос бол–қадірінді біледі.

Білімдімен дос бол–сасқанды ақыл береді.

Үш қуат: 1. Ақыл қуат. 2.Жүрек қуат. 3.Тіл қуат.

Үш ғайып: 1.Ажал ғайып. 2.Қонақ ғайып. 3.Несібе ғайып.

Үш арсыз: 1.Ұйқы арсыз. 2.Тамақ арсыз. 3.Құлқі арсыз.

Үш даусыз: 1.Мінез. 2.Көрілік. 3. Ажал

Үш қадрсіз: 1.Жігіттікі қастерлемеу. 2.Денсаулықты бағаламау. 3.Жақсы жарды қадірлемеу.

Үш жамандық: 1.Нақақ қан төгу. 2.Кісі малын нақақ алу.

3.Ата – бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Үш қанағатшыл: Ақымақ өткенімен қанағаттанады.

Шала есті келешегімен қанағатшыл. Ақылды бүгінімен қанағаттанады.

Үш жақын : 1. Жан тәтті. 2.Мал тәтті. 3.Жар тәтті.

Үш көз: 1.Су анасы – бұлақ. 2. Жол анасы – тұяқ. 3. Сөз анасы – құлақ.

Үш тоқтам: 1. Ақыл – арқан. 2. Ой – өріс. 3. Адам – қазық.

Үш алые: Жер мен Көк алыс. Көрі мен Жас алыс. Жақсы мен жаман алыс.

Үш із: 1.Бала – артта қалған із. 2. Бақыт – ұзатылған қыз

3. Байлық – қолға ұстаған мұз, дүниенің қызығы – Сіз бен Біз.





Үш сөз: Ақыл – арқан, ой – тұсау, адам – қазық.

Үш пәк: Аспандай ашық; Тұңғиықтай тұнық;
Нәрестедей пәк.

Үш бунақ : Қалық ауа райын сабактас басқару үшін бір жылды «Үш бунаққа» - жылы, ыстық, суыққа бөлген.

Бас бунақ - қара қатқақ, ашты өзек

(шамамен ақпанның 9 - наң маусымның 9- на дейін);

Орта бунақ - түяқ терлеп, қой күрлеп, деп аталған
(шамамен маусымның 9 - наң қазанның 9 - ы аралығы);

Аяқ бунақ - тоқты тоймас, шоміш кеппес, деп аталған
(шамамен қазанның 9 - ы мен ақпанның 9 - ы аралығы);

***«Төрт» санымен келеті осиеттер де барышылық:**
«Әлемнің төрт негізі», «Төрт құбыла», «Төрттаган», «Төрт тұрман», «Төрт тоқсан», «Төрт сәуегей», «Коқтен түскен төр қылыш», «Төрт табақ тарту», «Төрт тұлға», «Төрт маусым», «Төрт тоқсан», «Төрт тұлік», «Төрт мұрат», «Төрт мұлік», «Төрт қорлық», «Төрт Ғалифа», «Төрт Періште», «Төрт пір», «Төрт күна»

Әлемнің төрт негізі: Топырақ. Ая. Су. От

Төрт сәуегей: Тамыршы. Жауырыншы. Еспші. Құмалақшы.

Төрт тұрман: Ер тұрман. Мұкәмәл. Жау жарақ. Бес қару.

Төрт кітап: Тәурат – Мұсаның кітабы. Зәбүр – Дәуіттің кітабы. Інжіл – Исаңың кітабы. Құран – Мұхаммедтің кітабы.

Төрт қылыш: Һемham. Сәмсам. Зұлғыожа. Зұлғыһар.

Төрт тоқсан: Қазақ қалқы бір жылды төрт тоқсанға боліп көшіп қонып отырған: Жазда жайлайуга, күзде күзеуге, қыста қыстаууга, көктемде көктеуге қошіп қонған.

Дүниенің төрт бұрышы: (төрт құбыла)

Күннің шығысы (шығыс) Күннің батысы (батыс)

Күннің оң түстігі (түстік) Күннің сол түстігі (терістік)

Төрттаган: Төрт жолды, ойы жинақы бір шумақ өлең.

Төрт табақ: Қазақ ғұрпында қонағына табақ тартқанда,





оның ерекше құрмет дәрежесін білдіретін торт түрлі атаулаған: Бас табақ: бас (шеке), жамбас, асықты жілік, қазы, қарта, жал, жая, белдеме;

Орта табақ: жамбас, ортан жілік, қазы қарта, белдеме (ұзын омыртқа), сүбе;

Сый табақ: жамбас, ортан жілік, асықты жілік, қазы қарта, омыртқа;

Ал, қыз ұзату, не келін түсіру тойы, не қызы төркіндеп келгенде, не қонысмай беру (қонағасы қонақ асы) болса; қыздар табағы (жілік, жүрек, бүйрек, тіл), құдалар табағы бас (шеке), үлкен жілік тұтас, қазы, қарта, жал, жалпақ омыртқа); құдағилар табағы (жамбас, асықты жілік, сүбе омыртқа); келін құдашалар табағы болып тартылады; ас даяшылар, малышылар да ұмыт қалмайды. Әсіреле табақтың қызықты болуы сойған малға (қой, тай, үлкен жылқы) байланысты, кісіге арық мал сойылмайды. Қонақтарды дәрежесіне, құрметіне, жасы үлкендігіне, т.б. бас ерекшеліктеріне қарай отырғызылады.

* **Бес санымен** келетін: «*Бес бақыт*», «*бес сезім*», «*ғылымның бес тілі*», «*бес асыл*», «*бес дүшипап*», «*бес парыз*», «*бес уақ намаз*», «*бес топ*», «*бес түлік турлері*» және «*бес қонақ*». Қазақ қалқының астрологиялық жүлдіznама білімі ертеден – ақ анық та, дұрыс жетілген. Ел аралап, жер шола жүргендегі қолдарындағы (адрес) мекен-жайы жүлдіz, жер, су, ну, тау атауларымен үлкен есеп жүргізіп отырған. Сол себептен бір жылды алты ай жаз, алты ай қыс деп бөлген. Әр айда отыз қүн болған. Жыл аяғында артық бес күнді «*бес қонақ*» деп атаған. Осы қыс пен жаздың қақ ортасындағы «*түске дейін муйіз, түстен кейіп киіз*» болып тұратын «*бес қонақты*» қазақ есіне қатты алып бағалаған. Мұны «*жусанның жіңішкерер, жіңішкенің үзілер арасы*», деп, оны «*өліара*» деп атаған. Өліараны өткізбей жолаушы жолға шықпаған, той-жынын жасалмаған, мал сойылмай, қонақ шақырылмаған. Қыстан қалған сүр, пісаңтарын созатарта өлара кезеңін аман-есен откізіп салған. Осы «*бес қонақ*»





күн өмірдің есебінен қалыс қалмай отырып, қайтыс болған адамдардың әр отыз жасына бір жас болып есепке кіріп, 60 та 62-ден 63-ке қаратып, 70-те 72-ден 73-ке, 90 да 93-тен 94-ке қаратып жерлеп отырган. Бұл есептің бәрі 22-наурыз - бірінші ай - жыл басы есебінен басталатын болғап. Қыс керуені қаңтар - он бірінші ай болып келген. Қеңес заманында он бірінші ай - қараша (ноябрь) делінген. Сонда, XІ-айда туған бала өз жасынан он бір ай кіші болғаны ғой. Әрі наурыз күнінің есебінде 22 күнге не артық, не кем бол тұрады. Біздің жобалауымызша «бес қонақ», «жуанның жінішкөріп, жінішкенің үзілер кезі» осы «өліара», ескіше ақпанда жұлдыздың екі жаңасынан басталады білем. Бұрынғы есепте айдың жүрісі отыз, отыз бір күн болмайды, жұлдызбен есептелінген; таңың атып, күннің бату аралығында жылында бес күн қалыс қалатынын қазақ есептің астрологтары өте дәлдіктे біле алған. «*Күнім өтіп барады деп, жылаған қазақ*» күннің бір тұтамын да бос жоғалтпаганының дәлелі осы болар.

Оліара өтісімен үй қора тазаланып, кір қоқыс жуылыш шайылып, бүр бұзылып (бүрілген соғым сар маңызы) Жыл басы – Жаңа жылға дайындық басталады. Жаңа жылды өткерген соң, жыл соңының қара сұығына бала-шага, мал-мұлікті ұрындырmas үшін жылнамалардың есеп болжамын бағамдай отырып, сәуірді еңсере, мамырда мамырлай көшіп, жер қайысқан гүл мен шалғынға қона бастаған. Бір жыл ерте, бір жыл кеш көшу мәнісі осы жұлдыз жорамалда жатса керек.

Жазғы жайлауды қырық-елу шақты күнде, топырағын шаңытпай, көгалын тоздырмай ауыстырып отырган. «Жерді тоздырып, ғулін солдырып, көгалы өліп, жердің шаңы шықса, малға қолайсыз, адамға жәйсyz болып, тұрлі науқас пайда болмас үшін, үнемі қоныс аударып отырган. Жаңа жердің түрі кілемдей жәйнап, шаңсыз, дәрі шөптегерінің исі аңқып, сар саумал исіне қосылғанда көнілің елітіп, денең сергіп қалушы еді», – дейтін анам бір әнгімесінде.



Бес парыз: Құдайдың бірлігі мен Мұхаммедтің пайғамбарлық қасиетін мойындау.

Намаз оку. Ораза ұстая. Қайыр садака беру. Иман және Иңсанды (адамгершілік және раһымшылықта) болу

Бес қару: Садақ. Найза. Қылыш. Айбалта. Күрзі (Мылтық).

Бес бақыт: Денсаулық. Ата ана. Бала. Жанұя. Өтан.

Бес асыл: Талап. Енбек. Мақсатты ой. Білім. Қанағат.

Бес дүшпан: Өсек. Өтірік. Еріншек. Мақтансақ. Дарақы.

Бес сезім: Ақыл - дос, ақылыңа ақыл қос.

Адалдық - қадір - қасиетің нық.

Ғашықтық - жүргегінің қалауы.

Сүйіспеншілік - ата ана, бауыр, туыс, дос, корші, маңайға қөнілің.

Кішіпейілділік - Ұлық болсаң да, кішік бол, деп, сөз қоссақ айып болmas.

Бес қасиетті: Ұлағатты

Сабырлы

Тәрбиеші

Адал

Зиялды



ҰСТАЗ.

Бес тұлік: Жылқы. Түие. Сыр. Қой. Ешкі.

Бес қонақ: Қазақ есепшілері бір жылды алты ай жаз, алты ай қысқа болген. Жыл аяғында он екі айдың есебіне кірмей қалған бес күн «бес қонақ» деп аталған дедік қой жоғарыда. Осы қыс пен жаздың қақ ортасындағы «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» болып тұратын кез «жусанның жінішкеріп, жінішкенің үзілдер арасы» деп, жағарыды айттық.

Фылымның бес тілі: Фәлсафалық ой тілі

Шығармашылық – онер тілі, Әдеби – мәдени тілі

Дін – ғибадат тілі, Қоғам – һұқ тілі

Бес уақ намаз:

Таң намазы – шығыс көкжиектен таң рауандаганнан басталып, күн шығудың сәл алдына дейінгі уақытта қыллады;





Бесін намазы – күн тас төбеден сәл ауғаннан басталып, әр нәрсениң көлеңкесі бір, екі есе ұзарғанға дейінгі уақытта оқылады;

Ақшам намазы – күн батқаннан басталып күнбатыстағы қызыл арай, не ақ шапақ жоғалғанға дейін созылады;

Екінші намазы – бесін уақытының аяқталуынан басталып, күн батқанға дейінгі уақытқа созылады:

Ақ намазы (жашыйық, не ясту намазы) – ақшамның уақыты шыққаннан кейін, таң намазының уақыты кіргенге дейінгі аралықта оқылады;

Бес сайыс: Шынығу (спорт), күрес түрлері (белдесу, іштен шалу, алып соғу, т.б.)

Ат жарысы – (бәйгі, аударыспақ, қыз қуу, көкпар);

Нысана көздеу – жамбы ату, мылтық ату;

Жұзу – түрлі қашықтықта, өзен көлде бойлау, құлаштау, шалқалау, сұңғу; теңізді жарып өту, құламадан секіру, соңғы екеуі өте сирек жағыдайда, бәс тігіссе, не киын қыстаң жағыдайларда ғана болған. Жұғіру, секіру – түрлі қашықтықта.

Бес тұліктің пірлері: Қазақы салт-санада малдың да «иесі» болады. Әр шаруаның бір пірі бодады – мыс:

Қөй атасы – Шопан ата.

Шаруаның бір пірі – Шопан ата,

Келтірме қу, пір ата, қойға топан.

Жылқы атасы – Қамбар ата.

Шаруаның бір пірі – Қамбар ата,

Тілегенге өзің бер актан бата.

Түйе атасы – Ойсылқара.

Шаруаның бір түрі – Ойсылқара,

Түиені өсір жарылқап, болсын пана.

Сиыр атасы – Зеңгі баба.

Шаруаның бір пірі – Зеңгі баба,

Сиыр берсең сүтті бер, өңкей мама.

Ешкі атасы – Шекішек ата.





Шаруаның бір пірі – Шекшек ата,
Қарағай мұйіз серкелі,
Шүйде жалды желкелі,
Шекшек ата баласы,
Ешкі бассын үйінді.

Бес жақсы : Қалың мал, немесе кісі құны ретінде төленетін дүние мұліктің, малдың ең бағалы, басты деген төрт түрін айтады. Ол әр аймакта әртүрлілеу болып келеді.

1.Жүйрік ат, 2.Нар түйе, 3.Бұлғын ішік еусар не кәмшәт бөркімен, 4.Қалы кілем 5.Алмас қылыш, (кей жерде:бәйгі ат,берен мылтық, немесе бөрік сауыт, сырт киім,артық түйе деп аудысады).

Бес осиет: – топасқа сенбе,

- тасыр адам алдында осалдық жасама,
- қайда да, тіпті үйінде де сақ жүргейсін,
- өзі аш отырған үйге қонаққа барма,
- жаманның қолынан сыйлық алма.

Көпке қызмет жасайтын адамның бес қасиеті:

1.Бір көзі жұз көзден артық көре біліп, екінші көзі көр соқырдан бетер көрмейтін болсын.

2.Бір құлағы сақ, екіншісі «керен» болсын.

3. Көнілі керуен сарайында кең болсын, естіген, көргенінің бәрін көніліне сыйғызып, әрі сақтай білсін.

4. Есі естігенін қайталаушы болмасын, жақсы да, ақылды созді ғапа айтсын.

5. Әрі зәр, әрі бал тоғетін тілі болсын.

Көркемдік бес таным: алып ер, қара жер, шырын су, қызыл қан, қара тер (еңбек).

* **Алты саны** жәйында да білуғе тұрарлық жөн-жоба бар. Мәселен, «адамдардағы алты асыл қасиет», «алты игілік», «алты парыз», «алты асқар», «алты алааш», деген сияқты ұғымдар.





Алты астам тұл. БҮҮ-ның деректері бойынша, алты қалық-ааралық тілде тарайды. Олар: Һанзу (қытай), ағылшын, орыс, испан, араб, француз. Бұл да оп - оңай дүние болмаса керек.

Алты алаш. Алты алаң туралы ел аузында түрлі пікірлер айтылады. Бірінде алты ұлтты кіргізеді, енді бірде қазақтың өз ішіндегі тайпалар бірлестігін жатқызады. Біздің бақылауымызша ру емес тайпа құрылышында болған мемлекеттері кіруі керек сияқты.

Алты асыл қасиет: Руһтың түп тамыры; күш-қуаты; жау-хар жақұты; өмір пәрмені; арзу арманы – алты асыл қадір қасиеттің он бойында. Бұл алты белгі әр адамның бойында да болмақ. Олардың әрқайсысы өзінше бір Әлем, бір-бір құдірет.

Бірінші – нәпсі. Ол сезім мүшелерінен тұрады.

Екінші – парыз. Парасат, түйсік, түсінік сезімдерінен туады.

Үшінші – ақыл. Таным, түсінік, ой – сана, түп түйсікті басқаратын – осы.

Төртінші – ілім. Санага сәуле түсірер, түйсікке түйір себер, дән ризығын теруші – осы.

Бесінші – қамқорлық. Бейшараға пана, қам көнілге – қажыр қайрат, дертке дәрмен, ауруга ем, жанға жанашыр – осы.

Алтыншысы – тауғид. Жалқыға жұп, жалғызға сеп, жеке-те жетекші, бейілге бейім қасиет осы. (Негізінен өзбек тілінде басылған құжаттан алғаш тәржімалаған Исраил Сапарбай).

Алты парыз:

1. Адамдардың бір-біріне деген міндетінен тұрады.
 2. Бірбіріне сәлем беру 3. Шақырғанға бару
 4. Кеңес сұраса ақыл қосу. Сұрағанына жауап беру.
 5. Ауырса көнілін сұрау. 6. Қайтыс болса көнілін қосу.
- (Мұхаммед пайғамбар һадисінен)

Алты иғілік: Денсаулық. Қазына. Әйел. Ұрпақ (бала). Білім. Дос.

Жадқа түйгенімен оқып білгенінен жөнге келтіре отырып, біздің қазақ - мұсылман алты асылға қосып, «*адамдагы жеті жетістік - қасиет*» деп, *руһты негізге қояр болар*. Руһ бүкіл төрткүл





дүниенін өуелгі әміршісі, һем һалифасы. Әлем руһпен ғана абат та азат, әсем де көркем, ғажап та ғанибет, дегім келеді (Б.Т.)

Иә, сеніміз күй кешип, түсінбегенімізді жокқа шыгармайық та, оған асықпайық, одан да оның себебін іздеуге құлшынайық. Бәрін білеміз деген өркөкірек мінезден аулақ болған жон. Дүниеде жұмбағы шешілмеген, тылсым күші аңызға айналған оқиғалар баршылық, деп ұғынамын. Аңыздың да арғы-бергі түбінде бір шындық барын ескерген жөн.

Ата-бабаларымыздың, судай аққан қапы қара жер топырағына сіңін, көзге көрінбес бір ұлken қажетімізге айналғаны болар, ал сан мындаған жарықтық арғымақ, сәйгүлік жылқылардың тұяғының дүбірі, қылың, наиза, айбалталардың шаңқ-шұңқ даусы мен жарқылы, анау-мынау адам көтере алмас гүрзілердің гүрсілі аспан-жер қойнауы, тау-тас, жыратшатқалдардың жадында мәнгі жазылып қалғанына сенбеске болmas. Табиғаттың жадына сене көріңіз. Табиғаттың да козі, құлағы, есі мен иесі бар. Ол ұсақ-түйекті де елейді, ал соғыс сияқты, көші-кон, керуен сияқты мың-сан тіршілік жиынтығынан шыққан руһ, сана **өрісі** (-биоток), **куат**(-энергия), **қан**, **жан**, **ой** тағы басқа қасиеттерді бойында сақтап, келер ұрпаққа сыйлық ретіндей, әр ғасырға бірді-екілі ғұлама берін, «осалын» өзіне қайтарып алышп» отыратын секілді. Мен үшін ғасыр үні қазағымның сансыз алмасқан ғасырлар үні секілді естіледі. Әттең, ғасырлар сырына теренірек үңілуге, мына желкедегі жетпіс жыл бөгет те болған екен. Әттең, дүниәй, сырына мен ғашықтын, ұлғайғанда білуге сонша асықтым. Иә, Дала ғасырлар айнасы гой! (БТ)

* Ендігі сөзіміз киелі санның бірі –«жеті» жайлы.

Қай ел болмасын өмір салтында бақсылық, балгерлік болғанын білеміз. Сондай ұғымдар қазакта да болды. Қазақ құмалақ ашқанда, құмалақты үшке бөледі де «жетіскенге келетін жеті әліп», – дейді. Мұндғы әліп - «білу», «тану» деген мағынада. (Кырғызша: «айлағер құды - қырық бір арыбы





бар» дейді). Құмалақ аша білетін қариялар сөзіне қараганда, құмалақтың «жеті әліп» бол келуі - маңдайы ашылған, бақыт қонған, қыдыр дарыған кісінің белгісі. Мұндағы «жетіскен» деген сөз «жегі әліп» бол келудің «жаман» белгі емес дегенді жетістік деп үқтырады. Қазақ, біреуді кекете сойлегендеге, «осы сен неменеге (жеті есеп дегенге сайды) жетісін отырысың?» - дейді! (неменене масаттанып, байып отырысың мағынасында). Бұны сәуегейлік десек те, создің тегін шықпайтынына сеніңіз. Тек ол сөзді түсініп, біліп айтқандар болған да, келе-келе мағынасын түсінбей, дәстүрлі сөзді білмей, түсінбей, тек, қайталаушылар барын түсіну. Қалық, жеті қабат жер, жеті қат көк (аспан), - дейді. Өзінің ойын «жеті» мен байланыстыруда бұл сан есімнің қазақ өмірінде және басқа да қалықтың атам заманғы өмірінде азды – көпті дерегі бар екенин көрсетеді. Сондықтан «Жеті қарақыш» (Большая медведица - орысша, қырғызыша - «Жеті арһар») жұлдызының атауы, бұл санның аса бір қасиетін көрсетеді. Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Оның 1,8 көрінерлік жұлдызыздық шамага дейін жалтырап көрінетін ең жарық жұлдызышасы Алиот пен Дубке деседі. Жетіқарақышының жарық жеті жұлдызының сыртқы пішіні шөміш тәрізді. Оның шеткі екі жұлдызы бойынша **Темірқазық жұлдызының** табуга болады. Жетіқарақыш наурыз, сәуір айларында жақсы корінеді Темірқазықты айнала қозғалатын Жетіқарақыш арқылы жер тараптары мен тұнгі мезгілді айыруга болады екен. Адам көзге бадырайып қарап тұрган жеті жарық жұлдызды оз атымен атаған да болар, дегенмен мұнда еш киеллік жок, деу дұрыс болмас. Себебі, басқа жұлдыздардың бірін «Темірқазық», «Үркөр», «Шолпан» десе, енді бірін «Есек қырған», «Ақбозат», «Көкбозат» деп те атаған. Ал, көзге баданадай көрініп қарап тұрган жеті жұлдыз «жетіқарақыш» дегенді дұрыс деп түсінсек, мұнда діни ұғым жок, десек, онда қазақ, көзге көрінбейтін тұнді неге «жеті түн», «жеті қарангы түн» (темный мрак) дейді.





Яғни: «жеті түнде негып жүрсің?», «жеті қараңғы түнде қайда барасың?», немесе «жетіқарақшыны таныған жеті түнде адаспас» деген (фраза) сөз жүйелері жиі айтылады. Бұл жетінің «жеті - (магия) сиқыршы күш» саны болуда. **«Жеті әулие»** (бұзірік, мұдірік деп те келеді) мұндағы «бұзірік» - зор, ірі деген магынада, яғни, Іслам дінінде: **«жеті шәріп»** деген ұғым түр:

Жеті шәріп мыналар:

- | | |
|------------------|--------------------------|
| 1. Мекке шәріп; | 5. Қатым шәріп; |
| 2. Мәдинә шәріп; | 6. Құддыс (Мысыр) шәріп; |
| 3. Бұнар шәріп; | 7. Кәлем (Құран) шәріп. |
| 4. Шам шәріп. | |

«Жеті аспан»: күміс, алтын, меруерт, ақ алтын, жақұт, анартас және ғажайып жарық.

«Жеті дозақ»: Сагир. Лазо. Саһар. Жаһим. Жаһаннам.

Һауия. Һатома

«Жеті сана»: Сенім, Үміт, Қайрымдылық, Ақылдылық, Әділеттілік, Сабырлылық, Рұх күші.(Б.Т.)

Таураң кітабы бойынша Жаратқаның Әлемді жаратуға арнаған «жеті күні»:

Бірінші күні – **Нұрды (жарықты)** жаратқан.

Екінші күні – **Аспаиды** жаратқан.

Үшінші күні – **Жерді** жаратқан.

Тортінші күні – **Күн, Ай, Жұлжыздарды,**

Бесінші күні – **балықтар мен құстарды,**

Алтыншы күні – **Адамдар мен аңдарды** жаратқан.

Жетінші күні – **дем алған.**

Олімге себепкер жеті күнө: Тамақсаулық. Жалқаулық. Нәспікүмарлық. Өркөкіректік. Ашушандық. Қызғаншақтық. Сарандық. Бұл жеті күннені V-гасырда суретші **Иероним** тамаша бейнелеген.

Әлемнің «жеті кереметі» «Әлмисақтан бері мұсылман-быз», – деп жүрген қазақ ұғымындағы «әлмисақ» дәуірі үш





мың жылдықтың арғы тоңірегіндегі әңгіме екені даусыз. Оған бір дәлел ретінде грек қалқының «Әлемнің жеті әлеметі» (кереметі) дегені қай заман?! («Семь чудес света»). Мұның өзінің арғы дәуірін ұмыт қалдырмай отырып, жаңа косарларымен толықтырылып отырылады.

Ал, алғашқы аты әлемге айғақ «Жеті әлемет» мыналар:

1. Колос Родосский - күн құдайы Гелиосқа арналған (бронза) қола (статуя) - мүсіні (сымбат өнері), б.д.д. 224 жыл. Биіктігі 32 м, Родос аралында. Зіл-заладан құйрекен.

2. Эфестегі Диана храмы (ғылым ордасы, шіркеу). Қазіргі Түркия аймағында. Колонналарының бінкіткігі 18 метр (аршын), 1 аршын (скального монолита) жартастан тұтастай ойылып жасалған, ішінде грецияның ең таңдаулы суретшілерінің суретімен безендірілген, б.д.д. 262 жылдар.

3. Египет жағалауына жақын тұстағы Фарос маягі (теніз бағдаршамы), б.д.д. 283 жылдар. Биіктігі 180 метр шамшырақ, үлкен кемелерге портқа жол көрсетіп, 1500 жыл қызмет жасаған. Зіл-заладан жойылған.

4. Галикарнас қаласындағы (Түркия) Мавзол патшаның табыттанасы (жерленген жері, б.д.д. 353 жылдар. Өте әдемі, алтып дүние болғандықтан, патша атымен мавзолей делінген. Осы үрдіс әлі де жалғасуда.

5. Зевс статуясы – мүсіні, сымбат өнері, Олимп қаласы (Греция), Фидия 12 метр (аршын) денесі сүйектен жасалып, алтыннан киім кигізіліп, көздері ең асыл тастандардан жасалған ғажайып. Әлем таңқаларлық ғажап дүние болған. Бұл да жойылған.

6. Вавилон қабырға - корған (стены защитные) немесе Семирамида аспалы бағы, деп те аталған, қазіргі Ирак жерінде болған, б.д.д. 600 жылдардан бұрынырақ (до н.э.) Навуходоносар патшаның бұйрығымен жасалған. Биіктігі 100 метр, кірпіштен жасалған. Қазір орнында құм үйіндісі жатыр.

7. Египеттегі пирамidalардың ішіндегі көзге ерекше түсетін аса көркіті де көрнекті Хеопстың пирамидасы. Оны





шамамен 6 мын жылдар бұрын Хеопстың(Хуфу) өзі түрғызған. Фараон әйелдерімен жерленген. Пирамидаға әрқайсысының салмағы 2,5 тонналық 2300000 дана қашалған тас жұмсалғаны есептеп шығарылған. Пирамиданың жалпы салмағы 5 миллион 750 мың тонна, биіктігі 137 м. Кейбір мамандардың пайымдауынша Хеопс пирамидасына жұмсалған тастардан осы замандағы 120 мың тұрғыны бар қала салуга болады екен. (Жиырма жыл ішінде салынып бітсе керек). Пирамиданы түрғызу үшін алмастырылып отырған 100 мың құл жұмыс істеген деген сенімсіз дерек бар.

Қазіргі кезде оның ерекше ерен жоғарғы сананы меңгерген бір Құдірет күші (Высший разум) салғанын дәлелдеуге тырысуда. Гажайыпты ғажайып күш қана орнататына мен сенемін. Ғасырлардың ғасырында Пирамида өзі дәлел иңдік ашылғандағы оны дәлелдей ала қоймас. Ғалымдардың дерегі, тек, болжай ғана. Қалық емшісіне, нағыз көріпкілдің болғанына, ғасырлардың дана ұғымына сенімсіз қараган білім алға басып, жүзеге аса қоймас; түсте тұлқінің боғы емес қой... Теренірек ойлансақ, миллиондаған құлдардың қолынан мұндай алып жұмыс келе қояр ма екен? «Высший разум» – «Ең Жоғарғы Сана Күшінің» ғажап туындысы немесе «Гарыштық қуат» шығар деген ойдан арылу қыын-ау. Мұндай күшке ақыл жеткізе алмай, Гылым да мұдіретін секілді.(БТС)

Ертегрек Әлемінің жеті ақылманы:

Ертегрек Әлемі бізге дейінгі дәуірлер мен жылдардан он жетінші ғасыр аралығында көптеген данышпандарды (әр ғасырда жеті ақылманын) дүниеге келтірген Гомер, Гесиод, Периандр, Солон, Фалес, Һилон, Эзоп, Анаһарис, Гераклит, Пифагор, Эсхил, Геродот, Гиппократ, Демокрит, Исократ, Платон, Сократ, Софокл, Арестотель, Бион, Менандр, Эпикур, Цецилий, Гай Цинерон және Рудаки, Авиценна, Фирдоуси, Омар Һаям, Саади, Баруғ т.б. данышпандар болған

Сондай ақ жеті санымен аталатын «жеті кереметтер»:

V - ғасырдан бері танылған жеті керемет:





1. Ертедегі Артемида храмы
2. Александрияда жер астындағы жол тішінде қазылған мазарлары
3. Қытайдың ұлы қорғаны
4. Англиядағы алыш тас қорған
5. Италиядағы Пиза қисық мұнарасы
6. Қытайдың Нанжин қаласындағы фарфор мұнара.
7. Істамбулдағы әулие София гибадатханасы.

Біздің жыл санауымыздан үш ғасыр бұрын ұлы қолбасшы патша **Ескендер Зұлқарнайын** (Александр Македонский) Кіші және Орта Азияны, Египетті, Оңтүстік Индияны, т.б. елдерді жаулап алғып, сол оңірлердегі өзі көріп тамашалаған ерекше сәулет онер үлгілеріне аса жоғары баға берген. Кейінгі заманда олар:

«Әлемнің жеті кереметі» аганған.

XV-ғасырға дейін қалықтар ұғымында қалыптасқан **«Жеті теніз»** бар:

- | | |
|--|------------------------|
| 1. Жерорта теңізі | 4 .Парсы теңізі |
| 2 .Батыс Африка теңізі | 5. Шығыс Африка теңізі |
| 3. Қызыл теңіз | 6 .Үнді теңізі |
| 7. Оңтүстік Қытай теңізі («Жердің шеті», «Конец света»). | |

Табиғаттың «жеті кереметі»:

- | | |
|----------------------------|---------------------------|
| 1. Иорданиядағы өлі теңіз | 5. Норвегияның тұні |
| 2. Гавайдың жанартай | 6. Сахараның қызыл құмы |
| 3. Бермудтың ажак үшбұрышы | 7. Тунгус метеорит үңгіре |
| 4. Шизанның мұзды алқабы | |

Қиал – ғажайыптың «Жеті кереметі»:

- | | |
|-----------------------------|----------------------------|
| 1. Нис көліндегі құбыжық | 5. Нұһ пайғамбардың кемесі |
| 2. Биік таудың қар адамы | 6. Гарыш адамы |
| 3. Ну ормандағы жабайы адам | 7. Жер асты құпиясы |
| 4. Ұшқыш табақ (нло) | |

«Жеті жетім»:

Тындармадаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,

Ақку, қазсыз **көл** жетім,
Жерінен айрылған ер жетім,
Замандасы қалмаса.
Бәрінен де сол жетім.





«Жеті ғашық»:

Қалықтың ән-жыр, қысаларында жеті ғашық мынадай екі нұсқамен беріледі.

а)Ләйлі – Мұнүн, Жүсіп – Зылиқа, Фарнад – Шырын, Тайир – Зуһра, Арзу – Қамбар, Үәлик – Ғарра, Үәки – Құлшан.
ә)Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиқа, Фарнад – Шырын, Баһрам – Құләнда, Сейфілмәлік – Бәдіғұл (кей нұсқада Жамал), Бозжігіт – Анула (кей нұсқада Қарашәш), Зияда – Һорлы (Һорлы – Ғайын).

Вавилондықтардың есебінше, әлемде жеті планета бар, сондықтан олардың ғибадатханалары жеті деңгейлі. Бірқатар діндерде шырагданды жетіден (жеті шырак) қояды.

Жеті нәрсені жақсы біл:

Малды жақсы баға біл;	Айналаңа жақсы қарай біл;
Атқа да жақсы шаба біл;	Алды – артыңды жақсы көре біл;
Мылтықты жақсы ата біл;	Қындықты жақсы жеңе біл.(Б.Т.)
Суда да жақсы жүзе біл;	

Мына «*жеті алып*» неше үрпақтар түбіне жетіп, әлемге әйгілі ғаламат болып, «жеті» ұғымымен үласуы – жеті санының қандай да бір ерекше қасиетін аңғартқандай. Сондықтан да, қандай да бір ұлылықты, зәулімдікті, өнердің алып табысын орыс қалқы «восьмое чудо света» деп қабылдауына тұра келді. Алдыңғы «жеті алып» болмаса, не деген болар еді. Олар амалы жоқ, бағынды. Дүние дамып, тариҳтың көш – керуені ұзаган сайын ғажапқа ғажантар қосыла бермек шығар. «Жеті әлеметіміз» «тоғызы» болып, «он үш» болып, тіптен «қырық» болмасына кім кепілдік бере алады. Мұның есебін журғізетіндер – болашақ үрпақтар. Эзірге білгенімізді қоса тұралық. Сондай тағы бір тамаша ғажайыптарды айтсақ артық болмас (Б.Т.).

I ғажайып: Түркістандагы Қожа Ахмет Иессауи кесенсі.

Самарқандың әміршісі, есімі әлемге аян жауынгер - қолбасшы Ақсақ Темір 1397 жылы салдырған. Бұл кесене күллі Орта Азиядағы аса құнды тариғи ескерткіштердің бірі. Биіктігі 40м жоғары, көлемі 3 мың шаршы метрден көбірек. Үлкенді





—кішілі бөлмелер саны – 314, ал орталық күмбездің диаметрі 12 метрден асады. Бұл кесенеде қасиетті бабалар жерленген.

11 ғажайып: Самарқан аймагын ертеден мекендеген қалықардың бірі – қазақтар. Нұраты, Қаттақорған елді қоныстарында қандастарымыз қазірде барышылық көрінеді. Қазақтар Самарқаның Регистан алаңындағы дүние жүзіне әйгілі (архитектуралық) сәулетті Аңсамбльді тұрғызуға да ат салысқан. Алышын Жаланғос батырдың басшылығымен салынған айшақты, зәулім ғимараттар өлмес – өшпес тарихи ескерткіштерге айналған.

111 ғажайып: сол XV ғасырдың басында салынған тағы бір Орта Азиялық ғаламат архитектуралық (сәулет) ескерткіш - *Гур-Эмир кесенесі*, атақты Әмір-Темір мен өның немересі, ұлы агартушы, философ және астроном Ұлықбек жерленген. XV-ғасырда (6 ғасыр бұрын) тұрғызылған, кейіннен *Ұлықбек медресесі* деп аталған Регистан ғимаратының бейнесі оте ғажап дүние екен, *Ұлықбек обсерваториясы* делінген.

IV ғажайып: Теніздегі бағдар шам. Құмды жерде құрылыс салу қыныңың қыны. Тіпті ертеректе адамдар құмды өнірде құрылыс салудың керегі жок, деп тұжырым жасаған. Бұл тұжырымды мына бір жағдай теріске шығарған. 1761 жылы теніз апатына ұшыраған, тен-тен мақта тиеген кеме Лисау маңында жағаға шығып қалады. Мақта құмга көмілген күйде жата береді. Кейіннен біреулер құммен араласып, тас бол қатқан мақтадан үй тұрғызады. Құрылыс жайларының беріктігіне көздері жеткен өлар құммен құпталғен мақтадан (фундамент)тасірге (іргетас) қалап, теніз жағасына бағдаршам (маяк) орнатады. Сондай шамшырақ – бағдаршамның бірі екі жұз жылдан астам уақытта әлі мызғымай тұр дейді.

V ғажайып: Ұлы Моголдардың бұрынғы орталығы Агра қаласында (Индия) әлемге әйгілі өнер туындысы, ак мәрмәрдан (мрамор) қаланған *Мұмтаз-Махал – Тәж Mahal кесенесі* бар. Дүние жүзіне өл Тәж-Махал деген атпен әйгілі. Тәж Mahal XVII ғасырда император Аурангзебтің бұйрығымен салынған



екен. Мавзолейді тұрғызуға көптеген елден бармағынан бал тамған өнерлі шеберлер қатысқан. Тас қалауышылар Дели мен Кандагардан, (архитектор) сәuletші Константинопольдан шақырылып, Самарқандан келген Шәріп орталық күмбезін (купол) жасауға жетекшілік еткен. Оларға Лахордан келген шебер көмектескен. Безенідру жұмыстарын Дели мен Бұхара шеберлері атқарып, бағанды (садовник) Бенгалиядан, һұсниқатшылар мен суретшілерді Дамаск (Шам), Бағдад, Шираз шаһарларынан әкелген. Жобаның бас сәuletшісі жергілкті бесасап ұста Иса болған.

VI ғажайып: Эйфель мұнарасы. 1889 жылы француз революциясының жүз жылдығына орай қалықаралық корме ұйымдастырылып, соған орай Эйфель Александр Густав деген инженер биіктігі 300 метрлік мұнара тұрғызыуды жоспарлаған. Мұнара бой көтергенде көптеген белгілі мамандар мен ғалымдар Эйфельдің математикалық есебіне күмән келтіріп, ұзамай құлайды деп сәугеісіген. Олар тан мұндай мұнараның керегі не, түк пайдасы жоқ дескен. Алайда сәугеісімактардың айтқаны келмей, Эйфельдің мақсаты орындалып, осынау ғаламат мұнара қазірде әлемдік құрылыш өнерінің шырқау шыны болып қана қоймай, ғылым мен техника дамыған дәүірде радио мен телевидение үшін тамаша, антенна қызметін атқаруда. Париж қаласының коркіне айналған мұнара Эйфельдің есімімен аталады. Эйфель мұнарасы он градустық аяз кезінде 17 сантиметрге қысқарады екен. Бұл суықтың әсерінен болатын құбылыс. Мұндайда тұра, есептеу ғажабы болады екен-ау. Эйфель мұнара мұсініне жылқының құйымшақ сүйегін негізге алған деген де ой артық емес сияқты Жапондықтар жылқы қазысын емге пайдалана білген.

Бір ерек ғажайып: Әлемге әйгілі болған, қажылықтың негізін салауаттандыратын *Mekke*, аспаннан түскен *Көк тас* жайын айтсақ, бұл да бір ғажайып емес пе?! Өлмес, оиппес естелік дүние гой.

VII ғажайып: «Алтын адам». Ол сақтардың б.д.д.





V-VI ғасыр кезеңіндегі жасы 17-18-дер шамасындағы, жас жауынгерінің киімі, өзі жойылса да өте қымбат асыл тастардан жасалған киімі - біздің «Алтын ғасырымызға» жетіп отыр. «Алтын адам» Қазақстанның Есік қаласындағы обадан табылған. Тәбесі шошак, биік бас киімнің ернеуі 200-ден артық алтын зерлі заттармен әшекейленген. Иір мүйізді, қанатты екі аттың мұсіні маңдайында тұр. Алтын киімдерінің әр бөлігі барыс, арһар, жылқы, тауешкі және құстың алтын жапырақтарынан жасалған кесінділермен өрнектелген. Мойнына бұрап жасалған алтыннан алқа таққан. Алқада жолбарыстың басы бейнеленген. Үстіне кызыл былғары бешпент киген, оның жағасы, өнірі, етегіне жолбарыстың тұмсығын бейнелеген. Етігінің қонышында бармақтай кесек алтын әшекейлер жапсырылған. Қайыс белбену өрнегі де кесек алтыннан, бұланның бас бейнесі құйылған. Белдіктің оң жағында семсер, сол жағында қанжар ілінген. Үлкен екі алтын сақинаның біреуінің бетіне қолына қыран ұстаган алтын адам басы бейнеленген. Бұл жұзік –мәр. Алтын киімді адам және оның қабірінен табылған асыл бұйымдардың – дүннекүзілік манызы зор жаңаңық, мәңгі өшпес табыс.

Осы Есік обасынан біздің заманымызға дейін V-V ғасырларға тән төрг мыңдан артық бүйім табылған. Қазақ: «Құдай-бір, пайғамбар-Ісақ», – дейді, ал политеизмнің-бұрын көп құдай болған да шығар дегенін айтсаңыз, қазақтың тәбе шашы тік тұрады.

Қазақ: «*жеті бұзірік әулие – ай!*» Әулие ата, «*жеті атасын білмеген мұрт*» (мұрт – діннен безген кәфир), «*жеті наң құдайы*», «*жеті тыын садақа*» деп келеді.

Жеті санының ой – санадан мықты орын алғаны сондай, қазақ, табиғаттан тыс құшті көрсеткісі келсе де «жеті» санының ерекшелігін пайдалана білген. Мәселен, ертегілерде: «*жеті басты жаілмауыз*», «*жеті басты аждада*»... дейді.

Үлкен санамен байланыса қалыптасқан, қалық арасында қатты бағаланып, берік ұстанатын салт **жеті атага дейін қыз алыспау**. Мұндай әдет түркі, монғол қалқында да ғасырлар





бойы сақталып келген. Бұл ғадет шариат һадисінде де бар екен. Бертін келе алыс – жақындықтың өлшемі де осы «жетімен» өлшенін, әр рудың адамы ең болмаганда жеті атасынан бергі шежіресін білуге міндettі болған. Осыдан «жеті атасын білмеген мұрт еді» деген сөз қалған. Коп жағдайда осы «жеті олшеммен өлшеп, осы үлгіде пішіп, ежелден кедей, тұқым – тұқымынан бері қарай дәнене көрмеген жарлы болса: «жеті атасынан түк көрмеген», «жеті атасынан коргені корлық», «жеті жасынан жарлы-жақытай», «жеті атасынан жарымаган», – деп отырған. Енді бірде: «жетім жеті жердің тәрбисін көрген», «жеті атасынан жетілген азамат», «жетіге келгение жерден таяқ жесісін», – сияқты саналы қағидалар қалыптасқан. Ал, егер үрім - бұтағынан бері қарай бол жатқан байлық, ақындықты айтқысы келсе, «жеті атасынан қара кок» (шынжыр балақ, шубар төс, бай манап, шонжар) десе, бірде «жеті атадан негізі тойған», «батырлық, байлық, жеті атасынан келген», деп келеді. Ата-бабасынан бері қарай ақындық дарыған кісіні: «жеті атасынан ақындық қонған», «жеті атасынан жетілген», – дейді. Осында үлкен саналылықпен қалыптасқан, қалық арасында қатты бағаланып, толық ұстанатын салт - дәстүр қазақтың ары мен сана сапасынан, жұлдызнамалық есебінен тұғаны анық.

Ғалым С.Кеңесбаевтың айтуынша, осы тіркестерден «жеті» дәл жеті мағынасында айтылып тұрған жок, жеті деген сөз 7 сан есіммен лексикалық мағына жағынан (адекватты) барабар, тепе - тең емес; бұл соңғы (фраза) тіркестегі «жеті» сөзі о бастаң, ежелден, қашаннан, аргы атада, ең алғаш белгілі бір сөз озінің дәл мағынасында айтылса, қоғамдық, жалпы экономикалық, даму кезеңдерінде, ол сөз өзгере, құбыла келіп, бастапқы тікелей мағынадан айтырылып қалып та отырады.

Алғашқы дәүірде «жеті» шекті, дәл сан болса, бертін келе «шексіз» немесе тиянақсыз, айтеуір бір «көп сан» ретінде айтылып кеткен. Бұл тәрізді құбылмалы, өзгерісті, тілдің





лексикалық саласының басқа тарауларынан да байқаймыз. Қоғамдың тілінде, көптеген қалықтардың, әдет-ғұрптың білігін полиглот (сөзжүткүш) кісіні қазақ, «*жеті гылымның тілін білеуді*» – дейді; мұндағы «ғылым» – «білім» мағынасында емес, «ел», «жұрт» мағынасында; бұл сөз тілімізге араб тілі арқылы келген грек сөзі, грек тілінде «ықылым», одан арабша, одан казақ тілінің (фонетика) дыбыстық заны бойынша қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалып, қатаң дыбыс дауыстының әуенімен ұяндалап «қылым» орнына (ғ) ғылым болып отыр. Бұл ықылым («ғылым») о баста қылыш (әр қылыш) деген сөзден озгеріп алынған болу керек», - деп түсініктейді ғалым С.Кенесбаев. Ал, негізін ойлап қарасақ «жеті» атадан бері де, орташа есеппен 70 жастан алсақ - та, 490 жыл өмір отеді. Оның үстінен **жеті ел** тілін бір-бір ғылым деп білсек артық емес, ол да уақытша мөлшер. Қазақ тілінде «*жеті атамнан* (жеті мұстанымнан) мұндайды (пәлені) көргем жоқ», – деген сөз бар. Яғни «атам заманнан», «ешқашан», «ешбір уақыт», «көп заманнан» деген сөз үғымдары бар екенін аңғару киын емес. Немесе біреуді түгін қалдырмай, үрім-бұтақтан бері қарай, «сыбап, балагаттайтың: «*жеті атаң...*», «*жеті мұстаныңнан...*», «*жетініс жеті атаңнан*» т.б. деп құлатады.

Жеті саны: Бұрынғы қазақ һандығының қоғамдық құрылымы жеті сатыға белінген: ауыл, арыс, ата аймақ, ұлыс, ру, жұз, һандық.

Ауыл – ең жақын, қандас он үйелменнен тұрады. Оны Ауылбасы басқарады.

Ата аймақ – жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құралады. Оның басшысы Ақсақал деп аталады.

Ру – он үш, он бес аймақтан тұрады. Оны Ұлыс басы басқарады.

Арыс бірнеше рудан құралады. Басшысы – Би.

Ұлыс бірнеше арыстан құралады. Билемші – Сұлтан.

Жұз құрамына бірнеше ұлыс кіреді. Билемші – һан.

Һандық үш жұзден тұрада. Һандықтың ең үлкен әміршісі – һақан, иаки – Ұлы һан.

Қазақтың таным түсінігіндегі «**Жеті ата**» дәстүрлі салт



— санасында адамның ата жағынан тегін таратудың пақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты жөнін білуге міндетті. Мұны ата-әжесі, одан қалса әке-шешесі, ага туыс, жекжаты үйретіп, жаттатуға тиісті. Басты себебі: қазақта Жеті атаға дейін қызы алышпайды. Жеті атаға дейін бір атаниң баласы, туыс болып есептелінеді. «Жеті ата» (баладан бастауын - «Жеті пұсты» деп те атайды) былай таратылады:

1-бала, 2-әке, 3-ата, 4-ұлken ата , 5-баба, 6-тұп ата, 7-тек ата. Ал, атасынан баласына қарай атаса, былай бөлады: тек, тұп ата, ұлы ата, баба, ұлкен ата және ұрпақ: **ата, әке, бала, не-мере, шөбере , шөпшек, немене** әрі қарай туыстар атаулары: **тужат, жүрежат, жұрағат, жат жұрағат, жекжат, жамағайын** болып келеді. Жеті аталық ұстаным әрбір қазактың, бабалар руһы алдындағы іштей жауапкершілік, иелік сезім күші. Ол - этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, темірқазығы. Яғни, «*Жеті атасын білмеген жетесіз*», «*Ата тегін білгеннің айыбы жоқ*» деп, ұрпақтарына жеті атасын білуді аманат, өсиет етіп, айтып, жаттатып, артына данышпандар сөзін, ғұлама шежіресін қалдырган бабаларымызды біле түссек екен.

Рас жеті сөзінің нақтылы магынасы абстрактанып (жалпыланып) кетіп те отырған дерлік те ой бар. Дегенмен, калай айтсак та, бұл сөздердің өсіп-өнген мұғдары. н... жылдар есебінде екеніне, сонда да ұстанатынына шæk келтіруге болмайды.

Сонымен: «*жеті жұт*», «*жеті жетекші*», «*жеті күн*», «*жеті гашық*», «*жеті ғалам*», «*жеті жоқ*», «*жеті ата*», «*жеті пұсты*», «*жеті қат кок*», «*жеті қат жер*», «*жеті амал*», «*жеті жетім*», «*жеті жарқа жер*». «*жеті қазына*»-деген сөз оралымдары бар.

«Жеті амал»:

1. **Күннің тоқырауы.** Жазғы тоқырау - маусымның 21-нен, күннің қысқаруының аяқталуы; қысқы тоқырау - қантардың 22-жулдызына келеді, күннің ұзаруының аяқталуы.

2. **Қарашаның қайтуы.** Жайылымның соңғысы қайтып,





дала сүркай түске енген уакытта туады, қарашаның қайтып, желтоқсанның кіруі.

3. Үркөрдің батуы. Үркөрдің жерге түскен мезгілі, ма-мыр айының басынан маусымның 10-на дейін көкжиекке көтерілмейді екен. Үркөр батқанда күн ашық болса, Үркөр жерге батты, жаңбырлы болса, Үркөр суга батты,— дейді. Есепшілердің айтуынша, «Үркөр төмен туса, қыс жайлы болады, Үркөр жоғары туса, қыс қатты болады».

4. Мұздың қатуы. Қарашаның қара сұзығы ұрып, су бетіне кілегей су қатқан кез, немесе, мұздың қаймақшуы, қарашаның қары (қараша - қауыстың қары деп те) деп аталады.


5. Қиіктің матауы. Үркөр шокжұлдызы қантардың 11-де бататын болса, *киіктің матауы* да Үркөр батқан қыс айына тап келеді, мұны *киіктің үйірге түсүі*, немесе, *текебүрқылдақ* деп те атайды.

6. Қыс тоқсан (*тоқсанның кіруі*), бұған желтоқсан, қаңтар, ақпан секілді қыс айлары жатады. Бұл үш тоқсанның түсүі, басқаша айтсақ, қыстың түсүі деп аталаады.

7. Ай тоғамы. Үркөр мен Айдың қатар тогысы, *тұтас келуі*. Ай тоғамы дәл сол кез екен. Бұл тәрізді жеті амалды білдіретін тұрақты тіркестердің магыналарын екінің бірі жыга танып, біле бермейтіні анық. Сондықтан қысқаша баяндай кетуді дұрыс көрдік,

Иә, «жеті амал» жасамап болған жисек, қыс, сірә, жайлы боллар»,— дейді қариялар. «Жеті амал» атауын байырғы кездे, көбіне есепші-жұлдызнамашылар (астрономдар гроскоп) қолдана білген. Олар табғаттың сан алуан құбылыстарын, жіті көзben бақылаап, бағдарлай отырып, ауа райы туралы, ұзақ мерзімді болжаулар айта білген. Жұлдызнамашылар жұттың болатынын алдын ала біліп, елді сақтандырган,— дейді, Ыл Алтынсарин «Жұт» туралы енбегінде.

Мундай болжамдардың шаруа адамына тигізер көмегі аз болмаған. Қыстың қатты, не жұмсақ, болатындығын, көк-





тем қалай өтіп, жаздың қалай туатынын, жаздың қандай күйде болатынын, жауын-шашын мөлшерін шаруа адамдары есепшілерден сұрап, біліп отырған. Ұлыбике қыз бен Күдері Қожаның айттысында:

Ақтайлакқа жұқ арттым қатар - қатар,

Шудасы шөгіп жатса шаңға батар,

Қауыста - қаращамен қаймақшиды,

Жеті тоқсан айында дария қатар,-

деп жеті амалдың бірін өлең жолына қосады. Тоқсан – үш ай, 30 күннен. Бұл жерде жеті тоқсан деп – желтоқсан, қыстың бірінші айы, үш ай жаз, үш ай күз, соңына келетін қыстың бірінші айында дария қататыны, алдынғы айында қаймақшып тоқазитыны есептелінген.

Жеті мен тоғызға байланысты создердің бір шамасы бұрынғы заманин келіп жеткен мақал-мәтел болып қалыптасқан сөздер, мәселен: «*Бала жетіге келгение жерден таяқ жейіді*»; «*Жерден жеті қоян тауып алғандай қуандым*»; «*Жетімнің құрсағы жеті қабат*»; «*Алып алты, жеп жеті болмайсың*», иеки атаңа жетердей кемелдену, баю болмас, бәрібір, ешкімнен аспассың деген магына бар. Ал, қазіргі көзбен қарасақ: қанша алып - жесен де ел аспассың, білімсіз ешкімнен озбассың деуге болар;

«*Кедейдің жеті қаңтаруы (кесірі) бар*», – дегенде, байларға, үстем тапқа бас имеу, берілмеу сияқты кесір, тосқауыл мағынасы бар. Ал, қазіргі кезде ойласақ, *кедейлік мәнсүқ* емес, *адамгершилігіне жетері* жоқ, *ақшам болмаса да, ақылым бір басыма жетерлік*, – деген магына түр. Эрине, кедейдің де кердені болады ғой, ол - мінез, ақшаға кедей болсам да, коңілге баймын дерлік сөз ғой. Жетімнің құрсағының тойымсыз болуы әбден рас. Жетім бала тاماқта көзін сатып босағада түрған, ол төрде отырып тاماқ толы табаққа құнде қол салып отырса өйтпес еді ғой, жетімдігі жеті атасына созылары анық. Өзі әке болды, оның белбаласы, немересі, шәбересі, шөпшегі... неменесі. Олар бес атага жеткенше 65-75-тер де болады, сонда 70-80-ге келген адам жеті атага жетіп отырғанда, сүйегіне сіңген жетімдікте сол жасқа келеді емес пе?!





Сол сияқты қазақ қорықса, шошынса «**жеті нан құдайы**» берген (жеті шелпек), қырсықтан, жамандықтан арылу мақсатында. Мұның негізінде арауағты риза етін, жүрегін тазартып, тыншу, раһат табу пиғылы жатады білем. «Жеті» санының ұғымда кең қолданылыштың отыруы үлкен дәлдіктермен есептеу жолдарын білуден, үлкен ауқымды, толғамды ғылыми дәлдіктегі қолданылыштың отырган. Өмірге керек затты, түрлі амалды, істі «жеті» мен жетелеп отырган. Мәселен, аңшылық, ит жугіртіп құс салуда қазақ алдына жан салмаған, иаки, ит - «Жеті қазынаның бірі» деп қосады. Бұл жонінде нікір таласы да барышылық. Ол жеті қазына, «**Жігіттің жеті қазынасы**»:

1. **Жүйрік ат** (лошадь скакун) – жігіт қаны, қанаты;
2. **Қыран бүркіт** (сильный, ловкий орел) - қарым-құші, қуаты;
3. **Құмай тазы** (гончая собака) - бастан берік сенімі;
4. **Берен мылтығы** (хорошее стальное ружье) - сонбес оты, серігі;
5. **Алмас кездік, қара қақпан** - жігіт сұсы, мысы;
- (мұны екі боліп айтушылар да бар).
6. **Ақылды, сулу жары** (умница, красавица жена) - серті, есебі тірліктің.
7. **Ілім, білім. Аужылымы** - амал, ақыл, тәсілі, өнерлі, ержүрек, иаки, қазіргі тілде айтсақ: **білім және ілімі** (наука и знание) мол жігіт.

Ертерек ғасырларда 6-шы болып қара қазан, ас-су қазына болып кірген, себебі қазына құт-береке, молшылық белгісі, ал 7-болып осы қазынаның бәріне ие болатын «ер жігіттің басын» қазына деген екен. Ал, «қазан» мен «білім» (ақыл айлаумен) орын алмасуы да түсінікті сияқты. Иаки, білімді бас бар жерде қазан ортаймас деген ой туады. Бұл тұстағы ойға оралар негізгі ең басты ерекшелік, жеті қазынаның түрі өзгергені мен саны сол **жеті** тоқірегінде болуы. Қазактар жеті қазынаны «**Жеті ырыс**» деп танып, оған мыналарды жатқызған:





- * Ақыл – адамның ой санасы
 - * Денсаулық – «дені саудың жаны сау»
 - * Ақжаулық – « бірінші байлық денсаулық, екінші байлық ақжаулық.»
 - * Бала – « бала бауыр етін»
 - * Көңіл – «көңіл мен пейіл кең болса, ынтымақ, береке орнайды».
 - * Жер – «жерсіз ел тұл, ерсіз жер тұл».
 - * Ит – «итті иесімен қинасын»
- Ісләм аңызы бойынша «**жеті қазынаға**» мыналарды жатқызған:
- * Қыдыр баба. – Қыдыр дарыған адам бай болады
 - * Бақ – Ол ерекше жаратылған құдірет иесі
 - * Ақыл – Ойлы саналылық
 - * Денсаулық – Байлық басы
 - * Ақжаулық – Екінші байлық
 - * Тұз – Ол Аллаһының адамдар мен жан-жануарларға берген таусылmas несібесі.
 - * Ит – Адам Ата мен Һаяа ананың алғашқы серігі.

«Жеті нәрсеге асық», – дейді даналық:

1. Келген қонаққа дастарқан жайуга асық.
2. Қателігіне кешірім сұрауға асық.
3. Қарызыңды өтеуге асық.
4. Қазалы жанды көруге асық.
5. Науқас көңілін білуге асық.
6. Білмегеніңді сұрауға асық.
7. Білгеніңді айтуга асық.

Үрпақтан үрпаққа ұзақ жол тартқан «жеті» санының киелі шарпуын байқатады емес не?! Тағы «**Жұт жеті ағайынды**» дедік емес пе, жұт: **мал қырылу, қуанышылық, зілзала** (жер сілкіну), **оба** (індеп), **сел** (топан су), **өрт, соғыс**; оған қоса: соғыр (сегіз), салақ (тогыз), олак (он), жалқау (он бір), корқақ (он екі) болатын алдынғы «жетеуі-апат», ал адам баласында






кездесетін сонғы бесеу (содыр, салақ, олақ, жалқау, қорқақ) жаман-«кесапат» деп аталады, немесе «жазғанның қаһарына ұшырап, болған «апатты» – «нәубет» десе, ел басқарған кержіктердің қалыққа істеген зұлымдығынан болған» кесапатты» - «зұлмат» деген. «Жеті апат» пен «бес кесапатты» – «он екі апат» деп те атаған, демек бұл сұмдықтардың бір мүшел жаспен үзенгілес болуы мүмкін де екен-ау.

Киелі сан «Жеті» қазақ үшін қасиетті де сан

Қазақтың тағы бір биік тұргыдан қарайтын, қадірлі қарым-қатынастың ардақтысы: құдалық, құдашылау кездеріндегі «қалыңмал» кәдесі. Мұның мөлшері «қырық жеті», «отыз жеті», «он жеті», ең аз дегені «үш жеті» болған білем (заманына қарай). Қыз бала туған үйге құрбылары қалжың-шыны аралас, «қырық жеті» құтты болсын, немесе «қырық жеті жылқылы» болыпсын, құтты болсын деп, қуаныш бөліскен. Бұл сөз қыз балан әдемі, сұлу, ақылды, бқытты болып, құнды болсын деген пікірмен пара-пар келеді. Иаки, мұнда да әр сан молшершінің «жетіге» аяқталуы. Эрине 40-ты 7-ге көбейтіп, пәленбай бас жылқы, – деп айту тілге сыйымсыз, құлаққа жағымсыз, жүрекке дұрсіл берер еді, сондықтан қазағым осылайша сыпайылай, санаға жеткізе айтқан. Дұрыс ұғымда – қалың малды қыздың құны деп, елшеу дұрыс болмас еді, ол баласын жат жерге аттандыра тұрып, оның ақыл-парасатының молдығын, бейне сұлұлығын, ақыл-көркін құндау, бағалау деп ұққан абзал. Балам сұлу, ақылды десе-тұрпайылау да болар еді. Оның бір жағы-кім болса да сатып алған дүниесінің өзін құндар, сәндең, балтап ұстайды ғой. Оның бергі жағында жақын туыс тауып, алық-берік пен туыстықты нығайта түсү де мақсат болған. Онымен қоса дұрыс бағасын алған қыз бала барған жерінде де, бағасын түсіріп, құнын жоғалтып алмауға тырысады. Тәртібін тәлімдейді. *Бес бағалы қыз* деген осы шығар. Сондай-ақ қазақ, иә артық, иә кем деп, есепке жүгініп, санасып, қажып қалмайды, есесі құдайдан деп, тар-



та береді. Бұл мәселелердің бәрі де, бары да қазаққа ана сүті мен сүйегіне сіңген қасиет-салт. Қазір бұл міндетті көбіне-көп аналарға аударып тастаган. Құдалықты 15-25 кісіге жасайсыздар, тойға 30-40 шақыру билет керек деген сияқты сауалдар аналарға жүктелуде. Онсыз да көп кінә арқалайтын ене мен ана тағы бір үлкен дау төнірегінде. Қазір «40x7» болмаса да, құны басқаша: жағалы киім, костюм-шалбар (5-15 мынна), натурал тон-шуба, ресейлік пәленбай алтын, печатка, келіннің киімі, той-рестораны т.б. шаруа. Осындай нарық заманында, далада жусап жатқан жылқысы жоқ, әрине, онай шаруа емес. Сәл дұрыстық болмаса құдалар жағынан қыржы көзқарас пайда болады. Осы шығынды бағалап, келген жерін тыңдар келін де жоқ. Той өткеннен кейінгі арманы бөлек кету болады, білем. Ата-ене онсыз да бақылап, бөлек жіберу ойында, оған шыдамдық танытар келін болса...

Дегенмен қазақ «жеті» санымен тек жетер жетістікті ғана түйіндемеген. Рас «жеті» жақсылық жағынан өмірге керек ізгілік өнері. Ал, екінші қыры шаруаны күйзелтіп, қалктың мазасын алар бүліншілік, ашаршылық да соғады.

Қазақ жамаишилқты «**жұт жеті ағайынды**», – дейді айтсак:

1. Қыс қатты, боран-аязы ұлып, мал қырылса – **жұт**;
2. Қуандылық болып, жауын-шашын болмай, егін шықпаған жылдар – **жұт**;
3. Малға жаман індет ауруы келіп, мал азып, өлімі көп болса – **жұт**;
4. Орман-тогай аңызқтан солып, шөп ерте қурап, шабуға жарамай, мал жайылымы күз-қыста корланбаса – **жұт**;
5. Бейбіт елге басқыншы жау төніп, соғыс ашып, өлім моласы көбейсе – **жұт**;
6. Жер-көкті сел басып, өзен, көл, теңіз арнасынан асып, жайылымды шірітіп, үй-жайды төздөрса – **жұт**;
7. Бейбіт күнде зілзала сілкініп, жер, тау қопарылып, баспа-налар құлап жатса – **жұт**.



Осы жұттың бірі келсе, екінші жұтты сүйрей келуі мүмкін, тоғып жатқан зардалтар болуы мүмкін, сондықтан оны жеті – ағайынды деп айтуда тұра келген. Мәселен, құрғақшылық болып, шөп қурап, егін шықпаса, мал өлімі болады, одан адам ашығады, аштықтан ұрыс-керіс туары мүмкін ғой. Аллаh, айтқан жерде пәле жоқ, жамандық, болмасын, мына нанды аяқпен тепкен, дүбэрән жастардың (әрине, бәрі емес) құлағына қазақ қағидасы шалына берсін деген ой ғой.

Ел арасындағы ауыз аныздарда қарттар «жеті» ағайынды жұттың қатарына «жаман қатын алғанның жауы үйінде...» – деп долы, көк айыл, безер әйелдерді де қосады. Жалпы тілдегі «жеті» созінің киелілігі соңына, жырларда да, аныз-әңгімелерде, дастан-ертеғіде, өлеңдерде, ырым сөз ретінде қолданып отырған. Мысалы: өлген кісіге құран бағыштап «жетісін беру», «жеті тамұқ», («жеті дозақ»), «жеті мыстан», «... жеті ұлы болыпты», «... жеті қызы болыпты», «... қара дәүмен жеті күн алысыпты», «... жеті дариядан отіпті», «... жеті айлық» жер екен... деген сияқты сонарлы сөздер келіп отырады.

Тағы бір мәселе **«жеті жан»** жайлы ұғым бар. Шығыс елдерінде (Үндістанда) ертеден қалыптасқа Санскрит тілінде олар «чакра», - деп аталады. Чакралар адамның төбесінен бастап құйымшақта дейінгі аралықта омыртқаның бойында орналасқан деседі. Орналасу тартібіне келсек:

- 1 – ші чакра құйымшақтың ішкі жағында (санскрит тілінде муладха);
- 2 – ші чакра қуық тұсында (с. т. свадхистана);
- 3 – ші чакра қарыннан сәл жоғары (с.т. манитура);
- 4 – ші чакра жүрек тұсында (с.т. анахата);
- 5 – ші чакра тамақта (с.т. вишудха);
- 6 – шы чакра екі қастың арасында, шекеде (с.т. аджана);
- 7 – ші чакра төбеде, қарақұста (с.т. сахасрака) орналасқан.

(Адам атты ілімнен)

М.Перепилицын «Философский камень», Н.Н.Денисенко «Сын человеческий», «Путь» атты кітаптарда әрбір жанға



(чакраға) мінездеме беріліп, атқару негіздері (функциясы) нұсқалған көрінеді. Сол нұсқадан қысқаша түсінік алып көрейік:

1. **Қызыл тұсті жан**. Адам тәніне (физикалық қабатына) күш-қуат, денсаулық, қажыр-қайрат береді.

2. **Сарғыш тұсті жан** – дүниеге, байлыққа, баюға ұмтылдырады, иаки үрпақ өсіріп, өз ізімді қалдырам, – деген тілеу, ұмтылыс береді.

3. **Сары тұсті жан** – бұл чакрасы қатты дамыған (жан), ақыл ой, күш-қуат жағынан өзгелерді басып озып, өз өктемдігін, билігін жүргізуге бейім болады.

4. **Жасыл қуат** – адам бойындағы «жеті жанның» бар қуаты осы жерде тоғысып, синтезделеді, бұл шексіз маһабbat пен сүйіспеншіліктің, адамгершіліктің қайнар көзі.

5. **Көгілдір тұсті жан** – шығармашылық қасиет береді. Бүкіл Әлемнің тынысын сезіп, былайғы жұрт байқай бермейтін аймақтармен байланыска (сфера) шығарып, өнер туындыларына адамзат биігіне жетуге мүмкіндік беретін, осы 5-ші жан.

6. **Кек тұсті жан** - адамның санасты мен сезімін қатар ұштастырып, дамытып, теңестіреп жан.

7. **Құлғін тұсті жан** – жаратылыс пен қоғамның даму заңдылықтарын біліп, бақылат отыра алады.

Осының бәрі қосылып, бірігіп – Гарыштық қуагты береді. Бұл Әлеммен бірігу, Әлемнің ажырамас бір бөлшегі екенінді сезіну, бұл деген шексіз бақытқа бөлену. Бұл сезім гарыш адамына айналған жандарға тән қасиет екен.

1-ші, 2-ші жандары гана ашылған жабайы адамдар, тек, құлқынның қамын ойладап, дөрекі түйсіктің құлы болады.

3 ші, 4-ші және одан жоғары жандар іске қосылса, адамзат дамудың жоғарғы сатысына жетіп, көтеріліп отырады, білем.

Сол сияқты кейбір топонимикалық есімдер де «жеті» салымен сыйпатталып кездесетіні де бар. Мысалы Алматыны, күншығыстан Аяқөзді, оңтүстігінен Шу ауданын қамтитын, бұрын Жетісу губерниясы, одан келе Жетісу облысы аталған,






қазіргі Жетісуды кей мәліметтерге қарағанда Балқашқа барып құятын жеті өзен: Іле, Көксу, Басқан, Сарқан, Қаратал, Лепсі, Аяқөз өзендерімен байланыстырады. Ал кейбір деректе Балқашпен түйіснеседағы Шу өзенін Жетісудың бірі дейді. Расында Балқашқа тікелей барып құятын, немесе жанамалап барып қосылатын ірілі-уақты басқа сулар өзендер есептелмей, Алматы өлкесі Жетісу болып аталуы тегін де емес. Менің ойыныша, Алматыны айнала қоршай етіп, Балқашқа асыла құятын, ұзына сапар шегіп келетін «жетіден» де көп өзенді аталарымыз «Жетісу деп, қасиетті санмен еркелете атаған, білем.

Өзен, су аттарымен қатар, кейбір қала аттары да «жетімен» байланысып отырады. Мәселен ақсақал қарияларымыздың (Сабыржан ақсақал сияқты) қалдырған естелігінде: Әулиеата (әулие ата), Алматы (алманың атасы), Ыстық (ыстық су атасы), Тектүрмас, Бектас, Қошқар ата, Бектау ата дегенді қазақ «Жеті әулие», – дейді. «Жеті шатырды» да орыстар өзіншелеп Семипалатинск десе де, қазақ орағытып, «Ahay Семей» деп алған. Қашқарияда да «Жеті шәр» (жеті шаһар) бар еken.

Жәңгір һанның баласы Тәуке һанның (1678-1718 ж.ж.) қазақтың әдет-ғұрпын, салты мен саясатын, кәдесін және мұддесін мемлекет тілегіне, шаруашылық пен саясаттың жаңа ағымына үйлестіріп шығарған заны **«Тәуkenің жеті жарғысы»**, – деп аталған. «Жарғы» – « жар салу», құлақ сал, тыңда (клиknуть, клич, сделать объявление через глашатая) «жаршы», деген сөз бар. Демек, шағатайша «яр», «яргушы» (басқарушы), «яргыға тұтам, жауапқа, сотқа тартам деген сөз бар еken. Бұл түбірден «жарлық» (яр) – указ деген сөз пайда болған. Ал қазақша негізін түптеп келсек: жарлық шығардым, жар саламын, жарғыға құлақ сал деп тұр. Ол жарғының жетеу атануы да тегін емес, ол киелі сан, сол киелі жеті жарлық – ең қызын жарлық. Оны орындаған басқа ұсақ-түйекті, салт-дәстүрді табанды орындалап отырары анық. «Жеті жарғыда» әдет-кәделер, қисын-ғұрыптардың, тек, маңыздысы, заңға сәй-





kestігі ғана ел билеуге қажеті жинақталып, қасиетті «жеті» са-
нына топтастырылған, онымен қоса қасиетті «жеті» негізгі, ба-
сты-басты деген ұғымды да білдіріп тұрган сияқты және негізі
бірнеше баптардан тұрса керек.

Тәуке һанның «Қасым һанның қасқа жолы», «Есім һанның
ескі жолы» қағидаларын одан әрі жетілдіру арқылы осы-
нау заң жүйесін өмірге әкелген, XX-ғасырдың басына дейін
қолданылып келген. Эрине Тәуке һанның жеті өзгерістермен
енгізілген «Жеті жарғы» деғен ұғым бар. Ол озгерістер мына
сипатта болған:

Көтеріліс жасап, бұлік шығарып, кісі олтіргенге өлім жаза-
сы бұйырылсын, (Бұл жарғы ел бүтіндігін сақтау талабы).

Қалықтың һаны, сұлтаны, пір әзәреті қастан олтірілсе, олардың
әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төлесін.

Төрелер мен қожалардың, жәй катардағы біреулер өлсе,
олардың әрқайсысы үшін екі кісінің құны төленсін.

Қалықтың мұддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім
жазасына бұйырылсын.

Сырттан кірген адам мінін келген атын үйге кірерде босағаға
байлағандықтан, біреуді теуіп өлтірсе, бүтін құн, ал үйдің сыр-
тына байлаған ат теуіп өлтірсе, тек, ат - тон айып тартады.

Ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы келіп, қол жұм-
саса, ол баланы ата-ана олтірсе де ерікті, құны сұраусыз.

Кәмелетке жеткен баласы ата-анасына тіл тигізіп сөккені
үшін (қол тигізбесе) қара сиырға (не қара есекке) теріс мінгізіп,
мойнына құрым іліп, ауылды айналдыրған.

Құйрық-бауыр жесісіп, құда болған соң-ақ баталы жесір
басқаға кетсе, оған берілген қалыңмал иессінеге түгел қайтарылып,
оның үстіне қалыңсыз қызы береді, не бір қыздың қалыңмалы
қосылып беріледі.

Ұры: айыр түйеге нар; атқа аруана; тайлакқа атан; тайға ат;
қойға тана төлейді. Оның үстіне ұрлық жасағаны үшін үш
тоғыз айып төлейді.

Бұл өзгерістерден басқа да жер дауы, от басы кикілжіні, неке
заны, кылмыс пен құн дауы, куәлік ету, ант беру, ұрлық қарлық





және т.б. жағыдайларға, рәсімдерге, ділгірліктерге (проблема) байланысты да шараларды тәртіптеу көрініс тапқан.

Қазақ қалқының ақыны Қазанғап Байболұлы «Төле бидің тариғы» дастанында «Жеті жарғының» жеті бабын былай баяндаган екен: Жер дауы баяндалған *bіріншісі*,

Ру, қоныс пен меншікті ісі.

Иеленген жерінде жанжал болса,

Біреуге басымдық қып озбыр кісі.

Үй іші мен баланы тәрбиелеу

Болған жосын заңын *екіншісі*.

Үрлік қарлық, барымта *үшіншісі*

Баян стер бәрінде білген кісі.

Тортінші боп санаған мынау заңы,

Бір қалықпен басқа ру болса дауы

Ұлтын жаудан қорғаған, *бесінші* бұл.

Алтыншы, *жетінші* құн дауы, жер дауы, т.б.

Жалпы «Жеті жарғы» мәтіні осы үрпаққа жазба түрде жетпеген. Бірақ мазмұны жатталып, ауыздан ауызға, елден елге, үрпақтан үқпаққа тараған. Жарғы зандары құрметтеп, қалың жүртшылық тарағынан мұлтікеіз орындалған.

Қасиетті сандар жайында ақиқаты мол, көңіл һошын толықтырап мәліметтер баршылық. Біздің міндетіміз, соны жинақтап Болашаққа ұсыну!

Жеті саңы діни үғымда.

Жеті үғымын діни жағыдайда да көп байланыста қолданады. Мәселен, қырғыздарда жылан шаққанда жеті қара қойды жыланмен арбастыру деген бар екен, оны Дарымшы дейді. Жылан арбаушылар (Төрекан Майбастан) жасаған, білем.

«Жеті» түркі тілінде «апта» сөзінің орнына жүре алады. Кундер атаяу:

Дүйсенбі (бүгін)

Жұма (ауыр күн)

Сейсенбі (ертең)

Сенбі (соңғы күн)

Сәрсенбі (бүрсігүні)

Жексенбі (азына).

Бейсенбі (арғыкүні)





Біз «жетісіне бір рет...», «Бір айда төрт жеті» (неделя –апта) т.б. дейміз. Қазақша бұл «жұма» – бір жұма, төрт жұма деп келін отырады. Мұны да білгеміз жөн. Қазақ–мұсылман, жұма күні кір жумайды, жолға шықпайды, кайта шелпек пісіріп, аруақтарға құран оқытып, садақа беріп, бабаларды еске алады. Сондықтан да жұма жеті күн айтаның жетінші күні болуы әбден дұрыс. Жұма – демалыс күн болса-шы! Қалқымыз «жеті», - деген саннан осылайша мазмұны терең мән тауып, өмірі мен тұрмысына тірек, жанына жалау еткенін көреміз. «Жеті» санының қазақтағы сыйақты сол жүйелес елдерде: түркі, қыргыз, грек, араб т.б. Батыс елдерінде де тамырын кең жайған. Мысалы: «У семи нянек дитя без глазу» - орыста, «Обвинять в семи смертных грехах» – гректе. Бұлар да зерттеу тілейтін сөйлемдер.

Адам үшін «Жеті серік» аздық етнес, көп те болмас. Олар: 1.Ақыл; 2.Куат; 3.Тәлім; 4.Парасат (адамгершілік, білім, ғылым); 5.Рұх (ыждағат, ниет, сана, көзқарас); 6.Ар (ұят, дін, тек); 7.Ождан (ынсан, мейірім, әділет, сенім) сияқты ұлы пейілділер көп болса, адамды пайғамбарым дерсіз (Б.Т.)

«Жеті жоқ»: Жерде белбеу жоқ	Аллаһда бауыр жоқ
Аспанда тіреу жоқ	Ақкуда сұт жоқ
Таста тамыр жоқ	Жылқыда өт жоқ
Тасбақада талақ жоқ.	

Қазақтардан басқа қалықтарда да жеті қазына туралы түсінік бар. Мәселен, грек аңыз - әңгімелерінде

«Жеті қазынаға» мыналар жатады:

Көк аспан - дем һауасы.

Күн - барлық зат оның шуағынан нәр алады.

Ай - тұнгі тіршілік нәрі.

От - күннің жердегі сүлдесі.

Су - тіршілік көзі.

Жер - тіршілік анасы,

Ит - адамға серік.





«Жеті қат көк».

Ол аспан Әлемі туралы мифологиялық түсінік. Оның үш мағыналық сипаты бар,— дейді:

Біріншісі – Аллаһ тағала Асианды жеті қабатты етіп жараткан. «Аллаһның жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратқанын кормедіңдер ме, – депті (Құран Кәрімде, 72 сүре, 14 аятта).

Екіншісі – Жеті жұлдызға байланысты атаяу, Олар: Ай, Ғұтрад (Меркурий), Зуһра (Шолпан), Күн, Миррих Қызыл жұлдыз (Марс), Мұштари (Юпитер), Зұhal (Сатурн)

Үшіншісі – Ежелгі түркілік мифологиялық түсінік негізіндегі мағына. Ол мұсылмандық ұғыммен сіңіспө, ұмытылып кеткен.

«Жеті қат жер» сжелгі наным - сенімге орай

1. Тұңғиық.
2. Жылан,
3. Су.
4. Қос балық(Жайын).
5. Қара тас.
6. Көк өгіз.
7. Жер.

Жаратылыстың 8- қабаты **тағдырдың талайы жазылған «лайық»** атты жазу.

9 - қабаты **«курсі», «мінбер», «так»** орнатылған, **Тәңірлер** Әлемінен тұрады екен.

Сондай-ақ, не сбиваться с пути тебе поможет есемь лучей твоей звезды: «семь я».

Познать свои истоки тебе поможет «семь я».

1. Обреети верных и надежных «друзей».
2. Любить свою землю, «Родину».
3. Быть верным сыном или дочерью своего народа, тебе поможет луч «Земля».
4. Миогое узнать, многому научиться, поможет тебе луч «Знание» (умение).
5. Проводить интересно свободное время, тебе поможет луч «Увлечение».
6. Найти свое место в жизни, свое настоящее дело, принести настоящую пользу, поможет луч «Профессия».
7. Быть красивым, жить доетойно, радоваться жизни, тебе поможет луч «Гармония»





Қасиетті жеті сөзім:

Құдайдың құлымын.

Мұхаммадтың үмбстімін.

Шариғаттың досымын.

Аллаһ-бір, пайғамбар-хақ

Жүргіме иман жиамын

Мұсылманның көптігімен қуанамын

Иншалла, қуанынным мол болғай. (Б.Т.)

Дүние әлемінде «жеті тұрақты» бар деп түйеміз:

- 1) Кара жер;
- 2) Қек аспан;
- 3) Алтын құн;
- 4) Құміс ай;
- 5) Жеті қарақшы;
- 6) Темір қазық;
- 7) Жаратушы құш. (Б.Т.).

Бұлардан басқаның бәрі өзгереді, өледі, жогалады, жарылады, ағады, тозады, суалады, солады. Осылайша айнала отырып, Қек аспан мен Кара жер ортасына қайтып келіп, қайтып кетіп жатады. Заман жаңа түсіп, Болашақ, оза отырып, жаңа құрылады. Үнемі осылай айналымда жыл жылжып, ғасыр алыстайды; ата - баба биіктеп, ұрпақ ұлагаты жалғасады (Б.Т.)

Сондай-ак, «Жеті табыну» (қайран қалу) да бар деп білемін:

1. С. Олжас – адамға табынады;

2. М. Қадір – қазаққа табынады;

3. М. Тұманбай – қыздарға табынады;

4. С. Ақсұңқар – Шайтанколғе табынады;

5. Саят Бейсембай – қарияларға табынады;

6. Шәкірт – ұстазға табынады;

7. Сәбит Бексейіт–тамырлы дағдыр дуриә дүниеге табынады.

Мен, Тұрсынhan – Даналық талбесікке табынамын. Жербесік пен Талбесікте әрі үқастық, әрі тартылыш, құші бары анық (Б.Т.).

Қазақтың ырым санайтын «жеті» санын Ежелгі Египетте де, Римде де қасиетті санаған.

Атақты Вавилон мұнарасының «жеті қабаты» бар дейді;

Рим қаласы «жеті дүниеден» тұрады;

Үндістер сенімі бойынша әлем «жеті құштен» құралған;

Ежелгі Греция әлемінің «жеті кереметін» естідіңіздер;





Гректерде «жеті ақылман» болған (менімше әр ғасыр сайын) Христиан діні бойынша күнәшарды «жеті күнәсі» үшін жазалаған;

Әлем жеті күнде пайда болған,— дейді;

Музыкалық оқтава «жеті» нотадан тұрады;

Кемшірқосақтың (радуга) түрлі-түсті жолақтар саны «жетеу» екен: қызыл, қызылт, сары, сарғыш, жасыл-көк, көкшіл, күлгін.

Осы сияқты ақиқаты мол, коніл һошын толықтырап мәліметтер баршылық. Біздің міндетіміз соны жинақтап, Болашаққа ұсыну (Б.Т.).

***Тоғыз саны.** «Жеті» тәрізді коп айтылмағанымен «тоғыз» санының да ерек қолданылатын тұстары бар. «Тоғыз» сезінің қазақ салтында үлкен орын алатынын мынадан байқауға болар. Бір рудың екінші руға, не бір кісінің екінші кісіге төлейтін айыбы «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келген. Қазақтың құмарта ойнар ойыны «тоғыз құмалақты» алсақ, ойын тәргібінде (ұту) «айып алу,» (ұтылу) «айып тарту» мағынасы бар екен. Осында да сол қасиеттің байланысы көрініп-ак, тұр, білем. Мәселен, кәріс халқы қызы ұзатқанда жасауын үлкен - үлкен «тоғыз түйін» етіп түйіп байлаң береді екен. Сондай-ақ тоғызбен байланысты сыйлық тарту, айып беру түркі елдерінде де бар. Мәселен, қыргызда «Түйе бастаган тоғыз» деғен сөз бар. «Тоғыз» туралы ұғым-сөнімдер мен ырым-салттар монғол қалқында да өзгеше орында. Һанға тарту-сыйлық, – «бір тоғыз», не «үш тоғыз» болған. Монгол жазбаларында: «тоғыз ат және тоғыз бөлек» мата келтірді деғен бар, Бабұрнамада. Татарлар қалындыққа берілетін сыйлықты – орамал, шаршыны, киімдік матаңы, көйлек-көншек т.б. «тоғыз» деп атаған.

Шағатайлықтарда үлкен тойда, думанда, сауықтарда қонақтардың бірі ішіп отырган ішкілігін, не тамақты шашыратып, зәредей тамшысын шетке шығарса, сол ішіп отырган ыдысымен толтыра-толтыра «тоғыз аяқ» ішкілік, не тамақ» айып



ретінде ішкізілетін қалжың» болған (отыз аяқ ішкізетін кездер де болған).

Әлішер Навоидың шығармаларынан түзілген, түркі тіліне аударылған шағатайша сөздіктен Будаговтың келтіруінде: парсы тілінде тарту—сыйлық басқа сөздермен қосарланбай-ақ «тоғыз» деп айтылған екен. Ж. Халидов өзінің араб тілінде жазған кітабында түркі, монгол қалықтарының «тогыз» ұғымымен байланысты мынадай ескі сенімдерін, әдет-ғұрыптарын келтіреді, мәселен монгол қалмақтардың ескілікті, діни ұғымы бойынша: аспан тоғыз қабат болады, Құдай соның ең жогарғы - тогызынышы қабатында тұрады, солай болғаннан «Бас патша» (Құдай), одан төменгіде «Жер патшасы» (хан),— деген.

«Тогызбен» байланысты заңның (әдет-ғұрып, сыйлық, беру, жазалау т.б.) Шыңғыс ханнан басталатынын байқатады. Мүмкін Шыңғыс ханда аргы жақтағы ауызша жеткен маглұматтардан естіп, жалғастырган болар... «хан» деген атақ тоғыз атадан бері хан болып келе жатқан кісіге ғана берілген, осының себебінен Әмір-Темірге хан атағы берілмеген,— дейді. Әмір-Темір көп жерді өзіне қаратып, қанша коп елге үстемдік жүргізсе де «тогыз атасы» хан болмагандықтан, тек, Мырзашаң деп аталынған.

«Тогыз» сан жөні дәстүрі Ресейге де шарпуын тиғізіп, кей қалықтарда қарадан хан сайланатын болса, ол кісі тогыз жыл қызмет істеуге міндетті болған екен. «Тогыз» санымен келетін ұғымдар, әдет-ғұрыптар, түрлі сеніммен ұштасып, қазақ тілінен үлкен орын алған. Мысалы: «тогыз жолдың торабы», «тогыз (не тоқсан) ауыз создің тобықтай түйіні», т.б.

* «**Қырық**» саны. Бұл сан да әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дін түрғысында қолданылуы үлкен деңгейде. Мысалы: «қырқына шыдаған соң қырық біріне де шыда» (азға шыдығанда көпке шыдамайсың ба дегенге саяды), «олген кісінің қырқын беру» (қырық күнге дейін адамның руһы оз мекенін тастан кетууге күдер үзе алмайды, артында қалғандар да ұмыта алмайды деген





ой болса керек, Б.Т.), «сәбиді қырқынан шығару» (иәки, қырық қасық су біргіндең құйылып, су салқындай түседі, бала мұндағы ұзақтау шаруаға қөндігін, әрі буын буыны қозгалыс қымылға түсіп, ата-анасы қуанышқа бөленіп, өзіне салмақ болып келген қалың шаш, өлі тырнақтарынан жеңілдейді, рақаттанып, бақыт құшағында ұйықтайды. Түркі елдің біразында көз тиғен баланы «қырық ожсау» сумен шомылдыру бар екен, немесе ертегілерде «қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады» (куанышты ұзғырақ, молынан тойлау, байлығын еселең көрсету мақсаты да бар білем), Ыстамбұл түркілері «қырық күн, қырық түн ойын-сауық жасады», – дейді, «Ханның қырық уәзірі болыпты», «қырық күн жол жүріпті» (ертегілерде), «қырық жілік қылып болді» (иәки согымды ұсақтаپ, пәршелеп бөлу, немесе, ағайын арасын боліп жару, араздастыру, әйелдер ірі кара малға кейіс білдіргенде «әй, қырық жілік болғыр, деп айтады, «қырық сан қара қалмақ» деген бар (ру санын, немесе жау санын көбейте айту) сан мөлшерін болжамдау, әртүрлі рудан тұратын ауылды «қырық рудан құралған» дейді, «қырық күн қыргын болса да, ажсалды оледі» деп, қазақ жауынгер батырлықтан да мақал шығарған, аяқ қолы жерге тимейтін қыдырымпаз кісіні «қырық қазаның құлагын тістеді», – дейді, жат біреуден тұған баланы «қырық темірдің қылауынан», – дейді екен. Бұл сөз жер жерден жиылған елге де айтылады екен, иаки әр тумадан деген мәнде (қылауы деп, тіл асты қан тамыры да айтылады, жаңа тұған бұзаудың тіл астындағы қылауын ұзу де бар). «Қырық шілтен», шілтен фарсы сөзі, көзге көрінбейтін, макұлық адамдар арасында көзге көрініп жүретін, ірі алып макұлық мағынасын білдіреді.



Қазақ неге қырық санын қадірледі?

«Қырықтың бірі қыдыр» немесе қырық күнге толған сәбиге анасы өзі жаңа көйлек кигізіп, «қырық койлек» деп, шелпек пісіріп, қырық балаға таратып, кейуана баланың үстіне ағаш қасықпен қырық қасық су құйу ырымы бар. Ыстанбұл түркілері қырық санымен ақшалай қайыр садақа береді екен, иағни «қорқыныш қауып болмасын», – деген тілеумен. Сол сияқты ертегілерде «бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам (немесе, сақалы қырық құлаш), «тазша баланың қырық отірігі» дегендер бар. Қырық пен байланысты мақал-мәтеддер, нақыл сөз, басқа сөз айналымы (оборот) бұл санның да жай емес, киелі сан (болғандығын) екендігін толық, анық көрсетеді. «Қырық күн шілде» жаздың аспан айналып жерге түсер алтап ыстық үш айы қырық пен біте қоймайтынын аңғартса керек. Қырықтың айырықша бір өлшемі «жасақсы ата (әке) жасаман балага қырық жыл азық, «қырық жасамау» (құрау, тозығы жеткен, ескі), «қызы қырық жанды» (шыдамды, сабырлы), «қырық пышақ» болу (араздасу, қызыл өңеш болып төбелесу), «әйелдің қырық айласы бар (акылды көп), «қызыга қырық үйден тыйым (тәртіпте ұстау), «қырықтың бірі қыдыр» (біреудің батасының қабыл болуы), «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ (қыңырлық, қисықтық, қателігін мойындымау, қателігін мойынданату), «қырықтың қырқасында» (жас мөлшерін түспалдау), «отызында орда бұзбаган қырқында қамал алмайды» (ештеңеге шамасы болмауы). Байқасақ, қырық көп жағыдайда көп деген үғымды беретіндегі (қырық ру, қырық жілік, қырық қызы, т.б.) жанамалап айтылады.

Әңгімеміздің жалпы түйіні бұл сөздердің және осыған тете-лес басқа да «киелі» сандардың әр тілдерде атқаратын негізде жатыр. Біз де осы жөнін сөз етуге тырыстық.

Иаки, тілдегі «ұш», «жеті», «тогыз», «қырық» сандарымен байланыста дәлелдемелерді қорыта келе мынандай пікіргө тоқталдық.

1. Түркі және басқа да, көп қалықтарда «жеті» саны айырықша орында болып, идеологияның бір саласы



тілге терең тамарын жіберген, арнаулы, «киелі»,
қасиетті болған.

2. Қазақ және кейбір түркі жүйелі тілдерде «жеті»
сөзінің тариғи төркіні ерен озгеше, мәселен: -ау,
-еу – форма, тек, жетіге шейін қосылыш (жетеу)
айтылады, бұл қасиет кездейсоқ нәрсе емес, ал біреу,
екеу, үшеу, тортеу, бесеу, алтау, жетеу сойлем ішінде
осы тұлғада тұрып қолданылмайды (жетеу бала,
екеу теңге болмайды). «Жетінің» бұл құбылыстары,
сол саның «киелілігіне» дәлел болса керек.

3. «Ұш», «жеті», «тогызы», «қырық» сандары да тілде
киелі қолданыс табады.

Бұл сөздер бір тілдің екінші тілмен байланысып, біріне бірі
әсер етіп, өзара ұласа жарасатынын ангартады.

*Ой соңы.

Әр ел ең алғаш тариға шыға бастаған кезінен әуелі ру, одан тайпа құрап, одан қалық болып, ұл болып қалыптасқан ұзақ өмір тариғы түп-түзу бола салған даңғыл жол емес. Бұл ұзақ жол өмір ішінде қаншама таңдар атып, күндер шығып, ішкі толқын бірде араласа, бірде ажыраса отырып, неше алуан айқастардан, бұлтарыс, қалтарыстан отін, талай соқпақ түйісуінен үлкен думанды даңғыл жол бар екенін бағамдауға әбден болады. Тариға – деп аталатын осы ұзақ өмірдің әр кезеңі мен әр белесінде мың сырлы, жұз қырлы қарым-қатынастар да болған. Осы орайда өз қалқына қызмет атқарып келе жатқан қазақ тілі де өз иесіне қажетті салт-сана, әдет-ғұрып, тыныстыршілік, саяси-әлеуметтік, мәдени -экономикалық ұфым түсініктердің сан-алуанын қамтып, елеп, жинақтап, орындан отырған. Кейбірі ғылыми жолмен анықтап, өз тәжірибелерінде салыстыра сараптап, салыстыру әдісін де жүргізіп отырған. Қонеден жетіп келе жатқан бұл сүйеніштерді ғалымдар да бақылап, іздең, бағамдаң отырған. Сондай ардақты ғалымдар: С.Кеңесбаев 1940-1946 жылдарда біраз мақалаларын





жариялаған екен. С.Шәкіржанов, Абыл ақын, Үш би (Төле, Әйтеке, Қазыбек); түркі ғалымдары, Қ.Халидов; Mир Әлішер зерттеушілер Н.И.Золотницкий, Марр, Вамбери, Хортман, Галеви, Будагов, Н.И.Ильинский, Б.Адамбаев, А. Сейдімбеков те өз зерттеу ой-тұжырымдарынан дәлел боларлықтай еңбектер қалдырыған. Ең дәлелді жадығаттар, әсіресе, ерте замандардан сақталған жазба ескерткіштер болмақ.

Бұл «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандарын әліде толықтыруға болатынын анық білеміз. Оған еш күмәндануга болмайды. Бұған дәлелді, ақын жазушылардың бұрынғы ертегі, дастан, айтыс жазбаларын оқыған сайын тұшына түсеміз.

Қазіргі сәтте адамзат баласы дамудың қай деңгейінде деп ойлаймыз?

Бұл саяулға жауап берे алу үшін «Адам тану ілімі» жайлыш көбірек оқып, біліп, есті бола журу қажет шығар. Эркіннің дағдыры өз қолында,— деген, осы болар. Жер бетіне неге келдік, кім жіберді деп те, ойланған дұрыс-ау!

Сонымен жер бетіндегі жан дұниені кемеліне келтіріп, тіршілікке деген шексіз маһабbat жинап, бойға сіңіріп, ілім мен білім төрінен орын алғып, білгенінді Әлемге қайтып беру үшін жаралған болармыз (Б.Т.) Эрине бұның бәрі қас қағым сәтте бола қояр іс емес қой. Кезегімен келетін, жан - тәніңмен жұмыс атқарып, жеті жанды жетілдіру мақсатында болу. Жеті жанды жетілдіруде «көздердің» де (көз) көмегі көп болмақ, иаки, екі қас арасында, маңдай тұста, қарақұста жасырын орналасқан (үшінші, төртінші, бесінші) көздер бар дейді. Эрине бұл кереметтер біз үшін тылсым жұмбақ. (Ойға оралатыны: біреудің өзіңе қарап тұрганын сезінесін, немесе артында біреу барын сезініп, жалт қарайсың, сен туралы біреудің сезуарын естігендей боласың, т.б. қунатын да, түршігетін де сезімдерді солғын да болса пайымдайсың). Үзіліс болған жетпіс жеті жыл бізге мұны білуге де, үйренуге де, түйсінуге де мүмкіндік жасамады, білдірмеді, тіпті бәрін өтірікке шығарып, ойды те-





жеп, куатты кемітіп отырмады ма. Әлі де біліктілігі аз жандар дүніне ғажайыптарына сене коймай тұрлі қатып қалған (догма) жасандылықтар айтады. Біз, тек, орыс тілін үйреніп, сейлеуге гана төсөлүмен болдық емес пе? Нелер ғажайыптан, жер асты, су асты, тау шатқал, үнгір ғажаптарын білмей өстік, аспан әлемін түсінбедік, тек, ата-анамыздан естіген шала білімде болдық, себебі біз ашаршылық, соғыс сияқты зұлматта туған балалар едік. Ал біздің арғы бабаларымыз оқу оқымай-ақ білімді, көкірегі ояу, салауатты-салтты, жан-дүниелері терең, чақраның барлық сипаты жанбойында жетілген, жады жарылқап, ілім-білігін ғасырдан-ғасырга жеткізіп, саналылыққа тәрбиелеп отырған Ұлы дала санлақтары болды.


Күрметті Болашақ! Сөзімді сіздерге арнап отырмын. Менің білмегенімді, үлгерменімді ұрпағым ұғып, жалғасын тапсын деген ойым, қулаққағысым, естілерің еске алындар!

Мектел бітіріп, құжат алу білім емес, сауаттылық қана; жоғарғы оқу бітіру білім емес, оң солынды танып өмір сүрге жолдама гана. Сауаттылық пен білімнің, біліктілік пен тәжірибелің арасындағы айырманы да, ұқсастықты да, тамырластықты да анық айыра, ажыратға білуге тырыс! Ол-білім!

Кеңестік кезең ұрандаған топ, тобырдың тегісшілдігі гана. Әр кезеңнен бір жақсылық ала жүріп, болашаққа өткізең, дәүір дәуірлейді,— деп біл. Мұндайда Қазекемің: «Бәрі де Аллаһның әмірінен» дейтіні бекер емес болар, анық сөз. Сондықтан да қалық аузында мынадай идиом сөздер бар: «Жеті насырым жерге кіріп, бетімнің сұы бес төгіліп»,— дейді, Мұндағы «насыр» өте ірі, тым үлкен шатақ, деген мағынада, иаки баруын барсам да жұмыс насырга (жанжалға, шатаққа) шапты, қатты ұялып, жер болып қайттым деп мағыналанады. Иә, Болашақ ұятқа қалдырmas деп сенемін.

Ағайын, қосарларыңыз болса, құптаймыз.

Тіршілікке қажет ізгі қасиет,
Ізгілікке бар адамзат бас иед,- (Б.Т.)





Борис Бардеi

Абсент деғен аты бар аңыздың жалғасы болғаны абзал.


Қазақстан тұрсын, кезінде үлаңгайыр Қеңестер Одагында Абсентті білмейтін бірде – бір пендे болған жоқ десек асыра айтқандық болмас, сірә, озгелерді қайдам, откен гасырдың 60-шы жылдары ат жасын тартып мінуге оңтайланған жүрген біздің замандастарымыз Абсентті сан жүзіндең тұлпарлардың ішінен жазбай таниды екен. Ол кезде теледидар кеңінен қанат жая қоймаса да, Абсент сан қыырдан мен мұндалап тұратын.

Қазақстандық қогамдық – саяси «Байтерек» журналында Абсент жайында тамаша жадығат (материал) берілген екен, сол басылымды оқып шығып, құрметті ат Абсент жайлышты оқырман қауымга жеткізууді жөн көріп, аударып, үсынып отырмыз.

Абсент - барлық қалыққа бірдей құрметті ат.

Абсент 23 жыл ғұмыр сүрді. Ол жер қойнына түреген тұрған қалпында берілді. Мұндай қадыр – қасиетке кез келген ат болене бермейді.

Аты аңызға айналған ахалтеке, Олимпиялық ойындардың уш дүркін жүлдегері, ол ұзақ жылдар бойына кеңестік ат спортының үсынымдық көзсапаршысы (визит карточкасы МХ) және қазақ жылқы шаруашылығының мерейі болды.



Абсент КСРО – дағы тұнғыш олимпиялық чемпион атанды.
Бұл оқиға 1960 жылғы Рим Олимпиадасында орын алды.





Луговой жылқы зауытының гажайып түлегі Абсент турасында бар ғұмырын осы саланың Қазақстанда қаз тұрып, қанат жаюына бағыштаған, бір басында экономиканы, спортты және жоғары өнерді түйіндеген адам сыр шертеді. ҚСРО спорт шебері, ҚСРО-ға еңбегі сіңген өнертапқыш, жылқы шаруашылығы жөніндегі окульықтың төлиесі (авторы), Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жылқы шаруашылығы бөлімінің қой жылғы менгерушісі Борис Васильевич Бардин қазірде де еліміздегі осы саладағы жетекші маман болып табылады.

Ат спортының Халықаралық федерациясы

Абсентті әлемнің ең үздік спорттық аты,— деп таныды.

- Борис Васильевич, неге, тек қана, Абсент Қазақстандың жылқы шаруашылығының тарихына енген? Ол өзі қандай болған?

- Абсенттің ҚСРО-дағы тұңғыш олимпиядалық чемпион болғанынан бастайық. Бұл оқиға 1960 жылғы Рим Олимпиадасында орын алды. Ол барша қалықты өзінің табиғи сұлупымен және сымбатымен бағындырыды. Оның бір басына биік бой, аукымды құрылым, бірегей бітім және аһалтеке жылқысына ғана тән әсем сырт көрініс лайық болатын. Оны манежге алып шыққанда ол ат үшін жүріс мектебінің ең қызын өрнектерінің бірі – пассажибен (сәнжүріспен БТ) ойқастайтын.

Бадан түсті ол күн көзінде жарқ-жүрк етіп, маңдайындағы жүлдyzшалары мен әппәқ тобықтары өзіне ерекше сән беретін. Қалай мақтаныш етемін десеніз де жарап бағатын. Оның үстіне Абсент ерекше еңбеккор еді–ол 12 жыл бойына, қатарынан үш олимпиадаға әзірлікті және қатысады көтерді, бұл тұрғыда ат спорты тарихында озге жылқы болған емес. Абсент 23 жыл ғұмыр сүрді. Ол жер қойының түреғеп тұрған қалпында берілді. Мұндай қадір-қасиетке кез келген ат бөлене бермейді.

– Абсент өз ата-тектері–түркімен аһалтекелерінен қалайда өзгеше болды ма, әйтпесе ол өз тұқымының таза үлгісі болды ма?

– Тек, Абсент қана емес, оның өзге де қазақ туыстары «түркімендерден» құрылымы, жөн-жобасы бойынша өзгеше





болатын. Біздің жылқылар қуаттылау, бітімі мықтылау болып келетін. Бұл жағдаятты Түркмениядағы шөлдер мен шөлейт жерлердегі жем-шөптің кемшілдігімен түсіндіргуте болады, Түркменияда бұл тұқымның отанында жылқыларды қолдан тамақтандырып, шелпек нандар, жонышқа ұсынуға тұра келген. Ал аһалтеке жылқылары қазақ елінің бай өлкелері мен жайылымдарына келгеннен соң-ақ іле тез өсіп, дами бастаған. Иә, тек, бізде ғана, Әулие-Атанаң жалпақ жайылымдарында ғана аты аңызға айналған Абсентті өсіруге мүмкіндік туды.

– Абсенттің әкесін Қазақстанға маршал Буденний сыйлады деген сөз шын ба?

– Нақты шындық. Абсент таза аһалтеке тұқымды Араб атты айғыр мен Баққара атты биеден туады. Араб-түркімен атбейлер 84 күн ішінде 4300 шақырым жерді өткеріп Ашхабад – Мәскеу аралығын басып өтіп Мәскеуге, Қызыл алаңға ат басын тіреген жорыққа қатысқан болатын. Бұл 1935 жылы болғанды. Аланда оларды Кенес Одағының маршалы Семен Михайлович Буденнийдың өзі құттықтады. Түркмендер оған Араб есімді сұр айғырларын тарту етті. Араб кейінде ЦСКА-ның Мәскеудегі базасында бағып-қағылды. Ол 11 жасында 2 метр 12 сантиметрден секіріп, біктікке секіруден бүкілодақтық рекорд жасады. Онымен Кенес Одағының атақты атбейі Елизар Левин өнер көрсеткен еді.

1949 жылы жылқы шаруашылығы жөніндегі министрдің орынбасары маршал Буденний (ол кезде осындағы қызмет болатын) Қазақстанға келгенде Әулие-Атадағы жылқы зауытына барды. Тәрізі оны ондағы биeler ғажап таңдандырса керек, ол Мәскеуге жетісімей өзінің Араб деген айғырын біздің 49-шы жылқы зауытына жібереді. Ол көп пайдаланылған жоқ – дегенмен жасы жеткен гой, бірақ оның басты сінірген еңбегі оның ғасыр жылқысы – атақты Абсентті қалдырғандағында болды. Оның түлектерінің ішінен сондай-ақ Алфавитті, Артисті және Авангардты атай өтуге болады. Авангард Луговойда бағылды. Артист-Ленинградтық циркте, ал Алфавит Алматының ат спорты мектебінде өнер көрсетті, (атта шынығу мектебі).





— Абсенттің аты алғаш рет қашан шықты?

— 1958 жылы Абсент 6 жасында Луговой жылқы зауытының директоры Вениамин Ивановтың талабымен, ол Абсенттің спорттық болашағын болжай білген еді, Абсент ҚСРО ХШЖК-сіне қойылды. Оған Кеңес Одағындағы жылқылардың барлық тұқымдарының үздіктері жеткізілді. Қазақстандық аһалтекелерден сымбатты қарагер Абсент пен құла түсті Кубань апарылды. Оның тұла бойында әрек сезілетіш алтын түстес «алмалар» шашылған болатын—мұндай тұс өте сирек кездесетін. Олармен бәсекелесуге Түркмения жылқы зауыгы мен Ресейдегі Терск аһалтекелерінің ғана шамалары келетін.

Квалификациялық комиссияның (мамандар алқасының) төрагасы, әрине, Семен Михайлович Буденний болған ғой.

— Буденний Абсенттің ата-анасын білді ме?

— Иә, білді және де ол Абсенттің өзі Қазақстанға сыйға тартқан айғыры Арабтың ұлы екендігін мақтан ететін. Абсент—Кубань дуэті барша жүртты бағындырды. Олардың сирек кездесетін сұлулығы, қандай болмасын жүрістегі ырғақты қимылдары, аса беделді комиссияға (алқаға), оларға алтын медальдар тағып және чемпион атақтарын беруге кең жол ашты.

— Сейтіп, Абсент Мәскеуде қалдырылды ма?

— Өйтпеске амал бар ма? Буденний табан астында атақты атбегі Сергей Филатовтың жаттықтырушысы, Кеңес Армиясының майоры, майдангер Николай Александрович Ситькоға телефон шалды. Сіз, бәлкім, оның аттарының біреуін көрген боларсыз. «Садко» фильмінде оның кейіпкері сұр араб атына мініп шығады ғой, есінізде ме? Сол атақты Цезар деген ат болатын. Ситько оған мініп төрт жыл қатарында ҚСРО біріншіліктегінде жеңіп шығып отырды.

Сонымен Ситько мен Филатов Буденнийдың шақыруымен ХШЖК-не келді.

«Мына қара, Коля,— деді Буденний Абсенттің іңсқай, — бұл ат менің Арабымның ұлы, дайын болуга тақау тұр. Ал сен бүкіл





Кеңес Одағын айналып келіп, көркем, сәнжүріске лайықты таппадың». Филатов Абсентті ергтеді—шындығында ат-тай қазір жарысқа қоссан да дайын түр. Осы кезде Қазақстаннан да жеделқат келді: жылқы зауытының директоры Виниамин Иванов Абсентті КАОК-на алуға келісім берді. Әрине, қимаганмен болмады, ол Абсенттің болашағына бөгет болғысы келмеді, әрі оның жылқы зауытының да, ҚСРО-ның да, атағын шығаратындығына берік сенді. Осылайша Абсент ҚАОК командасының құрамына кірсе де, Луговой ат зауытының тізімінде болды.

— 1958 жылы неміс қаласы Аахене де (ФРГ) табысты өнер көрсетті, ол Олимпиадалық ойындарға жолдама іспеттес болды. Бірақ ол ойындар алдында бір оқыға боловыпты ғой, соны айтынышы.

— Абсент Олимпиадалық ойындарға қатысадан бұрын Еуропа біріншілігінде сыннан отін, онда орташа бәйгі бойынша алтын медальге ие болды (көркем жүрісте уш бәйгі – кіші, орта және үлкен бәйгі сарапқа түседі және осы жарыстарда табысқа жеткендер ғана Олимпиадалық ойындарға жолдама алады). Осылайша Абсент 1960 жылы Кеңес Одағы командасының құрамында параходпен Римге XVII-Олимпиадалық ойындарға қатысуға жөнелтілді. Филатов он бір елден келген атақты атбейлермен бәсекеге түсті, олардың қатарында төрт дүркін Олимпиада чемпионы барон Сенсир, атақты Шамартен, барон Неккерман және басқалар болды. Бұдан төрт жыл бұрын Кеңес Одағы ат спортының классикалық түрлерінен алғаш рет Хельсинкидегі Олимпиадалық ойындарға қатысып табыссыз оралған болатын. Психологиялық түрғыдан Филатовқа қыын тиген болу керек. Оның үстінен оған дәл шығардың алдында аттың аузында ағараңдаган не деген сұрақ қойылған. Абсенттің тілін шығарып шайнайтын әдеті болады екен. Филатов не екенін түсіндіреді. Ақыры төрешілер алқасы арада күн өткен соң ғана кино – көрініс жазбаларды қоріп барып Абсентті жеңімпаз деп жариялаған.



– Бірақ бұдан кейін Абсенттің жүлдышызы жолы неге болмаған?

– Сергей Филатов 1964 жылы Абсенттпен Токиодағы Олимпиадада онер көрсеткендеге, тек үшінші орынды ғана иемденген. Ол өзіне тым сеніп, сан қылыш қателіктер жіберген, осыны сезғен Абсенттің тілін де алмаған. Бұл спортшы осындай жолсыздықтары үшін кейін мұндай дәрежедегі жарыстарға жіберілмейтін болды.

Үшінші рет Абсент Мехикодадағы Олимпиадалық ойындарға енді Иван Калитаның ертоқымы астында қатысты. Адамдар сияқты әрбір жылқыда да өзіндік абырайы, «Мен», – деген мінез болады. Сергей Филатов өзін ат танығанша ұзак жол жүрді, ал Калита өйтеп алмады, соның нәтижесі болар, аяғында 4-ші ғана орынға қолы әрең жетті.

Бірақ соған қарамастан, ат спортының Халықаралық Федерациясы Абсентті әлемнің ең үздік, әрі жігерлі, спорттың аты деп таныды. Үш Олимпиаданың салмағын көтеру әрі он екі жыл бойына үздіксіз жаттығу кез келген аттың қолынан келе бермейді.

Ал сіз Абсентпен қалай таныстыңыз?

Абсент Ашhabад (ипподром) бәйгілаңында алғаш рет онер көрсеткендеге үш-ақжастаболатын, әрі ол орташа ғана көрсеткіштер көрсетті. Сол жылы оны Алматыдағы Республикалық ат спорты мектебіне аудыстырыдық. Бұл 1956 жылы болатын. Мұнда оны өте білгір жаттықтарушы Кәрім Әсенов өз қарауына алды. Ол менің де алғашқы үстазым, жаттықтырушым болды, мен атқа мінү сабактарын Абсентке отырып барып алдым.

Кейін мен Абсенттпен Луговой ат зауытының жылқы бөлімінің бастығы болғанда жолықтым. Біз Абсент біздің зауытта деп есептелгенмен, оны Мәскеуден қайтармай қоюлары мүмкін деп қауіптендік, оған орай мен 1969 жылы Мәскеуге арнайы барып, Буденнийға дейін жеттім. Егер ол көмектестегендеге біз Абсенттен бір жола айрылатын едік. Жалпы Буденний Қазақстанға ерекше сезіммен қарайтын. 1973 жыл мен маршалды жерлеуге





қатысуға барғанымда, оның ұлы бізге ескерткіш ретінде Семен Михайловичтің парадтарды қабылдағанда отыратын әдемі ағылышын ерін сыйға тартты. Ал ердің тоқымын 1962 жылы маған Семен Михайловичтің озі сыйлады, мен оны әлі күнге дейін сақтап келемін, онымен парадтарға шығамын. Ол сөнда кезінде Врангельдеи тартып алған қылышты көрсетті, оте әдемі, әрі ауыр дүние. Алтынмен, құнды тастармен зерлең тастаған. Айтпақшы, Врангель кезінде ат туралы, ең толық еңбек жазған – ол бес томнан тұралы, «Жылқы туралы кітап» деп аталады. Ол Мәскеуде Ленин атындағы кітапханада сақталған. Мен ол кітаптарды окуға рұқсат алу үшін 20 жылдық партиялық жұмыс стажы бар қамқоршыны іздеп табуға тұра келді. Бірақ мен әңгіме тақырыбынан ауыцқырап кеттім-ау деймін...

– Абсентке қайта оралайық. Фасыр жылқысынан көп тұқым алынды ма?

– Алты жылда – 60 құлын алынды. Лайықты тұқым алушмен көп айналыстық, әрі оны арман еттік.

– Ал аттар қандай өлшемдер (критерийлер) бойынша таңдаап алынады?

– Жылқыларға тұқымдық тұрғыдан баға беру **бонитировка** арқылы жүргізіледі. Бонитировка – ауыл шаруашылығы малдарына тұқымдық және шаруашылыққа иайдасы жағынан сыртқы белгілері мен өнімділігін, тегі мен еңбегіне, тұқым сапасына, т.б. белгілеріне қарай баға беріп, іріктеу деген сөз. Бұл-күрделі кешенді баға беру, оған шығу тегі, тұр – сыйпат, сыртқы бейнесі, жұмысқа икемділігі, мен қөнімділігі, тұқымның сапасы және басқа да көрсеткіштер кіреді. Абсентке «қалындықтар» таңдағанда осындай параметрлерді (бағамдарды) пайдаланық. Тек сондай женіл де эсем қозғалыстарды және тұр – сыйпатты сақтау үшін біз *инбридингті* – алыстан туыстық жақындастыру тәсілін қолданық. Таза қанды мініс аттары, аһалтеке сияқты жылқы тұқымдары тұра инбридинг жолымен алынған. Біз ғажайып аттарды осылайша алдық, олардың ішінде мен оте





жақсы көрген Алагир, кейін Одақ чемпионы бөлған Ағдам, Ақын, Ақбұлақ және Абақан сияқты жылқылар бар, Қазақ КСР- на еңбегі сіңген жаттықтыруши Иван Квасов дайындаған Абаканды бертін келе көркем жүрістен Олимпиадалық ойындар чемпионы болған Елена Птушкова мінді, ол ат өте жоғары көрсеткіштер корсетті.

– Абақан кенеттен өліп кеткен сияқты ғой? Ол бірнеше жыл бойы әзірленғен құшті спорттық ат емес пе еді?

– Бұл бақытсызың Петушкованың Еуропа біріншілігіне әзірленіп жатқан кезде орын алды. Қаскунемдер атшыны араққа тойғызып, атқа у берген, оны құтқарып алуға мүмкіндік болмады. Жалпы жылқыны бақылаусыз қалдыруға еш болмайды.

– Ал Алагирдің тағдыры қапдай болды. Ол өз әкесі Абсенттің жолын қайталай алды ма?

– Ол детективті дерлік жағдаятқа килікті. Біз зауыт директоры Финъко екеуміз ол құлышында бірден байқадық, өйткені ол барлық көрсеткіштері бойынша тұра құйып қойған Абсенттің өзі дерлік еді. Оны коздің карашығындау сақтадық. Ол бір жарым жасқа толғанда, зауыт директоры демалысқа кетті. Осы кезде Мәскеу циркінен Соколов деген әлдекімнің келе қалмасы бар ма! Ол онда атақты цирк әртісі Юрий Ермолаевта жұмыс жасаған, Юрий атақты цирк әртісі Борис Манжеллидің ұлы еді, ал ол болса, кәдімгі әлемде тұңғыш рет атышулы нөмер қойылым – салтаттысыз жылқыларды аrenaға шыгарған еді. Иә, сол кезде, директор курортта болған кезде, сондағы аттардың басқарушысы (аты-жөнін атагым да келмейді, арам адам болып шықты) жапондық әдемі «Сейко» сағаттар үшін Алагир мен Аюдаты циркке беріп жібермесі бар емес пе?! Арада бірекі жыл өткеннен кейін Юрий Ермолаев Алматыға «Березка» және «Штраусиана» ат цирктерімен келді, ол бірден маган министрлікке келді, біз онымен таныс болатынбыз. Жақсы кездестік. Мен бастығымнан өтіліп, біз бірден атқораға бардық.

«Мен саған аттарыңды көрсетемін», – деді Юрий. Атқорамен келе жатырмыз, кенет қарап тұрсам – алдында Алагир



тұр! Мен оған тұра ұмтылдым – шоқтығында (оныңшы номір) он саны ойылған, ол осындаі номірмен біздің жылқы зауытының тіркеуінде есепте болатын. Юра менің бұл атты қайдан білетіндігімді сұрап жатыр. Мен толқыл тұрып жауап қайырдым: «Аптыр-ау, өл біздің арманымыз ғой, ол – Абсент тұқымын, Ақишан тұқымын таратушы. Сол тармақтан қалған жалғыз осы, қалғандары айттарлықтай емес».

Ол маған қыстай тағы бір қарады: «Ал бізде және біреуі бар...», қарасам-он бірінші санды (нөмірлі) Аюдаг та тур. Ермолаев таңтамаша болды. Негізі атбейлер бір-бірін емеурінінен-ақ таниды. Ол былай деді: «Білгің келсе, мен осыларды озіне берейін, бірақ сен менде жас аһалтекенің алты құла сәйгүлігі болатын жағдай жаса. Мен «Гусар балладасы» деген нөмір (көрініс – БТ) жасагым келеді.

Дереу зауыт деректіріне «Алагирді таптым!» деп телефон шалдым. Ермолаевтың өзімен коса, аттар артқан вагонмен бірге ылғы алып жүретін ақ «Мерседесі» болатын. Оны бүкіл Алматы тамашалайтын. Біз сол «Мерседеспен» Луговойга келдік. Юраға тамаша аттар таңдай бердік. Мәскеу циркі Алагир үшін 35 мың сом сұрады, ал ол кезде ең ғаламат деген аттың өзі 7 мың тұратын. Не істеу керек? Ақшаны қайдан аламыз? Біздегі ауыл шаруашылығы министрлігінде, қаржы бөлімінің бастығы, жылқы десе жаны қалмайтын Иван Нефедович Брежнев деген кісі болды, ол мені жақсы көретін, жарыстарға жиі келіп жүретін. Соған бардым: «Иван Нефедович, 70 мың сом қажет». «Неге?» – деп сұрады. «Абсенттің ұлын циркten сатып алуымыз керек, жүрініз, көрсетейін»...

Қаржы таптық. Мениң тағы да атбейі досым, Социалистік Еңбек Ері Петр Федорович Томаровский деген кісі болды – оның фермасында асыл тұқымды арғымақтар болатын. Соған телефон соқтым – осылай да осылай, аттардың құжаттарын келістіру керек дедім. Ал ол маған: «Мен арқылы ретте, ешкім тиіспейді». Ол – Еңбек Ері ғой. Абсентті мен алушы ретіндегі құжаттарды келістірдік, мен ол үшін қаржы тәртібін бұзғандығыма қатал сөгіс алдым – іс осымен тынды.





Жалпы аттарды циркten алып ат спорты мектебіне аттан-
дырдық, мен онда оларды КАОК прапорщиғі Геннадий Гусь-
ковпен бірге дайындағым. Таңғы алтыда тұрып, жеті жарымда
ипподромға жетіп, сегізге дейін аттармен жұмыс істейтінмін,
одан үйге үлгеріп, қызметтен де қалмайтыным.

– Алагир сіздердің үміттеріндегі ақтады ма?

– Бізге ондағы Абсенттің спорттық мүмкіншіліктерін тиандырау қажет болды. Көшілік бұған сенбеді де. Бізді демеген Томаровскийге, Брежневке, Финькоға рахмет. Бірақ еліміздің жылқы шаруашылығы үшін өте қолайсыз кезең туды. Қайта құру кезінде жылқы шаруашылықтарының берекесі әбден кетті. Жекешелендірудің нәтижесінде кеңес спорттыңда шоктығы биік тұрған асыл тұқымды аттардың барлық үрім – бұтақтары жеке қолға көшті. Атышулы жүйріктердің кейбір тұқымдары Ресейге сатылды, өзгелері – жеке зауыттарды толықтырды. Асыл тұқымды жылқы есіру – өте күрделі жұмыс. Бір өкініштісі, қазір бұл іспен бизнес үшін ғана айналысады. Оның үстіне бұл тұрғыда атты сүймейтін кездейсоқ адамдар килігеді. Ал кезінде ат зауыттары, әр маманды бірнеше ай бойы талмастан таңдайтын. Иә ... Сөйтіп, Ағдам мен Аюдаг осылайша сатылды, әйтеуір, Алагирді шетелге сатудан қорғап қалдық. Оны Луговой жылқы зауыттына алып кетті. Одан 70-ке жуық құлышын алынды. Кезіндегі Ақишан, Абсент тармагын Алагир жалғастырды, ал бүгінде бұл істі олардың балалары ілгерілетуде. Алагир тұқым сақталуы үшін құтқарылып алынды.

– Жаңа бірде сіз аттармен маһаббатсыз айналысуга болмайды дедінің... Ал өзіңіз жылқы сіздің басты құмарыңыз екенін қашан үтгындыңыз?

– Жұбайым әлі күнге дейін жылқылардан қызғанады, бәрінен бұрын сениң көкейінде солар тұрады, – дейді.

Мен ес білгелі, алты жасынан бері қарай аттармен айналыса бастадым. Алматыда, кейін партия мектебі өсіп шыққан жердегі 14-ші кавалериялық полк бұған үлкен әсер етті.





Балақайлардың баршасы жаз бойына сол полктан шықпайтын. Біз тачанкаларға мініп атты әскерлермен бірге парадтарға да баратынбыз. Өйтепеір ол кезде әскери басшылар да, ат мінген жауынгерлер де балаларға аса мейіріммен қарайтын.

Мен 9-сыныптан бастап енді ипподромда жоғалып кететінді шығардым. Институттың екінші курсында ат спорты бойынша бірінші разрядтың, үшіншісінде – спорт шеберінің нормативтерін орындағылым. Зооветеринарлық институтты тәммәндағаннан кейін Ресейдің жылқы зауыттарында тәжірибе жинақтадым. Мен болсам, зауытқа тіптен бала шағымда келдім ғой. Ал ондағылар – өңкей қасқа мен жайсан, майдангерлер, директоры – генерал! Сөйтсем, ол үш жыл бойына менің ипподромда қөрсеткен өнерлерімді бағдарлап отырыпты. Кейін ол институтқа өтініш жіберіп, мені өзінің қарауына жіберуді сұрапты. Келісімен мені жылқы шаруашылығының бастығы етіл тағайыннады, ал бұл–директордан кейінгі лауазымы жоғары екінші қызмет.

Олардың ақыл–денгейін сыйпаттайтын нақты мысал келтіре аласыз ба?

– Мен Луговойда еңбек еткен кезде менде торы және сұр Гарус пен Габарит деген қос сұр аһалтеке ат болды. Барлық үш бөлімшені айналып аралап келу үшін күніне кемінде 70-80 шақырым жол жүру керек болатын. Сонда аттың күндік нормасы – алты келі сұлғыны дорбага салып жүретішмін. Қебіне бастың астына ер тоқым, үстіме плаш бүркеп қонып қалуға тұра келетін. Таңертең оянганда – тобенен аттың қарның көресің, күзетіп тұрган, – деген сөз. Мен атты тізгіндең емесін, ол соңымнан ерген күйі жүре беретін. Атбекілер мен жаттықтырушылар мені бұл тұргыда жиі қалжақтайтын. Сөйлесуге тоқтаганда, Габарит барсайшы неге тұрсың дегендей сыңай білдіретін. Бірде жалақы алған күні – олар ат ылғи сенімен бірге жүреді, ал кенсеге кірмейді, бәс тігісейік! – деместері бар ма! Жас та қызы кезім ғой, бәс тігістік.





– Не нәрсеге бәстестіңдер?

– Олардың өлшемі біреу-ақ – бір жәшік арақ, ал ол дегеніңіз менің жалақымның жартысы.

Табалдырықтармен көтеріліп келем – олар он бір болатын. Габарит менің артымда келе жатты. Кабинетті тұяғымен тықылдатты, бірақ айнала алмады, бөлме кішкентай той. Мен сонсоң оны шегіншектетіп отырып төмен түсірдім де, үйге алып кеттім. Шамалы уақыттан кейін директордың хатшы қызы Катя: «Борис Васильевич, директорға жүріңіз» деп жүгіріп келді.

Кабинетке кірсем, онда бірталай халық - бас инженер, агроном, прораб отыр. Директор олардың барлығын сыртқа шығарды да, маган: «Сен не істеп жүрсің? Атты кеңсеге кіргізіп, есінен ауысқансың ба?»

– «Жоқ, күр бәстестім».

– «Кіммен?»

– «Жаттықтырушылармен».

– «Ал, сонсоң?»

– «Қалай дері бар. Міне, сізге шақырды той...». «Міне, жігіт, шалдарды бір қатырган екенсің! Оларға атты қалай сую және аттың адамды қалай сую керектігін көрсетіпсің».

Вениамин Вениаминович Иванов жарқын жүзді, кең қолтық адам болатын. Буденнийдың үлкен досы еді. Бір жағдай болса, оған «Семка!» деп, телефон соғып, әнгіме -дүкен құрып жататын.

– Ал сонсоң Габаритке не болды?

– Қын жағдай туындасты. Мені ауыл шаруашылығы министрлігіне шақырганда Габарит су ішіп, жем жеуді таза догарады, жабырқап, таза қамығып қалды. Бұл жайы директорға қабарламаған, мен де ештеңе естімедім. Ғажап, маган шын берілген сәйгүлік болып шықты. Мен де, сонымен бірге Скафандр да болды. Маган оның су, жемнен бас тартқанын айтты. Мен «Панфилов» совозының директоры, досым Сазоновқа өтініш айттып, оны оз қарауына алуды өтіндім де, әр жексенбі сайын барып тұрдым. Жарықтық менің дыбысымды естісімен кісіней бастайтын.





Сонсоң Алмаз деген ат болды. Оны Димаш Ахмет ұлы Хрушевке сыйға тартты. Бұл атты біз Кәрім Әсеноғ екеуміз тәрбиелеп едік. Практикаға барып келсем ат жоқ, сыйлап қойыпты. Арада екі жылдай уақыт өткеннен кейін біз Буденнийга өтініш жасадық: зауыдқа Кирсақара тарамы бойынша туған Дағдан деген айғырды беруін өтіндік – алдында оны түркмендердің Хрушевке сыйға тартқанын естігенбіз. Директор осы айғырды тезірек бізге жөнелту үшін мені жылдам Мәскеуге іссапарға жіберді. Келсем, Хрущев Еуропага кетіп қалыпты. Мәскеу түбіндегі, 1-ші Мәскеу жылқы зауытының қасындағы Перхушково деген мекендердегі үкмет ат қорасына соктый. Шаруашылықта Никита Сергеевичке тарту ретінде берілген 80 ат ұсталатын. Кенет өзіме таныс кісінесті естідім – Алмаздың тұра өзі! Ол да мені дауысымнан жаңылмай таныды. Мен киім ауыстырып қайта киіндім де, Алмазға мініп аулаға шықтый. Шамалы уақыттан соң қайдағы бір жылқы жығушыларға ұқсас әлдекімдер келді, ал қастарында еңсегей бойлы сұлу еркек, аласа бойлы әйел мен кішкентай топ – толық бала бар. Хрущевтің күйеу баласы Аджубей еken! Мен тұра сүйк - суды төбемнен төгіп өткендей болдым. Еркек әйеліне: «Міне, Рада, сен де атқа осылай мінін журуін керек», - деді.

– Сіз отандық жылқы шаруашылығындағы барлық ғылыми жұмысты жинақтайдың түргышдағы кітаптың авторысыз. Министрлікте де сол саланың ілгерідегі жоспарлануымен айналыстырыз. Неге қолымыз жетті, нені сақтай және дамыта алдыңыз?

– Қазақ жылқысын таза тұқымды тарату арқылы жақсартуға деген талпыныс сонау революцияға дейін-ақ жасалған болатын. Патша армиясында 14 миллион ат болған. Жыл сайын мұндай мал басын жаңартып, армияны жаңа жылқымен толықтырып отыру үшін қанша күш-жігер керек екендігін көз алдына еле стете беріңіз. Сондықтан, осы мақсатпен Өулие – Атада (Тараз), Перовскіде (Қызылорда) және Қостанайда мемлекеттік жылқы зауыттары ұйымдастырылды. Патша үкіметі ірі атбейлерге,



жылқылы байларға айғырларды тегін таратты. Олардың ішінде қалмақ, дон жылқылары, тіпті таза қанды ағылшын айғырлары да болған. Олар табындарға жіберіліп, тұқымды жақсартуға ат салысқан. Осылайша, кейін кеңес зауыттылары мақтан еткен атақты Қостанай жылқысы тұқымының негізі осылай қаланған. Олай болса, тұқым жақсарту жұмысы Қазақстанда жоқтан бастау алған жоқ, ол 2-3 үрпақ тұқымы бойында тамаша нәтижелерге қол жеткізді. Енді кеңес кезінде селекционерлер қазақ атының мықтылығы мен қонбістігіне жоғары баға берді, осы жолда ондаған табындық – жөндеу жылқы зауыттары құрылды. Қазақстандық атбекілер жергілікті қазақ жылқысын оған дондық, орловтық, орыстың жүйрік аты, мінетін аты дейтін жылқылардың қанын араластыру арқылы жақсартуды қолға алды. Екі – үш тұқым араласқан Дегерес жылқы зауыты осылай жұмыс істеді. Олар Кеңес Армиясының ат бөлімдерін жөндеуге жіберілді. Батыс Қазақстанда, республиканың оңтүстігі мен оңтүстік – шығысында құрылған жылқы зауыттары да осы іспен айналысты. Бірде, Дегересте тәжірибе кезінде жылқылар бір сөткеде – 311,6 шақырым жер жүрін өтті, бұл 1949 жылы дүниежүзілік көрсеткіш – рекорд болатын. Кейін Ақтөбеде, 1978 жылы осы рекордты қайталап көрмек болғандар табылды. Сонда не болды дейсіз гой?

Үш тұқымды жылқылар - дондықтар, аһалтеке және қазақ жылқысының қаны құйылуы есебінен алынғандар 12 сағат ішінде 184,6 шақырым жерді жүріп өтті. Өттең ауа райы жүрісті одан әрі жалғастыруға мүмкіндік берmedі.

Кейін 49-шы жылқы зауыты аталған, бұрынғы Әулие – Ата түбіндегі «Клеменко» жылқы зауытында да ауқымды тұқым жетілдіру жұмысы жүргізілді. Онда 15 жылдан астам директор болып кейін ипподром директоры болған Александр Александрович Братчиков қызмет етті. Ол аһалтеке жылқысының тұқымын жетілдіруге көп еңбек сінірді. Абсент тұра соның кезінде алынған болатын – Братчиков Араб үшін жатырды өзі таңдады.





— Кеңес уақытында басталған тұқым жетілдіру жұмысы бүтінде жалғасын тапты ма?

— Мен жоғарыда айтқанымдай, 90-шы жылдары коптеген жылқылар тарап кетті, бірақ Шығыс Қазақстанның шаруашылықтарының бірінде бұл жұмыс жалғасуда. Жақында өзімнің байыргы досымды, Башай Кітапбаевты қөруге Катон – Қарагай ауданына бармақшымын. Жылқышының ұлы, Ұлы Отан соғысының мүгедегі Бошекен 20 жылдан астам Большенарым ауданының Ленин атындағы колхозын басқарды, онда тұқымы сүтті және еттік сиыр шаруашылығымен, кой өсірумен, егінмен айналысты. Ғажайып адам – Социалистік Еңбек Ері. Өз шаруашылығында Қазақстанның дистанциялық бейігісінен, 25 шақырымдық бейігісінен үш чемпион тәрбиелеп шығарды. Бірақ оның жылқы шаруашылығында басты еңбегі – оның өз колхозындағы жылқының тұқымдық көзін сақтай, әрі кеңес кезінде шекаралық әскер үшін атты әскерлерге қажетті жылқы зауыты жасалып жатқан Жданов атындағы колхоздың бар жылқысын шашыратпай жинап алғандығы.

Жұмыс десе жанып тұратын жігіттер, еңбек ететін жаңа шаруашылықтардың пайда болуы қуантады.

Олар білімге ұмтылады, олармен әріптес болған өте қызықты. Мен де Ақтөбе мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибелік стансасының аға ғылыми қызметкері санатында еңбек жолымды жалғастырып жатырмын. Бөлім бастығы Серік Рзабаевпен бірге мұғажар тұқымының таралу аймагын кеңейту жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бұл ғажап тұқым – қазіргі заман аттарының, тек, Қазақстанда, Қырғызстанда, Якутияда және Монголияда сақталған жылқылар тұқымының ішіндегі ең көнесі болып келеді. Мен бұл тұқымды құрмет тұтатындарды таптым және Алматы түбіндегі, сөнсөн Жаркенттегі шаруашылықтарға 250 басын сатып алғып, апардық.

Мұғажарлық жылқылар әмбебап – жегуге де, мінуге де ынғайлы, әрине, олар орловтық жүйріктерден және басқа





таза қанды тұқымдардан жүйріктігі, тұр – сымбаты жағынан төмендеу шығар, бірақ көнбістікке келгенде оларға ілеңтірмейді. Олар жыл бойына табында жүріп тебіннен күн коре алады, осы жағынан бұл тұқым өсіруге онтайлы да әрі арзан деп есептеледі. Бұл ертедегі қазақтар дәстүрінен алынған әдіс.

Жаркенттегі тұқымдық жұмысты спорттың ұлттық та, классикалық тұрлерін дамытумен ұштастыра отырып жүргізбек ойымыз бар. «Классиктер» үнін таза қанды мінгі аттарды, аһалтекелер мен дондықтарды, ал қазақ аттарының бұл тұқымдармен араласқандарын бәйгі, көкпар және т.б. қажеттерге пайдалану үшін өсіріп жатырмыз.

– Қазіргі жылқы шаруашылығында болашақ бар ма?

– Тап басып айтуға жүрексінемін. Бірақ Серік Рзабаевтың екі ұлы өсті, екеуі де ветеринарлық факультетті бітіріп жылқылармен айналысып жатыр. Мұндай адамдардың көмегімен біз жылқы шаруашылығын тың белеске көтереміз. Бірақ бар қындық мынада – қазір селекция – тұқым жақсарту жұмысы жеке адамдардың қолына шоғырланған, белгілібір жүйе қалыптастырылмаған. Эркім өзі нені қажетсінсе, сонымен айналысады. Ал, сайып келгенді, тұқым тазалығын қадағалап, түрлі тұқымдарға тиісті ғылыми тексерістер жүргізін отыру керек қой. Ал тәжірибе бұл тұрғыда барышылық. Мен кезінде әріптестеріммен бірге Қазақстандағы барлық тұқымдарды – аһалтекеден қүшімге дейін жетілдірудің айшықты жоспарларын жасаған болатынбыз, бұл мәселе арнайы партияның орталық комитеті бюросында талқыланғанды. Ал көзір мұнымен кім айналысада? Тұқымдар жоғалып барады – жүйріктер кетті, ал дондықтар да құтқаруды сұрайды. Ал бұл тұқымға жұз жылдан асты емес пе, әлемде мұндай тұқымдар жоқ. Кезінде қостанайлық айғыр Червонең әлемдік рекорд орнатты – 100 шақырымды төрт сағат, 1 лездеме (минөт) және 1 қасқағымда (секонтте) жүріп өтті. Бұл рекорд әлі күнге дейін жаңартылған жоқ. Әуесқойлықты дөғарып, кәсібілік дәреже іс





- әрекетке ауысатын кез жетіп бақты. Осындай үлкен дәрежелі, асыл тұқымды жылқылар ұлттық намыс биігі, кірістің таусылmas көзі, және ұлттық мақтанышмызың жалауына айналса екен, деген тілекпен, үміттеміз!

Республиктың саяси қогамдық

«Бәйтерек» журналынан, аударма,

Менің ат туралы айтарым, әлі де, көп сияқты.

Мен ат ұстап, ат баптап көргем жоқ. Бірақ жылым жылқы болған соң ба, әйтеүір жылқы туралы көп оқып, оқығанымды, естігенімді жинақтай жүремін. Жылқыны өте жақсы көремін. Оның бір себебі, анам бие саууга барғанда биelerін жақсы көріп сипап, құлынды қөзінен сүйіп, жарықтықтарым-ай деп, жылы сөз айтып, сосын саууга отыратын. Мен құлынды көру үшін баратынын. Сол құлындардың бейне бітімі әлі көз алдында екі құлагы тіп-тік, көз ұясы адамға ұқсас, әсіресе кірпіктегі ұп-ұзын, дene жүні қысқа да жұмсақ, құнғе шағылысып жылт-жылт етеді. Сүйкімдісін! – ай, деп құшақтаймын, мақтамаймын. Анамның бірде, жас құлынды, жас сәбиді мақтама, шамырқап қалар (иәки көз тиіп) дегені жадымда.

Жылқының қымызын, қазы-қартасын, жал-жаясын, сүрбүрмесін жақсы көрмейтін қазақ бар ма екен десенізші? Осындей мал төресін жақсы көре тұра, таянуға қорқамын. Оның екі себебі бар еді. Бірі – аудан орталығында отырамыз. Биeler сауым арасында жайылып кетеді. Биelerді айдан келе ғой деген. Биelerді қайрырып, құйрығынан ұстап келе жатқан едім, бір кезде, саныма тас тигендей сак етті, бақырып, кейін қарай домалай беріпнін. Бәрі жүгіріп келіп, жерден көтеріп алып, ұшықтап жатыр. Сынғаннан аман, бірақ қатты қөгеріп, біраз күн ауырсынып жүрдім. Жақыннан жәй тепкен екен, – дейді. Сірә, мойнындағы қызыл галстуктің желилінен шошыған болар деп, болжаулар айтты. Екінші-бесіншіні бітірген жаз. Толағайдың орталығынан жайлаудағы Ақмәрі досымның үйіне бармақпаз. Ол ауылда өскен, атқа еркін отырады. Мені алдына отыргызып, енді жүрмек болғанда, ат қатты пысқырып, мойнын соза шүлғып қалды. Мен аттың мойнынан сырғанап, жерге





топ ете қалдым. Даладағы көрші – қолаң ду құлді. Мені қайта мінгізіп жатыр. Ұялғаным ба, қорқаным ба, менде құлу жоқ. Міне, осы екі жағдайдан кейін, жылқыға жолай алмадым, Осы күнге дейін қызыға қарап тұрсам, маған құлағын құмылдатады. Мені ұнатканы ма, қорқытқаны ма, әлде, неге қорқасың дегені ме, білмейміп...

Жылқы есті мал, иесін жауға қалдырмағаны қаншама,—дейді гой үлкендер. Бір естілігін айтайын, Жетіншіні үздік бітіріп, ұстазым Татьяна Сергеевианың нұсқауымен Ақмолаға барып, С.М.Киров атындағы педтехникумға окуға түстім. Демалыста 189 разъезден түсем. Сол жерде тұратын қадірлі азамат, ел ақсақалы Сәтжекең (Сәтжан) әкеміз поездан ат-шанамен алдырады. Сондай қонақжайлы үлкен орда болатын. Бір бөлмеден кісі атанып жатса, келесі бөлмеге бір топ қонақ жайғасып жататын. Баланы да үлкенше сыйлайтын. Бір жолы мені Толағайға, апарып салатын кісі болмай қалды-ау деймін. Мені шанаға отырғызды да, атты жолға салып, божысын қолыма ұстартты. Қорықпа, өзі апарады. Қайтарда, мұнда келетін ешкім болмаса, жолға салып жіберсе болды, өзі келеді, тек, божы сүйретілмес үшін шананың басына іліп қой деді. Қорқам деуді білмейміз, үлкеннің айтқаны айтқан, жүргім лұфіп, 18 шақырым жерге кете бардым. Жолда шанада адам барын ұмытып кетпесін деп, мұрнымды тартып, жеткірінің қоямын. Әлгіндей емес, аттың ширак жүрісі, ақ қар мен Күн сәулесінің шапағы қорқынышты сейілткендей болды. Ептең өлең де айтып қоямын. Әп – сәтте үйге алып келді. Үйдің іші, көршілер жүгіріп шығып қуанысып жатыр. Сол күн – көкілімнің мақтанышы болды, тура ат шананы өзім жүргізіп келгендей болдым. Қазір, недеген ақылды, үйренгенін орындастын ат деп, есіме жиі аламын. Міне, «жақсы ат қартайса да жүрісінен танбас, жақсы кісі қартайса да ақылынан танбас», «жақсы ат пен жақсы жігіт көптікі»,— деген жарасым сөз осындайдан айтылғаны һақ. Иә, «жылқының да жылқысы бар, қазанаты бір бөлек», «жігіттің де жігіті бар, азаматы бір бөлек»,— деген қазағым.



Қазақтың қазанаты бар ма?

Қазақтың кең байтақ даласындағы ұлан асыр ас пен торқалы тойлар ұлттық өнерсіз өтпеген. Әсіресе ат үстіндегі шынығудың (спорт) қазаққа ғана тән ұлттық түрлері: бәйгі, жорға жарыс, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, көкпар тарту, жамбы ату т.б. жарыстары әсте ұмытылмаган. Заманың қым – қыт кезінде де қазақ дәстүрінен көз жазбаган.

Елімізде кейінгі жылдары ұлттық шынығу (спорт) түрлеріне, оның ішінде ат үстінде шынығып, түрлі ойындар көрсетуге көңіл белушілер қатары еселей кебеюде. Алыс ауылдағылармен қатар қалалықтар да қазақтың қанасында (вена) бар ойын, жарыстарға аса көңіл бөле бастады. Намысқа жанып түсетін жігіттер көкпар, бәйгі дегенде бәрін ұмытып, сырт көздің сұғынан қорғап, Құн мен Желге шалдырмай баптаған тұлпарларымен бірге тықырышып, аламандардың дүбірі мен, қиқулаган үндерге құлақ салып, діттей тыңдайтын күндер біршама қайта оралды. Сондай жарыс дүбірлерін азаматтар еске алып, айтып отыратын болды. Мысалы 1996 жылы Венгрияда өткен шабандоздардың бірінші фестивалін еске түсіреді. Аланың сан ғасыр сақтап, әлпештеп құрметтеген, естен бір сәт ұмыт қалмаған ұлттық өнеріне төрткүл дүние бас иді емес пе? Қазақ жігіттерінің мықтылығына, жүректілігіне, ат үстінде отыру тұлғасына, ат құлағында ойнау шеберлігіне бүкіл Әлем өкілдері тәнті. Әлем шабандоздарының (жокей) тұңғыш фестивалінің бас жүлдесінен дәмелі 23 мемлекет ішінен біздің қандастарымыздың айы оқынан туды. Бұрын – сонды мұндай ойын түрлерін көрмеген европалықтар үшін қазақтың ұлттық (колорит) бейнелік ойыны кереметтей әсер қалдырыды. Ендеше агаларымыз бабадан атага, атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүріміз атбегілікті, шабандоздықты жалғастырып, даңқын жоғарылата беру керек деп, ой түйеміз. Бұл мақсатты орындау үшін мұдделі жеке азаматтар: **Жаңаарқалық – Қуат Ақметов; Ағадырлық - Б. Мақышев,**



Әсет Қалыбеков; Қарағандылық - Аман Түсінбеков;
Коктіңкөлінен – Сәдуақасова Жадыра сияқты, сонымен қатар осындағы малдың төресін түлететіп жылқы шаруашылығын мықтап қолға алатын шаралар әбден керек – ақ қой. Бұрын жылқы зауыты, бәйгіалаңдар (ипподромдар) болғаны анық.

Әсіресе асыл қазынамыз **қазакы қазанат** жайлы құлақ тұшынар әңгіме жоқтың касы. Қазанатсыз батырға қару асыну қайда? Бүкіл Жонғар жотасынан Алтай, Атырауға, Алатаудан Арқа Ұлытау, Тибет, Һан Тәнірғе дейнін ұшы-қыры көзге көрінбей созылып жатқан сайын саһараны білектің күшімен, наизаның ұшымен, қазанаттың үстінде жүріп, бабаларымыздың қорғаганы бәрімізге аян. Кейбіреулер шет ел атына қызығады. Мениңше олар циркте билеу үшін жаралғандай. Олардың адымы да, күші де алысқа шабуга келе қоймас деп, талай азamatтар баспа беттеріне оз ой бағамдарын жазуда. Әрине ат жайлы кітаптар да бар, бірақ қолға түсе бермейді.

Врангель кезінде ат туралы, ең толық еңбек жазған, ол бес томнан тұрады, «**Жылқы туралы кітап**», – деп аталады. Мәскеудің Ленин атындағы кітапқанасында сакталған. Әр қолға тие бермейтін кітап. Ал **Борис Бардин** еңбегі сіңген өнертапқыш, жылқы шаруашылығы жөніндегі оқулықтарының төлиесі (авторы), жаттықтыруши.

Әйтсе де оның ішінен дәл қазақы нәршырын сөздерді кездестіру мүмкін бола қоймас. Соңдай-ақ, әр ру батырларының бір емес бірнеше сәйгүліктерінің соғысқа, сәнғе, тойға, анға мінген арғымақ, қазанаттарының аттары өзіне лайықты болған.

1. ғазірет Әлінің дүлдүлі – пырак (Мұхаммед пайғамбар
ғ.с. Мираж түні жеті қат аспанға котеріліп Аллаңтағаланың алдына барғанда және қасиетті Иерусалимге сапар шеккенде мінген қанатты жануар).
2. Рұstemнің тұлпары Раңыш
3. Ер – Тарғынның Тарланы
4. Алпамыстың Байшұбары
5. Қобыландының Тайбурылы





6. Асанқайғының Шаңқанбоздары
7. Ескендір Зұлқарнайының Буцефалы
8. Батыр, би-болыс Жазыбектің Қаракогі
9. Қаракерей Қабанбай батырға отыз жыл серік болған Шалқұйрық пен Кубас
10. Қанжығалы қарт Бөгөнбайдың тұлпары Жамбыкер, қарт батырдың жорыққа мінген аты Арғарқүрең
11. Бөкейлік Жәңгірқаннның дүлділі Қарақұс
12. Тараптты Байғозы батырдың Бозы және Кертөрысы.
13. Жәнібек һанның Қекбуырылы
14. Керей руының қызы Жаған бикенін атышулы Киікаяқ аты
15. Керей Қарақожа батырды «бес құлаш» деп атаган, аты Құласы
16. Қанжығалы Үйсінбай батырдың тұлшары Сарбауыр
17. Бұғарбай батырдың тұлпары Назбедеу (Кене һанның Алатаудағы бас батыры болған)
18. Он екі ата Байұлының аға биі Бекен бидің пырағы Биегіз
19. Қуандық Тойынбек шешеннің пырағы Тайкөк,
20. Исадайдың Ақтабаны
21. Бұғыбайдың Қарасеркесі
22. Бердіқожаның Қекшолағы, Абылай сұлтанға көлденең тартқан Ақбозы
23. Ақан серінің Құлагері
24. Құналбайдың Кертобелі
25. Райымбектің Қекойнғы
26. Қызжібектің Ақбозаты
27. Қоныштағай Сансызбай батырдың Қекжайдағы (жау қолынан алған, соңғы шағында Қарсөн Орынбай батыр серігіне Кокжайдадақтан тұқым алғызуды тапсырған)
28. Ақжуністің Ақмонашы («Ер Тарғыннан»)
29. Әнші Майраның Ақжалқүрені (сыйға алған, Бекен агадан)
30. Бағанағы Ерден Сандыбайұлының Сағымсарысы,
31. Шұбыртпалы Ақжолтай Ағыбай батырдың пырағы Ақлақ, тұлпары Қекбесті (басы Шешенқараның басына қойылған)
32. Абылай қаниның тұлпары Жалынқұйрық





33. Қаздауысты Қазбек бидің тұлпары Телқоңыр
34. Қанжығалы Жантай батырдың тұлпары Кокшекызыл
35. Алтай Тәнірбергеннің Сапағының (он жеті мың жылқы біткен бай, бекше Байдалыга аталас) - аты Ақмаржан
36. Қуандық Ескара бидің күлігі Зенбірек, (Қоңыр төренің асында бас бәйгіні алған)
37. Бұқар жыраудың Тарланы, Қарақасқасы
38. Керней Бексейіт бидің Құлапұшығы
39. Қыпшақ Досбол бидің Саржорғасы
40. Тоқа Шоңманұлының күлігі Тайқасқа (Қырғыз Шәбден манаптың асында бірінші келген)
41. Атақты Бекше Байдалы бидің Көксұғанағы (өзінің асында аламан бәйгіге тігілген аты)
42. Һан Науанның – Наурызбайдың тұлпары Нарқызыл, Қырғыз Алатауында оқ тиген Науанның тұлпары Ақауыз
43. Сырым Соқыр – «Жаланtos» батырдың Заржорғасы
44. Шеркеш Жәндірдің күлігі Кершабақ (Ысық Алатаудың асында бірінші келген)
45. Қуандық Алашагырдың Сембегінің дүлдүлі Алашеке
46. Тобыкты (Құтпан) Қараменде бидің (шоры естек, қарақалпақ) бәйгі бермес күлігі Тұрымтай
47. Қарашор Сеңкібай батырдың шалқұйрығы – Сұржебе (жекпе – жекке мінген асыл серігі)
48. Керней Бодық батырдың тұлпары Сұмсекей
49. Керней «Көкбөрі» – Жарылғап батырдың (шоры - естек, қырғыз) аттары Шағыр, Темешкери
50. «Көмбे» – Жарылғап сақидың(шоры – естек, қалмақ) Құсқанаты
51. «Көкжарлы» – Барап батырдың (шоры – қарақалпак) Тойнағы мен Мойнағы
52. «Көктін» – Барап батырдың (шоры – қалмақ) Сетері
53. «Бесқазық» – Жаңабатырдың (шоры – қалмақ) Көкқарғасы
54. «Екітін» – Тұранәлі бидің (шоры – қарақалпак) Төртшаты



55. «Батпан» – Сатай сақидың (шоры – қырғыз) Томашасы
56. Тама Тыныс батырдың тұлпары Кер
57. Арқадағы Бексейіттің Кераты, (Жарылғап батырдың досы Тама Тыныс батырдың жонғар тұтқынынан мініп қашқан Кер тұлпары, кейін
58. Жарылғап батыр тақымына басқан.
59. Тауықтың Қарасы (осы Кердің тұқымы ҚР ның 40 жылдығында мәреге оқ бойы алда келген).
60. Түйтенің тұлпары Көкшагыр (Жыланкөз аттың тұқымы, бұл тұқым, конекоздердің айтуында, Асанқайғының Албан жеріне тастап кеткен Шаңқанбоздарынан тараған де ген сөз қалған)
61. Куандық Алшагыр батырдың Жыланкөзі (қыз алысқан құдалықтан келген)
62. Ұлы жүзде Бақай сыншынның күрең Желқанаты (Үш жүздің басы қосылған сын бәйгілерде алдына қара салмаған).
63. Шет ауданынан Құсайынның Тыртықкөгі
64. Құржікбайдың Көгі, Құласы деген айтулы жүйріктер болған.
65. Талдыдан Жұмажан ақсақал баптаған Құржікбайдың Көгінің тұқымы үлкен – кіші бәйгілердің алдын бермеген.
66. Апақтың Құласы.
67. Тарақты Салақ байдың Үргайының тұқымынан:
 - а)Атақты Сұркөжек
 - б)Апақтың Құласы тараған
68. Арапбай Мәмениң Алқаракөгі (1823 жылы Байдалы бидің асыда 500 аттан озып келген
69. Қостанайдан Червонең деген айғыр 1000 шақырымға 4 сағат 1лездеме 1 қасқағым уақытпен Әлемдік рекорд жасаған, әлі жаңартылған емес.
70. Қ. Абайға сыйға берген Кербесті.
(Тырнақша ішінде лақап (псевдоним) есімдері берілген, және бұл деректер үштің бірі ғана, деп ойлаймын).



Ал қазіргі кезеңіндегі еңгүліктегінен білеріміз шамалы.

71. Құат Ақметовтың бәйгі аты Доценит (Жаңаарқадан),
72. Б.Тусітбековтың бәйгі аты Алтын алқа (Агадырдан),
73. Б. Мақышевтің бәйгі аты Нұр (Агадырдан.)

Шабандоз – жокей,

Бәйгіалаң – ипподром (Б.Т.)

пассаж – сәнжүріс (Б.Т.), (коркем жүріс)

визитка – көзсапарыш (Б.Т.)

Сөндаій-ақ, жылқы ішінде жорыққа мінетін ат жасау тиғенін алдымен сезініп, тынырышып, осқырынып, жер тарпи-ды екен. Бұл да сүлу да мықты аттардың естілгі.

ҚСРО-ның кезінде де аты азызға айналған, сәнді де сұлу, сіңбесі мәнді аттар болған. Талай жсніске жетіп, елді қуанышқа болеген. Солардың бірегейі:

Абсент – таза аһалтеке тұқымы. Өкесі – Араб атты айғыр, шешесі – Бақара бие, Өулие Ата жылқы зауытынан. Абсент жиырма үш жыл омір еүрді. Тұңғыш олимпиялық чемпион. Одақтың үш дүркін (Рим, Токио, Мехико) чемпионы.


Араб – он бір жасында 2 метр 12 сантиметрден сскіріп, би-іктікten секірудің бүкілөдақтық рекордын жасады.

Ол жасы жетіп қалған айғыр болса да, оның басты еңбегі гасыр жылқысы – Абсентті қалдырганында болды. Оның тұ-лектері: Алфавитті, Артисті, Авангардты ерекше атауга болады.

Сектор – деген атпен түркімен Сарыев жарысқа 27 рет қа-тысып, 9 рет 1-орын алған (ВДНХ-дан).

ҚСРО-да ат жарыстарының әр түрінен чемпион болған «А» ھәріпінен бағталатын он төрт аттың атын атайды:





раб
қын
ғдам
юдаг.
лмаз
бсент
бақан
лагир
қишан
ртист
лфавит
қбұлақ
вангард
халтеке

Бұлардан басқа да Баққара, Гарус, Габарит, Кирсақара, Бу-нефаль, Дагдан, Кубань, Червонец деген чемпион, сәйгүліктер болған. Бірқыдыру жазбаларды оқи отыра байқалғаны Қазақ, Түркі, Араб, Қыргыз т. б. елдер жылқы тұқымын асылдандыруда, тұлпар балтауда көп гасырлар бойы тәжірибелі екені және ол жұмыстың сүйіп істейтін анық байқалады да, енбектері бағалы да. Әр қылқұйрық тегінің өзіндік қасиеттері мол. Айтұлы сәйгүліктердің күтіміне орай, тәрбиесіне қарай тұқымдық кірпиәз қасиеттері баршылық. Естіген құлақта жазық жок, Дон жылқысы қазақтың қазанатымен будан деседі. Оған сәбәп, ертеде Еділ өзенінің қос жағасында Қазақтың кінәз байлары мен русытер көрші - қоңсы болып, жаудан қорғану мақсатымен біріге отырып, сыйласа бастайды. Қыз алып, қыз беріп, құдандал болып, кінәзденіп, болек-бөлек кінәздіктер құрап, құда дорба жүргізін, жылқы жүгіртеді - міс.

Қазақ жылқысы қаша будандасқанымен, жылдар деңгейінде тазартып, тұқымын өз тегінде алуға болады екен. Қазақ адамды жылқы мінезді деп айтады ғой. Сондай-ақ жылқы да адамға ұқсас, тұқым тегін қуалайды екен. Батыр, ақын, данышпандардың тұқымынан ақын, чемпион, ғалымдар да бір



шама ғасырларда қайталанатынын өмір ілімі дәлелдеуде. Ал адамға қарағанда мал, оның ішінде жылқы тұқымын тездете өзгертуге болатынын жоғарыда айтылғандардан байқадық.

Қазақ қанасында бар қаиеттерін үрпақтан үрпаққа ере жетілтіп, аса бағалап, парасатпен қараған. Сол қанадағы қанға сіңісті болған құнды дәстүрдің сапалы бір түрі – жылқы мәні мен маңызы болса керек.

Жылқының басын құрметтеп, оның берерін де бағалау қажетті. Ол үшін Отандық көмек ауа мен судай қажет-ақ.

Rs. Тұқым қуалай өсімдік, жемістерде де болатынына коз жеткіздім. Бірде дағага еккен алма ағашынан 27 алма алдым, келер жылы қыста үсіп қалды-ау деймін, шықпай қалды, солден соң түбінен қайта жанданып, үлкен алма ағашына айналды, бірақ жемісі ранетка болды. Бау - бақша білгірлерінен сұрастырылғанымда, ол әу баста ранетка болғанын, одан будандастыру арқылы алма жасалғанын, ал үсіп кетіп, қайта шыққанда өз негізін қуалаганын есітіп, білдім. Содан бери қышқыл ранетка өнімін беруде. Шындыққа жүргінсек, негізге тартқаны гой.

Атнен шынығу (спорт) ойын, жарыстары

Бәйгі	ат жарыс	құпан жарыс
тай жарыс	жамбы ату	нысана көздеу
аударыспақ	қыз куу	көкпар
тенге алу	жорға жарыс	садақ тарту

Сәйгүліктер сыйны.

2009-жылы маусым айында Ағадыр кентінде жылдағы дәстүр бойынша атта шынығудан (спорт) жаңа маусымның ашылу рәсіміне арналған бәйгі жарысы ұйымдастырылған. Осы үлкен шара кент әкімдігі және атбеті шаруа қожолығының жетекшісі Бауыжан Мақышевтің демеушілігімен өткен.

Осыдан екі жыл бұрын кенттің 70 жылдығына орай салынған атшабар алаңына қалық жиналып, тай-құнан жарысы және ала-ман бәйгіге Астана, Қарағанды, Шет, Жаңаарқа, Аксу - Аюлы,





Ортау, Өспен, Босаға, Көктіңкөлі, Айса, Мұхтар мекендерінен 40-қа жуық ат қатысқан екен.

Тай жарысында Қарағанды қаласының «Алтын алқа» атты тайы мәреден бірінші өткен (иесі Б.Түсінбеков). Екінші, үшінші орындарды Жанаарқаның Доцент (иесі Қ.Ақметов), Агадырдың Нұр (иесі Б.Мақышев) тайлары иеленген.

Құнан жарысында батықтан А.Кәрібаевтің, қарағандылық Балташ және Аман Түсінбековтердің жүйріктегі мерейі үстем болған.

Аламан бәйгіде сәйгүліктер 12 шақырымдық қашықтық бойынша бақ сынасты. Үш айналымнан тұратын тұлпарлар жарысында мәреге бірінші болып Жанаарқадан келген сәйгүлік Майбақ (иесі Қ.Ақметов, шабандозы Қамбар) озып келді. Екінші бәйгі агадырлық «Қарақат» (иесі Ә.Қалымбеков), үшінші қарағандылық «Сарыарқа» (иесі А.Түсінбеков) атты сәйгүліктерге бұйырды, ал тортінші бәйгі көктіңколдік «Сұңқар» (иесі С.Жадыра) атты сәйгүлікке бұйырды. Мұндай жарайстар тұлпарларға да, иелеріне де үлкен сын.

Атбетілік, тек, кәсіп емес, ұлттық асқақтық символы. Сан алуан жылқы тұқымдарының мүсін сымбаты, сол аттармен орындалатын түрлі корсетілімдер жасайтын шабандоздардың ептілігі мен жүректілігі көрген жанның есіне бағзы дәуірдегі табигатпен тамырлас тарихты елестетеді.


Шабандоздардың атты шоқитып отырғызуы, жерге сұлатып жатқызуы ат пен адамның етене байланысының көрінісі емес пе?! Бес атты көсем жегіп, екі аттың сауырында тік тұрып, бесеуін қатар тізгіндең құйғытқан шабандоздың епті өнері көрген жанды тамсандырмай қоймайды. Бұл шабандоздық онер Хортабадьтаған емес, Мажарстанның кез келген түкпіріне тараптап тамаша дәстүр, шынығу мен серуеннің ерекше түрі. Мадьярлардың атта шынығуының бет - бейнесін жыл сайын Хорбадьта өтіп тұратын «Ат мейрамы» күндерінде корсетеді екен. Қыпшақ-Құмандардан шығысқа қарай Тиса өзені аралығындағы 115 шақырым аумақтағы Ұлттық саябақты (паркты) 1979 жылы БҰҰ-





тық биосфера резервуары деп таныған. Мұнда Мадъярлардың шығыстан өздерімен бірге ала барған мал, құс, ит тұқымдары таза күйде өсіріледі. ХҮІ-ғасырдан жылқы тұқымын асылдандыруды басты мақсат етіп келе жатқан Хорбадь өнірінің атбейі, шабандоздары 1965-жылдан атбегілер мерекесін өткізе бастаған. Жыл сайын маусым айының алғашқы аптасының соңында ұйымдастырылатын «Атбегілер күні» бүгінде әлемнің түкпір түкпірінен ат сүйер қауым мен саянатшылардың ағылып келетін мерекесіне айналған.

(Унжарғы басылымдарынан)





Тағы да қазанат жайлы.

Қазанат – қазақтың асыл тұқымдарының бірі саналады. XIX-ғасырдың жазба деректерінде жылқының мұндай тұқымы арғымақтар мен далалық қазақы жылқыларды будандастыру арқылы алынған екен.

Қазанат арғымақтың жүйріктігін, ұшқырлығын, ал дала жабысының төзімділігін, аштыққа, сұыққа шыдамдылығын, екеуінің де алыс жолға беріктігін қабылдаған. Қалық ауыз әдебиетінде, эпостық жырларда, ақын-жыраулар поэзиясында қазанаттың осындағы ерекше қасиеттері жырланып мадақталады. Бабаларымыз сол аталған ерекше қасиеттеріне байланысты қазанатты арғымақтан жоғары бағалаған. Себебі көшпелі қазақ түрмисында, әрі ауа-райының қатал жағдайында жылқы малының ұшқырлығымен бірге оның қандай қыншылыққа болсын төзімділігі ерекше орын алады.

Қазанаттың сырт келбеті де атауына сай. Оның дene бітімінен, түркynan жүйріктік те, күш те, төзімділік те бірдей аңгарылып тұрады.

Омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, құпшек санды, тұяғы үлкен, әрі жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық - жалы қысқа болып келеді екен.

Шын жүйріктегі мінез бітімі де болады. Атты сұытқанда артқы екі аяғына кезек салмақ салып, тұяқ ұшын тіреп, тезірек тынығуына мүмкіндік жасайды. Егер кулын кезінен көз тартса, желкесін ноқтаға қидырмай, желіде шырылдатпай еркін жетілуін қадағалайды. Тай, күнан күйінен иесіне үйірсек болуы үшін бас білдіріп те қояды, жаншып мінбейді. Азуын жарып мүшел толғаннан белгі берген соң, бестісінде балтауга керіседі. Шын жүйріктің мен мұндалайтыны кезі–осы. «Бесті аттың бетінен сакта» – деген сөз мәйегі де бар.

Жылқы көңіл – қүйдің де түлегі. Бір күн бос жүріп, аунап-кунаса, мейлінше сергіи қалады.



Араб жылқысы.

Қазақ үлтты жылқы жануарларына ерекше құрмет пен қараймыз ғой. Жылқы туралы жазбаларды да құмарта оқимыз. Сондай - ақ жақсы қасиеттері жағынан ауызда жиі айтылатын араб жылқысы туралы да білгенімізді әңгімелейік.

Араб жылқысы байыргы жылқы тұқымы болып саналады. Оның шыққан жері Арабия шөлі мен Африканың солтүстік жағалауы болса керек. Жылқының осы түрі XV-ғасырдан бастап бүкіл Еуропаға әйтілі болған. Ол жылқының көптеген жаңа тұқымын шығаруга пайдаланылды. Мәселен, осы күнгі Орлов желгіші, орыс желгіші, таза мініс жылқысы, венгр жылқысы, т.б. сәйгүліктердің негізі осы араб жылқысынан екен.

Араб жылқысы онша ірі емес, тұяғы берік, өте сымбатты. Оның оргаша есеппен шоқтығына дейінгі биіктігі 51,9 см, тұрқы 149,3, қеуде орамы 175, жіліншік орамы 19,2 см. Басты ерекшелігі, ұзақ жүріске көнбіс және жүрдек екен. Мысалы, 2400 метрді 2 минут 41 секундта, 3200 метрді 3 минут 41 секундта жүріп өткендігін атбейлер есептеген. Тағы бір қасиеті шөлге төзімді, күй талгамайды. Оны жылқы тұқымын жақсартуыш ретінде пайдаланғанымыз болмаса, біздің елде таза араб жылқысы өсірілмейді. Асылдың тұқымы да асыл болады.

Қас жүйріктің белгілері.

Қас жүйріктің нгізгі белгілері үшке бөлінеді:

Сыртқы белгісі, ішкі белгісі, жасырын белгісі.

Әр жүйріктің тұқымына қарай белгілері де әртүрлі болады.

Сырт белгісінде қарай айтсақ жүк арбасын сүйрейтін аттардың бұлнық еттері жұмыр, денесі шымыр келсе жүйрік аттардың сыртқы бейнесі он түрге бөлінеді:

Бас, тұяқ, құйрық, дыбысы, су ішкені, ізі, жайылымы, тісі, тарамыс белгісі, дене белгілері.

Бас белгісі. Жүйрік аттың басын кейіпіне байланысты: қой басты, қоян басты, бақа басты, жыртқыш басты, бөкен басты, деп бөледі, Мұның ішінде қоян басты мен бақа бастысы





ерекше жүйріктеге бітеді. Жүйрік аттың көз аясы шығынқы, алдысты болжагыш, мандайы кең, құлағы ұзын - қамыс құлақ танауы кең, омыраулы, астыңғы еріні ұлкен, тілі жатыщы, екі жақтың арасы жұдырық айналатында кең, әрі терең, қабағы үшкүл және көтеріңкі болып келеді,- дейді.

Тұяқ белгісі. Бұл белгі бойынша шыны тұяқ, ет тұяқ құйма тұяқ, тегеуір тұяқ, сарлық тұяқ, жүйрік тұяқ, құс тұяқ, құйма тұяқ – деп бөлінеді екен. Тұяқ белгілерінің ішіндегі ең жақсысы - сарлық тұяқ. Бұл оте жұмыр, табаны тым жалпақ емес, өкішесі кетік болады. Кейбір жүйрік аттарда құс бақайлы тұяқ та кездесетін корінеді.

Құйрық белгісі. Жүйріктегідің негізінен құйрығы ұзын, сым-пыш құйрық, құйымшақ жағының қылы төгілмелі, құйрықтың бас жағы жуантық болғанымен соңы сүйіктау болып келеді екен. Жүйрік аттың құйымшақ сүйегі тартқанда жамбастьың басына дейін барады,- дейді

Дыбыс белгісі. Қандай ат болмасын мұрнымен кісінеп, дыбыс шығарғаны өте жаман дейді. Жыртқыш андар секілді күркіреп кісінесе, орташа, ал торғай секілді жіңішке дауысты, кісінеген кезде азынап шықса, бұл өте жақсы деп есептеледі екен.

Жайылым белгісі. Жайылымы мол, тастайтын құмалағы аз болса, бұл жақсы белгі екен.

Су ішу белгісі. Жүйрік ат суды ауық - ауық ішеді. Суды дем алмай ішкен аттан жүйріктің шығуы екіталай екен.

Із белгісі. Басқан жеріне тұяқ қырынан басқа із түспесе, жақсы. Алдыңғы екі аяқтың ізінен артқы екі аяқтың ізі қиғаш, бір сүйем артық түсіп отырганы жақсы,- дейді.

Тарамыс белгісі. Жүйрік аттың тарамысы садақтың жақтауындаи иілген және оте қатты, сіңірлі, бота тірсек болып келмек. Жіліншік тарамысынан екі жағынан қысып көргенде арасының кеңдігінен қол бір біріне қабысып жатса, өте жақсы болғаны.

Жүйрік аттың қылтасы бос (бота тірсек), жеңіл қозғалысты болып келгені абзал екен.





Тістің белгісі. Алыс тіс, түйе тіс, қой тіс, бидай тіс, тауық тіс болып бөлінеді еken Ал жүйрік аттарға алыс тіс белгісі тән еken. Азу мен алдыңғы тістің арасы ортан қол өтетіндегі алыс болса, алысқа шабатын жүйрік болады еken.

Жалпы дене белгісі. Жүйріктің басы үұланның басындаі, төрт сирағы бұғының сирағындаі қылтасы кең, тірсегі арнардың тірсегіндей, танауының тесігі үлкен, алдыңғы мойыны сәл жуандай (кол мойын), шідерлігі жуан аркасы көтеріңкі және садақтай иілғен, Жауырыны қигаш жағынан сәл жалиактау, қабыргасы ұзын, шығыңқы, арасы жиі болып келеді. Қарыны сәл жуандай, ең соңғы қабырға мен жамбас арасындығы кеңістік тарлау шақпак етті болып бітеді,— дейді. Жалпы қыл сағақ, қамыс құлақ, құлан жал, сымбыш құйрық, бота тірсек, құйма түяқ болып келді еken.

Жылқы түстері.

Қазақ ортасында жылқының түсіне байланысты сөздер өте көп. Қазақ бабаларымыз саһараны таңдағанда осы жылқы малы үшін таңдаған болар, себебі мың мындаған үйір - үйір жылқыны санап шығу еш мүмкін болмас. Сондықтан да өнерлі қазақ қалқы жылқыны түсіне қарап түгендерген және санын да түсіне қарай есептеген. Тәжірибелі жылқышылар мындаған жылқыны атпен бір аралап шыққанда, несі бар, несі жоғын анықтаған. Жылқы түсі 200-дің үстінде деген жорамал бар. Негізінен былайша, екі топқа жіктеген :

Қылан дегені – ак, боз, ақбоз, қасқа, сұр, шанқан, шаңбоз, тарлан, ақтарлан, бозтарлан, (оның құлапұшық, кершабақ, темешкер, кербесті, керіат, жамбықер, ақауыз, тайқасқа, сұржебе,— деген ат атаулары баршылық).

Баран дегені – қара, қоңыр, құла, көк, қызыл, күрен, бурыл, жирен, торы, құлғін, шабдар, сары, т.т. (қарақасқа, қарақұс, көкбөрі, көкжайдақ, тайқөк, көкйинақ, көккарға, көктін, көкбесті, көкжарлы, сарбауыр, саржорға, қызыл, нарқызыл, телқоңыр, қоңыртөбел, күрен, ардақүрен, арнаркүрен, жиренқасқа, торықасқа, құлғін, құлғінсары, т.б. деп те атайды.)





Баранға жіктеген өң-тұстарі табиғаттағы кемпірқосақ түсінің негізінде деуге болады. (Конекоз қариялардан сұрастырып, әліде жинақтай берген жон).

Жылқы жеріне қарай оседі.

Арқа жерінде «аузымен құс тістеген» бірнеше тұлпарлардың тұқымы болғаны белгілі екен.

Солардың бірі – **Бексейіттің Кераты**. Бұл **Жарылғап батырдың досы Тама Тыныс батыр** жонғарлармен болған бір ұрыста қолға түсіп, тұтқыннан мініп қашқан тұлпардан тараған тұқым екен, Кер тұлпарды кезінде Жарылғап батыр тақымына басқан. Қазақстанның 40 жылдығына орай өткізілген дүбірлі тойда мәреке оқ бойы алда келген **Тауықтың Қарасы** деген сәйгүлік осы Кердің тұқымы екен. Ақшатауда Нұреке деген ақсақалдың немерелерінің қолында Кердің тұқымы әлі бар көрінеді.

Арқа жеріне коп тараған тағы бір сәйгүлік – **Сазанбай батырдың жау қолынан алған Қекжайдак** тұлпардың тұқымы. Өзі өлеңтінін білсе де жанындағы серігі **Кәрсөн Орынбай батырға** «біздің елде бір қатын буаз шыгар, мендей бір ұл туар, тұлпарды қайтармандар» деп сөлем айтқанда осы **Қекжайдектан** тұқым алушы көксеген гой, есіл ер.

Тағы бір тұлпар – **Тұйтенің Қекшагыры**. Өмір бойы алысып та, достасып та өткен **Керней Бәубек батыр** мен **Қуандық Алшағыр батыр** қызы алысқанда келген **Жыланкөз** деген жүйрік аттың тұқымы. Қонекөз қарттардың айтуына қарағанда бұл тұқым **Асанқайғының Албан** жеріне тастап кеткен **Шаңқанбөздарынан** тараған деген сөз бар екен.

1929-жылы Шет ауданының бөлек шаңырақ көтеруіне орай өткізілген тойы Шетшоқы тауының терістігіндегі «Аудан қонған» деген жазықта өткен. Сол тойда **Құсайынның Тыртықкек** деген аты бірінші келген. Сондай-ақ **Күржібайдың Қөгі, Құласы** деген айтулы жүйріктер болған. Жұмажан ақсақалдың жаратуымен күні кешеге дейін үлкенді - кішілі бәйгілердің алдын бармей келген.





Атақты Сұркожек, Апақтың Құласы да дүйім жұртқа мәлім болған текті тұлпарлар.

Ыңғай тұлпардың тұқымы Тарақты Сапақ байдың жылқысынан тараган екен. (Шет ауданы, А. Айтжантегі әңгімесінен.)

Шіркін-ай, дерлік бір тұсы аты атаған батыр бабаларыныздың ру, ата, тектерінің ескеріліп, бізге толық жетпеуі. Бұл асылдарды жсәй ғана айта салардай, бізге құрдас емес қой. Тектіден тұван тектілерді білгеніміз жоң емес не?! (Б.Т.)

Пырақ сөзін білеміз бе?

Қазақ ауыз әдебиетінде батыр бабаларымыздың мінген аттарына асыл сөз теңеуін қолданып, «арғымақ», «тұлпар», «сәйгүлік», «дұлдұл», «пырақ» деген ұғымдар жсі айтылаған.

Қалқымыз «жұзден жүйрік, мыңдан тұлпар», – деген. Иәки «тұлпар, асқан жүйрік», – деген мағына береді. Ал «пырақ» (арабша Бурак), «дұлділ» (арабша Дұл-дұл) сөздері тілімізге ислам дінінің келуімен келген, әріде араб тілінен енген,- дейді ғұламалар. Бурақ **Мұхаммед пайғамбар ғ.с.** «Мирадж» түпі жеті қат аспанға котеріліп, Аллаһ тағаланың алдына барғанда және қасиетті Иерусалимге сапар шеккенде мінген қанатты жануары. Діни аңыздар бойынша бұл қасиетті жануар оған дейін басқа пайғамбарға қызмет қылған екен. Пырақты Аллаһ тағала пайғамбарларға әдейілеп аспаннан түсіріп отырады екен. Алғашқы мұсылман дәстүрінде Бурақ – ақ, не шулан түсті, денесі жылқыға ұқсас, адам басты, алдыңғы аяқтарында қанаттары бар жануартүрінде сипатталған. Гылыми еңбектерде «Бурақ» сөзі түрлі ереже өзгерістеріне қарай «пырақ» болып өзгеріске енген деп, тұжырымдайды.

Дұлдұл **Назірет Әлінің** талай шайқасқа мінген жүйрігі. Ерлігімен аты шығып, мұсылман арасында әулие саналатын Һазірет Әлінің мінген қасиетті аты да қасиетті сипатқа ие болып, тұлпардың символына – рәмізіне айналды.

Сөйтіп, пырақ, дұлдұл сөздері жүйріктің (символы) рәмізі, батырдың аттарының теңеулері (эпитеті) болып қалыптасқан.



Тұлпарға тағзым

Македония иатшасы Филип керемет арғымақ Буцефальды әкелгенде Ескендір 12 жасқа жаңа толған кезі екен. Жалына қол апартпайтын шу асауды үйретіл, тақымға басу туралы ой, ешкімге келе қоймаған болатын.

Жасынан зерек, болашақ жаһангер Ескендір Буцефальдің өз колеңкесінен үркетінін аңғарады. Сөйтіп, атты күнге қарсы бұрып қойып еді, жануардың үркектігі сап басыла қалады. Ескендір кәнігі жылқышылардың көмегімен атты ерттеп мініп, бастықтырады. Буцефаль Зұлқарнайының ең сүйікті тұлпарына айналады. Ол әбден қартайып өлген шакта Ескендір оның құрметіп тұтас бір қала салдырып, Буцефальдің атын береді. Міне, тұлпарға тағзым осындағы - ақ болар.

Ақылды мал.

Жылқы – ақылды мал. Шекарадағы әскерлердің аттары бөтен кісіні жанына жолатпайды. Мұндай аттардың кейбіреуі жасырынған жауларды исінен сезеді. Олардың тығылып жатқан жеріне шекарашибарды өздері бастап апаратыны да болған.

Жылқы – ерекше күшті мал. Ол ыстыққа да, суыққа да төзімді. Қазақстанның көп жерлерінде жылқы қыс бойы далада жайылады. Жылқы қасқыр сияқты жауынан да қорғана біледі. Қасқырды айғырлар теуіп, тістеп маңайына жолатпайды. Олар үйірінен қасқырга бірде бір жылқы бермейді.

Жеті қазынаның бірі – жылқы.

Қазақ қалқының даласында сан ғасырлар бойы өткен жауғершілік заманда, басына сан мәрте hayip төнгенде, батыр азаматтарды құс қанатты пырақтары аман алып қалған кездер көп болған. Ол заманда жылқысыз жаяу болса, жаяу адамның қолынан не келер еді. Сондықтан, қазақ жылқыны – ер қанаты деп, жанында жақсы көрген. Ат дүбірі естілсе, бойдагы қаны тулатын қазақ, атты бәйгіге қосып, көкпарга салады, күнделікті шаруага баппен пайдаланады, жай қүйіне қарап, балтап ұстайды. Қазіргі кезде екінің бірі ат ұстамайтын





кездің өзінде, ежелгі дәстүр ат жарыстарын, атпен шынығу сауыстарының түрлерін жандандырып, қайта жаңғыртуда.

Жылқы малын қалық қазынасының бірі етін санаудында үлкен философиялық мән жатыр. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алмас қылыш, берен мылтық, ұшқыр тазы жігіттің бес қаруы болып есептеледі. Соның ең басында жан-жануардың ең ақылдысы, адамға жақыны – жылқы.

Қалықтың жылқы туралы ертегілері, аңыздары, мақал-мәттері, ете көп. Оның басты себебі, жылқы мінсе көлік, сатса бүйым, ішсе ас. Қазақ малын баға да, бағалай да білген. Қазақ ауыз әдебиетіндегі жақсы аттарды, дүлдүл жүйріктерді, ақылды жануарларды Ертарғынның Тарланынан, Қобландының Тайбұрылынан, Ақанның Құлагерінен көзге елестетіп, түсінік табамыз. «Жұзден жүйрік, мыңнан тұлпар», – деғен нақыл бұның дәлелі. Тайбурылды Құртқа балтап, алты жасқа дейін қараңғыда, құлағын тығындан ұстап, Қобландыға мінгізеді.

Қазақ жылқыны түріне, түсіне қараң түғендеген. Өз иелігіндегі малына иелік ету үшін, тек түсіне қараң емес, ен, таңба да сала білген.

Жылқы түсіне байланысты әдет-ғұрылтар да, жөн жоралғылар да, көне замандарда қалыптасқан және ете қызықты, тарихи оқигалармен астасып жатыр. Мәселен боз түсті жылқыларды қадірлеу ғұрпы боз биенің сүтіне шомылса, адам бойындағы ауру-сырқау, қайғы-қасірет кетеді деп ырымдайды. Әлі күнғе дейін балаға анасының алдындағы өтмелес парызы барын айтқанда «Осы шешенің боз биенің сүтіне шомылдыратын жөнің бар ғой», – деғен сөздің барын естүге болады.

Ел, жер тағдыры сынға түскен шешуші ұрыстар алдында билер ақбоз атты құрбандыққа шалып, әскерге ақ жол тілеген.

Екі ел арасындағы соғыс тоқталып, бітімге келген жағдайда ақбоз бие сойылтып, қанына екі жақтың елшілері сұқсаусақтарын матырып, енді ешқашан алакөз болмаймыз, – деп анттасқан. Ақбоз ат сойып, ант беріп, куә болу қазақ салтында, хх-ғасырдың басына дейін жеткен. Женістің қабарын білдіру үшін ақбоз атты





жауши, ал жеңілістің қабарын білдіруге баран атты(қара атты) жауши жіберілген. Бұл салт-дәстүр **О.Сүлейменовтың** «Ақ жауши мен қара жауши» өлеңінде жақсы келтірілген. Ақбоз атты адам айбынды көрінеді, ақбоз түс жеңістің символын білдіреді. Ақбоз атты құрбандыққа шалу көптен көріспеген туысы келгенде, түрлі жаугершіліктे жоғалып кеткен туган туысы табылса, жеті атадан соң қызы алықсанда, наурыз мейрамы басталғанда, немесе жылқы шығынға ұшыраган жағыдайда орындалады.

Сондай-ақ қазақта атақты адамдар жайында «ол қара көктің тұқымыпан ғой»,— деген де соз бар. Мысалы Құнанбай «Біз қаракөктің тұқымымыз»,— дейді еken. Қызыл тілді шешен, ақындарды «қаракөк шешен», «қаракөк ақын»,— деп, мадақтаған. Байлар ерекше көрінуі үшін қаракөк түсті құлышын төрісінен тон тігіп кигсін. Сондай-ақ, тек, байлықты көрсету үшін емес, сәннің де, серіліктің де, ғұрыптың да жоғары деңгейі десе де болар бай ұлы құлыштарғақ киген (құлыштарғақ - бие ішіндегі құлыш бес-алты айлық болған кезде жарып алынып, тігілген мәуіті-мақпал масатыдай жұмсақ, жұлдыздай құбылып тұратын жұқа, жарғақ тон).

Ат қасиет иесі, деген сенімге байланысты көптеген ырымдар бар: Бала туганда, ұлдың кіндігін шүберекке орап, айғырдың жалына байлан қоятын болған, себебі ұлдарының төрт түлікті өргізген дәулетті адам болғанын тілегені. Шебер, оң қолынан өнер тамған ісмер болсын,— деген тілекпен қыздың кіндігін сандыққа салған. Қырқынан шыққан соң баланы атақты адамдардың, қаракөк ақындардың, қызыл тілді шешендердің, баһадүр батырлардың үзенгісінен откізген. Жүйрік тұяғының таңбасы қалған жерді «періштенің ізі» деп атаған. Мұндай жерден бір уыс топырақ алып, шүберекке орап, бала жастығының астына салған, немесе суға косып, баланы шомылдырған. Жылқының жал-құйрығының қылыш адамды жын-шәйтеннан, бәле-жаладан, қауіп-қатерден қорғайды, деген ырым бар.





Жылқының жалынан, кекілінен қыл алып, бала мойнына тұмар жасап таққан, бесікке жал, құйрығының қылын байлап қойғап.

Мұның бері адамға зияны жоқ, таза тілектен туындаған, дәрүйітей даналықтар болса керек.

Тұл қайыру ғұрыпты.

Қазақ ғұрыптыңда қайтыс болған кісіге ас берерде сойыс ма-лын күні бұрын даярлайды. Ер тоқымын теріс қаратып сала-ды, иесінің киімдерін, қару жарағын іледі, төбесіне бас кімін қойып, киіз үйден кесіліп алынған арқан мен буып байлайды. Аттың құйрық жалын кеседі. Мұндай атты «тұлданған қаралы ат» дейді. Атты тұлдау қайтыс болған адамға құрмет белгісі болып саналады. Қаралы атты семірту үшін еркін жайған, ұрылар да зауалынан қорқып, ұрламаған. Ондай атқа салт мініп жүргүре болмайды. Ат жылқы ішіне бір жылға жіберіледі. Жыл уағында марқұмға ас беріліш, жоқтау жыры айтыва-ды. Тұл қайыру қалыптасқан дәстүр бойынша ер азаматтарға ғана қатысты орындалады. Жасы жетіп, ак өліммен өлген ақсақалдардың, тек, мінген аты тұлданса, орта жастағылардың қару жарағы, ер-тұрманы, киім кешегі баспанасы түгел тұлданған. **М. Қашқаридің** түркі сөздігінде «Жаман тілді бек-тен гөрі жалғыз тұл игі», – деген мәтел бар екен. Тұл аттың еті әдетте, тек, мәшіхүр адамдарға ғана таратылған, қаралы жыныға жиналған ру басылары және билердің атақтарына қарай да таратылған. Еттің шамалы бөлігін туысқандары қайтыс болған адамның қабір басына апарып қалдырады. Егер жолаушы, не кездейсок адам бұл етті алса, марқұм үшін пайдалы болып санаған. Тұлдау ғұрыптың далалық этнографиялық экспедиция уақытында Баянауыл ауданында XIX ғасырдың жәдігері Құлік батырының күмбезі ішіне батырдың дұлығасы мен найзасын қойған. Ал Ұлытау өңірінде Базарбек күмбезінде алдыңғы қасбетіне батырдың найзасы қойылған екен. Сондай-ақ ел аузындағы аңыз бойынша Едіге батыр бірде үлкен шайқастан жараланып ел жұрты не қыламыз деседі. Өзінің әлсірегенін сез-ген Едіге, менің атымды ерттеңдер, қару-жарағымды сайланадар,





сосын «Әруақ, жау шапты !» деңдер, атым кай жерге барып тоқтаса мені сол жерге жерлеңдер, деп аманат айтса керек. Жергілікті қалық аттың кү бас сүйегі кейінгі жылдарға дейін Едіге тауының басында жатқан еді деп, еске алып отырады.

Осы еңірге белгілі Бағаналы елінің ага сұлтаны Ерден Сандыбайұлы қайтыс болудан бір жыл бұрын айтулы Сагымсары атының өлгеніне қайғырыш, оны Қараганды өзенінің басына апарып адамша жерлейді. Өзі қайтыс боларда ақтық сөзінде: «Мені сол Сагымсары ат жатқан жерге жерлеңдер», – деген екен.

Жайсанбай да Бағаналы еліне XIX ғасырдың 50-жылдарында байлығымен танымал болған адам. Ол бес мыңға жуық жылдық ұстаган, көші-қоны осы өзеннің жағалауы болса керек. Қайтыс болар алдында, еліне айтқан аманатында, «Мені осы өзеннің жағасына жерлеңдер ең күрмаса жылқыларымның суға келген аяқ дүбірін естін жатайын», – деп өсiet айтқан екен.

Тұл қайыру ғұрылын көрген **Н.П.Рычков** былай баяндайды: «после раздачи призов обязанностью наставника является показать народу принадлежащие покойному ценнейшие вещи. Тут же должен при этом стоять на показе любимый конь покойного в самом полном лучшем своем убore, покрытой черной попоной. На других лошадях раскладываются лучшие платья, его военное снаряжение, богатые ковры и кибитки. Все эти вещи по порядку одна за другой привязываются к натянутой веревке, а рядом стоят жены умершего, утопающие в слезах.

Замысел всей этой церемонии заключается в том, чтобы показать собравшемуся люду, как много имущества сумел приобрести за свой век, и этим вселить в уме народа высокое о нем мнение.

Ортағасырларда тұл атты иесімен бірге жерлеген. Бұл дәстүр якуттарда да бар екен, иаки өлілердің әлемі олардың заттары мен малдарына берілуі тиіс болған. Сібір қалықтары да, адам өмірі өз жалгасын табады, – деген ұғыммен оларды ол дүниеге барлық қажетті заттарымен аттандырган. Бұл дәстүрде





өзгеріске түсіп, тұл атты, енді соймай, қайтыс болған адамның күнәсін мойнына алатын адамдарға таратылды. X 1X - ғасырда бұл дәстүр өзгергіліп, енді ыскатты оқыған (кұран көтерген) молдалар алатын болды.

Көшпелі қалық үшін ат оның қанаты, қасиетті малы. Қазақ дәстүрінде ат иесін о дүниеге шартты түрде шығарып салады. Тұл ат қашанда космогониялық түсінік бойынша қайтыс болған адамды шығарып салушы.

Жылқы жайлы басқа да жорамалдар бар, көптеген оба, қорғандардан көсемдермен бірге алтын бетперде кигізіп жерленген арғымактар табылған.

Құладұз тақырда аттың шекесін жастанып жатса, жыланнан, жын-шәйтанинан қоргайды,-деген ырым бар. Қазақ ауыз әдебиетіндегі жылқының пірі-Қамбар ата жылқының гана иесі емес, бие сүтінен алғаш рет қымызың дайындаған адам, деп есептелінеді. «Мың қойға – шопан, мың жылқыға – Қамбар» дегеи. Мал сүмесін (сүт тамағы) татқан қазақ жылқы атасы Қамбардан тілеу тілеген.

Жылқы пірі, иесі Қамбар ата,
Тілегенге өзің бер актан бата.
Үйір үйір жылқыны шұрқыратып,
Ойдан қырдан арқансыз әкеп мата.

«Мінген атың алатаң*,
Менен тұған баласың,
Адал болса тастай ма
Анасы мен атасын».

*Алатаң - қыстап күйлі шыққап жылқы





Жалқы туралы сөз мәйегі де көп:

«Арғымақ атқа міндім деп, ата жүргтты ұмытна»

(Н.Назарбаев)

«Алтын дөдеге ат байлар».

«Жылқының сүті – шекер, еті – бал».

«Жылқы тұяғының дүбірі мен кісінеуі, құлындарының шүркірауы – нағыз симфония» (БТС)

«Һәзірет Өлінің дүлдүлі Пырак

Пайғамбарға болған шырақ». (Б.Т.)

«Жал-қурығы қаба деп, жабыдан айғыр салма, жаугершілік тұғанда жағыдайлап мінер ат болмас».

«Ат болатын тай саяққа үйір келеді».

«Ұрыншақ тай жаз жарға, қыс қарға жығады».

«Алуан – алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады»

«Адам баласы сөйлескенше, жылқы баласы кісінескенше»

«Альян анадан туады, тұлпар биеден туады».

«Артқы айылды берік болса, арық тулап не қылар»

«Үйіріне жеткенше тұлпар асығады, ұясына жеткепше сұңқар асығады»,

«Жүйрік атқа жел қамшы».

«Жеріне қарай жылқы осер»

«Құнарлы жерде құлын тай»

«Жұзден жүйрік, мыңнан тұлпар»

«Жылқы етін жемесе, қазақ қайтіп жетілер»(Б.Т.)

«Жылқы етін жемеген боркемік, қымызын ішпеген жілігі майсыз, бойы мыртық, салмақсыз келеді»(Б.Т.)

«Өзің не жеп өссен, балаңда да соны беруге тырыс, Себебі бала ағзасы мен қанасында (вена қан тамыры) сіз қолданған тағам нәрінің қажеттілігі міндетті түрде туары анық» (Б.Т.)

«Жылқы еті – жаным. Жылқы сүті – қаным» (Б.Т.)

«Жабыны жауға мінбе жалы бар деп, жаманмен жекжат болма малы бар деп»





«Анаңды боз биенің сүтіне шомылдыратын жөнің бар»

Жылқының естілігін адамға теңеп:

«Адам жылқы мінезді», «Тіл білмеген надан, мілгеи аты шабан»,

«Тай күнінде бас бермеген, құнанында құрық салдырмайды»,—
деген.

Жылқы тұлғі туралы мақал-мәтеддер

- Аттан тай озады, атадан бала озады.
- Жабыдан тұлпар шықпайды.
- Қасқа айғырдың баласы қасқа тұмаса да төбел туады.
- Айғырды аладан салсаң, атты аладан мінесің, айғырды құладан салсаң, атты құладан мінесің.
- Бір биеден ала да туады, құла да туады.
- Алып – анадан, ат – биедеи, аруана – түйеден.
- Жақсы ат қартайса да жүрісінен танбае, жақеси кіеі қартайса да ақылынан танбас.
- Жақсы ат пен жақсы жігіт көптікі.
- Ат сүрінбей жер танымас, ер сүрінбей ел танымас.
- Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар.
- Ат ерінді келер, ер мұрынды келер.
- Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз, ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.
- Ат баепаймын,— деген жерін үш басар, ер көрмеймін,— деген жерін үш көрер.
- Ат арыса – тулақ, ер арыса – аруақ.
- Арғымақ аттың құйрығы әрі жібек, әрі кыл, ер жігіттің белгісі әрі мырза, әрі құл.
- Жылқының да жылқысы бар, қазанаты бір бөлек, жігіттің де жігіті бар, азаматы бір бөлек.
- Ерге лайық ат туар.
- Мың қойға – шопан, мың жылқыға – Қамбар.
- Бесті аттың бетінен сакта.





Бәрімізде біліп-білмей сезінетін ерекше бір күшті, оның тоқсан тоғыз есімінің бірі – Аллаһ тағала деп қабылдаймыз. Осы ғажап омірді, салауатты саһараны, таңғажайып табиғатты, жан - жануар, құс базарын, балық, шаян, жайынды (кит), алып мұсін шатқал тасты бәрін-бәрін жаратып, адамға бағындырып бергені әр жүрекке аян, іағни барлығы Аллаһның адамға берген қазынасы, байлық берекесі. Ол байлықтың санына жету мүмкін емес. Сондықтан қазақ көптікті, немесе шексіздіктің баламасы іспетті **жетіге** теңел, «жеті қазына»дейді, Аллаһның берген жеті қазынасы. Сондықтан киелі жылқы, дұлдул, сәйгүлік - жеті қазынаның бірі, ер қанаты болып есептелінеді.

Жылқы жайлыш жұмбақтар да бар

Көкке шаншиғың құйрығын	Мінсең қанат,
Келеді шауып жүйрігім	Сүті дәрі,
(құлын).	Еті тамақ (жылқы).

Жылқы түсі

Құла – құлагер, құлапұшық, құлайғыр.
 Қоңыр – телқоңыр, қоңыртөбел
 Қүрән – қүренторы, қүренқасқа, ардақүрән
 Жирен – жиренқасқа, жорғажирен
 Қызыл – нарқызыл
 Боз – бозжорға,
 Сұр – сұржекей, сұржорға, сұржебе
 Торы – торықасқа, тортөбел, төрыйайғыр
 Бурыл – тайбурыл, қарабурыл
 Шұбар – байшұбар
 Қарақасқа – тайқасқа, жиренқасқа
 Ақ – ақтабан, ақбоз, ақбозат, ақмаржан, ағауыз, ақлақ, ақ-мөншақ, ақжалқүрән
 Сары – сарыат, сарбауыр, сагымсары
 Көк – көкшолақ, көкбесті, көкжал, кокжарлы, көкбөрі, көкжайдақ, көксұғанақ, тайқөк, көкйинақ, көктіні, көккарға, көкдөнен, көкбесті
 Қара: – қарасерке, қарагер, қарақасқа, қарақұс, мәндіқара.
 Кері: – кербесті, кершабақ, темешкөр, кертөбел





Жылқы атауы

Құлын – жылқының алты тайға дейінгі төлі.
Жабағы – алты ай мен бір жасқа дейінгі төлі.
Тай – бір жастан екі жасқа дейінгі (ерек, ұрғашы) төлі.
Құнан – үш жасқа аяқ басқан ерек жылқы.
Байтал – үш жас пен төрт жас аралығындағы құлындаған ұрғашы жылқы.
Дөнеи – төрт жасар ерек жылқы.
Бесті – бес жасар ерек жылқы.
Айғыр – үйірге түсетең аталақ жылқы.
Сәурік – жаңадан үйірге алған жас айғыр.
Саяқ – үйірге косылмай, болек жүрстін бойдақ жылқылар.
Қысырақ – үйірге қосылған, әлі құлындаған жас бие.
Кұлық – тұмса құлындаған жас бие.
Бие – аналық жылқы.
Мама бие – үйірдегі кексе, сақа бие.
Қасаба – көп жаеаған мама бис.
Саба бие – көп құлындаған бие.
Ту бие – бірнеше жыл қатарынан құлындаған семіз бие (сере қазы береді).
Бедеу бие – құлындаған бие.
Байсал – жылқының құты, байсалды айғыр, байсал үйірлі Ақта (болған) – піштірген жылқы.
Ат – ақталған жылқы.
Қазанат – сұлу да сәнді, әрі мықты қазақ жылқысы.
Көбен – аз уақыт бос жіберій, ет алдырып мінетін семірген көлік-ат.
Жұнт – (түркі тілінде) семіз, күйлі жылқы (жұнтартай).
Бәсіре – баланың ен салғай құлынының ат болғаны.
Алатаң – қыстан күйлі ишкікан жылқы.
Ат тұлдау – марқұмның атының жал-құйрығың күзел, жылы өткенде (асында) сояды.
Ереуіл – ұзақ жөртуға шыдамды, мықты, берік ат.





Сәйгүлік – шашасына шаң жүқпазан жүйрік жылқы.

Саңлақ – ұшқыр, жүйрік жылқы.

Күлік – әдейілеп жаратпай-ақ бәйгіден келетін жүйрік.

Арғымак – дене бітімі келісті, жүрдек, асыл тұқымды жылқы.

Тұлпар – аса төзімді батырлар мінген жылқы.

Жабы – қазақ жылқысының байырғы тұқымы.

Пырақ – Пайғамбардың аты, иаки қанатты тұлпар (аңыздарда айттылады).

Дұлдұл – аңыздарда Мұхаммед пайғамбар мінген қасиетті ақ қашырдың атауы, кейде Әзірет Әлі мінғен ат деп те айттылады.

Суын – аңызда айттылатын су жылқысы.

Дөрбіт – аяғы жуан, мықты, құйрық жалы қалың жылқы.

Ласқар бие – он сегіз, он тоғыз, жиырма жасында құлындаған бие.

Құтпан – құтты қасиетті жылқы, жалды айғыр, жанына ерғен саяғын теппей, құлағын жымып жинайды.

Таура – жабайы жылқы.

Дөртке шипа іздесең.

Жылқының қазы-карта, жаясы әртүрлі сұықтан пайда болған ауруларға мың да бір ем.

Көкжөтел, өкпе ауруына жылқының өкпесін шала пісіріп жегізеді.

Биенің сүті, қымызы өкпе ауруларына дәрі. Сынықты қайта таңу үшін жылқы сүті, сорпасы, майы арқылы сынған сүйекті қайта айырады.

Тай терісіне оранып, ауру адам жел-құздан айыгады.

Жылқы жүрісіне байланысты ерекшеліктер.

- Аяң, өгіз аяң, сылбыр аяң, бір қос аяң, сары аяң;
- ырғақ, қара жүріс;
- бүлкіл, құлан бүлкіл;
- желіс, бекен желіс, сау желіс, сар желіс;
- текек, жортан, шоқыту, майшоқырақ;
- шабыс, ағынды шабыс, шаң ілеенес;





— жорға, жол жорға, үш аяқ жорға, су жорға, төкпе жорға,
тайпалған жорға, су тогілмес жорға, жорға-жүйрік,
жорға-жортан.

Жасына қарай жылқы атауы:

6 айдан 1 жасқа дейін	- жабагы
1 жастан асқаны	- тай
2 жастан асқаны	- құнан
3 жастан асқаны	- донен
5 жасары	- бесті
6 жасары	- алты жасар
18-19 да құлындаса	- ласқар бие
20-21 ге келгенін	- кетеу, дейді.

Жылқы екі жасында тісейді.

Дана бабаларымыз малдың төресін жылқыны жақсы білген. Оның жасын тісіне қарап айырған. Жылқы екі жасынан бастап тісейді. Бұл жастагы жылқы малын құпан дейді. Осы екі жасында тісеп, қазы бермейтін жылқыны **алсыр** дейді.

Бабаларымыз жиырмадан асқан жылқыға қатты қараган. Өйткені оның да өзіндік сырь бар. Жылқының жиырма төрт жасқа төлғанын **кетеу** дейді.

Бұл жастағы жылқы да қазы бермейді. Соңдықтан аталарымыз «жұт – жетеу, қалғаны – екеу, біреуі – алсыр, біреуі – кетеу, – деген. **«Кетеуі кеткен»** деген мәтел осыдан айтылған болар.

Жылқы малының тісі әр алты жыл сайын өзінің қалыбын елеулі түрде озгергіп отырады екен.

**Жылқы тұлғінде кездесетін аурулар
мен қалық арасында оны емдеу әдістері.**

Талақ. Жылқының көк бауыры өседі.

Емдеу әдісі. Белдеменің қанатынан үш елі тастанап, арнаулы бізді сүгады.

Мішанқ. Жылқы төрт аяқтап аунай береді. Алқым безі өседі.

Емдеу әдісі. Іскен безді сығып, қанын ағызады.

Сайыткелді. Ат зорығын шаршап, денесі еуымай жылы су ішкеннен болады. Жылқының танауының екі жақ шеміршегі өседі.





Емдеу әдісі. Өскен инеміршекті пышақпен кесіп, қырнан алып, тастайды. Қан шыгарады.

Жүні түскең қотыр. Жылқының түрі-тусі қашып, жудеп, арып, қотырланады.

Емдеу әдісі. Жылқының екі құйымшағынан екі буын тастап, қан алады. Көздің алдынан, өкшеден де алуға болады.

Құрт аур. Қазақта жылқы құрт ауруы болмайды деген сөз бар. Алайда, жылқының құрт ауруының аекынған түрі бөллады-мыс.

Емдеу әдісі. Белдеменің арты, жамбас қосындысына терісін тіліп, қойдың құмалагындай тотияиын қыстырады.

Ногала. Жылқының көзіне перде шеміршек, шел оседі.

Емдеу әдісі. Инеғе жін сабактан алып, шеміршекті өктей тартын, кесіп алып тастайды.

Жүген аур. Жылқы құншығысқа қарап, құйрығын тарал, тынынисызданады.

Емдеу әдісі. Жылқының басын жүгенге ұқастырып, қарып қүйдіреді. Белгі салып ырымдайды.

Ішектің ақ құрты. Жылқының жігері кетіп, ариды.

Емдеу әдісі. Қымыздың тұнбасын, тотияиының ерітіндісінс қосын, жылқының танауына құяды.

Ити. Қебіне жаңа туған құлын семіп, итиіп, тілін жалақтатып, енесіне ере алмайды. Мұндай құлындар әсірссе, «кулық» биелерден туады.

Емдеу әдісі. Қасқырдың қара бауырын қайнатып ішкізсі.

Қара өкпе. Жылқының өкнесі ісіп, қабынады.

Емдеу әдісі. Жылқының мойнындағы күре тамырдан қан алады.

Лоққы. Ысылы суықтан жауыр болып, өлі еттің ісіп кетуі.





Сәуіріктің сезімі.

Жүріске берік, ұзақ сапарда иесін жолда қалдырmas аттың сипатын К. Абай «Аттың сыны» өлеңінде әдемі көрсетеді. Сол сияқты Ж. Ілияс «Құлагер» поэмасында ат сыншысы Қуренбайдың сынын дәлме – дәл суреттеп баяндайды. Бірде совхоздың жылқы табынына бардық. Соғымга еңбекақы есебінен бір бие жазғызып алғанмын. «Газикке» салып, байлап, алып кетпекпіз. Қомекшісі бас жылқышының сәүрігіне мініп, қолына құрықты алып, табынының ішінен көрсеткен биені ұстап бермек болды. Қайырып әкеліп, жанағы биеге құрық салайын деп жақындағы сәүрік тағы да сейтіп кілт тоқтай қалды.

Сырттай қарап, әне ұстайды, міне ұстайды деп арқанымызды, жүгенімізді даярлап тұрган біз аң-таңбыз.

Бір уақытта әбден болмасын сезді ме, бас жылқышы қомекшісін айқайлап шақырып алды.

– Өз атыңа мініп ұтамасаң болмас, – деді.

Сөйтсек, мына қызықты қараңыз, қып журген бие әлгі сәүріктің енесі екен. Мал екеш мал да енесіне деген перзенттік махаббатынан айнымайды екен-ақ, ұстап алмас үшін, жақындағы бергенде тұра алады екен гой, жануар. (Естелік әнгімен).

Жиреннің жоғалуы мен оралуы.

«Ат айналып қазығын табады» деген сөзге анық көз жеткізгепде бала кезімде өзім күә болған бір оқиға әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Онда үйіміз қой бағады. Жаз жайлаудамыз. Сол жылы құлындармай қысыр қалған жирен биеміз бар болатын колда. Малға соны мініп журдік. Кешкісін өрістен оралғаннан кейін ауыл шетіндегі отқа апарып, аяғына тұсамыс салып қоямыз. Таңертенгілікте сол маңынан ұзап кетпейді. Ол кезде қазіргідей ұры-қары деген ілуде бір болмаса жоқ. Содан да болар, алып кетеді-ау, – деген ой да болмайды.

Бір күні таңертен жирен биені алып келуге барған әкей таба алмай қайтып келді. Біраз жерді шолып қайтыпты.

– Аттылардың ізі жатыр, көгалға түскеннен кейін қалай





қарай кеткенін таба алмай қалдым, не де бөлса алыстау жерден келген ұры болды, енді тапқыза қоймас деп ренжіген соң, үй-ішімізben үш-төрт күндей көрші маңайды қарап, күдер үзе бастағанбыз.

Мына қызықты қараңыз, ұсті малшынган тер, басында бөтен жүген, шылбырының ұшына байланып сұйретін ала келген ағаш қазық, есіктің алдына келіп тұр, жануар.

Жылқы малының жерсінбей, барған жерінен тартып отыратынын талай естігемнін. Қашып кетер деп біреулер әдейі байлан ұстаған секілді. Қалысын тауып, қашып шығып, қазығын сындырып бірақ тартқан ғой. Әлде артынан құғыншы шығады деді ме еken ақылды жануар, қатты жүрген содан үстін тер жуып кеткен. Жылқы малын жерсінбеген жеріне ұстап тұра алмайсын,— деген созге жиленнің жоғалуы мен оралуы иландырғандай. Көп жыл өтсе де еске түсе береді. (Б. Мұқанұлы)

Жылқы – малдың патшасы.

*Шаруаның бір pіrі – жылқышы ата,
Тілегенде өзің бер ақтан бата,
Үйір-үйір жылқыны шүркүратьып,
Ойдан-қырдан арқансыз әкеп мата. (Ел аудынан).*

Көшіп-қонып, ұшы қыры жок, даланы ен жайлаган қазақтың негізгі күн көрісі – төрт түлік мал болғаны арғы-бергі тариһымыздан жақсы белгілі. Әр түлікті өзінше қадірлекен қалқымыз әсіресе, жылқыны ерекше корген. «Төрт түліктің төресі», «Жылқы – малдың патшасы», «Ат – ер қанаты» деп орынды бағалаған. Ұлкендер «Бесік жырында»:

*Құрығыңды майырып,
Тунде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,*

Жігіт болар ма екенсің, – дегенде, ел шетіне жау тисе қорған болуға ерте бастан-ақ баланы баулып, даярлап отырған. Оған қалқымыздың көптеген ғасырлар бойы Монгол, Қытай, Жоңғар. Қиуа, Бұқар хандарының шапқыншылығына ұшырап, жаугершілік зар зマンды басынан сан қайтара өткізіп отырғаны да үлкен әсер еткен.





Сондай ел қорғар сын сагатта батырлардың сенімді серігі – жүйрік ат болған. Жауды куса желдей есін жетіп, қысылтайған шақта оқтайды ұшып жеткізбей батырлады һәуіптен сан мәрте құтқарып қалған талай әңгіме, аңыздар ел арасында сақталып, ауыздан ауызға тараған, бізге де жетіп отырып.

Төре түліктің өте сұлу, сүйкімдісі – жылқы екенін қазақ қалқы бағалап, қадір тұтқан. Сондықтан да пырақ, арғымақ, сәйгүлік, дүлдүл, түлпар, – деп түрлендіріп, әсемдеп атаған.

Қазақ көркем сөзінің has шебері Ғабит Макмұтыны Мұсіренов «Атақты әнші Майра» әңгімесінде жылқының сипатын былайша суреттейді: « ...Басқа малды білмеймін, маган әйтеуір, жылқы баласы өзінің дене сұлулығын сезінетіндей, сол сұлулығын сақтай қозғалатындағы көрінеді. Аттың жалы мен кекілі таңертеңгі қиғаштай түскен күн көзіне шағылышып, құмістей жарқылдайды»...

– Мұндай да сұлу жылқы бола береді екен-ау, Шәрбәну апа, – деді Майра. Сагатын болса, мені сатса да осы аттан айрылма дейінші Әсетке.

– Әсет! Киіз үйдің қасында жігіттермен қалжындастып тұрган Әсет «әу» дегенише ақжал қүрен Майраның алдын орай тұра қалды.

– Майра қарындастым, – деді ақжал атты жетелеп келген жігіт. Мынау Ақжал бесті Бекең ағаның былтырдан бері мойнында жүрген берешегі екен. Кешіктіріп алғанына кешірім сұрайды, Беке аған. Ат сіздікі, мне, шылбыры.

Майраның атқа қызыққаны сонша, әдеп сақтап болса да, ал-маймын деген жоқ, шылбырға жармаса кетті.

Беке аған Майражаның бұлбұл даусы Коянды топырағында бірінші рет біздің үйде шықса екен, – деп тілейді. Бүгін түскі тамаққа шакырады, – деді жігіт.

– Беке ағаның үйіне өзім де ең алдымен кіріп шығармын деп ойлап едім, – деді Майра. Елші жігіт шоқытып жөнеле берді.

Алтынсыз, құміссіз, сүйексіз, салпыншақсыз, сылдырмақ-



сыз жасаған былғары ер-тоқым, қала қолынан шыққан қос ноқта, биңі қыздың киіміндегі сұлу жарау атқа сонша жарасымды екен.

Аттың өзі де көз тиердей сұлу денесін көз алдына түгел тосып, ойнап тур. (Ф. Мұсірепов, бес томдық шығ. жинағы, 1 т., 181 б.)

Қазақ баласын жақсы көрғендеге «құлыным»,— деп, айналып-толғанады. Жылқыбай, Құлынтай, Құлатай сияқты есімдерді де тегіннен-тегін қоя салмаған. Осындағы ат қойғанда жылқыны жақсы көргендіктен, жылқы көп болсын деп, ырымға жорыған. Төлбасына да ерекше көңіл бөлген. Аттан қадірлі, жылқы баласынан асқан сый жок,— деп, санаған қазекем ең қадірлі досына, туысына, қадірменді қонағына ат мінгізген. Бұл дәстүр күні бүгінге дейін сақталып, жалғасып келеді. Өзіне ежелден серік етіп, «белдеудегі пырагым» деп санаған бабаларымыз атты жарату, сұыту, азықтандыру мен қатар, жылқыға ерекше көрік беретін оның ер-тұрманына да айрықша көңіл бөлген. Жақсы, жайлыш ерді «бір қаралық ер» деп, оның құнын бір қараға бағалаған. Ердің түрі де көп: үйрек бас ер, құранды ер, құнан ер, қырғыз ер, қазақы ер,— деп аталады.

Ер-тұрман құралдары.

Ер	көшпік	өмілдірік
тоқым	қамшы	құйысқан
ер-тоқым	жүген	тұсау
үзенçі	кісен	өре
таралғы	ауыздық	шідер
терлік	кеңсірік	шідер балақтары
төсайыл	сұлық	жабу
бөктергі	тізгін	желпуіш
қанжыға	сагалдырық	аттарақ
шылбыр	шылбыр	сагалдырық
ноқта	сияқты жабдықтары	бар.





*Көгілдірік дегенде көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік, немесе
Төс жүген, алтын алқа, алқылдайды,
Колында күміс қамиши жарқылдайды.*

Ер-тұрман алтындаған жалт-жұлт etin,

*Қара жер басқан сайын солқылдайды,— деген халық
өлеңдері де ісмерлікпен жасалған ер-тұрманның аттың сәніне
сән қосатынын дәлелдейді.*

Қалқымыз жылқыны жүрсе колік, жесе ет, ішсе сусын деп
те бекер айтпаған. Етінің дәрүлігі мен қымызының шипалығын
білмейтін адам жоқ та шығарар-ау. Француздар болса қазыны
емдік қасиеті бар деп бір тілімнен ғана кесіп жетін көрінеді.
Мне, жылқы етінің қасиеті. Сол қазыны айналдыруға жылқының
қабырғасы еті мен майы түгелімен пайдаланылса бір жылқыдан
24 қазы шығады, иаки 12 қос қазы болады. Ол — **тегішік қос**
қазы, бел қазы, сүр қазы бол бірнеше түрге болінеді.

Ал жанға шипа, дертке дауа тіл үйірген бал қымыздың емдік
қасиетін қазақтан басқа да қалықтар ерте кезден-ақ білген.
Патшалық Ресей кезінің озінде окпе ауруына шалдыққандарды
жаз айларында қазақ саһарасына жіберіп, қымызбен емдеп
отырған. Қалқымыз жас кезінен жылқының етін жеп, қымызын
ішкен адам өкпе ауруына шалдықпайды,— дейді. Оның бұл
қасиеті жылқы тулегінің өкпе ауруымен ауырмайтындығында
жатыр. Қымыздың өзі түр-түрге, иаки 33 түрге болінген. **Сау-**
мал қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз... т. б.
Әр қымыздың өз орыны мен жоралғысы бар. Құнан қымызды
сырлас қонаққа құйса, дөнен қымызды көбіне ақындарға, ал
жауға шабар батырлар мен аса қадірлі қонақтарға бесті қымыз
тартылған. Бие байлап, қымыз ашытатын отбасылар әлі де
коптеп саналады. Қымыз тек сусын ғана емес, қаны аз, мешел,
өкпе, жүрек ауруларына табылмайтын мың да бір ем екенін
білетін кез әбден жетті. **Жанына еліміздің жылқы жаққан,**



Жылқыга жетпеген көз жаутаң қаққап.

Мінсең ат, ішсөң қымыз, жесең қазы,

Қашантап қазақ қалқы жылқы баққап,— дег жырлаган
дүлдүл ақын Илияс Жансүгіровтың осы бір ауыз шумағына
төре тұліктің көп қасиеті сыйып кеткендей.

Ата-бабаларымыз ат жарысын, ат сайысын өзінің ең сүйікті дәстүрі санған. Елдің қызығы – мереке-той думанның онсыз сәні келмеген. Бәйгі, көкпар, жорға жарыс, ат үстінен садақ тарту, найза лактыру, аударыспак, жерден теңге алу, қыз куу сияқты жарыс, сайыс түрлери жастарды батылдыққа, ептілікке баулыған. Солардың ішінде өзгеше бөлек, орны ерекше деп санаған бәйгінің жөні бір бөлек. Бәйгінің түрі: тай бәйгі, құнан бәйгі, дөнен бәйгі, аламан бәйгі, ат бәйгі болып бөлінеді. Мұнда бәйгіге қосылған аттардың күші, аяқ алысы, екіні, ұшқырлығы сан қырынан сынға түседі. Бәйгі – атқа ғана емес оған шабатын адамға да сын. Атқа отырган адамның қайсысы болса да бәйгіге қосылған жүйріктің алдыдан келуіне, аттың аяқ алысының ширақ отырып, көмбеге алқынбай, сергек келуіне назар аударып, аттың сынның да, сырын да аңғара білген. «Ат шаппайды, бап шабады», – деген негіз бар. Аттың бәйгіден келуі оның болдырмауы ер-тұрманының дұрыс болуына да байланысты. Сондықтан да ер-тұрманының әрі жеңіл, әрі ыңғайлы болуына да мән берген. Жүгегі де жеңіл, тізгіні де мықты болуы керек. Онымен жайдақ та шабуға болады. Өте алыс қашықтықта өткізетін бәйгіні аламан бәйгі, – деген. Елу, жүз шақырымға дейін айдап, аттың басын құншілік жерден жіберіп, тік шапса, қазіргі кезде шенбер бойынша тартылған сыйықпен айнала шабады. Басқаны айтпағанда Абайдың 150 жылдығы, Жамбылдың 150 жылдығындағы өткен аламан бәйгілер ат жарысының құны түспей келе жатканын аңғартады емес пе.

Қызықты да тартысты ат ойының бірі – көкпар. Көкпар атының өзі айтып тұргандай көкбөрі, деген сөзден келіп шықкан. Ертеден негізгі құнкерісі төрт тұлік малы болған Қазақтың



жауының бірі қасқыр болған. Қасқырды өлтірген күн үлкен қуаныш санаған. Оны өлтірген адамдар қасқырдың басын кесіп алғып, рубасына сыйлау үшін әркім оз аулына апаруға тырысақан. Осындай көңіл көтеру, қасқырды таласа тартудан келіп – көкпар ойыны шықкан. Бергінде қасқырдың орнына ешкін бөктеріп, тартатын болған. Бұл ойын аттың да, жігіттің де мықтылығын, ептілігін көрсетеді. Әлі күнге дейін көкпар қалқымыздың, той-думан мерекеде қызығын келтіріп, сән-салтанатын асыратын ойын-сауығының бірі ретінде сақталып келеді. Басқа да ат жарысы ойындарының қызығы, сән салтанаты туралы жеке-жеке айтуға болады. Міне, осындай қалқымыз ертеден сенімді серігі етіп қадірлеген қылқұйрықты жануардың біз жоғарыда сөз еткеннен басқа да қасиеттері жетерлік.

Жылқы – ұйымшыл. Ұйір-ұйірге бөлінеді. Құлғынын, ішін-дегі әлсіздерін ортаға алып қоршап, ит-құстан қорғайды.

Жылқы – жершіл. Өзінің үйренген жері болмаса ұсташа қыын. Қарангы тұн, боран болсын, жолдың бағытынан жаңылмай өзінің баратын жерін дәл тауып барады. Иесі боранда қалып, адасқан кездерде жылқы жануардың ауылды тауып келіп, иесін аман алып қалған жайларын да сан естігейіміз бар. Иесін далаға тастап кетпейтін жануардың ақылды түлік екенін де байқаймыз.

Жылқы аттың бірінен-бірі аумауы мүмкін емес, әрқайсының өз ерекшелігі мен мұндалап көз тұндырады. Жетектесең елпіл-деп соңынан еретін жетекшіл мінезді, мінсең тақымынан көңіл-күйін танып, лығып отыратын сүрініп-қабынып апырақтамайттын, жар астанан жалп етін жапалақ көтерілсе, селк етпейтін ақылды түлік. Мұны сынны, атбеті, иесі жақсы біледі.

Жылқы – талғампаз, кірпияз түлік. Судың тұнығын қуалап, ағысты өрлей ішеді. Шөптің бәрін жей бермейді, тандап, асылын жейді, көк құракты қомағайланған қарбытып, дәл түптен қауып орады. Бетегелі белде, желдің өтінде жүрін, жылдың он екі айында далада жүріп жайылады.

Жылқы ұзак жасайды. Һайуанат атаулыда жылқының құрттамауында да мән бар. Жылқы жануардың басқа ерекше қасиеттері туралы да сөз етуге болады.



*Жылқының тоғыз қасиеті

* Жылқы қыста, әспек карды теуіп, астындағы шөбін алып жегенде, төнірек ор болып, қазылып қалады. Жылқының қайратын осыдан ақ көргөре болады.

* Жылқыда аналық мейірім де керемет! Соңынан құлын, тайы ерғен биелер қар тепкенде, әуелі озі оттамай, құлышарына шопті ашып береді. Олар біраз қоректенгеннен кейін ғана озі оттауға кіріседі. Жылқының аналық мейірімі жоғарыда әңгіме болған

* Қандай үскірік, сұық болса да жылқының майы, сорпасы да қатпайды, тек тоңазып тұрады.

* Жылқы денесіне қандай жара түссе де, басқа малдай құрттамайды. Құрт түсее де, таза етіне жеткен кезде өліп, түсіп қалады.

*Жылқы терісінің исіне жылан жоламайды. Жылан шаққан адамға аттың терін ішкізсе, мың да бір ем екен.

* Жылқы лай суды ішпейді, сасыған еуға жоламайды, сиыр су ішкен шелектен су ішпейді Судың тұнығын, жүзіп, арапап жүрін сораптан іshedі.

* Шөлтің де асылын, дәрмендәрісін ғана теріп жейді.

*Жылқының ішсе – сүті, жесе – еті, мінсе – үсті жел.

* Иессін жауға алдырмайды, далада қалдырмайды.

«Ер қанаты – ат», – деген сөз орынды айттылған.

Қазақ қалқы қанына, сүйегіне сіңген ұлттық асыл қасиеттерін, дәетүрін, салтын қанша қыын кезеңдерде болсын үрпақтан–үрпаққа мұра етіп қалдырып отырған. Гасырлар бойы ата кәсіпке айналдырған ісімен тұрмысының, шаруашылығының қадір-қасиетін танытқан қалқымыздың мирас етіп келе жатқан дәстүрінің бірі–төрт түлік малды қадірлеу болса, төрт түліктің төресі дең, орынды бағаланған жылқы жануардың бір шама қасиеттері осындай.




Жылқы сою.

Киген киімі де, ішкен тамағы да, мінер көлігі де, жұмсар ақшасы да, жинар дәулеті де торт түлігі болған қалқымыз өз тірлігінде оларға ерекше орын бергені белгілі. Соның ішінде жылқы малына деген ілтираты тіпті айрықша болғаны тағы аян.

Жылқы - үйіне кісі келсе болды, алды-артына қарамай алыш ұрып, домалатып тастайтын тоқты-торым емес, көделі мал. Сондықтан да оны жұрт коп жиналған ұлы дүрмек, алқалы жиындарға ғана сояды. Ондай жиындардың азалы өлім, думанды той болуы да мүмкін. Ертерек кезде ауқатты адамдар үйіне алыстап ел құрметтеген өте бір сыйлы адам келсе арда емген тайды, екі енеге тел жабагыны да сойып тастайтын болған. Қазір мұндай жағдай ілуде бір кездеспесе, жалпылама сипатқа ие емес. Бұл күнде жылқы малы көбіне тек соғымға ғана сойылады.

Соғым деп, қысқа ет дайындау маусымы кезінде сойылар малды айтады. Соғымға арналған мал (оның жылқы, сиыр, түйе болуы да мүмкін) ерте ұсталып, жемге байланады, ерекше күтімге алынады. Соғымға арнап байланған мал семіріп, қажетті шелін жинағанша малшы ауыл қызылсырап қалмас үшін күздік сояды. Күздікке әдетте тана-торпақ, тай-құлын, кәрі-құртаң сойылады. Мал баққан шаруажай қалқымызда бұл ретте «Қараша-қауыс, кәрі-құртанды тауыс» дейтін мәтел де бар. Мұның мәнісі сұық түссе қонынан тез айрылып, қантардың қақаған аязы мен ақпанның азынаған адудын боранына шыдамай текке өліп қалатын кәрі малды күйінен айрылмай тұрғанда сойып, кедеге жаратуды мегзейді. Осыған орай қазір колхоз-совхоздарда кәрі малды көктемде бөліп, жаз-құз айларында жайып семіртіп, кей жерлерде арнайы бордақылап, ет комбинаттарына топтап өткізу дәстүрге айналып жүр. Соғымға ірі сүйекті мал сойылады. Оның түліктің қай түрі болтуы мал иесінің мүмкіндігіне қарай белгіленеді. Бұл ретте әлті сақау әйел атынан «әйкім байын сояды» деп айтылатын әзіл әңгіменің өмірлік мәні бар. Егер мүмкіндігі жетіп тұрса, қазак





үшінн соғымға жылқы сою – басты мақсат. Өйткені, мал баққан ел жылқы етінің өзге малдың етіне қарағанда дәмді, әрі сіңімді, әрі дәру екенін тым ерте білген. Соған орай оның етін жылдың қай мезгілінде болса да бұзылдырмай, бұлдірмей сақтап, балтап ұстая тәсілдерін де тым ерте менгерген. Соғымға арналып, жемге байланған жылқы суық толық түсіп, қар беки, яғни желтоқсанның аяғында, қантардың басында сойылады. Бұдан ерте союға болмайды. Өйткені, тоңзызығаны болмаса, шамалы суыққа қатпайтын жылқының семіз еті тез қызып; баздағын кетеді. Ал ондай еттің дәмі бұзылады, коректік сапасы да төмендейді. Соғым союдың күні, сағаты белгіленіп, келісілген соң үй иесі енді осыған қажетті жабдықтарды дайындауды: жылқының басын тартатын, аяғын байлайтын мықты арқан жіп, өткір де қарулы пышак, шарық қайрак (жәй қайрак жарамайды), балта, омыртқа қайырап кіндік темір, жаңғырық (бауыздзу алқымға және қабырғаға салу үшін), мал сойғанда астына төсейтін қамыс не сабан, леген (шылапшын), су құятын ыдыс (бұл күні су өте көп керек болады).

Жылқы бауыздалып болып, жаны толық шыққаннан кейін алқым жуылып, қанынан тазартылады. Мойынның астына салынған жаңғырық алынып, жылқының аяғы илешиледі. Сонан кейін аудара жылжыту тәсілімен жаңагы бауыздзуға қатысқан адамдардың бері жабылып, жылқыны союға арнап төсеген қамыстың (сабанның) үстіне әкеледі. Жылқыны союда қойды сойған секілді теріні іреуден басталады. Өл үшін жылқының денесін шалқасынан жаткызып, бір жағына аунап кетпеуін көзделеп, екі жағынан қанталдығын ала жаңғырық, қойып, тіреніш жасайды. Жоғарыда жаңғырықты алдын ала дайындағ қою керек деуіміздің мәнісі де осында. Жылқының терісін іреуді де алдыңғы оң аяқтан бастайды. Бірақ мұнда қойдың аяғын ірегендей тізе буыниан емес, тұяқтың түбі- шашадан бастайды. Содан кейінгі теріні іреу тәсілінің тәртібі қойдықімен бірдей. Тек жылқыдан қойдікі секілді төстік алын-





байды, оның төс терісін қоса іреп жібереді. Тері іреліп болған соң, қасапшы пышақтың өткір ұшымен төсетектің кіндік тұсынан шатқа қарай сәл төменірек шамамен үш-төрт елідей жерді тіліп, соып жатқан малдың семіздігінің қашшалықты дәрежеде екенін анықтайды. Жылқының төсетеғін қалқымыз «қазы» деп атайды. Қазының майының қалыңдығы – жылқы қоңының корсеткіші. Сондықтан соғым иесі де, қасапшылар да алдымен соны білгісі келеді. Жылқы етінің сәні мен мәні қазыға, оның қалың болып шығуына байланысты болғандықтан халқымыз оған ерекше қоңіл бөлген ғой. Содан да болар, қазы майының қалыңдығының дәрежесіне қарай оның толып жатқан атауы бар. Реті келгенде айта кетер бір жай–қазақ арық жылқыны соймайды. Жазатайым бір себеппен сойыла қалса, онда оның тосетегінде әлгі қазы деп аталатын май болмайды, оның орнында қыртыстанган шандыр ғана жатады. Мұндайды қасапшылар жыланқарағы жоқ, көкжасық (кей жерде көке–жасық) деп атайды. Ондай арық жылқының еті асуға келмейді, дәмі жоқ, татуы жоқ, қолға желімденіп жабысқан, сірнеленген бірдене болып шыгады. Сондықтан ондай етті тұз сіңіріп барып, қуырдаққа ғана пайдаланады немесе борша қылып, шоққа көміл жейді. Бұлай жеу негізінен ертеректе, жоқшылық заманда болған. Осындай арықтан гөрі сәл тәуірлеу, қазылығында тұтаспағанмен әр жерде бір жыланқарақ майы бар жылқының қазысын «жылт» деп атайды. Қасапшылар жылт қазысы бар жылқының етін енді көкжасық (көке жасық) демейді, оған «жілігі татиды» деғен анықтама береді. Бұл – мұндай етті асканда дәмі көкжасықтан гөрі тәуір, аз да болса татуы бар, жеуге жарайды деген соз. Жылқының терісін түсіру қойға қараганда әлдеқайда қыын, жұдырықтыққа келмейді. Сондықтан мұнда бар жұмыс тек пышақтың комегімен атқарылады. Теріні кеспей, әрі оған шел, иаки ет-май жібермей бірыңғай пышақпен сою үлкен шеберлікті тілейді. Осындай қыындығынан болар, кей жерде қасапшылар арнайы тоқпақты,



ол жоқ болса балтаның шүйдесін пайдаланып жатады. Жылқы ірі мал болғандықтан оның терісін тұсіруге бірнеше адам қатысады. Әуелі – жылқы денесі шалқасынан жатқанда төрт сирактың және бауыр терісі сыпсырылады. Содан кейін арқалық қапталына салынған жаңғырық алынып, жылқының терісі бір жағына қарай жатқызылады да, үстінгі жағының терісі қыр арқалықтан асқанша сыпсырылады. Бұдан соң әлгі сыпсырылған тері қамыстың үстінен керіліп жайылады да, қасапшылар жабылып, енді жылқының денесін екінші жағына аударады. Сейтіп, енді осы жақтың терісі сыпсырылады. Тері тұсіріліп біткен соң жылқы етін бузу әуелі төрт сиракты кесіп, бөліп алып тастаудан басталады. Содан кейін қойдың етін бұзған сияқты қол жіліктер бөлініп алынады. Одан кейінгі атқарылатын жұмыс қойдікінен бөлектеу. Осы арада ретімен айта кететін бір жай – қол жіліктер бөлініп алынғаннан кейін қасапшылардың арасынан маман бір адам, кейде союшылар көп болса екі адам ет бұзуға шығарылады. Ет үйде, арнайы дайындаған бөлмеде бұзылады. Бұзушыға етті сырттан басқалар тасып әкеп беріп тұрады. Сөндықтан ендігі жерде жұмыс екі жерде – үйде және сыртта жарыстырыла атқарылады. Ал біз тұсінікті болу үшін үйде, түзде деп оларды бөліп-жармай, мал сою үдерісінін ретіне қарай кезегімен тұтас жалғастыра береміз. Алдыңғы аяқты, яғни қолды жіліктеу де қойдың алдыңғы аяғын бұзу сияқты. Мұндағы сәл қыындық – кәрі жілік пен тоқпақ (мұны әр жерде әртүрлі, мысалы, тоқатай, тоқпаш, домалаш деп атайды) жіліктің жігін ажыратудан туады, өйткені, мал сойып машықтанбаған адам мұнда сиракты кескендегідей пышақты буыннан тұра салады. Бұл дұрыс емес. Себебі, кәрі жіліктің тоқпақ жілікке байланыстыраң сіңірі екі жақтауында болады. Бұл сіңірлер кесілмейінше пышақпен қанша қиқаласаң да, жілігі бөлінбейді. Қолдың бұлшық еттері бөлек сылынып алынады. Оны «қолдың кесек еті», немесе «қолдың ойынды еті» деп атайды. Етсіз жалаңаш қалған жіліктерді кейін қазанға





Абу-Даби «шейх Зайд Ақ мешіті»



Ақ мешітке кіру ресімі



Эмирят (пэлэс) сарайы



Астанада



Ермек, Бақытжан



Сәбит Бексійт - ақын
Серік Зарапұлы (Арыстанбаб мұражай қызметкері)



Света, Ардак, Бақытжан



Әнші Ғалым, космонавт Тоқтар



Әнші және жазушы інілер (Алматыдан)



салғанда ыңғайлы болуы үшін, мысалы, көрі жілік пен тоқпақ жілікті балтамен шауып, ортасынан екіге, ал жауырынды үшке бөледі. Балтамен шапқан сүйектің сынған жаңқасы етке кететін bogандықтан кей жерде бұл жұмысты арнайы сүйек темір кессетін арамен аралап кеседі.

Жүрек қабын, оны басқан майды бәрін қосып үлпершек деп атайды. Үлпершекті аталарымыз жармай бітеу алып, ішіне түрлі дәрі шөп тығып пісірін, әзірлейтін. Мұндай әзірлеуді білетін адам қазір ілуде біреу, некен-саяқ. Жылқының ішек-қарны күйіс малының ішек-қарнымен салыстырғанда өзгеше және қайсысына қарағанда да қәделі саналатыны белгілі. Мысалы, жылқы етінің дәмдісі де, қәделісі де қазы-қарта, жал-жая десек, соның қарта деп аталатыны оның кәдімгі тоқ ішегі. Күйіс малының, бәрінің де қарнында бүрі болады, ал ол жылқының қарнында бүрдің орнына кілегей жалқаяқ тәріздес шарана бар. Осындай ерекшелігінен болар, қарға бірер соғып алса болды, тазарып сала береді. Бұдан кейін тек жылы сумен жақсылап шайып, жуу ғана қалады. Жылқының окпе-бауыры алынғаннан кейін бір-екі адам қуырдақ турауға бөлінеді. Олар өкпе-бауырга қоса мол етіп мойын етті, үлкен кісілер болса қол етті қосып турайды. Өйткені, соғым сойылып болысымен сыртта сұық сорып тоңған қасапшылар мен мал союшыга қомектескен адамдардың жеуіне қуырдақ дайын тұруы керек. Бұл - соғым сойған үйдің алғашқы міндеті. Бұдан кейін соғым сойған үй кешке бастың бір шекесін және тоқпақ жілікті салып, мол қылыш ет асып, оған қасапшылармен бірге көршиколемін түгел шақырады. Мұны «соғым басы», кей жерде «шекеге шақыру» деп атайды. Бұл – екінші міндет. Бұрынғақта соғым сойған үй бұған қоса қасапшыларға мал сойысқан еңбегінің етеуі ретінде «қолкесер» деген атпен бір-бір асымдай ет беретін дәстүр болған. Қазір бұл қалды. Қасапшылар өкпе-бауыр, ішек-қарын алтынып болған соң, қабырғаларды жеке сөкпей, қазысымен тұтас алуға кіріседі. Мұндағы басты мақсат –





жылқының турылып жатқан қазы майының қол тиіп езілмеуін, пышақ тиіп, кесілмеуін қамтамасыз ету. Ол үшін жоғарыда айтқанымыздай, шебер де машықты қасапшылар қабыргаларды бір-бірлеп алып жатпай, тұтасымен бір-ақ қопарады. Мұның өзіндік әдісі бар. Ол үшін екі сүбелікті белдеме етінен бөліп алған соң, қабыргалардың етін екі жағынан артқы кіріккен басының сінірін кия пышақпен соққылайды. Осылайша қабырга бастары екі жақтан да кетеді. Қасапшыларға бұдан кейінгі сын – қазыны тілу. Мол қайысттан таспа тілгендей жалпақ қазыдан әр қабырганың өзіне лайықтап, бірінен біріне еті мен майын ауыстырмай, дәлдеп тұра бөліп шығу, эрине, оңай шаруа емес. Осы арада қасапшының бір ескеретін нәрсесі – қазының ішкі жақ бетіндегі плёнка секілді қаймыжықтай жұқа қабырнық, ішекке салынбайтын қалың қазының майын піскенде ыдыратпай ұстап тұратын, міне, осы қабыршық. Сондықтан ең бастысы, сол қабыршық пышақпен орынсыз кескіленіп жыртылмай, қазының бетінде лента болып қалып отыруы керек. Бұл асқан шеберлікті, пышақты бір жерге екі салғызбайтын козкарақты машықтылықты тілейді. Қазы тілетін пышақтың кескенде етке салмақ түсірмей тіліп отыратын ұстарадай қылпып тұруы шарт. Мұндай жағдайда тәжірибеде сыналған ең тиімді әдіс – қазыны тілмес бұрын жылқының өзге денесін бұзып болғанша оны тұтас күйінде көлеңкелі аязды жерге қойып, тоңазытып алу. Жылқы еті, оның ішінде майы шамалы аязға қатпайды, тек тобарсып, тоңазиды. Қолы епсекті қасапшы үшін осының өзі жетіп жатыр. Қазыны қайта-қайта қолмен ұстап, майын ерітіп, қол бөгөу болар тағы бір кедергі бар. Ол қабырагның ұшына жабысқан тәстің қияғы, кей жерде оны тәстің қанат шеміршегі деп те атайды. Оны алу – қасапшының шеберлігіне қарай екі түрлі жолмен жүзеге асады. Бірі – қазыны таспалап тілін алып, қияқ шеміршекке келіп тірелгенде оның екі жағының етін мойнақтан кеседі де, пышақпен шыгарады. Содан кейін бос қалған шеміршектен






қазыны саусактан сақина шығарғандай ақырын саумалай жылжытып, суырып алады. Телшіктен басқа қазы қияқ шеміршектен осылай босатылады, нәтижесінде қияқ шеміршек те тұтас қалады, қазы да жырымдалмайды. Ал екінші тәсілде олай емес, бұған көрісінше. Мұнда бәрі қарапайым, жоғарыдағыдай азапқа түсудің қажеті жоқ. Қасапшы мұнда қияқ шеміршекпен қабырғаның түйіскен жерлерін сүбелікке қарай бойлата қуып, ішкі жағынан қазының етегін тіледі де, оны қияқ шеміршектің өн бойына жеткенше кобелей сөгеді. Сөйтіл, алдымен шеміршекті жалаңаштап, сойып алады. Мұнда жұмыс алғашқы тәсілге қарағанда оңай, әрі тез. Бірақ мұнда қазының майы ептең жырымдалады. Мұның салдары қазы ішекке айналдырылмаған жағдайда піскенде әжептәуір байқалып тұрады. Сондықтан қасапшылар мұнан горі қыындау болса да көбіне алғашқы тәсілді қалайды. Қабығы алынып, қазы тілініп болғаннан кейін жылқы етінің ең кәделі жерінің бірі – жал деп аталатын майлы желке мойын еттен сылынып, жеке болініп алынады. Бұдан аргы ет бұзы қой етін бузумен бірдей. Өуелі мойын мен азат омыртқа, сосын ұзын омыртқа мен бәкелтек омыртқа, одан кейін бел омыртқа болінеді. Мұнда да мойын омыртқаның еті сылынып, жеке сойылып алынады. Мойынның омыртқа сүйегі қиқы-жиқы бір-бірімен тістесе біткендіктен оны пышақпен бұзы өте қыынға түседі. Сондықтан қасапшылар еті сыптырылған мойынды жаңғырыққа салып, омыртқа сүйектерін балтамен шауып, бөледі. Бұлай істеудің бір себебі әлгіндей қыындығымен бірге мойын омыртқаларының кәделі сүйекке жатпайтындығында. Оны негізінен үйге қонақ келменде, үй-іші оздері оңаша қалғанда асады. Ұзын және бәкелтек омыртқаларды бір-бірінен ажырату үшін әуелі әр омыртқаның етін пышақпен өзіне лайықтап, еншілеп бөледі. Содан кейін екі өмыртқаның өзара байланысқан буыннын пышақтың ұшын сұғып, қырыш деп аталатын сіңір тәріздес етті кеседі де, алдын ала әзірленген кіндік темірдің ұшын боліп алатын



омыртқаның жұлын қуысына сұғып, сол көлмен келесі омыртқаны басып тұрып, оң қолмен темірді бүйірлете қайырады. Сонда омыртқа жігі оп-оңай ашылып, омырылады. Осы тәсілмен бүкіл омыртқаларды кезектестіре бір-бірлеп омыра беруге болады. Тек ұзын омыртқаны шалқасынан тура қайыруға болмайтынын ескерген жон. Бұл үлкен қындық тудырады. Белдемені болу де солай, омыртқа етін екі қанатқа тең бөліп, темірдің ұшын жұлын қуысына тығып, жоғары тура қайырып, омырады. Бел омыртқа әрі үлкен, әрі етті болғандықтан оны қебіне екіге бөледі. Ол үшін жекелеген омыртқаны жаңғырыққа салып, балтамен шабады. Бұл орайда балта әрі өткір, әрі салмақты болуы шарт. Бір шапқанда сүйекті бөлін түспесе, қайталай шапқаннан қиқаланып, кәделі омыртқаның берекесі кетеді. Санды бұзу онша қын шаруа емес. Мұнда да қойдың санын бұзған секілді. Әуелі құйымшақ омыртқаның басын жамбастың сербегінен ажыратады. Содан кейін шат етті осып, жамбастың шатқаяқ басының түйіскен жерін жалаңаштайды. Жылқының жамбасынан шатқаяқ басының түйіскен жерін қойдікі сияқты, өткір балтамен ақырын шекіп жіберу керек. Шекігенде жікті көздел, бір ізбен, шеберлікпен, дәлден шабу қажет. Әйтпесе, әр жерден бір шауып, сүйекті жаңқалап тастауыңыз мүмкін. Әрі қуықты жарып алуыңыз кәдік. Шат айрылғаннан кейін қуықты, көтеншекті бәрін қосып, түгел сылып алып тастайды. Содан кейін сан жіліктерден құйымшақ еті бөлек кесіліп алынады. Мұны «жая» деп атайды. Жылқы етініңін дәмді де, әрі кәделісі осы жая. Семіз жылқының жаясы майлы болады. Сан жіліктерді бұзу да қойдікі сияқты. Тек мұнда жылқының жілігі қойдың жіліктеріндегі кесек етімен тұтас бөлінбейді. Жылқының сан жіліктерінің сүйекке тырмыса жабысқан еттерінен басқасын сылып алады. Ол үшін әуелі қон етті (кей жерде мұны «санның ойынды еті», – дейді) тұтас алып, бөлін алу керек. Содан кейін әуелі асық жілік, сонсоң ортан жілік пен жамбас бөлінеді. Жіліктердің әті болініп





алынғаннан кейін асық жілік пен ортан жілік ортасынан екіге, ал жамбас үшке бөлінеді. Кей жерде жамбастың сербергін де екіге бөліп жатады. Ондай жағдайда жамбас төртке бөлінеді. Жылқының еті осылайша болініп, рет-ретімен бөлшектенген-нен кейін, қасапшылардың бірі басты сояды. Жылқының ба-сын қойдың басы сияқты үйітпейді, терісін бітеу соыып алады. Бұрын мұндай бітеу соыылған жылқының бас терісін тұзқап ретінде пайдаланған. Сондықтан болар, қысқа дайындалатын тұздын, мөлшерін осы бас терінің санымен, мысалы бір бас тұз, не екі бас тұз, не үш бас тұз деген секілді есептейтін болған. Қазір республикамызда үлкен өндіріс ошақтарының біріне айналып отырған Екібастұз қаласының аты да осыдан шыққан. Бас тері сыптырылғаннан кейін бастан екі жақты айырады. Бұл үшін әуелі екі жақтың ортасынан шығарып, тілді бөлек кесіп алады. Содан кейін қойдың басының жағын айырған секілді екі жақтың шықшыт еттері сүйекке жеткенше толық кесіледі. Бұдан кейін жақ пен бастың арасында кіндік темір немесе октау өткізіліп, соны екі адам екі жаққа тарту арқылы жакты айырады. Жақ айырылғаннан кейін мұнда да тіс атаулы қағылып тасталады. Жылқының басы үшке бөлінеді. Ол үшін басты жанғырыққа қойып, әуелі тұмсық жақ бөлігін жеке бөліп шабады Бұдан кейін бастың қалған бөлігін жанғырыққа қайта қойып, шүйденің қарқысының ортасын ала дәл маңдайдан шауып, қақ бөлу керек. Мұны енді асқанда бас деп атамайды, «шеке», – дейді. Екі шекениң біреуін соғым соыылған күні ауыл ақсақалдарына асып береді, екіншісін арнайы Наурыз мерекесіне сақтайды. Кейде аса соғыыштар сою процесін женілдету үшін төсетекті тілгеннен кейін төс сүйекті жеке алады да, өкпе-бауыр, жүрек, ішек-қарынды қойдікі сияқты қопара аударып, шығарып тастайды. Жылқының төс сүйегінде де «атжүйрік» деп аталатын арам шеміршек болады. Оны да алып, маңдайшаға ұрып жатады.


Жылқыда өт болмайды, тек ішек-қарынды жарып алмасаныз





болды. Сондай-ақ мұнда өңеш пен кеңірдек қойдікі сияқты қол күшімен сұрып алуға келмейді. Сондықтан оны мойын етті сойып, жалаңаштап барып босатады. Жүрек жеке алышып, саңырау құлақтарынан тазартылып, қойдікі сияқты бауыздалады, қаны тазартылып, жыллады. Жылқының жүргегінің қабын қойдың қарнын ораған іш майындай шарбыланған май торлап жатады. Ол –«ұлпершек», асқазан ауруларын емдеген. Жылқының мүшелері:

- | | |
|------------------------------|-------------------------------|
| 1). Бас | 14). Алдыңғы сирак (жіліншік) |
| 2). Жақ | 15), 27). Бақай |
| 3). Ауыз омыртқа, | 16). 28). Тұяқ |
| 4). Мойын омыртқа | 17). Төс сүйегі |
| 5). Ара(азат) омыртқа | 18). Бұғана |
| 6). Ұзын (қара) омыртқа | 19). Қара (ұзын) қабырға |
| 7). Бәкеней омыртқа | 20). Сұбе қабырға |
| 8). Жалпақ омыртқа (белдеме) | 21). Қазы |
| 9). Жая | 22). Телшік |
| 10). Құйымшақ омыртқа | 23). Жамбас |
| 11). Жауырын | 24). Орган жілік |
| 12). Тоқнақ жілік | 25). Асықты жілік |
| 13). Кәрі жілік | 26). Артқы (жіліншік) |






Мал жағыдайын жете білген қазақ үшін соғымға жылқы сою – басты мақсат. Жылқы еті өзге малдың етінен дәмді, сінімді, қазақ: қой еті өртөнді кешкеге дейін, сиыр еті таңсәріге дейін, жылқы еті төсек салынғанша сіңеді, – деседі, әрі, дәрі екенін біліп, жылдың қай мезгілінде болса да бұзылдырмай, бұлдірмей сақтап, балтап ұстая тәсілдерін қазақ менгерген. Жылқы жайлы айтар соз көп. Жылқы өсіріп, жылқыны балтау қызықты да, қажетті шаруа.

*Ой түйін:

Қазақ үшін жылқы қазіргі **Жип Lan Cruzer**, кезіндегі **Ақкеме** аталған **Волгадан** артық қадірлі де, қасиетті болған десем, артық айтпағаным. Оның себебі өздерінізге де аян, мінсе көлік, сауса қымыз, сойса соғым, қысырын сойса сере, досына берсе үлкен сыйлық, батырына сыйлары арғымақ болды фой.

Қазақ ауызекі мәдени – әдеби тілі бізге жеткен жылқының ісіне, түсіне байланысты біраз деректер осындаі. Қазақта жылқының өте көп болғаны сонша санына жете алмаған. Жылқы түсін білетіндігі сонша, үйір-үйір жылқыны түсіне қарап түгендеген. Жобаман жылқы түсінің 200 ден астам түрі бар дейді. Енді бірде, бабалардан белгілі болып қалған сайға иірғен. Ол сайлардың біріне шамамен 3000 жылқы иірілсе, енді біріне 10 000, 20 000 жылқы сиятыны белгілі болған. Сондай-ақ, мындаған жылқыны атпен аралап шығып, бар жоғын анықтай білген тәжірибелі жылқышылар, атбекілер, ат сыншылары болғаны анық. Ол кезде жылқы ұстая, жылқышы болу өнердің-өнері, ерліктің-ерлігі болған. Ал қазіргі кей жігіттер жылқышы болуды ұят көретін сияқты, немесе шамасыз, жаурап, кірпігіне мұз қатып, біреудің сыйлаған соғымын алуға барсаң «ақана» тойып, жылқының түсін танымай, тағы да «ақаннан» көмек сұрап, «жілігі татымасты» «көз қысты, бармақ бастығып, беріп жібермек болып тұрады. Талай алданып, бармағын тістеп, арық соғым сойып, санын соққандарды көргеінм анық. Ал





казір, жылқы да, дүрілдеген кекжал жылқышы жоқ, сондықтан қазақ он-жырыма шақты жылқысынан айрылып, жау жақында, көз көршіде деп, амалы адасып отыр. Өзін жарылқай алмай, досқа сыйламай, жеуге қимай, жылқымызды бөрі емес, қары қуып кетті, деген қауесет сөзді естіміз. «Иә, досқа тимегеннің бөрі, қарыға тиесілі болғаны гой». Дегенмен жарықтық жылқы бар болсын, көп болсын деген тілектеміз.

*Сөз соңы:

Құрметті оқырман қауым, кейбір сөздердің емлесі жөнінде мағлұмат бермекпіз. Себебі кейбір сөздерді қазақшалап, кей сөзді қазақ ережесіне сәйкестедім, кей тұста түбірін сақтадым, аудармасыз қолданыста жұрген сөздердің тұра мағынасын сөйлетуге тырыстым. Аздал тоқталайын, мыс: қазақ дейміз, неге қалық демеске (халық емес); қазақстанды неге қазақел демеске, раҳым емес рақым десек, сөз негізі рақымшылдық қой. Ашшы, түшшы дегенде «ш» әріпі қажет не?! Есімдер Шаһ, Шаһмардан, Арғат, Гауһар, Айдаһар, Шаһар, Жаһұт, қаһарман, Руһ, Рұhani, тариһ сөздері қазақтың һ-әрібімен жазу қажет болар. Аллаһ сөзіндегі һ әрібі қатаң айттылмай ауда қалқып естілуі қажетті, мыс. Аллаһдан, Аллаһны, Аллаһға (құлшылық) деп жалғанып, биссикат сияқты ауа ыргагымен айттылуы керек сияқты, құран сүрелерде салай оқылады гой. Сондай-ақ, мағабbat, тәкаббар, жиһаз сөздері де, үф, үлфіл, лұғіп (соққан жүрек), сағ (ая), т.б. сөздер қолданысы қазақша болуы қажет-ақ. Әсіресе, бәйгі (бәйгім-бәйгім) сөзі әбден бәйге (орыс ұлтының қалданысы) болып орналысып алыпты. Сондықтан қазақ әлінбійнен сөз жүйесіне орай түзу, қазақша орнатсақ дұйсырық болар.

Бұл сөздердің қазіргі грамматикалық қолданысын білсем де, латын ережесіндегі баламаларын қолдануға ұмтылыш жасадым. Түсінүлерінізді сұрап, кешірім өтінемін.





Әсә - дос



Балау құдагиымен



Ардагерлер, жазушы В. Могильницкий



Н. Нұрмаковтың інісі, қарындасты Нуржамал



Балалармен бірге



«Үстаз» ардагерлері: Галина Алексеевна, Турсынхан, Валентина Яковлевна, Насипа, Роза, Нескен, т.б. атайлар.



Мазмұны

Алғысөз	3
Күн сәулелі нұрлы Отан. Нұрлы Отан	6
Астана – Нұрбақыт	6
Дара Дәурен	7
Тұнық сәуле таң сұлу. Ой құрсауы	9
Бұлақ сөзім	10
Анам, сізге қарыздармын. Менің анам. Сөз және тіл	11
Тілек	12

* БАЛАЛАРЫМ БАЛДЫРҒАН

Сіздерге арнал жаздым ән. Әжені сүй. Балақай. Сәлем,	
мектебім	13
Дәл осылай сезінем	13
Көбелек. Жаз мезгіл	14
Құстар. Жаңбыр. Күнді көрдім	15
Анашым. Күн нұры. Еңбек. Гүлдер. Ғашықтүл	16
Бақытгүл, Үлфілмәлік. Бөртегүл. Күнбағыс. Жауқазын ..	17
Бақбақ. Бәйшешек. Бұлбұлым. Күнім, Шырша	18
Жұпар иіс. Өрік. Қауын. Қарбыз. Жұзім	19
Қызынақ. Ана	20
Торғай мен бұлбұл	21
Балық неге ән салмайды. Қораз бен каз	22
Тайқардай. Аққайың. Ақ мысық	23
Қарлығаш	24
Іс тіктім. Боламын. Қос қарлығаш	25
Тәлдер. Қазақ малсақ	26
Балара. Бұртиады бала. Қамыс	27
Орман. Күз. Өппак, әппак, әппағым	28
Шырша жыры	29





Боран, Көктем келді	30
Ұя. Күншуақ. Ақ қоян. Екі қаз.....	31
Сұр көжек. Үкі. Көкек. Шар. Шындық	32
Тапқыр қоян.....	33
Кішкентай ертегі	34
Жалқау. Доп	35
Алақай. Қыс. Аю қыста неге ұйықтайды?	36
Неше аяқ бар кірпіде?.....	37
Ай мен Ажар.....	38
Тісің нешеу? Дәлдейік. Санамақ	40
Бес саусақ неге бірдей емес	42
Менің досым он.....	43
Он жерде оным.....	44
Мен мен Менмен	45
Һәріншер әсері	46
Ақ бөпем	47
Ақ бөпеш.....	48
 *КӘНЕ, БАЛАЛАР, ОЙЛАЙЫҚ.....	50
Жұмбақтар	50
Әркімді - ақ ойлантар	55
Ойлан да тап	56
Жаңылтпаштар	57
Ойлан, тап!.....	58
Оңға оқысаң да, солға оқысаң да қос сөз болады	58
Оңға оқысаң да, солға оқысаң да мағыналы сөз болады..	58
Оңға қарай оқысаң да, солға қарай оқысаң да мағынасы біреуғана	59
Буынды алмастыру арқылы сөз жаса	59
Сөзден бір әріп алынса да, мағыналы сөз қалады	60



Күләйік, Күлдірейік. Әзілің жарасса. «А» дан кейін т.с.с.	61
Өлеңді аяқтамадың ғой. Эй. Рауан-ай. Тіазарға сөз айтсаң...	61
Екі мақтаншақ көрші. Ашты не? Тұщы не? Дәмді не?	62
«Р» - «Л» ма. «Ш» - «С» ма? Бәрін өжің білешің ғой	62
Жеймін, жеймін. Алма бар ма, мама? Тығылыспақ.....	63
Ой, ғажап ай!	64
Кел, балақай, ойнайық, ойнасақ та, ойлайық!	65
Бұл қай кез, айта ғой тез!	66
 *ЕРТЕГІЛЕР	68
Достық.....	68
Күзетші торгай. Қанқызы.....	70
Қорқақ қасқыр. Тұңғиық.....	71
Әлемдегі мөр немесе құс қанатындағы кереметтер	72
Бұл, әлде, маңаббат па?!	73
Дыбыс әлемі	74
Әліпби	76
 *АУДАРМАЛАР	79
Тасбақа. Піл және Керен	79
Абсент деген аты бар аңыздың жалғасы болғаны абзал ...	166
 *ҚАЗАҚ ҚАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕ ТАНЫМЫ	80
Қазақтың даналық мұрасы	80
Киелі қараашанырақ	84
Көнеден келе жатқан киіз үйдің түрлері мен құрылышы...	84
Киіз үйді тігу және жығу.....	90
Киіз үйге қатысты ұлттық ұғымдар	91
Киіз үйдің арғы бергі тариһынан.....	93
Ертегі ермек емес	97





Киіз үй жайлы мақал-мәтел	104
Қарғыс және тыйым сөздер.....	105
Киіз үйге арналған, басқа тідерге аударылмайтын сөздік	106
Қазақтың обсерваториясы (Б.Т.С.)	110
Қымыз	112
*ТАРИЙ ҚОЙНАУЫНЫҢ ЗЕРДЕ ҚАЗЫНАСНАН	115
Киелі сандар сөйлейді	115
Жеті саны діни ұғымда.....	155
Қазақ неге қырық санын қадірлейді?	162
*Ой соңы	163
Қазіргі сәтте адамзат баласы дамудың қай деңгейінде деп ойлаймыз?	164
Менің ат туралы айтарым, әлі де, көп сияқты.....	182
Қазақтың қазаиаты бар ма?	184
Ал қазіргі кезеңнің сәйгүліктерінен білерміз шамалы	189
Атпен шынығу ойын, жарыстары.....	191
Сәйгүліктер сыны	191
Тағы да қазанат жайлы	194
Араб жылқысы	195
Қас жүйріктің белгілері	195
Жылқы түстері	197
Тұлнарға тағзым	200
Ақылды мал	200
Жеті қазынаның бірі – жылқы	200
Тұл қайыру ғұрыпты	203
Жалқы туралы сөз мәйегі де көп	206
Жылқы тұлігі туралы мақал-мәтелдер	207
Жылқы жайлы жұмбақтар да бар	208
Жылқы түсі	208
Жылқы атауы	209





Дертке шипа іздесең	210
Жылқы жүрісіне байланысты ерекшеліктер	210
Жасына қарай жылқы атауы	211
Жылқы екі жасында тісейді	211
Жылқы тұлғінде кездесетін аурулар	211
Сәуіріктің сезімі	213
Жиреннің жоғалуы мен оралуы	213
Жылқы – малдың патшасы	214
Ер-тұрман құралдары	216
*Жылқының тоғыз қасиеті	220
Жылқы еою	221
*Ой түйін	231
*Сөз соңы	232





*Жарсынхан Жакыпқызы (Сембаевна)
Бердалина*

Нұр Рауахы

*Өлеңдер,
әңгімелер,
аудармалар.*

III КИТАП

Басуға 25.02.2013 қол қолайды. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз.
Шартты б.т. 13,9. Таралымы 1000 дана. Тайсырыс №1554

«Tengri Ltd.» баспаханады басып шығарылды.

Қарағанды қ., Б. Жырау д., 84

Тел: 8(7212) 43 19 54, 99 60 88

Моб: 8 702 222 30 22, 8 700 222 30 22

E-mail: tootengri@mail.ru



